

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

А.Қ.Демеуов., Б.Р.Ахметов., А.Қ.Бекбосунов

ӘСКЕРИ ҰРЫС ТАКТИКАСЫН ОҚИТЫП-ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ



Шымкент 2020

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ахметов Б.Р және М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің Демеуов А.К., Бекбосунов А.Қ авторлығында әзірленген «Әскери ұрыс тактикасын оқытып үйрету әдістемесі» атты оқу құралы ҚРБҒМ РОӘК-нің М.Әуезов атындағы ОҚМУ-і жанындағы кәсіптік білім, бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау, химиялық инженерия мен процестер, мәдени тынығу жұмысы бағыты бойынша ОӘБ-ның «Оқу-әдістемелік бірлестігінің 25.05.2020ж №3 хаттамасы негізінде баспаға ұсынған» белгісімен (грифімен) баспаға ұсынылған.

УДК 355.359 (075.8)

ББК 68.49 я 73

А 90

Пікір білдірушілер:

Саипов А. п.ғ.д., Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің профессоры.
Сейдахметов Е.Е., Қожа Ахмет Ясауи атындағы халық-аралық қазақ-түрік университетінің профессоры.

Б.Ш.Оразов п.ғ.д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы халық-аралық қазақ-түрік университетінің профессоры.

ISBN 978-601-339-069-7

Оқу құралында тактикалық дайындықты оқыту әдіс-тәсілдері көрсетілген. Жоғары оқу орындарының студенттерін тактикалық дайындықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау, сонымен қатар жоғары білікті маман болып қана қоймай, жақсы тактикалық деңгейде білімі бар азамат болып шығуына және мектеп мұғалімдерінің оқушыларды тактикалық дайындықта даярлауға мол септігін тигізеді. Оқу құралы 5М010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандығында оқитын магистранттарға, 6В01404, 5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандығына оқитын білімгерлерге арналған.

УДК 355.359 (075.8)

ББК 68.49 я 73

А 90

ISBN 978-601-339-069-7

Әскери ұрыс тактикасын оқытып-үйрету әдістемесі оқу құралы

/ Құрастырушылар: А.Қ.Демеуов., Б.Р.Ахметов., А.Қ.Бекбосунов

Шымкент.Тәуке хан даңғылы М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспасы, 2020 №182 бет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

А.Қ.Демеуов .,Б.Р.Ахметов., А.Қ.Бекбосунов

Әскери ұрыс тактикасын оқытып-үйрету әдістемесі

5М010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандығында оқитын магистранттарға, 6В01404,5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» мамандығына оқитын білімгерлерге және мектеп мұғалімдеріне арналған

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Шымкент 2020 ж.

КІРІСПЕ

Отанымызды қорғау бүкіл халықтың ісі. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – елді қорғау құралы. Қазіргі кездегі ұрыста Отанын, өз әскерін, халқын, демократиялық идеяларды шексіз сүйетін, жоғары моральды-саяси және ұрыс қасиеттерін меңгерген, өз қаруын, әскери техникасын мамандықпен игерген, денсаулығы мықты және тәртіпті сарбаз жеңіске жете алады.

Шектелген қысқа мерзімде күрделі қару-жарақты меңгеріп, Отан қорғанышы болу күрделі іс, сол себептен жастар мектеп қабырғасында өзін әскери қатарында қызмет атқаруға дайындау керек. Бастапқы әскери дайындық курсы оқушыларға Қарулы Күштер қатарында өзінің азаматтық борышын атқаруға себеп болады.

Бастапқы әскери дайындық жастарды қазақстандық отансүйгіштікке, Қарулы Күштерді сүюіне, демократиялық қоғам құру ісіне берілуіне бағытталған. Осы жауапты міндеттерді орындау оқу орындарындағы педагогикалық ұжымға жүктелген. Оның ішінде, әсіресе – Бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы-оқытушысына.

Әскери өнер ғылыми теория ретінде үш құрамды бөлікке: стратегия, оперативті өнер және тактика болып бөлінеді.

Тактика – бұл әскери өнердің құрамдас бөлігі. Қарулы Күштердің біріккен түрлерінің бөлімдерінің, әскер түрлерінің және арнаулы әскердің ұрыс жүргізудегі теориялық-тәжірибелік дайындығын қамтиды. Теориялық тактика ұрыстың мазмұнын, мәнін, заңдылығын зерттейді, ұрыс жүргізу дайындығының тәсілдерін дайындайды, бөлімдер және құрамалардың, бөлімшелердің жауынгерлік мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін оқытады. Тактикалық тәжірибе командирлердің әрекетін, штабтар және әскерлердің ұрыс жүргізудегі дайындығын қамтиды. Оған жататындар:

- болып жатқан жағдайдың мәліметтерін үнемі нақтылап отыру;
- өз қарамағындағыларға жауынгерлік міндеттерін жеткізу;
- бөлімшелер мен бөлімдерді басқару, ұрыс әрекеттерін жүргізу;
- әскери әрекеттерді қамтамасыз ету.

Тактикалық дайындық – бұл жеке құрамды бөлімшелерді, бөлімді және құрамаларды, сонымен қатар органдардың ұрыс жүргізуі мен дайындықтарын басқаруы. Тактикалық дайындыққа басқа барлық пәндерді оқу кірістірілген, өйткені ол білімнің жиынтығын, жауангерлердің атыс, техникалық, арнаулы инженерлік, ұрыстағы денешынықтыру дайындығындағы және басқа пәндерді оқу барысында алған іскерліктерімен, икемділіктерімен байланыстырады. Бұл әскерлерді үйретудің, даярлық дағдыландырудың негізі болады.

Тактикалық дайындық жоғарғы оқу орындарының талабы негізінде ұйымдастырылып жүргізіледі және әскери қызметшілерді үйрету мен тәрбиелеудің негізгі пәндерінің бірі болып саналады. Тактикалық дайындықты оқыту әскери қызмет өміріне жан-жақты әсер беретін, әскери қызметшілердің ерік-жігерін мықтап, өз денесін толық қанды игеруге және зейінділікті,

ұжымшылдықты дамытуға, сондай-ақ әскери тәртіпті сақтауға септігін тигізеді. Демек, әскери адамның сапта тұруының өзі жинақтылыққа, тәртіпке шақырса, ал тактикалық бұйрықтарды орындау оқытушыға бағынуға міндеттейді деген сөз.

Нақтылық, үйлесімділік тәсілдерін бір мезетте орындау рухты көтереді, өз іс-қимылдарына деген сенімділікті арттырады және әскери қызметшілерді зейінділікке орындаушылыққа тәрбиелейді.

Дұрыс қойылмаған тактикалық оқытусыз жақсы дайындыққа жету мүмкін емес.

Қазіргі уақытта, бөлімшелер мен бөлімдер күрделі әскери техника мен қамтамасыз етілуі, бірінші кезекте тактикалық талап дәрежесінің жоғары болуын талап етеді.

Тәжірибе көрсеткендей, әскери қызметшілердің жоғарғы деңгейлі тактикалық дәрежесі мынадай жұмыстар орындалғанда ғана мүмкін болады, олар:

- тактикалық дайындықтың дұрыс жоспарлануы мен нақтылығы, сонымен қатар барлық сабақтардың әдістемелік негізде дұрыс жүргізілуі мен ұйымдастырылуы;

- саналы түрде оқытылуы мен әр әскери қызметшінің тактикалық талаптарды қатаң орындауы;

- тактикалық дайындық бойынша жоспарлы сабақтарды олардың арасында үлкен үзіліссіз, әдістемелік негізінде тұрақты жүргізу;

Тактикалық оқытуда жоғарғы көрсеткіштерге жету үшін, әскери оқытушылардың, жеке тактикалық үйренуі үлкен мағынаға ие, сондай-ақ тактикалық әдістерді көрсету (үлгі ретінде) мен қол астындағыларға жоғарғы талап қою деген мәселелер де бар.

Мұнда әскери оқытушылардың әрекеті жоғарғы әдістемелік дайындықпен үйлесіп тұруы – басқалардың тактикалық әдістерді дұрыс орындауының кепілі ретінде болады.

Оқитын азаматтың өзі тапсырылған жұмыстарды тиянақты орындаумен қатар, өзіне жүктелген міндеттерді саналы түрде мойындауы немесе мойын ұсынуы қажет.

Тактикалық сабақтарды жүргізуде жоғарғы сапалы деңгейге жеткізу әскери құрамның, ондағы әскери оқытушылардың әдістемелік қабілеттерін үздіксіз жетілдіре түсу әрекеттері маңыздырақ. Онда командирлердің әдістемелік дайындығындағы тактикалық қарым-қатынастарына күнделікті назар аударылады. Сонда бөлімшелерді дайындауға жоғарғы көрсеткіштердің мықты іргетасы қаланады деген сөз. Міне, сондықтан да, командирлер әдістемелік тәсілдері мен оқу әдістерін тұрақты түрде жетілдіре жүруі тиіс.

Тактикалық дайындық – тәжірибемен байланысты іс. Мұнда, әр тәсілді көп рет жаттығулар мен қайталау қажет. Кері жағдайда әдістерді орындаудың нақтылығы мен орындалу әсемділігі жоғалуы ғажап емес.

Тактикалық дайындық бойынша сабақтарды ережеге сәйкес, оқу бөлімшесі, взвод, рота құрамында тиісті оқытушылардың басқаруында

(командир) жүргізу міндет. Тек, жекелеген тактикалық дайындығы барысында ғана студент қателігін толық байқауға болады екен. Дегенмен, кейбір оқытушылар бұл жөнінде ұмытып жатады, соған сәйкес бөлімшелерді артқа тартады деген сөз.

Тактикалық дайындықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындау, сонымен қатар соған талпыну әскери оқытушылардың жоғарғы білікті маман болып қана қоймай, жақсы тактикалық деңгейде білімі бар азамат болып шығуына септігін тигізеді.

Оқу құралындағы – әдістемелік және көрсетімдік сабақтарды, сондай-ақ тактикалық оқыту бойынша түсіндірмелер мен үгіттеу жұмыстарды, тәрбиелік мәні бар іс-шараларды өткізу тактикалық оқыту дәрежесін жоғарылатуда айтарлықтай әсер береді.

I. Қазіргі жалпы әскерлердің ұрыс жүргізу мәні

1.1 Қазіргі жалпы әскери ұрыс

Тактика-әскери өнердің құрамдас бір бөлігі. Ол бөлімшелер мен бөлімдердің ұрысты дайындауы мен жүргізуінің теориясы мен тактикасын қамтиды. Тактика оперативтік өнер мен әскери стратегияның ережелерін басшылыққа алып, олармен диалектикалық өзара байланыста болады.

Тактика армиялардың дүниеге келуімен бірге пайда болған. Оның дамуы қарудың жетілдірілуімен, қарулы күрестің жаңа құралдарының пайда болуымен, ұрыстық міндеттерді орындау үшін қолданылатын ұрыс техникасы санының көбеюімен, әскерлердің жеке құрамының сапалық өзгеруімен байланысты болды.

Тактиканың дамуына әр замандардың батырлары мен қолбасшылары Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев, Александр Македонский, Ганнибал, Юлий Цезарь, Александр Невский, Дмитрий Донской, Бірінші Петр, А.В.Суворов, М.И.Кутузов, П.И.Багратион, Г.К.Жуков, А.М.Василевский, С.К.Рокоссовский, И.Д.Черняховский секілді және басқа да көптеген әскербасылары мен қолбасшылары үлкен үлес қосты.

Тактикалық дайындық дегеніміз – бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамын ұрысты дайындау мен жүргізуге үйрету. Ол мыналарды қамтиды: өз бөлімшелері мен шетел армиялары бөлімшелерінің ұрыс теориясын, ұйымдастырылуын, қару мен ұрыс мүмкіндіктерін, ұрыстағы қимыл-әдістері мен амалдарын зерттеп білу; жеке құрамын әр түрлі өңірдің күрделі жағдайында, күндіз де, түнде де қару мен әскери техниканы шебер пайдалануға үйрету; жеке құрамды биік моральдық-ұрыстық қасиеттерге тәрбиелеу; ұрыста біліктілікпен бірлесіп қимылдау үшін бөлімшелер мен әр түрлі әскер тектерін үйлестіру. Тактикалық дайындық барысында бөлімшелердің тактикасының ережелері, ұйымдастырылуы тексеріліп, нақтыландырылуы, ұрыста қару мен әскери техниканың жаңа үлгілерін қолдану амалдары анықталуы мүмкін.

Тактикалық дайындық бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамын далалық дағдыландырудың негізі болып табылады. Мұның себебі, үйрену ісін нақты ұрыстағы жағдайға тек осы тактикалық сабақтар мен жаттығуларда ғана барынша жақындатуға болады.

Қазіргі жалпы әскерлердің ұрыс жүргізу мәнінде оның мағынасын түсіну қажет. Ең бастысы, қарулы күрес процестерін және басқа құбылыстардың, оның ішінде өткен соғыстарды, жүргізілген ұрыстардың айырмашылығын білу. Ұрыстың мәніне, оның ішкі мазмұны қойылған, құрамды бөліктер мен элементтердің біртұтас бірлігін көрсетеді.

50-ші жылдары бірқатар мемлекеттерде қарумен жарақтануда ядролық қаруды, ракеталарды қабылдағаннан кейін, жалпы әскерлердің ұрыс жүргізу мазмұны біршама өзгерді. Ол бұрынғыға қарағанда шұғыл, мәнерлі болып, оның кеңістігі, өрісі бірнеше есе артты. Жеке құрамалардың моральдық-психологиялық және денешынықтыру сапасына қойылатын талаптар біршама

көтерілді. Әскерлердің техникамен, қарумен жоғарғы деңгейде жарактандырылуы, күштер мен құралдардың өзара әрекетін ұйымдастыруға, ұрысқа қатысушыларға, оны басқаруға талаптарды көтерді (күшейтті).

Ұрыс барлық әскерлердің бірлескен күшімен, танктерде, әскери машиналарды, артиллерияны, минометтерді, танкіге қарсы қолданатын ракеталармен және қорғанысына қарсы қолданатын құралдармен, ұшақ, тікұшақты және әскери техниканы, қаруларды қолданумен жүргізіледі. Қазіргі жалпы әскери ұрыс әскерлерден жоюға арналған барлық құралдарды, әскери және арнаулы техниканы шебер қолдануды, жоғарғы ұйымшылдықты, әрекеттілікті, барлық моральдық және дене күшін, жеңіске деген жігермен, темірдей тәртіптің және жауынгерлік ұйымшылдықпен әрекет ету талап етеді. Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс ядролық қару-жарақты және басқа жоятын құралдарды, сонымен қатар тек жай қаруларды қолданып жүргізілуі мүмкін.

Ұрыс – соғысушы екі жақтың бөлімі мен бөлімшелерінің, әскерлерінің ұйымдасқан қарулы қақтығысы. Ол жеңіске жетудің бірден-бір құралы және қарсыласты жою немесе тұтқынға алу мақсатында, сонымен бірге маңызды аудандарды ұстап тұру мақсатында жүргізіледі.

Қазіргі заманғы ұрыс жалпы әскери болып табылады. Оған әуе қорғаныс күштері, аэроұтқыр әскерлері, құрлық әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелері, сонымен бірге теңіз жағалау бағыттары қимылдарында – шекара қызметіндегі теңіз дивизия кемелері және әскери-теңіз күштері қатысады. Қазіргі заманғы ұрыста қарсыластар жағы ядролық қару және жеңіліске ұшыратудың басқа да құралдарын немесе тек әдеттегі қару-жарақтар қолданып жүргізуі мүмкін. Қарсыласты талқандау және ұрыста жеңіске жету, қарудың барлық түрлерінің қуатты соққылары, ұрысқа қатысушы бөлімдер мен бөлімшелердің белсенді және шешуші қимылдары, жауынгердің моральдық және дене күштерінің шектік төзімділігі нәтижесінде мүмкін болады.

Қазіргі заманғы ұрыстың негізгі белгілері: айлалық (маневрлік), жоғары өзгермелік, жағдайдың тез және шұғыл өзгеруі, майдандағы және тереңдіктегі ұрыс дамуының бір қалыпсыздығы, ұрыс жүргізу тәсілдерінің әр түрлілігі, жеке құрамның моральдық-психологиялық және дене күштерінің жоғары болуы.

Қазіргі ұрыс түрлері және олардың сипаттамасы. Ұрыс мақсатына және тактикада қол жеткізу әдістеріне байланысты ұрыстың төмендегідей түрлері болады: **шабуыл, қорғаныс және бетпе-бет ұрыс.**

Шабуыл ұрыстың негізгі түрі. Шабуылдың мәні: шабуылдаушы әскер барлық қолда бар атыс құралдарын, сондай-ақ ядролық қаруды пайдаланып, қарсыласты талқандап және қол жеткізген нәтижелерді пайдалана отырып, қарсылас орналасқан тереңдікке шапшаң енеді. Сөйтіп, оның тірі күшін, қару-жарағын, ұрыс техникасын жояды да, қарсылас орналасқан аймақты басып алады.

1.2 Қазіргі ұрыстың күштері және құралдары

Қазіргі ұрыстың күші мен құралдары – бұл жеке құрама және бөлімшелер, бөлімдердің және құрамалардың ұрыс жүргізуге, оны қамтамасыз етуге арналған қаруы.

Ұрыс жүргізудің мәні мен тәсілі басты жағдайда оның материалдық негізіне, яғни қарулы күресте қолданылатын қаруға, әскери техникаға және адамдарға байланысты.

Ұрыс жүргізудің мәніне және тәсіліне, ұрыстың екінші материалдық негізі – бұл адамдар «сарбаздық материал», олардың моральдық рухы, үлкен әсерін тигізіп өзгеріс әкеледі. Жаңа күрес құралдары, олардың орасан күші мен мүмкіндігіне қарамастан, адам оның бірінші негізі болып қалады. Онсыз кез келген жоюшы құралдар пайдаға аспайды. Онда қарулы күрес жүргізудің ешбір мәні болмайды.

Ядролық қару қарсыласты жоюдағы ең басты күшті құрал болып саналады. Қарсыластың объектілерін ядролық қарумен жою әуе арқылы, жер үсті, жер асты ядролық жарылыстарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Ядролық қаруларды қолданатын жерге жеткізудің негізгі құралдары, әр түрлі мақсатта қолданылатын ракеталар, артиллерия және ұшақтар. Қатардағы қаруды артиллериямен, зенитпен, авиациялық атыс құралдарымен қолданатын инженерлік ұрыс жабдықтары және от алғыш қоспалар барлық атыстық және соққы беретін құралдар құрайды. Қатардағы қаруды жеке түрде немесе қарсыластың адам күшін және техникасын, сол сияқты әр түрлі объектілерді бұзу, қирату үшін ядролық қарумен қатар қолдануға болады.

Шетелдік армияларда негізгі ұрыстық танктер – орташа танктер болып табылады. Олар мотожаяу әскер бөлімшелерімен және өз алдына ұрыс жүргізе алады.

Шетел мамандарының пікірінше, шетел армияларының танктерінің сауыттық қорғанышы жақсы, маневрлігі жоғары. Олар түнде ұрыс жүргізуді қамтамасыз ететін инфрақызыл көздеуіштермен және бақылау аспаптардың толық жинағымен жарақталған. Танктердегі қару-жарақ екі жазықтықта тұрақтандырады. Танктердің сүзгі-желдеткіш қондырғысы, өртке қарсы жабдығы және су астында жүргізуге арналған жабдығы бар. Кейбір танктердің кумулятивтік снарядтардан қорғануды қамтамасыз ететін кемерлік қалқаншалары болады. Танк экипажы, әдетте төрт адамнан тұрады: командир, көздеуші, оқтаушы және механик-жүргізуші.

Танкке қарсы қолданылатын гранатты тік түрегеп тұрып тізерлеген күйде, жатқан қалпында лақтыруға болады, алайда міндетті түрде тасадан лақтыру керек, өйткені жарылыс толқыны мен жарылған гранаттың жарықшақтары тиюінен тасаланбаса болмайды. Гранатты құлаштауды баяу бастап, одан соң қолдың қозғалыс жылдамдығын біртіндеп ұлғайтады. Құлаштап бола бергенде лақтыруға бүкіл күшті салып, гранатты қолдан шығарғанда білекпен шалт жұлыққа қимылдайды. Бұл орайда лақтырылған гранаттың ұшу уақыты кезінде танктің 5-10 м жүріп өтетінін ескеру керек. Танк жүріп өткен кезде тез қарғып

тұрып, оның осал тұсына гранат лақтырады. Қираған танктің экипажы одан түсуге әрекеттенген кезде, оны автоматпен атып жояды. Білікті де, батыл сарбазға жақындаған танк қауіпті емес. Бұған Ұлы Отан соғысының тәжірибесі айғақ. Ол адамдарға және қарулануға тығыз байланысты. Сондықтан, соғыс жүргізу құралдарының өзгеруіне байланысты, тактика да өзгеріп отырады.

Әскер жабдықталатын қару-жарақ неғұрлым жетілдірілген сайын, соғұрлым оның тактикаға ықпал етуі терең және жан-жақты болып келеді. Басқа жағынан алып қарағанда, ұрыс құралдары жаңарған сайын, оған деген тактика-техникалық талаптар да өседі.

Жаңа қарудың пайда болуы, ұрыс сипатына өзгерістер енгізілуімен ерекшеленеді. Бірінші Дүниежүзілік соғыста тез ататын және алысқа ататын артиллерияны, жаяу әскердің автоматты қаруын, автоматты-пулеметтерді, танк, авиация және басқа да ұрыс құралдарын пайдалану қазіргі жалпы әскери ұрыстың тактика элементтерінің пайда болуы мен дамуының себептері болып табылады. Дүниежүзілік екі соғыстың тәжірибесі ұрыстар мен операцияларды қару мен ұрыс техникасының өсу мүмкіндіктеріне талдау жасау – өмірдің талдау ерекшелігі мен оны жаппай ендіру негізінде тактиканың, әскери өнердің ескі қағидаларын батыл жойып, ұрыс әрекеттерін жүргізудің жаңа тәсілдерін жасаған жақтың табысқа жететіндігіне әбден көз жеткізді. Дүниежүзілік екі соғыс танк әскерлері, әскери әуе күштері, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері тактикасының пайда болуы мен дамуына себепті болды.

Ұрыстың жаңа құралдарының пайда болуына байланысты артиллерия мен авиация әрекетінің тактикасы да өзгерді. Олар дивизия, батареядан атыс жүргізудің дәстүрлі әдісінен басқа тапсырманы взвод және жеке қарудан атыс жүргізе отырып орындайды, ал авиация жаппай және шоғырланған соққылармен қатар, жеке ұшақтармен немесе шағын топтармен соққы бере алады.

Ұрыс әрекеттерін орындау кезінде бүркенішке, жеке құрамның жергілікті жердің қорғаныш қасиеттері мен ұрыстық техниканың ебін тауып пайдалануға деген талаптар өсті. Түнде және көрінуі шектеулі жағдайларда ұрыс әрекеттерінің рөлі арта түсті.

Ұрысты ұйымдастыру кезінде бөлімшелерді мүмкін болатын соққылардан дер кезінде шығару, әскер мен басқару пункттерінің ұрысқа қабілеттілігін тез арада қалпына келтіру және беріктігін арттыру, қарсыластың атыс соққысының зардаптарын жою шаралары мұхият ойластыра жасалады. Тактиканың одан ары даму бағытын анықтау үшін, жаңа атыс құралдарының алысқа атуының ұлғаюын есепке алу керек.

Бірқатар дамыған мемлекеттер армиясын жабдықтауда жаңа, дәлдігі жоғары өздігінен бағытталатын және басқарылатын ұрыстық жүйелермен толықтырылды. Олардың жою құралдары автоматтандырылған жүйелер базасындағы барлау құралдарымен байланысты. Мысалы, АҚШ және НАТО армияларындағы соққы беру – барлау кешендерінің, «Ассолт брейкер» және т.б. лазер, инфрақызыл сәулелену немесе радио оқ-дәрілер көмегімен өздігінен бағытталатын кешендердің, лазерлі қашықтық өлшегіштердің «Такфайр»

(АҚШ), «Фальке» (ГФР) типті артиллерия атысын автоматты басқару жүйесінің зерттеулері нысананы жою дәлдігін 8-10 рет арттыруға, атыс тапсырмасын орындау уақытын 10-15 рет қысқартуға жағдай жасады. Осының нәтижесінде, әскерлер нысананы қысқа мерзімде тауып қана қоймай, оны бірнеше минут ішінде жоғары сенімділікпен жоя алады.

Қазіргі кезде НАТО армияларында түрлі радиоэлектронды, оптика-электронды, инфрақызыл, лазерлі және т.б. жүйелерді даярлауға және оларды ұрыста қолдануға аса зор көңіл бөлінуде. Мысалы, АҚШ армиясында қарсыластың басқару жүйелері жұмысын бұзу жолында радиоэлектронды басымдылықты жеңіп алу жолында, радиоэлектронды күресті тактикалық буында өткізу шаралары жүргізіледі.

Сауытталған ұрыс техникасымен қатар, шет мемлекеттер армиясының құрамалары әскерге жерде ғана емес, әуеде де белсенді ұрыс жүргізе алатын әр түрлі мақсаттағы тік ұшақтармен жабдықталған.

Жаңа қарумен ұрыс жүргізу тактикасының артықшылығы – жою күшінің жоғары дәлдігі, олардың шапшаң әрекет етуі, алысқа атумен бірге, олардың оқ-дәрілер қуатының ұлғайтылуы.

Егер Екінші Дүниежүзілік соғыс кезеңінде қарсылас дивизиясының екінші эшелонына дүркін-дүркін ғана әсер ете алған болса, қазіргі кезде қарсыластың ұрыстық тізілу элементтерін жаппай нақты атыспен үздіксіз ұстап тұруға мүмкіндік бар. Өйткені, тікұшақтардың әрекет ету радиусы мол және олар жақсы бүркемеленген нысаналарды тез табуға, жоғары сенімділікпен оларды жоюға қабілетті. Олардың маневр жасауы жинақылықпен, кенеттілікпен, «Әуе-Әуе», «Әуе-Жер» класты басқармалы және басқарылмайтын ракеталарды, зеңбірек-пулемет қару-жарақтарын, бомбалар мен миналарды тиімді қолдануына негізделеді.

Қазіргі жағдайда, бір уақытта атыспен әсер ету тереңдігі 300 км-ден астам болады. Бұл кезде алысқа ататын артиллерияны – 40 км-ге дейін, жорық жасайтын тікұшақтар топтарын 50-60 км-ге дейін, оперативтік-тактикалық ракеталарды – 200 км-ге дейін, тактикалық авиацияны 300 км-ге дейін пайдалану жоспарланады. Бұл көрсеткіштер қарсылас атысымен тек қана бірінші эшелон емес, екінші эшелонды, резервтерді, ракеталық әскерлер мен артиллерия топтасуын, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерін, басқару пункттері мен тыл объектілерін жою қаупі ұлғаятынын көрсетеді. Осыған байланысты ұрысты дайындауға және оның барысында жауынгерлік күшті сақтауға, әуе шабуылына қарсы қорғанысты ұйымдастыруға мұхият көңіл бөлу талап етіледі.

Жаңа қарудың пайда болуына байланысты, командирлер мен штабтардың ұрысқа дайындық және оны жүргізудегі жұмыс мазмұны түбегейлі өзгерді. Олардан қарсыласты талқандаудың, оны атыспен жоюдың, ұрыс тәртібін құрудың, бөлімшелер мен бөлімдерге ұрыс міндеттерін айқындаудың және т.б. ұйымдастырудың неғұрлым тиімді стандартқа сай, жаңа тәсілдерін іздестіру талап етіледі.

1.3 Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің өзіндік белгілері

Қазіргі жалпы әскерлік ұрыстың өзіндік белгілері болып, оның басты қасиеті және ерекшелігі түсіндіріледі. Сонымен, болып өткен соғыстағы ұрыстың мәні ашылады.

Ұрыстың мәні – бұл жалпы белгілердің жиынтығы болған ұрысқа қатысы бар оның өзіне тән белгісін және ерекшелігін анықтайды.

Қазіргі ұрыс шешімділігімен, жоғарғы маневрлілігімен, қуаттылығы және жеделділігімен, жағдайлардың жылдам, шұғыл өзгеруімен оларды жүргізудегі тәсілдердің әр түрлілігімен, әскери әрекеттерді жерде, әуеде, кең майданда, үлкен тереңдікте, жоғарғы шапшаңдықта жүргізумен ерекшеленеді.

Бөгей ату әдісі – ұшу жылдамдығы 150м\сек шамадан асатын нысаналарға қолданылады. Мұндай жылдамдық кезінде алдын тосу шамасы ондаған корпусқа жетеді де, оны көзбен анықтау қиын болады. Бөгей атудың мәнісі ұшақ ұшып келе жатқан уақытта оның алдынан оқтардың жолы нысанамен қиылысатындай есептен күн ілгері бөгей атыс аймағын жасайды.

Атуды бастау үшін, қару нысананың ықтимал ұшу жолындағы нүктеге қарай бағытталады. Ату нысанаға дейін шамамен 800-900 м болғанда басталады. Бұл орайда қару бөгей ату аймағынан шығып кеткенге дейін бір күйде ұсталады. Егер нысана маңында атқан оқтарының жолдары айқын көрінетін болса, атысты тоқтатпастан қаруды нысана жаққа, оқ жолдары оған дөп келетіндей етіп бұрады.

Тосып ату әдісі – баяу ұшып келе жатқан нысаналарға қолданылады (тік ұшақтар, көлік ұшақтары, парашютшілер). Оның мәні мынада: атқыш автоматшылар қаруды жылжыта отырып, нысананың келе жатқан бағытымен көздеу сызығын көзбен анықталған алдын тосу шамасында үздіксіз сақтайды, сөйтіп қару неғұрлым дәлме-дәл көзделген сәтте, үзбей ата бастайды.

Жаяу әскерге қарсы миналар – адам күшін жою үшін қолданылады. Олар фугас (ПМД-6М, ПМН) және жарықшақты (ПОМЗ-2М, ОЗМ-72 және МОН-50) жаяу әскерге қарсы ПМД-6М миналар болып сараланады.

Қарсылас иеленген орға 25-30 м-ге дейін жақын келген жауынгер өз қаруын сол қолына ұстап, орға қол гранатасын лақтырады. «**Ура!**» деп айғайлай отырып, тез жылдамдықпен қалған қашықтықтан өтеді. Алғы шептегі аман қалған қарсыласты орға түспей, гранатамен, оқпен, сүңгімен және дүммен жояды да, оның қорғанысының тереңдігіне тоқтаусыз жылжи береді.

Шабуыл барысында жауынгер ұрыс алаңын үнемі бақылап, өз байқағандары туралы командирге дереу баяндайды. Нысананы көрген сәтте ол оны атыспен, ең алдымен, пулемет, гранатаатқыш, зеңбірек есеп тобын жояды. Командир бұйрығы бойынша немесе өз бетінше трассаланған оқтар арқылы танкілерді, мотоатқыштардың қозғалысына кедергі келтіретін нысаналарды көрсетеді. Жылжуды күшті атыспен ұстап тұрған қарсыластың атыс құралдарын көршілердің оғын бойтасалау арқылы айналып өтіп, қаптал мен тылда шабуылдай отырып, қарсыластың есептобын атыспен және гранатпен

жояды. Қажет жағдайда жауынгер көршілеріне қапталдан атыспен көмек көрсетеді.

Егер жауынгер қарсыластың шегіне бастағанын байқаса, бұл туралы дереу командирге баяндауы керек. Басып алған шепте тұрақталу үшін, жауынгер жергілікті жер заттарын бүркемелеп және таса үшін қолданып, өзіне көрсетілген жерге орналасады. Таса жоқ болған кезде жауынгер орланады да, қарсыластың қарсы шабуылына тойтарыс беруге дайындалады.

Ядролық жарылыс ұшқынын байқаған сәтте, жергілікті жер бедерлері мен жергілікті заттарды пайдалана отырып, жарылысқа қарама-қарсы жаққа басын қойып, бетті жерге қаратып, тез жата қалу қажет. Осы әдіспен соққы толқын мен зақымдалудан сақтануға болады. Бұдан басқа шинельдердің жағасын көтеріп, қол білектерін дененің астына тығып, көру қабілетінен айрылып қалмау үшін, бетті мүмкіндігінше тығыз жабу керек. Соққы толқыны өткеннен кейін, дереу тұрып, жауынгерлік міндетті атқаруды жалғастыру керек. Шабуыл барысында ядролық жарылыстан зақымданған жер учаскелерін байқаса, ол туралы командирге баяндау қажет. Жергілікті жердің зақымданған жер учаскелерін командир нұсқаған тәсілмен кесіп өтіледі.

Жер үсті қарсыласымен ұрыс жүргізе отырып, жауынгер қарсыластың төмен ұшқан ұшақтарына қарсы атыс жүргізуге дайын болуы керек.

Ашық жерде қарсыласқа қарсы атысып жатып, тізерлей немесе тұрған күйде жүргізіледі. Әуе нысаналарын ату «П» не «З» көздеуімен бөгеттік және өрге ату тәсілімен жүргізіледі. Ұшақтар мен тікұшақтарды ату үшін сауытты-өртегіштік және трассаланған оқтар қолданылады.

Қарудың барлық түрлерінің ішінде ату – ұрыста қарсыласты жоюдың негізгі құралы болып табылады.

Мотоатқыш бөлімшелері қарсыласты **жекелеген атыс** құралдарынан ату арқылы немесе **шоғырланған атыс** арқылы жоя алады. **Шоғырланған атыс** – бірнеше атыс құралдарынан қарсыластың бір маңызды нысанасын немесе жергілікті жердің шектеулі аймағындағы нысаналар тобын ату.

Атыс бағытына байланысты ату **жаппай**, **қапталдан** және **айқастыра ату** болып бөлінеді.

Жаппай ату нысананың маңдай шебіне перпендикуляр жүргізіледі. Ол терең эшелонданған анық нысанаға атыс жүргізу кезінде тиімді.

Қапталдан ату – нысана қапталынан ату. Ол көбінесе қарсыластың шабуылдаушы жаяу әскеріне автоматтан, пулеметтен ату арқылы жүргізіледі.

Айқастыра ату бір нысанаға екі немесе одан да көп бағыттан жүргізіледі, ол өте тиімді және қарсыласты үлкен шығынға ұшыратады.

Бойлата ату – бір нақты бағытта жақын қашықтықтан, кенеттен, пулеметтен және автоматтан жүргізілген атыс.

Бөлімшенің атыс құралдарын, командир жоспарымен, жергілікті жердің сипаты мен мүмкіншілігін ескере отырып пайдаланады. Бұның барлығы **атыс жүйесін** құрайды, ол бөлімшенің маңдай шебі алдында, қапталдарда және көршілермен аралықта атудың барлық түрлерін жүргізуді, сондай-ақ айнала қорғаныс жүргізу мүмкіндігін қамтиды.

Бөлімшенің атыс жүйесін ұйымдастыру кезінде бөлімшеге атыс жолағы, атқылаудың (оңға және солға) қосымша секторы, ал взводқа бұдан басқа шоғырланған атыс аймағы тағайындалады. Атыс құралдарына негізгі және қосымша секторы көрсетіледі. Гранатаатқыштық атыс бөлімшесінің атыс жолағы да дайындалады. Көрші бөлімшелердің атқылау және атыс құралдарының секторлары мен атыс жолақтары өзара бір-бірін жабуы тиіс.

Атыс жүйесінің дайындығы бекіністе атыс құралдарының орналасуымен, атыс үшін қажетті мәліметтерді дайындаумен, оқ-дәрінің болуымен анықталады.

Атысты басқаруды ыңғайлы ету үшін, бөлімше командирі өз бөлімшесінің **атыс карточкасын** жасайды.

Атыс маневрі дегеніміз – өз уақытында барлық бөлімшенің немесе бірнеше атыс құралдарының атысын бір маңызды нысанаға шоғырландыру, атысты бір нысанадан екіншісіне бірінен кейін бірін немесе бір мезгілде жою үшін ауыстыру.

Атыс маневрін әрбір жауынгер қолдана алады. Бұл үшін, ол ұрыс алаңын үздіксіз бақылап, нысананы анықтауы керек және маңыздылық деңгейі бойынша бір нысанадан екіншісіне ауыстыра отырып, қарсыласты жоюы қажет.

Бөлімшелер маневрі қарсыластың әлсіз тұсына атыс жүргізу үшін, тиімді жағдайға ие болу мақсатында немесе қапталдан және тылдан шабуыл жасау үшін, сондай-ақ қарсыластың басым күшінің соққысы астынан шығу үшін жүргізіледі.

Шабуылда және бетпе-бет ұрыста бөлімшелер **қамту** және **айналып өту** түрінде маневр жасай алады.

Қамту – қарсыластың тылы мен қапталына жасалатын маневр, ол маңдай шептегі бөлімшелермен тығыз атыстық және тактикалық өзара қимыл арқылы үлкен емес тереңдікте жасалады.

Айналып өту – қарсыластың тылы мен қапталына барынша терең маневр жасау. Ол маңдай шептегі бөлімшелермен тығыз тактикалық өзара қимыл арқылы жүргізіледі. Қорғаныста маневр шығынға ұшыраған бөлімшелерді күшейту, қосалқы бекіністерге, атыстық шепке ие болу, қаптал немесе тылға шыққан қарсыласты тойтару мақсатында және қарсы шабуыл үшін жүргізіледі.

Бастамшылдық дегеніміз – кез келген жағдайда тапсырылған міндетті орындаудың ең тиімді тәсілін табу, батыл шешім қабылдап, оны өмірге табанды түрде енгізу.

Тапқыр және талапшыл жауынгер жағдайдың кез келген шартында бастамшылдық көрсете алады. Ұрыста батылдық пен ойлы бастамшылдық көрсете алу қабілеті, қарсыласты жою үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу – әрбір жауынгер мен командир үшін бағалы қасиет болып табылады.

Мұның бәрі қазіргі кезде өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар жалпы әскери ұрыстың жаңа тактикасы туып, дамып келе жатқанын көрсетеді.

1.4. Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі принциптері

Жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі принциптері – бұл негізгі басшылық нұсқа, жалпы ұрыс жүргізуді ұйымдастырудағы басты кепілі.

Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі принциптері болып табылатын:

- құрамалардың, бөлімдердің және бөлімшелердің әр уақыттағы жоғарғы әскери дайындығы;
- жоғарғы белсенділік, шешімділік және үздіксіз ұрыс жүргізу;
- кенеттен әрекет ету;
- келіскен, бірлескен түрде әскерлердің әр түрін және арнаулы әскерді ұрыста қолдану, олардың өзара үздіксіз әрекетін ұстау;
- шешімді түрде әскердің негізгі күшін басты бағытта және керек уақытта топтастыру;
- бөлім, бөлімшілермен және атыспен маневр жасау;
- жан-жақты есепке алу және моральдық-саяси, психологиялық факторды әскери тапсырманы орындау мүддесінде қолдану;
- ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету;
- әскерлердің жауынгерлік қабілетін уақытында қалпына келтіру және қолдау;
- қатаң және үздіксіз әскерлерді басқару, белгіленген мақсаттардың жетістігінен бас тартпау, қабылданған шешімдерді және қойылған тапсырмаларды орындау.

Барлау – ұрыс қимылдарын қамтамасыз етудің маңызды түрі болып табылады. Барлаусыз ұрыс қимылдарын ойдағыдай жүргізуге болмайды, сондықтан да оны ұйымдастыру бөлімшелер командирінің аса маңызды міндеті болып табылады. Барлау мақсаты – қарсыласпен жергілікті жер туралы мәлімет алу. Мұның өзі, негізделген шешім қабылдауға қажет. Барлау мыналарды анықтауы тиіс: қарсыластың күштері, құрамы және әрекетінің сипаты; ядролық қолдану және қолдануға дайындалу құралдарының тұрған орнын дер кезінде және дәлме-дәл анықтау, танктердің, артиллерияның танкке қарсы және атыс құралдарының, инженерлік құралдар мен бөгеттердің бар-жоғымен орналасқан жерлерін, зақымданған аймақтарды және қираған, су басқан аудандарды, үйінділер мен қарсыластың басқа да объектілерін білу.

Бақылау – бөлімшелерде барлау жүргізудің ең көп тараған әдісі. Ол ұрыс қимылдарының барлық түрлерінде, кез келген жағыдайда ұйымдастырылады және барлық дәрежедегі командирлермен арнайы тағайындалған басқарушылар барлық басқару-бақылау пункттерінен және бөлімшелердің ұрыстық реттерінде жүргізіледі. Бақылау үшін, бөлімшеде бақылаушы, взвод пен ротада бір екі бақылау посты тағайындалады.

Ұрыстық барлау шолғынын взводқа дейінгі күш болып жіберіледі. Шолғын өз бөлімшелерінің маңдай шебі алдында не қапталдарында қимыл жасайды, сондай-ақ қарсыластың ұрыстық ретінің тереңіне де жіберілуі мүмкін.

Бөлімше барлау шолғынына не ұрыстық барлау шолғынына

тағайындалуы мүмкін.

Ұрыс – соғысушы екі жақтың бөлімі мен бөлімшелерінің, әскерлерінің ұйымдасқан қарулы қақтығысы. Ол жеңіске жетудің бірден-бір құралы және қарсыласты жою немесе тұтқынға алу мақсатында, сонымен бірге маңызды аудандарды ұстап тұру мақсатында жүргізіледі.

Қазіргі заманғы ұрыс жалпы әскери болып табылады. Оған әуе қорғаныс күштері, аэроұтқыр әскерлері, құрлық әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелері, сонымен бірге теңіз жағалау бағыттары қимылдарында – шекара қызметіндегі теңіз дивизия кемелері және әскери-теңіз күштері қатысады.

Қазіргі заманғы ұрыста қарсыластар жағы ядролық қару және жеңіліске ұшыратудың басқа да құралдарын немесе тек әдеттегі қару-жарақтар қолданып, жүргізуі мүмкін. Қарсыласты талқандау және ұрыста жеңіске жету, қарудың барлық түрлерінің қуатты соққылары, ұрысқа қатысушы бөлімдер мен бөлімшелердің белсенді және шешуші қимылдары, жауынгердің моральдық және дене күштерінің шектік төзімділігі нәтижесінде мүмкін болады.

Қазіргі заманғы ұрыстың негізгі белгілері: айлалық (маневрлік), жоғары өзгермелік, жағдайдың тез және шұғыл өзгеруі, майдандағы және тереңдіктегі ұрыс дамуының бір қалыпсыздығы, ұрыс жүргізу тәсілдерінің әр түрлілігі, жеке құрамның моральдық-психологиялық және дене күштерінің жоғары болуы.

Қазіргі ұрыс түрлері және олардың сипаттамасы. Ұрыс мақсатына және тактикада қол жеткізу әдістеріне байланысты ұрыстың төмендегідей түрлері болады: **шабуыл, қорғаныс және бетпе-бет ұрыс.**

Шабуыл – ұрыстың негізгі түрі. Шабуылдың мәні: шабуылдаушы әскер барлық қолда бар атыс құралдарын, сондай-ақ ядролық қаруды пайдаланып, қарсыласты талқандап және қол жеткізген нәтижелерді пайдалана отырып, қарсылас орналасқан тереңдікке шапшаң енеді, сөйтіп, оның тірі күшін, қару-жарағын, ұрыс техникасын жояды да, қарсылас орналасқан аймақты басып алады. Шабуыл алдында, әдетте, атыс дайындығын жүргізеді. Ол қарсыластың маңызды объектілерін талқандау мақсатында оның қорғанысына артиллерия мен авиацияның алдын-ала жоспарланған және дайындаған соққысын жіберуден тұрады. Осы уақытта ядролық соққылар да жіберілуі мүмкін.

Қорғаныс – қарсыластың басым күшінің шабуылын тойтару, оны едәуір шығынға ұшырату, орналасқан бекіністі ұстап тұру және кейін шешуші шайқасқа шығу үшін тиімді жағдай жасау мақсатында жүргізілетін ұрыс түрі. Қорғаныс қарсыласқа бекінген орыннан барлық қару атысымен зақым келтіру, бекіністер мен тірек пункттерін ұстап тұру үшін табанды күрес жүргізу.

Бетпе-бет ұрыс – шабуылдық ұрыстың бір түрі. Ол екі жақ қойылған мақсатты шабуылмен орындауға ұмтылған кезде жүргізіледі.

1.5. Жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің түрлері және оның қысқаша мінездемесі

Ұрыс жүргізу әрекетінің көптүрлілігіне қарамастан, оларды негізгі және бірден байқалатын белгілеріне қарай классификациялайды. Осығын байланысты жауынгерлік әрекеттер шабуыл және қорғанысқа бөлінеді.

Шабуыл әскерлердің жауынгерлік әрекетінің негізгі түрі ретінде қарсыластарды жеңу нәтижесінде шешуші мәнге ие болады. Шабуыл күні-түні үздіксіз жүргізіледі.

Жағдайға және қойылған тапсырмаларға байланысты шабуыл қорғанушы, шабуылдаушы немесе шегінуші қарсыласқа жүргізілуі мүмкін:

- қорғанушы қарсыласқа шабуыл жасау бірден жүргізіледі немесе онымен түйісетін жағдайдан басталады;

- шабуыл шабуылдаушы қарсыласқа қарсы ұрыс жүргізумен жүргізіледі;

- шегінуші қарсыласқа шабуыл оның ізімен жүргізіледі.

Қорғаныс әскери әрекеттердің түрі ретінде мынадай жағдайда ғана шабуыл жасау мүмкіндігі болмағанда немесе ешқандай мәні болмаса, сонымен қатар әскери күштермен құралдарды бір бағытта қолдануда үнемдеу қажеттілігі тұрғанда, басқа мәнді шабуылды қамтамасыз етуде қолданылады.

Қорғаныс алдан-ала дайындалып немесе ұрыс барысында, қарсыласпен түйісуі жоқ жағдайда немесе тікелей түйісіп тұрған жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін.

Өте күрделі және жиі кездесетін тәсілдердің бірі, жаумен бетпе-бет келгенде әскерлер қорғанысқа көшеді. Қарсыластардың басым күшпен жасаған қарсы шабуылын тойтару үшін басып алған шептерге және аудандарға бекіну үшін қапталдарды шабуылдаушы топтарды қамтамасыз етуге қарсы ұрыстардың нәтижесі болғанда қолданылады. Қорғаныспен түйісуге келуі, тыс жағдайда болғандағы қорғаныс басты күштердің бағыттағы ілгерілеуін, шабуылға өтуге тартылуын шабуыл жасау қаралмаған жерде, шабуыл барысында екінші эшалондағы резервтердің әрекет етуінде теңіз жағалауындағы қауіпті кезеңде қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Ұрыста талқандау мен жеңуге қарудың барлық шабуылдағы қарсыласқа шабуыл бетпе-бет ұрысы жолымен жүргізіледі. Шегініп бара жатқан қарсыласқа шабуыл оның ізіне түсіп өкшелеу жолмен жүзеге асырылады. Жалпыәскерлік ұрыс жүргізудің негізгі ұстанымдары және қарсыласты жою құралдары: жалпы әскерлік ұрысты жүргізудің ұстанымдары мыналар: тұрақты жауынгерлік дайындық; қарсыласты дер кезінде байқау және атып жою; ұрыс жүргізудің батылдығы, белсенділігі, үздіксіздігі және іс-қимылдың тұтқиылдығы; қарсыласты алдау шараларының қолдануы; атысты қозғалыспен және маневр қолданумен білікті ұштастыру; тұрақты және дәлме-дәл өзара әрекеттестік; түнде және көріну шектеуі басқа да жағдайларда білікті қимылдау; бөлімшені әскери жабдықтау және нық басқару.

Бөлімшенің тұрақты жауынгерлік дайындығының мәнісі оның кез келген уақытта ұйымдасқан түрде, белгіленген мезгілде ұрысқа кірісіп, жүктелген

міндетті ойдағыдай орындауға қабылетті. Тұрақты жауынгерлік дайындыққа жету жолдары: бөлімшенің құрамының өз міндетін дұрыс түсінуі, жауынгерлік машығының шындалуы, оның қарсыластың қарудың барлық түрлерін қолдану жағдайында іс-қимылға дайын болуы, жеке құрамның жоғарғы саяси-моральдық жағдайы, тәртібі мен қырағылығы бөлімшенің толық жасақталған және ұрыс жүргізуге қажетінің бәрімен қамтамасыз етілуі; қару мен техниканың дереу қолдануға, ал жеке құрамның өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға үнемі дайын болуы.

Ұрысты жүргізудің батылдығы белсенділігі, үздіксіздігі қарсыласты талқандауға үнемі ұмтылудан, оған барлық атыс құралдарымен атып, соққы беруден табанды түрде, күндіз де, түнде де, ауа райының қандай болған кезінде де жүргізілетін батыл қимылдармен өз ыркына бейімдеуден көрінеді. Қарсыласты алдау шараларын қолдана отырып тұтқиылдаудан қимыл жасау, оны қапы қалдырып үрейлендіреді, сөйтіп тіпті күші басым қарсыласты да жеңу үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Мотоатқыш бөлімше – ең төменгі тактикалық бөлімше. Ол жаяу әскердің ұрыс машинасындағы (ЖҰМ) мотоатқыш взводтың құрамына кіреді.

Жаяу әскердің ұрыс машинасындағы (ЖҰМ) мотоатқыш бөлімшесінің құрамына кіретіндер:

- бөлімше командирі;
- көздеуші-оператор;
- механик-жүргізуші;
- пулеметші;
- гранатаатқыш;
- гранатаатқыштың көмекшісі;
- аға атқыш;
- атқыш.

ЖҰМ – бұл сауытталған шынжыр табанды машина. Ол бөлімшенің жеке құрамын орналастыруға, ұрыс жүргізуге және жылжуға арналған. ЖҰМ зеңбірекпен, пулеметпен және танкіге қарсы басқарылатын реактивті снарядтармен жабдықталған. Машина маневрлі және өтімділігі жоғары, өте жылдам қозғалады (70км/сағ), су бөгеттерінен, жолсыз, батпақ жерлерден және қалың қарлардан жақсы өтеді. ЖҰМ ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларына қарсы қорғану жүйесімен және түнде көру аспабымен жабдықталған.



1-сурет. Жаяу әскердің жорықтық реті.

Мотоатқыш бөлімшенің қаруларында ЖҰМ, қол пулеметтер, танкіге қарсы гранатаатқыш, автоматтар, жарықшақты және танкіге қарсы гранаттары болады.



2-сурет. Жаяу әскер бөлімшесінің шабуылдауы.

Мотоатқыш бөлімшелер қазіргі заманғы қуатты қару-жарақпен және техникамен қарулана отырып, қарсыластың ұрыс техникасы мен атыс құралдарын, тірі күштерін өз атысымен табысты түрде жеңіліске ұшыратуға қабілетті. Олар жылдың және тәуліктің кез келген мезгілі мен уақытында, ауа райының кез келген жағдайында табанды қорғаныстық ұрыс жүргізе отырып, жоғары қарқынмен шабуылдай алады.

Мотоатқыштар әскері (Мотострелковые войска) — жүрдек сауытты машиналармен, автоматты атқыш қарулармен, танкіге қарсы қолданылатын күшті құралдармен және басқа да қару-жарақпен жабдықталған. Мотоатқыштар әскері ядролық соққыдан соң шабуылды үдемелі қарқынмен дамытып, әскердің басқа түрлерінің көмегімен қарсыластың адам күшін жоюға және қолға түсіруге, қарсыластың ұрыс техникасын алып, басып алынған жерді ұстап тұруға қабілетті қуатты күш болып табылады. Қазіргі кездегі ұрыс жағдайында шапшаң ілгерілей алатын Мотоатқыштар әскері танк әскерлерімен тығыз байланыста болады. Мотоатқыштар әскері машиналарда, ал қажет болған жағдайда жүріп келе жатып та, сонан соң қайта машинаға мініп, танкілерге ілесіп те ұрыс қимылдарын жүргізе алады. Ұйымдастырылуы жағынан Мотоатқыштар әскері мотоатқыштар құрамалардан, бөлімдер мен бөлімшелерден тұрады.



3-сурет. Мотоатқыш әскерінің жүрдек сауытты машинасы.

II. Сарбаздардың ұрыс барысындағы әрекеті.

2.1. Бақылау, сарбаз-бақылаушы.

Бақылау – сарбаз-бақылаушы арақашықтықты заттардың бұрыштық өлшеммен анықтау (мыңдық формула бойынша). Арақашықтықта көрініп тұрған заттардың түзулік өлшемімен анықтау – бақылау орны.

Бақылау – қарсыласқа және жергілікті жерге барлау жүргізудің кең тараған әдістерінің бірі болып саналады. Бақылау әскерлердің ұрыс жүргізудің барлық түрлерінде ұйымдастырылады және үздіксіз күні-түні жүргізіледі. Көрініс шектеулі жағдайда болғанда, бақылау түнде көретін және басқа техникалық аспаптармен, жарақтандырғыш және тыңдаушы құралдармен жүргізіледі.

Әрбір сарбаз ұрыс алаңын үздіксіз және екі нәрсені қалт жібермей бақылауда жүргізуге міндетті. Яғни, қарсыласты және жергілікті жерді бақылап оның әрекеті туралы мәлімет жинайды.

Бөлімшелердегі бақылауды бөлімше командирлері ұйымдастырады және бақылаушы орындардан және командалық бақылау пунктінен бақылау жүргізіледі. Бақылаушы арнаулы дайындалған сарбаз және сержанттардан тағайындалады. Ол жергілікті жерде күндіз және түнде жақсы бағдарлай білуі керек. Барлауда бақылау жүргізуде көзбен көргенін сақтау, шыдамдылық, төзімділік, ұшқырлық, ұшқыр ойлылық, салқынқандылық дағдыларын игеруі керек.

Бақылаушы міндеті:

- бақылау орнын таңдау, жабдықтау, бүркемелеуді білуі, жергілікті жерге жылдың кез келген мезгілінде және тәулігінде бағдарлай алуға; объектіге дейін қашықтықты анықтауға, бақылау, байланыс құралдарын пайдалануға;

- қарсыластың әскери техникасын негізгі қарулар түрлерінің барлаушылық белгілерін біліп, мәліметтерге сараптама жасап, бақылау журналына жазба жазылады және бақылаудың нәтижелері туралы нақты түрде командирге баяндайды.

Бақылаушыға қарсыласына барлау жүргізуі үшін сектор, кейде аудан немесе бақылау объектісі белгіленеді.

Арнаулы бақылау секторы қарсыласқа бақылау қиысқан жерден жүргізілгенде белгіленеді. Егер жер жағдайы алдыңғы жаққа және жан-жағына бақылауға мүмкіндік берсе және өз бөлімшелеріне бақылау жүргізу тапсырмасы қойылса, бос белдеу белгіленеді. Қарсыласты анықтау және қандай бір ауданның жеріндегі әрекетін бақылау жағдайында бақылау үшін аудан белгіленеді.

Тапсырманы орындау үшін, бақылаушы штаттық бақылау аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Бақылаушыға тапсырма бақылау жасайтын жергілікті жерге байланысты қойылады.

Бақылаушыға тапсырма берілгенде көрсетілетіндер:

- жергілікті жердегі заттарды шартты түрде атау және бағдарлау;

- қарсыластың өз бөлімшелері туралы мәліметтер жинау;
- бақылауға арналған орын;
- бақылау секторы (жолағы), ауданы (объекті), нені бақылау және неге ерекше назар аудару қажет;
- қарсыластың ұшақтарының (тікұшақтары) кенеттен бағыт алып, ұшып келуі;
- бақылау нәтижесін баяндау тәртібі, хабарлау белгісі;
- бақылау жасаудың тиімділігі бақылайтын жерді таңдап алу, оны жабдықтау дәрежесі жақсы көріністі қамтамасыз ете алатындай жасырын келуге бүркемелеп, қарсыластың атыс құралдарынан қорғай алатындай есеппен жасау керек.

Бақылау орнын таңдаған кезде барынша тапқырлық пен іскерлікті көрсетіп, таңдаған жерді көрінбейтіндей етіп қарсылас жақтан күмән туғызбау керек. Ең сенімді тасаланатын орын – оқпана болып саналады. Заттардың бұрыштық өлшемімен арақашықтықты анықтау (мыңдық формула бойынша) мынадай реттілікпен жүргізіледі:

- дүрбі торының бұрыштық өлшеуімен немесе қолдағы заттардың көмегімен мыңдық бойынша оның бұрыштық шамасы өлшенеді;
- белгілі (нақты) заттың шамасын метрмен мыңға көбейтіп (тұрақты сан) және нәтижесін өлшенген мыңдыққа бөліп, яғни онда B – заттың өлшемі метрдегі биіктігі (ені, ұзындығы); 1000 – тұрақты сан, U – мыңдықтағы бұрыштық шамасы. Онымен биіктік бойынша көрініп тұрған зат (ені, ұзандығы); D – затқа дейінгі қашықтық. Бұрыштық өлшем дүрбі торының бір кіші бөлігіне тең 5 мыңдық ($0-0,5$) үлкен бөлігі 10 мыңдық ($0-10$).

Арақашықтықты анықтауда жекелеген заттардың шартты өлшемдерін білу керек:

- шырпы қалыңдығы $0 - 0,2$;
- шырпы қорабының ұзындығы $0 - 90$, ені $0 - 60$, биіктігі $0 - 30$;
- қарындаш қалыңдығы $0 - 15$;
- 1 мм сызғыш $0 - 0,2$ мыңдық.

Мысалы, танкіге дейінгі қашықтықты анықтау (D), егер ол өзінен ұзындығы (B) бойынша (U) бұрышқа сай болса, $0 - 0,5$ мыңдыққа тең. Көрініп тұрған заттарға дейінгі арақашықтықты сызықтық өлшемімен анықтау сызғыштың миллиметрлік бөліктерінің көмегімен іске асырылады. Бұл үшін:

- сызғышты көз алдында 50 см қашықтықта ұстап, миллиметрлік өлшеммен көрініп тұрған ендікті (ұзындықты) немесе заттың биіктігін өлшенетін қашықтыққа дейін өлшеу;
- сантиметрмен алынған заттың белгілі, нақты енін, биіктігін миллиметрлік санға бөліп және нәтижесін тұрақты санды 5 -ке көбейту. Мысалы: биіктігі 6 метр телеграф бағанына дейінгі (D) арақашықтығын анықтау, егер ол өзінің биіктігімен 2 миллиметрге тең болса, онда оған дейінгі қашықтық мынаған тең:

Егер заттың өлшемі (нысана), оған дейінгі қашықтықты анықтау қажеттігі белгісіз болса, мүмкіндігінше оған жақын жерден өлшемі белгілі

жергілікті затты таңдап, содан соң қашықтықты салыстыру жолымен керекті затқа (нысана) дейінгі қашықтықты анықтау керек.

Бақылау орны жер үстіндегі және әуедегі қарсыласты барлау үшін қойылады. Бақылау орындары қозғалмайтын (оқпана, траншеяда, бақылау пункттерінде) және қозғалатын (танкілерде, БТР) болуы мүмкін. Бақылау орны құрамына 2-3 бақылаушы тағайындалады, оның бірі аға бақылаушы болады.

Аға бақылаушының кезекті міндеті:

- үздіксіз бақылаудың ретін қалыптастыру;
- бақылау орнына жабдықтауды ұйымдастыру және оны бүркемелеу;
- бақылау аспаптарының байланыс және жарық беру құралдарының ақаусыздығын тексеру;
- бақылауда тұрушы, бақылау нәтижелерін уақытында командирге баяндау.

Бақылау орнында бақылау аспаптары, ірі масштабты карта немесе жергілікті жер кестесі, бақылау журналы, компас, сағат, фонарь, байланыс құралдары, белгі беру құралдары болуға тиіс. Барлау орнына тапсырма көбіне бастапқы орнынан, бақылау жүргізілетіндерге сондай реттілікпен бақылаушыға қойылады. Бақылау орнына қойылған тапсырма бақылау журналына жазылады. Бақылау орындары бөлімшелердің әскери ретімен орналасады. Түнде бақылауды түнде көру аспаптарымен РЛС, ал кейде төңіректі жарық қылатын құралдарды пайдаланып жүргізіледі.

Бөлімшені басқарудың мәнісі бөлімше командирінің бөлімшенің ұрысқа дайындығын сай ұстау жөнінде нысаналы жұмыс жүргізуге, оны ұрысқа дайындауына және жүктелген міндеттерді орындау кезінде оны басқаруына сайлайды. Басқарудың негізі – командирдің шешімі болып табылады.

Бөлімше командирі бөлімшенің жауынгерлік дайындығы үшін, бөлімшенің, қару-жарақ пен техниканың ұрысқа әзірленуі, жауынгерлік міндеттің белгіленген мерзімде ойдағыдай орындалуы үшін, сондай-ақ жеке құрамның тәрбиесі, әскери тәртібі мен саяси-моральдық жағдайы үшін толық жауап береді. Ол өзіне бағынышты сарбаздардың қайда және қандай міндетті орындап жатқанын, мұқтажын және саяси-моральдық жағдайын әр кезде білуге тиіс». «Ұрыста бөлімше командирі ұрыс алаңын бақылауға, қарсыласты барлау жүргізуге, бағыныштыларына дер кезінде міндет қоюға, атыс құралдарының бәрін, сондай-ақ қарсыласқа атыспен берілген соққының нәтижелерін білікті пайдалануға міндетті.

Бөлімше командирінің әскери бұйрығында мыналар көрсетіледі: бағдарлар, қарсыластың құрамы, жағдайы және іс-қимыл сипаты, оның атыс құралдарының орналасқан жерлері, взвод пен бөлімшенің міндеті, көршілердің міндеті, жеке құрамның: оператор көздеушінің (қару көздеушісінің, бронетранспортердің пулеметі көздеушісінің), пулеметшілердің, гранатаатқыштың, механик-жүргізушінің (жүргізушінің), ал қажет болған жағдайда қалған жеке құрамның міндеттері; хабарлау, басқару сигналдары және олар бойынша іс-қимыл жасау реті; міндетті орындауға дайын болу уақыты; орынбасары. Жеке құрамға міндеттер жүктеген кезде бөлімше командирі әрбір адамының ұрыстық реттегі (позициядағы) орнын көрсетіп,

бақылау және атыс жүргізу ретін белгілеуі керек.



4-сурет. Бөлімше командирі жеке құрамға ұрыстық тапсырмасын беруде.

2.2. Шабуылдағы сарбаз

Шабуыл – ұрыстың негізгі түрі болып саналады және қарсыласты жеңу жетістігінде шешуші мәнге ие болады. Әрбір сарбаз шабуылды барлық күш-қуатымен, өзінің атыс қаруымен, қорғанушы қарсыласты жойып, ұрыста батылдық, белсенділік, тапқырлық көрсетуге тиіс. Шабуыл шапшаң, қарқынды және үздіксіз болуға тиіс, себебі қарсылас жақ аралық шептерде қарсылық ұйымдастыра алмауы керек. Қорғанушы қарсыласқа қарсы шабуыл жүріп келе жатқан бетпен немесе онымен тікелей түйісіп тұрған жағдайда жүзеге асырылады.

Шабуыл тікелей түйісу жағдайымен қарсыласпен қалыпты жағдайдан басталып, жер жағдайына байланысты траншеялар, оқпаналар және басқа жасырын жерлер таңдалынады. Шабуыл алдында сарбаз ұрысқа дайындалуы керек. Оның орындайтын шаралары:

- қаруды оқтау;
- сүңгі-пышағын орнату;
- гранатаны дайындау (шығыршығын орнату);
- әрекет етуге ешнәрсе кедергі болмас үшін қаруын, киімін түзеу, реттеу;
- траншеядан жылдам шығу үшін тіреуіш ойықша жасау.

Сарбаз ұрыс алаңында жедел адымдап, не жүріп, не жүгіріп өтіп, не жер бауырлай жылжып ілгерілей алады. Жылжу тәсілі жердің бедеріне қарсыластың атысының ықпалына және басқа жағдайларға байланысты болады. Қарсыластың бақылауынан таса және оның атысы жетпейтін жерлерден жедел адымдап не жүгіріп өтеді. Жедел адыммен жүріп өтіп, жылдамдығы минутына 130-150 қадам болады, ал жүгіріп өту жылдамдығы минутына 165-180 қадамды құрайды. Қарсыласты атып жатқан ашық жерлерінен өту, жүгіріп өтумен іске асырылады. Тасадан тасаға жылдам жүгіріп өту ұзақтығы 5-7 секундтан аспауға тиіс, себебі қарсылас тура атуға үлгірмеуі керек. Тыныстайтын аялдамалар арасындағы жүгіріп өтетін аралық ұзындығы жердің жағдайы мен қарсыластың атысына байланысты орта есеппен 20-40 адым болуға тиіс. Қарсылас жақ атқылап жатқан жердің аздаған бөлігін жер бауырлап жылжуға болады. Жер жағдайына байланысты, өскіндердің биіктігімен және шамасы тасаларды пайдаланып жер бауырлап жартылай төрт тағандап, жата қалып бір жағына қарай еңбектеп жылжиды. Ұрыс алаңында жылжу барысында әр түрлі кедергілер, инженерлік тосқауылдар және жердің уланған бөліктері кездесуі мүмкін. Бөгеттен өту барысында аздаған кідіріс болса, онда қарсылас тура атумен шабуылдаушыға біршама шығын әкеледі. Осының бәрін есепке алып, бөгеттен жылдам, ептілікпен өтуі керек.

Алдыңғы шептердегі сым бөгеттерінен және қарсыласты бұзып өтуге саперлер жарылыстар жасап немесе танкілермен өтетін жолдар жасалады. Олардың үстіне алдын-ала тақтайлар, төсеніштер тағы басқа заттарды тастап, үстінен өтуге болады. Барлық бөгеттерге атыс құралдарымен немесе белгілік миналармен қолдау көрсететінін ұмытпау керек.

Шабуыл барысында автоматтан оқ ату мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

- дүмбіні бүйірге қысып және алға ұмсына ұстап ату;

Алға ұмсына ауды сәл тоқтап немесе тоқтамай жүргізуге болады:

- алға ұмсына ауды жүргізгенде сәл ғана тоқтап, сол аяқты жерге қойысымен бір мезгілде дүмбіні иыққа тіреп, көздеп және түйдектете атып, автоматты қоя беріп, әрі қарай жүрісті жалғастыру;
- жүріп келе жатып оқ ауды жүргізу (тоқтамай) үшін, автоматты иыққа қойып, нысанаға бағыттап, жүрісті жалғастырып атыс жүргізу.

Екінші тәсілмен оқ ату тоқтаусыз іске асырылады, ол үшін қолмен дүмбіні оң жақ бүйірге қысып, сол қолмен автоматтың құндағынан ұстау керек. Атыс жүргізу барысында автоматты қайта оқтау қозғалысты тоқтатпай жүзеге асырылады. Бөгеттерден өткеннен кейін, сарбаз жүгіріп келе жатып оқ атып, қарсылас қорғанысының алдыңғы шебіне қарай ұмтылуға тиіс. Траншеяға жақындап 25-30 метр қалғанда командирлердің бұйрығымен «Гранатамен ат!» пәрмені бойынша немесе өз бетімен траншеяға граната лақтырып «Ура!» деп ұрандап, қарсыласты шабуылдайды. Барлық жарықшақты қол гранаталары (РГД-5, РГ-42) лақтырғаннан кейін 3-4 секундтан соң жарылады, ал танкіге қолданылатын қол гранаталары (РКГ-3, РКГ-3Е, РКГ-3ЕМ) кез келген кедергіге соғылғанда қас-қағым сәтте жарылады. Лақтыру алдында гранатаға тұтандырғыш қойылады.

Шабуыл барысындағы ұрыста басып алған шектерге бекіну барысында, қарсыластың қарсы шабуылын тойтаруға дайындалуда, қорғанысқа көшу кезінде және басқа ұрыс жағдайында сарбаз өзіне жер қазу арқылы оқпана қазып, оны жабдықтауы қажет. Өзіне жер қазу кішкентай жарықтық күрекпен жүзеге асырылады. Қарсыластың оғы астында жатып ату үшін, жеке оқпана қазудан басталады. Оқпана топырақтары ойықтан тұрады. Оның ұзындығы 170 см, ені 60 см, тереңдігі 30 см және үйіндінің биіктігі 30 сантиметрге жетеді. Атысқа арналған оқпана айналадағы жергілікті жерге сай бүркемеленеді. Оған топырақтың үстіңгі қабаты грунт, шөп, ал қыста қар пайдаланылады.

Ұрыста жеңіске жету жеке жауынгердің, бөлімшелердің танк және машиналар экипаждарының, зеңбіректер мен минаатқыштар есептобының және т.б. табысты қимылына байланысты болады.

Жауды жеңу үшін әрбір жауынгер өз қаруы мен ұрыс техникасын жетік біліп, оларды ұрыста шеберлікпен қолданып, қарсыластың тірі күші мен ұрыс машинасын неғұрлым көп жоюы керек.

Жауынгер ұрыста қатардан шығып қалған жолдасының орнын ауыстыру үшін, аралас әскери мамандықты игеріп, взводтың, бөлімшенің жауынгерлік міндетін және өз міндетін, ұрыста бақылау жүргізуді білуге, қарсылас танкілерін, басқа да сауытталған машиналары мен танкіге қарсы құралдарының жауынгерлік мүмкіндіктерін, олардың әлсіз және күшті тұстарын жақсы білуге тиіс.

Жауынгер ұрыста командирді қорғауға және күзетуге, командирдің рұқсатынсыз өз орнын тастап кетпеуге, қарсыласты қолда бар құралдармен жоюға, жолдасына көмек көрсетуге, санитарлық өңдеу жүргізуге, әуе қарсыласын тануға, тапқырлық, батылдық және бастамшылдық көрсетуге, жеке қорғаныс құралдарын қолдана білуге, оқпаналар мен бойтасаларды тез жабдықтап алуға міндетті.

Жауынгер жаяу ретпен қимылдаған уақытта жеделдетілген адым, жүгіре өту немесе жер бауырлай қозғалу әдісімен жылжиды.

Жауынгер, қарсыластың бақылауынан таса және оның атысы жетпейтін жерлерден жедел адымдап немесе жүгіріп өтеді. Бұл кезде ол қаруын ата бастау жағдайында, яғни дүмді бүйірге қысып ұстайды.

Жатып ату жағдайынан жүгіре өту үшін, жауынгер әуелі 20-40 м-ге дейінгі аралықтағы қозғалыс жолын және демалатын жерін бағдарлап алады. Одан соң тез тұрып, белгіленген орынға дереу жүгіре отырып жетуі тиіс. Бұндай жүгіре өту кезінде қарсылас дәлдеп оқ ата алмайды. Командир белгілеген шепке жеткеннен кейін, сарбаз атысқа дайындалады да, басқа жауынгерлердің жүгіріп өтуін атыспен қорғайды. Ұрыс алаңында қарсыласқа жақындап, оған кенеттен шабуылдау қажеттілігі туған кезде жер бауырлай жылжу әдісі қолданылады. Жауынгер ең әуелі алға жылжу жолын және демалу үшін тоқтайтын жасырын таса жерді белгілеп алуы тиіс.

Жер бауырлап жылжу үшін, ең әуелі, жерге жатып, оң қолымен қарудың жоғарғы бауының тұсынан ұстап, оны оң қолдың білегіне қоюы керек. Оң аяқты өзіне тартып және бір мезгілде сол қолды мүмкіндігінше алыс созып,

содан кейін бүгілген аяқ серпілісімен денені алға тастап, келесі аяқты өзіне тартып, келесі қолды созып, осылай жылжуды жалғастыру керек.

Жартылай төрт тағандап жылжу үшін, жауынгер тізерлей отырып, қол білектеріне салмақ салуы керек, содан кейін бүгілген оң (сол) аяқты өзінің кеудесіне тартып, бір мезгілде сол (оң) қолды алға созу керек, сөйтіп денені алға қарай оң (сол) аяқ толық созылғанша тастау қажет.

Бүйірлей жер бауырлап жүру үшін, сол бүйірге жатып, содан кейін тізеден бүгілген сол аяқты алға тартып, сол қолдың білегіне салмақ салып, оң аяқтың табанын жерге тіреп, мүмкіндігінше өзіне жақын ұстау керек; оң аяқты бүге отырып, сол аяқтың қалпын бұзбай, денені алға жылжыту қажет, осылай қозғалысты жалғастыра беру керек.

Бөгеттерден (өзен, жыра, батпақ және т.б.) ұрыс барысында тоқтаусыз шабуыл екпінін немесе қозғалыс жылдамдығын төмендетпей қарсылас күтпеген жерлерден өту аса маңызды. Бұл кезде жоғары қырағылық көрсету қажет, өйткені бөгеттер миналанған немесе қарсыластың оғымен тасалануы мүмкін.

Өзендер мен басқа да су бөгеттерінен тұрақты немесе арнайы жүргізілген көпірлермен, әр түрлі қолда бар құралдармен кешіп немесе жүзіп өтуге тура келеді.

Кешіп өту кезінде жауынгерлер бір немесе екі лек бойынша кешіп өтеді. Кешіп өту үшін, ағынның жылдамдығы 1 м/секундқа дейін, тереңдігі 1м болуы керек.

Жүзіп өту өткелі су бөгетінің ені аз болғанда жүзеге асырылады. Бұл кезде жеке өткел құралдары (жүзу киімдері мен құтқарушы жилеттер) және әр түрлі қолда бар құралдар қолданылуы мүмкін.

Миаларды және фугастарды бүркенішті ашу белгілері бойынша немесе қармағыштар мен мина іздеушілер көмегімен табуға болады. Созылмалы әсер ететін миаларда қазықшалар және жер үстінен тартылған бау немесе сым болады. Қойылған миалардың бүркенішін ашу белгілері: бұзылған топырақ; топырақ төгіндісі; тартылған кендір жіп; топырақ үйіндісі (төбешік); жер үстіне шығып тұрған мұртшалар; минаның ашық көрінуі; миналық тралдармен мина бөлігінің көрініп тұруы; мина қондыру көрсеткіштері.

Минаға барлау жүргізген кезде мейлінше ұқыпты болып, әрбір күмәнді жерлерді тексеру қажет, табылған бау немесе сымды тартып қалмау керек.

Қазіргі кезде әр түрлі инженерлік бөгеттер, әсіресе миналанған алаңдар, сымды бөгеттер және т.б. қолданылады. Ұрыста жауынгерлік міндеттерді тез және табысты орындау үшін, жауынгер инженерлік бөгеттерді тауып, олардан өтуді шебер меңгеруі тиіс.

Миалы-жарғыш бөгеттердегі өтпелерден өту жарғыш тәсілмен немесе миналық тралмен жабдықталған танктер арқылы жүзеге асады. Сымды бөгеттерден өту тәсілдері: сырт киімін төсеніш ретінде пайдалану; тиімді заттармен сымды көтеру арқылы; сымды қайшымен немесе сүңгі пышақпен қию арқылы. Электрлі бөгеттерден өтуді тек саперлар ғана жүзеге асырады.

Радиоактивті немесе улағыш заттармен зақымданған жергілікті жер аумағынан өту әдістері ұрыс қимылдары сипатына, жер және ауа жағдайларына байланысты болады. Құрғақ ауа райында жаяу ретпен қимылдайтын жауынгерлер радиоактивті немесе улағыш заттармен зақымдалған жер аймақтарынан өту үшін – газтұмылдырық, қорғаныш плащтары, жамылғылыр, шұлықтар мен қолғаптар пайдаланады. Жабық БТР-дағы жауынгерлер тек газтұмылдырық киеді, ал ЖҰМ-дағы жауынгерлер жаппай жою қаруларынан қорғану жүйесін іске қосады. Ылғалды ауа райында радиоактивті заттармен зақымдалған жер аймақтарынан өту үшін, теріні қорғау құралдары (қорғаныш плащтары, шұлық, қолғап) қана киіледі. Ашық зақымданған жер аймағынан өту ұзақ және тез жүгіре өту тәсілі арқылы жүзеге асырылады. Тоқтау үшін шөптері аласа жер таңдалып алынады. Зақымдалған аймақтардан өткеннен кейін, жауынгерлер командир пәрмені бойынша киім-кешектердің шаңын қаға отырып, қорғаныш құралдарын шешеді.

Шабуыл барысында басып алынған шепті ұстап тұру, қарсыластың қарсы шабуылына тойтарыс беруге дайындалу, қорғанысқа көшу және ұрыс жағдайының басқа да шарттарына байланысты жауынгерге өз оқпанасын қазуға және жабдықтауға тура келеді. Орлану жауынгердің кіші күрегімен жүзеге асырылады. Ол қарсылас оғының астында жатып ату үшін, бір адамдық оқпана қазудан басталады.

Ұрысты бөлімше командирі, әдетте ұрыс орнында ұйымдастырады, ал ондай мүмкіндік болмағанда, сызба бойынша, жергілікті жер нобайында бастапқы ауданда ұйымдастырады. Соңғы жағдайда шабуылға көшу шебіне келген кезде ұрыстық міндеттер нақтыланады.

Шабуыл барысында қарсыласты жою тәсілдері

Шабуыл барысында сарбаз қарсыласты жүріп келе жатып тіке ату, қол гранатасын лақтыру арқылы, сүңгімен не дүмбімен соғып жояды.

Жүріп келе жатқан бойда ату көздеу қалыптан не дүмбіні бүйірге қысып алып жүргізіледі. Көздеулі қалыптан атыс жүргізгенде, автомат иыққа тіреледі де, оң (сол) аяқ жерге тіреледі. Ату қозғалысты бәсеңдетпестен сол (оң) аяққа ауысу кезінде жасалады. Бұл орайда, сол қолдың шынтағын бүйірге қабыстырмайды, ал оң қолдың шынтағы иық деңгейде ұсталады. Жүріп келе жатып, дүмбіні бүйірге қысып ату кезінде автоматты сол қолмен құндақтан қысып ұстайды, ал оң қолмен дүмбіні оң бүйірге қысады не дүмбінің желкелігін қолдың шынтақ құрамының иық бөліміне тірейді. Бұл орайда, автомат оң қолдың саусақтарымен тапаншалық тұтқасынан ұсталады. Оны нысанаға бағыттағанда денені бұра бастауымен, одан әрі сол қолмен оңға, солға қозғаумен бағыттайды.

Тоқтай қалып атыс жүргізген кезде аяқтар шамамен иық еніндей алшайтылады, жота бір орыннан түрегеп тұрып атқандағыдан гөрі біршама көбірек еңкейтіліп ұсталады. Бұл орайда, қарсыластың көздеп атып үлгірмеуі үшін, өте қысқа уақытта ғана (3-5 сек.) тоқтау керек.

Тоқтай ату, әдетте дүмбі бүйірге жабыстырылған қалыпта жүргізіледі. Шабуыл барысында граната лақтыру “Гранаттармен – ат” деген пәрмен бойынша немесе өз алдына жасалады. Бұл үшін қару сол қолға алынады, оң қолмен гранаттарды алып, саусақтармен ағытқыш тұтқа гранаттың тұлғасынан қысып ұсталады. Автомат ұстаған сол қолмен сақтандырғыш мұрындықтың ұштарын қысады (тіктейді) шығыршықты сұқ не ортаңғы саусақпен іле ұстап, тұтандырғыштан жұлып алады. Қозғалысты бәсеңдетпестен гранатты нысанаға лақтырады.

Сүңгімен шаншу тез, неғұрлым осал жерлерге кезеліп, дененің қозғаусыз тұстарына (бет, мойын, іші, арқа, бүйір) бағытталады. Қарсыластың тұрған қалпы мен әрекетке қарай шанышқанда ұмтылмай не ұмтыла, алдымен қарсыластың қаруын қағып түсіріп не өзі қорғана отырып барып шанышады.

Қарсыласпен жақын аралыққа келіп қақтығысқанда сүңгі ұмтылмай шаншылады. Шаншу үшін автомат қос қолдап ұсталып, сүңгісімен сол қол толық тіктелгенше күрт ілгері сұғындырылады. Сүңгіні дереу суырып алып, ұрысқа дайын қалыпқа келіп, одан әрі ілгері басады.

Ұрысқа дайындалған қалыптан сүңгімен ұмтылып барып шаншу үшін, автоматты қос қолдап ұстап, сүңгісімен алға нысанаға кезейді. Осымен бір мезгілде оң аяқты күрт тіктеп, денені алға ұмтылдырып, сол аяқ алға ілгерілеп, өкшесінен түгел табанға басылады. Шанышқаннан соң, сүңгі дереу суырылып алынады да, ұрысқа дайындық қалпына келіп, одан әрі ілгері басады. Шаншу алдында қарсыластың қаруын қағып жіберу – оны шаншу оңтайлырақ болу үшін, қарсыластың қаруын сыртқа бұрып жіберу үшін жасалады.

Дүмбімен қапталдан соғу қарсыласпен қағысқанда сүңгімен шаншуға келмей қалған кезде қолданылады. Соғу үшін оң қолмен төменнен жоғары солға қарай, ал сол қолмен өзіне қарай күрт сермеп дүмбінің сүйір бұрышымен нысанаға созады. Соққан кезде оң аяқ біршама алға басылады.

Бөлімше командирінің тапсырмасы бойынша, жауынгер бөлімше мен взвод шабуылының объектісін және шабуылдағы қарсылас қимылын, шабуыл бағытын, бөгеттерден өту тәртібін және шабуылдағы қозғалысты нақты түрде елестете алуы тиіс. Осыдан кейін жауынгер мыналарды: қарудың жарамдылығы және оны ұрысқа дайындау, оқ-дәрінің болуы, жеке қорғаныш құралдары мен жабдықтарының болуын және жарамдылығын тексереді. Түнде шабуылға дайындалған кезде жауынгер қозғалыс бағытындағы жерді зерттейді, өзіне түнде бағдар болуы мүмкін жергілікті жер заттарын есте сақтайды және азимут бойынша қозғалыс бағытын зерттейді. Түнгі көздеуішті автоматтары мен пулеметтері бар жауынгерлер өз қаруларын тексереді.

Шабуыл басталғанға дейін, қажеттілікке байланысты жауынгер қарсыласқа атыс жүргізеді. «Шабуылға дайындал!» пәрмені бойынша ол қаруды оқтайды. Ол үшін жарақталған оқжатарды біріктіріп, ажыратылып тұрған оқжатарды оқтайды да, сөмкеге салады. Содан соң, жауынгер автоматқа сүңгі пышақты қосып «П» не «З» көздеуішін белгілейді, гранатты дайындап, жарақтану заттарын қозғалысқа кедергі келтірмейтіндей етіп бекітеді. Содан кейін, аяғын табалдырыққа қойып, оны тастап шығуға дайын болатындай етіп,

қолын оқпананың топырақ қалқасына тірейді. Бұл кезде қарсыласқа бақылау жасауын тоқтатпайды. «Шабуылға алға» пәрмені бойынша ол оқпанадан тез секіріп шығып, жүгіріспен немесе жылдам адыммен алға қозғала бастайды, бұл ретте ол алдыңғыларға теңеле отырып, тізбекте бекітілген аралықты сақтауы тиіс. Қарсыласқа ұрыс алаңында бақылау жасауға және көздеп атыс жүргізуге мүмкіндік бермеу үшін, ол өз қозғалысын қарсыласқа оқ атумен үйлестіреді.

2.3. Қорғаныстағы сарбаз

Қорғаныс – ұрыс түрі.

Қорғаныстың мақсаты: қарсыластың басым күштерінің шабуылын болғызбау не тойтару, оны едәуір шығынға ұшырату, ұрыстың маңызды аудандарын, шептерді, объектілерді ұстап тұру және осы арқылы батыл шабуылға шығу үшін қолайлы жағдай жасап алу.

Қорғанысқа көшу әр түрлі жағдайлардың барысында жүзеге асырылған.

Қорғаныс күн ілгері дайындалуы немесе ұрыс барысында ұйымдастырылуы мүмкін. Қорғанысқа көшу қарсыласпен тікелей, іргелес жағдайда немесе онымен түйіспей тұрған жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Қарсыласпен түйіскен жағдайда қорғанысқа көшу анағұрлым қиындау болады. Мұндай жағдайда сарбаз ұрыс барысында бөлімше құрамында өзіне қолайлы шепті басып алуға мәжбүр болады және қарсыластың оғы астында қиын жағдайда өз қорғанысында инженерлік тұрғыда жабдықтау жұмысын жүргізеді.

Қорғаныс орнықты да, белсенді болуға тиіс, қарсыластың барлық қару түрлерін қолданған соққыларына қарсы тұруға қабілетті болуға тиіс.

Қорғаныстың табандылығы мен белсенділігіне жету үшін:

- қорғанушы бөлімшелердің қарсыластың шабуылдарын тойтару кезінде ұстайды, төзімді табанды болуы, моральдық рухы биік болуы қажет;

- қорғаныс және атыс жүйесінің білікті ұйымдастырылуы;

- қорғанысқа ішкерлей кірген қарсыласты жылдам жою;

- атыс шептері мұқият бүркелмеген болуы, төңіректің тиімді жағдайларын, инженерлік жабдықтарын білікті пайдалануы керек;

- жаппай қырып-жоятын қарудан қорғанудың шараларын орындау;

- жеке құрамды зақымдалған жерлерде ұзақ уақытқа ұрыс жүргізуге дайындау;

- ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету өзара нақты байланыс, бөлімшелерді басқарудағы іскерлік қорғаныс мақсаты. Егер сарбаз біліктілікпен өз оқпанаын жабдықтап, бүркелемесе, ұстамдылық, төзімділік және табандылық көрсетіп, сол сияқты өз қаруын шабуыл жасаушы қарсыласты жоюға жұмсаса, бұл нарсе орындалады. Қарсыласпен түйісу жағдайында қорғанысқа өту кезінде сарбаз тапсырма алып, ең алдымен сол жерден табиғи таса жерде немесе бомбы (снаряд) түскен шұңқырды тауып, қарсыластың атысынан жылдам жысырынып ұрысқа дайындылуы керек.

Бұл жерде ең бастысы қарсыласты жоюға ыңғайлы, оны көре алатындай, ол өзі байқалмайтындай жепде жылдам таңдау керек. Егер де маңайда жасырылатын жер болмаса, онда жерді қазып жасырыну қажет. Қарсыласты түйісуден тыс жағдайда қорғанысты иеленуде атыс орнын тиянақты таңдап, толығынан жабдықтап, бөгеттер құрып және атыс секторын тазалауға, басқа жұмыстарды орындауға мүмкіндік болады. Дегенмен, қорғаныстың қандай жағдайда болғанына қарамастан әрқашан да қырағылық көрсетіп, қаруды қолдануға дайындалып, төңіректегі жерге, әсерсе, түнде, көрініс шектеулі болған жағдайда, қарсыластың кенеттен шабуыл мүмкіндігі болса, үздіксіз бақылау жүргізіп отыру керек.

Қорғаныста әрбір сарбаз өзінің қоруын фортификациялық құрылыстар мен төңіректің қолайлы жағдайларын шебер пайдаланатын болса, қарсыластың адам күшін көп шығынға ұшыратып, оның шабуылдаушы танктеріне және басқа да сауытты машиналарына қарсы айқасты ойдағыдай жүргізе алады.

Атыс дайындығымен қарсыластың шабуылына дейін оның жекелеген топтары барлау жүргізуге тырысып, миналық-жарылыстық бөгеттерде жолдар жасап немесе қорғанысқа тереңдеп кіруге әрекет етеді. Бұл топтар белгіленген кезекшілік атыс құралдарымен жойылады. Оның жеке құрамы запастағы немесе уақытша атыс позицияларынан жедел атыс бастауға үнемі дайындықта болады. Қалған сарбаздар бұл уақытта қарсыластың шабуымен тойтаруға дайындалып, сонымен бір мезгілде атыс үшін, атыс позициясының инженерлік жабдықтарын жетілдіріп, ЖҰМ/БТР/-ды техникалық дайындықтан өткізеді.

Қарсыластың атыс дайындығынан бастап, сарбаз, егер ол бақылаушы болмаса, командирдің бұйрығымен (сигналымен) жыраға немесе жерге жасырынып, атыс позициясына орналысып, жылдам дайындалады.

Қарсылас жақтан ядролық соққы берілгенде, сарбаз қопарылыс кезінде қорғаныс шараларын қолданады:

- Траншеяда жүргенде оның түбіне бетімен жатып, көзін қолымен жабады;
- ЖҰМ ішінде – есікте, люкті, оқ ататын жолдарды, желюзді, ал механик-жүргізуші ОМП қорғаныс жүйесін іске қосады;
- қарсылас шабуылға шығысымен бақылаушының немесе командирдің бұйрығымен сарбаз атыс позициясына орналасып, ұрысқа дайындалады. Шабуыл жасаушы жаяу әскерге оқ атуды, жаяу әскер оқ жететін жерге жеткенде командирдің бұйрығымен бастайды. Оған дейін оқ ату артиллерия, танкі, ЖҰМ, БТР, ТҚБР және тағы басқа құралдар арқылы жүргізіледі. Сарбаз бұл кезде қарсыластың әрекетін тиянақты түрде бақылап, өзінің байқағандарының барлығын командиріне баяндап отырып, өзіне жақындағанда жоятын нысаналарды таңдайды. Ал одан кейін, қарсыластың жақындаумен, өзі атысты жүргізеді. Сарбаз өзінің атыс жүргізушінің, қарсыластың бөгеттен ату кезінде шабуылын кетіртуге мәжбүр болғандағы кезеңінің тиімді екенін есте сақтау керек. Егер қарсылас позицияға жақындап келсе, онда сарбаз оны тұра атып, гранатамен немесе қоян-қолтық шайқаспен жояды.

Қарсыластың танкілері және басқа сауытты объектілері – ұрыс алаңындағы ең басты және қауіпті нысаналар. Қарсыластың сауытты

объектілерін жоюдағы құралдар мен тәсілдерді таңдау нақты жағдайға байланысты болады. Ұрыс барысында танкілерді және басқа сауытты нысаналарды жоюда ТҚБР, гранатаатқыштар, танкіге қарсы гранаталар, танкіге қарсы миналар, қарауға арналған аспаптар арқылы атыс қаруынан ату қолданылады. Егер позицияда (оқпанаға) танк жақындап, оны гранатаатқышпен жоя алмаса, онда оны 25-30 метр қашықтықта жақындағанша тосу керек. Мұндай қашықтықта танк өзінің атысымен қауіпті болмайды, өйткені зеңбірегі мен пулеметі өте көп ауытқығанда, оның атысы сарбазды жоя алмайды. Осы кезеңде, танкіге қарсы қолданатын гранатты лақтырып пайдалану керек.

Қорғаныста әрбір сарбаз өзінің қаруын, фортификациялық құрылыстарды және төңіректің тиімді жағдайларын білікті түрде пайдаланса, қарсыластың көптеген адам күшін жойып, оның шабуылдаушы танктері мен басқа да сауытты машиналарына қарсы күресті ойдағыдай жүргізе алады. Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес жауынгерлері қорғаныста болғанда, ерлік пен табандылықтың үлгілерін көрсетіп, шабуылдаушы жауды титықтатып, оны көп шығынға ұшыратып отырды, қорғаныстан соң шабуылға шығып, жауды құртты. Мәскеу түбіндегі қорғаныста генерал Панфилов басқарған дивизияның және осы дивизиядағы полк командирі полковник Б.Момышұлының басқаруындағы сарбаздар өшпес ерлік көрсетті. Тарихи Сталинград шайқасында сержант Павловтың гвардияшы сарбаздары жеке бір ғимаратты ерлікпен қорғады. Барлық жауынгерлер жеңіске деген мұқалмас жігер көрсетіп, өздерінің жауынгерлік міндетін абыроймен орындады.

Қорғаныс күн ілгері дайындалуы мүмкін немесе ұрыс барысында, қарсыласпен түйісу жоқ жағдайда не онымен тікелей түйісіп тұрған жағдайда ұйымдастырылуы мүмкін.

Қорғаныста сарбаз бөлімше құрамында қимыл жасайды. Бөлімше командирінен ұрыстық міндет алғаннан кейін, сарбаз мыналарды анықтап ұғынады: бағдарлар; қарсыластың құрамы мен жағдайы, оның шабуылының ықтимал бағыттары; взводтың, бөлімшенің және өзінің міндеті, егер ол пулеметші не гранатаатқыш (автоматшы) болса — негізгі және қосалқы атыс бекінісі, әрбір бекіністен негізгі және қосымша атқылау секторы; оны жабдықтау және ұрыс барысында алмастыру кезектілігі, жер үстіндегі және әуедегі нысаналарды бақылаудың және атудың реті; взводтың шоғырланған атыс учаскелеріндегі бөлімше атыс жүргізуге тиіс орын (атыс орны және оны жабдықтаудың реті); хабарлау, басқару және бірлесе қимылдау сигналы және олар бойынша іс-қимылдың реті; қорғанысқа дайын болу уақыты.

Қорғанысқа көшу жағдайы әр түрлі кезде жүзеге асырылуы мүмкін. Көпшілік жағдайларда мотоатқыш бөлімше қарсыласпен тікелей түйісу жағдайында қорғанысқа көшіп, оны қарсылас оғының астында ұйымдастырады. Басқа жағдайларда қарсылас едәуір шалғайда болғанда, қорғанысқа көшу күн ілгері, қарсыласпен түйіспейтін жағдайда жүзеге асырылатын болады.

Қарсыласпен тікелей түйісу жағдайында қорғанысқа көшкенде, бөлімшелер ұрымтал шептерді ұрыс барысында және қорғанысты ұйымдастырумен байланысты, барлық жұмыстарды қарсыластың атысы

астында жүргізуге мәжбүр болады. Қорғанысқа бұлай көшудің қиындығымен күрделілігі мынада: ұрысты жалғастыру керек және осымен біраз мезгілде шепті таңдап алып, оны инженерлік тұрғыдан жабдықтау, қарауындағыларға міндет қою, атыс және бірлесіп қимылдау жүйесін ұйымдастыру керек болады.

Қорғанысты қарсыласпен тікелей түйіспейтін жағдайда ұйымдастыру кезінде, қорғанысқа қарсылас тасадан келетін жолдарды неғұрлым мұқият анықтап, атыс жүйесін құру, бекіністі инженерлік тұрғыдан неғұрлым толық жабдықтау, алдыңғы шеп алдына бөгет орнату, қажет болғанда атқылау секторын тазарту және басқа жұмыстарды орындайтын мүмкіндік болады.

Атыс жүйесін ұйымдастыру кезінде бөлімшеге атыс жолағы мен қосымша атқылау секторлары белгілінеді; ЖҰМ-ға гранатаатқышқа, пулеметшіге әрбір атыс позициясына негізгі және қосымша атқылау секторлары белгілінеді және қосалқы атыс позициялары көрсетіледі. Ал кезекші атыс құралдарында, ЖҰМ үшін уақытша атыс позициялары да көрсетіледі. Бөлімше командирі позицияның бөлімшені басқаруға төңіректі бақылауға және взвод командирінің сигналдарын анық көруге ыңғайлы жерінде болады.

Жауынгер қорғаныста өз бөлімшесінің құрамында қимыл жасайды. Оның негізгі міндеті – өз қаруын, жергілікті жерді, оқпана мен орларды, сондай-ақ инженерлік бөгеттерді тиімді пайдалана отырып, басқа сарбаздармен бірлесе қарсыластың шабуылдаушы жаяу әскері мен танкілерін мүмкіндігінше көбірек жойып, олардың шабуылдарына тойтарыс беріп, бөлімше бекінген бекіністі ұстап тұру. Жауынгер қорғаныста өзінің орнын тек командирдің бұйрығымен ғана тастап кете алады.

Қорғаныстағы жауынгер қарсыластың қайда тұрғанын және қандай қимылға бет бұрғанын, бағдарларды, бөлімшелер мен взводтардың міндеттерін, көршілердің қайда екенін және олардың атысты қай бағытта жүргізіп жатқанын білуі тиіс. Сонымен бірге, хабарлау мен нысананы көрсету белгілерін, қай кезде өз бетінше немесе командир пәрменімен атыс бастауы, бөлімше командирінің орнын білуі қажет.

Бөлімше командирінен тапсырма алған соң, жауынгер оны анықтап алып, берілген жерде өз алдындағы жерді көруі және командир нұсқаған бағытта алыс қашықтықтан қарсыласқа қарсы көздеу атыстарын жүргізе алатындай болып орналасуы қажет. Содан кейін, жатып ату үшін оқпана қазады. Егер жағдай мүмкіндік берсе, тізеден ату үшін оқпананы 60см-ге дейін, ал тұрып ату үшін 110см-ге дейін тереңдетеді.

Оқпана қазу және жабдықтау кезінде, сондай-ақ ұрыс барысында, жауынгер үздіксіз қарсыласқа, жергілікті жерге бақылау жасайды және өз байқағанын командирге баяндап отырады. Оқпана топырақтан қазылған, ұзындығы – 170см, ені – 60см, тереңдігі – 30см ордан және 30см-ге дейінгі биіктіктегі қалқадан тұрады. Топырақ қалқа мен ор арасынан ені 20-40см болатын алаңқай қалдырылады. Атқылау секторында топырақ қалқаның биіктігі 10см-ге дейін азайтылады.

Ор қазуды бастамас бұрын, жауынгер әуелі атыс үшін орын таңдап алады, содан кейін қаруын өзінің оң жағына қоюы тиіс. Бұл кез келген уақытта атыс

жүргізу үшін ыңғайлы болады. Бұдан кейін, жауынгер сол бүйіріне аударылып, күректі сыртқы қабынан шығарып, екі қолымен сапты ұстап, өзіне қарай ұрып, жердің жоғарғы қабатын ашуы тиіс, алдынан және екі бүйірден ордың шекараларын белгілеп алуы қажет. Содан кейін, өзінен ары сыртқа ұра отырып, жердің шым қыртысын алып, оны алға немесе екі жаққа тастап, қазуға кірісуі қажет. Оқпана қазу кезінде жерді күрекпен қиғаш қазу керек, ал топырақты ең алдымен алға, сосын екі жаққа тастау қажет. Бұл кезде 1-1,5м болатын топырақ қалқа пайда болады, ол жауынгерді қарсылас оғынан сақтауды қамтамасыз етеді.

Оқпана шұңқырдың алдыңғы бөлігінде қажетті тереңдік жасап алғаннан кейін, жауынгер артқа жылжып, қажетті ұзындыққа дейін шұңқыр қазуды жалғастыра береді. Бұл шұңқыр жауынгердің денесі мен аяқтарын тасалайтындай болуы тиіс. Оқпана жергілікті жердегі шым қыртысымен, шөптермен, ал қыста қарменен бүркемеленеді. Зақымданған жерде орлану жеке қорғаныс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Бұл үшін, ең әуелі жердің жоғарғы зақымданған қабаты алынып, жел жаққа жайлап тасталынады. Бұл кезде мүмкіндігінше өзін және жолдастарын шандатпау үшін шаң көтермеу керек.

Қарсылас шабуылға шығар алдында атыс дайындығын жүргізеді, кейде ядролық соққы жасауы да мүмкін. Ядролық жарылыс жарығын байқаған сәтте оқпананың түбіне бетті жерге қаратып, дереу жатуы қажет, ал ядролық соққы толқыны өткеннен кейін, қарсылас шабуылын тойтаруға дайындалу қажет. Қарсыластың атыс дайындығы басталған кезде, егер жауынгер бақылаушы болып тағайындалмаса, онда ол командир пәрменімен бөлім мен взвод бекінісінде жабдықталған жертөледе, тесікте немесе оқпана түбінде тасаланып, шабуылға тойтарыс беру үшін, тез орнына ие болуға дайын болуы керек.

Қарсылас шабуылға шыққан кезде жауынгер ұрысқа дайындалады. Қарсыластың шабуылдаушы жаяу әскеріне командирдің пәрмені бойынша, ал қарсылас өз қаруының нақты атыс қашықтығына жақын келгенде өз бетімен оқ атады. Егер оқпанаға танкілер жақындаса, жауынгер оны 15-20 м қашықтыққа келгенше күтеді де, ыңғайлы сәтте танкінің шынжыр табаны астына гранатты лақтырады. Егер танкіге оқ тимей оқпанаға тақап келсе, сарбаз секіріп шығып, оның неғұрлым осал бөлігіне гранатаны лақтырады. Танкіні зақымдағаннан кейін, жауынгер өз қаруынан атып, танк соңынан келе жатқан жаяу әскерді жояды. Зақымдалған танк экипажын шынжыр табанды жөндеуі немесе машинаны тастап кетуі кезінде, автоматтан ату арқылы жояды.

Қарсыластың жаяу әскері оқпанаға 30-40 м жақындаған кезде, жауынгер оларға қарсы гранаталар лақтырып, оларды өз қаруынан атып жояды. Егер қарсыластың жекелеген жауынгерлері қорғаныстың алдыңғы шебіне шықса, жауынгер оларды атыспен, гранатпен, сондай-ақ сүңгімен және дүмбімен жояды. Көршілер бекінісіне жақындаған қарсыластың жаяу әскерін жауынгер қапталдан және тылдан атыс жүргізу арқылы жояды.

Сарбаздың қорғаныстағы, қарсылас ядролық қару қолданған кездегі және атыс дайындығы басталғандағы іс-қимылы

Қарсыластың ядролық қару қолдануының ықтимал қатері туралы сақтандыру белгісін алғаннан кейін, сарбаз қойылған міндеттерді орындауын жалғастырады және қорғаныш құралдарын дайындап қояды.

Қарсылас ядролық соққы берген жағдайда, сарбаз ядролық жарылыс жарқылы бойынша қорғаныш шараларын жасайды: ұрыс машинасында болғанда люктерді, есіктерді, атыс саңылауларын, терезелерді жабады да, ПАЗ жүйесін іске қосады: бөлімше бекінісінде болған жағдайда жақын маңда бар тасаға тез жетіп паналайды немесе ордың (оқпаналтың) түбіне басын жарылысқа қарсы жаққа қаратып жатады. Соққы толқыны өткеннен кейін, сарбаз жүктелген міндетті атқаруын жалғастырады немесе қарсыластың шабуылын тойтаруға дайындалады. Егер жағдай келіп, уақыт болса, оқпаналы құлаған топырақтан тазалап, бүркенішті қалпына келтіреді.

Қарсыластың шабуылының атыс дайындығы басталғанда сарбаз, егер ол бақылаушы болып тағайындалмаған болса, бөлімше командирінің пәрмені (сигналы) бойынша саңылауда, блиндажда не ЖҰМ-да (БТР-де) тасаланады. Бұл орайда, шабуылды топтастыру үшін, бекіністе өз орнына тез баруға үнемі дайын болып тұруға тиіс. Қарсылас шабуылға шыққан бойда командирдің пәрмені (сигналы) бойынша сарбаз дереу ұрысқа әзірленеді.

Радиоактивтік, химиялық, биологиялық зақымдау туралы хабарлау кезінде бөлімшенің бекінісінде қимыл жасаушы сарбаз қойылған міндеттерді орындауын тоқтатпай, дереу жеке қорғаныш құралдарын киеді. БТР-де болғанда газтұмылдырықты ғана киеді, ал ПАЗ атомнан қорғаныс жүйесімен жабдықталған ЖҰМ-да люктерді, есіктерді, атыс саңылауларын, терезелерді жабады да, осы жүйені іске қосады. Панада болған сарбаз пәрмен бойынша ұжымдық қорғаныш жүйесін іске қосады. “Радиациялық қауіп”, “Химиялық дабыл” белгісі бойынша сарбаз газтұмылдырықты киеді.

“Әуе” белгісі бойынша сарбаз қарсыластың ұшақтары мен тікұшақтарына қарсы атыс жүргізуге дайындалады. Әуе нысаналарын атқылау, әдетте командирдің пәрмені бойынша басталады.

Қорғаныстың алғы шебіне келген қарсыласты және оқпанаға (орға) басып кірген қарсыласты жою әдістері

Тереңнен келе жатқан қарсыласты және тікелей түйісу жағдайынан шабуылға шыққан қарсыласты аға командирінің құралдарымен, яғни артиллерияның, авиацияның, танктердің және танкке қарсы құралдардың атысымен жояды. Сарбаз қарсыласты өзінің қаруының нақты ату қашықтығына жақындағанда ата бастайды. Алғы шепке жақындаған кезде, атыс барынша үдетіледі. Қарсыластың алғы шеп алдындағы минажарылғыш (жарылмайтын) бөгеттерден ұйымдасқан түрде өтуіне көздей атумен жол бермейді. Танктерге ілескен қарсыластың жаяу әскерінен шабуылын тойтару кезінде, сарбаз бірінші кезекте жаяу әскерді танктерден бөліп тастап барып жояды. Барлау жүргізуге тырысқан және бөгеттерден өтпелер жасауға әрекеттенген қарсыластың

жекелеген сарбаздарын сарбаз, әдетте, қолға түсіреді, ал ондай мүмкіншілік болмаса, жояды. Қарсыластың танкі оқпанаға 30-40 метр қашықтыққа жақындап келгенде, сарбаз оған танкке қарсы қол гранатын лақтырады, егер танк зақымданбаса, ол ор бойымен бір жағына қарай жүгіре ығысады не оның түбіне жата қалады да, танк оқпанадан өткен бойда тез қарғып тұрып, оның кемеріне не артқы бөлігіне қайта лақтырады. Гранат жарылғаннан кейін, сарбаз зақымдалған танктен шығатын экипажды жоюға дайындалады.

Қарсыластың жаяу әскері оқпанаға 30-40 метр жақындағанда сарбаз оларға жарықшақты қол гранаттарын лақтырады және қарумен атып құртады. Оқпанаға (орға) басып кірген қарсыласты тақап атып, гранатпен, сүнгімен, дүмбімен жояды. Орағытып өтпек болған қарсыласты ату үшін, қосалқы оқпанаға не байланыс жолындағы атыс ұясында бекінуі қажет. Бөлімше бекіністерін орағытып өткен жағдайда, оны табан тіреп қорғауды жалғастыру керек.

Қарсыластың шабуылын тойтарғаннан кейін, сарбаз дереу өзінің қаруын ретке келтіреді, оқ-дәріні толықтырады, жараланғандарға көмек көрсетеді, оқпаналың бұзылған тұстарын, оның бүркенішін түзейді де, қарсыластың келесі шабуылдарын тойтаруға дайындалады.

2.4. Барлаудағы (шолғындағы) сарбаз

Қарсыласты дер кезінде байқау үшін және жергілікті жерде барлау үшін барлау жүргізуші немесе өзінің негізгі күшінен қашықта жауынгерлік міндет атқарушы бөлімшеден /танк/ шолғыншы бөлімше тағайындалады.

Шолғыншы бөлімшемен /танкімен/ жергілікті жермен жергілікті заттарды қарау, жүріп келе жатып және қысқа аялдай отырып жүргізіледі. Егер машинадан қандайда бір объектіні барлау қиын болса, онда жаяу шолғыншылар жіберіледі. /2-3 сарбаз/. Оның біреуі үлкені болып тағайындалады. Шолғыншылар тікелей бөлімнің күзету тапсырмасымен, жергілікті жерді және жергілікті заттарды қарау, сол сияқты қарсыласты табу мақсатында жіберіледі. Шолғын алға қарай немесе басқа жаққа 300 м қашықтыққа жіберілуі мүмкін. Бұл қашықтық бақылауды қамтамасыз етіп және шолғыншыларды атыспен қолдайды.

Шолғыншылар бөлімшесі құрамында /танк/ қимылдауға дайындық кезінде жеке құрама өз қаруының ақаусыздығын, жабдық-тұрманын, жеке өзін қорғайтын құралдардың тиянақты түрде тексеріп, барлық құжаттарын, хаттарды бланкотты рота старшинасына тапсырып, киімін жөндеп, қарулары қозғалыста шу шығармайтын, сарбаздың әрекетіне кедергі жасамауға тиіс. Сонымен қатар, жергілікті жердің залалданған бөліктерін және бөгеттерді белгілеу үшін, ескерту белгілерімен дайындап алу керек. Шолғыншылар өз жолындағы жергілікті жерді, жергілікті заттарды тиянақты қарап, жасырын және тез қимылдайды. Олар қарсыласты айғақтайтын, барланатын нысаналарының (объект) белгілерін білу қажет.

Атыс позициясындағы пулеметтерді айғақтайтын белгілеріне жататындар:

- оқпаналардың жабдықталуы, қару жабдықтарын тасушылардың қозғалысы;

- танктерді двигатель шуылынан және шынжыр табандардың ізінен, қозғалыс кезінде көтерілген шаңнан, мұнара жобасынан, радиостанцияның антеннасынан аңғаруға болады;

- атыс секторының өскендерден тазартылуынан;

- танкіге қарсы қолданатын ракеталар (ТҚБР), әдеттегідей танкіге қауіпті бағыттарда, жол бойында, тоғай маңында, үйлер мен кораларда, құрылыс маңында орналастырылады;

- ПТР позициясын айғақтайтын белгілерге, ыстық газдардың белгісі және ракета трассасы, бір қатар қашықтықта пультті басқаруға орналасқан 2-3 адам жатады;

- миналық алаңдар, әдеттегідей сым бөгеттердің алдында немесе олардың аралық бөлігінде, жасырын келе алатын жерлерге, жолдарға және әр түрлі жар жерлерге орналастырылады.

Минометтердің бар екенін мынадай белгілермен анықтауға болады:

- ату кезінде минометтің атыс позициясының үстінде, атыс бағытталған жақта 10-15 м биіктікте түтінге тән белгі байқалады, минометтің атыстағы дыбысы бәсеңдеу болады, минометтер биіктіктердің екінші жақ енісінде, жыраларда, орларда, бұзылған құрылыстарда, ірі шұңқырларда орналасады;

- далалық артиллерияны оның өзіне тән белгілерімен айыруға болады;

- атыстың дыбысы және жарқырауы;

- атыстан кейін көтерілген шаң мен түтін.

Артиллерияның атыс позициясы биіктердің екінші жақ енісінде, орларда, орман алаңдарында, бақтарда, елді мекендердің сыртында орналасады. Түнгі әрекеттерде шолғыншылар қатаң түрде тыныштық сақтап, темекі тартуға, от жағуға тыйым салынып, биіктіктегі жоталармен жүруге және онда аялдаудан аулақ болу қажет.

Шолғыншыларға өзара әңгімелесуге болмайды, олар үлкеннің үлгісімен әрекет етуі керек. Үлкен тоқтаса, үлкені жатса, шолғыншы да жатады.

Қарсыласпен түйіскенде кім жақын арадан кенеттен қаймықпай, батыл бірінші оқ атса, сол жеңіп шығады. Азимуттар бойынша жүру үшін, жүру маршрутындағы әр пункттен магниттік азимуттарды және пункттер арасындағы қашықтықты жұп адыммен есептеп білу керек (орта бойлы адам үшін жұп адым 1,5 м деп алынады). Бұл мәліметтерді бөлімше (взвод) командирі дайындайды да, жүру маршрутының сызбасы не кесте түрінде қаттайды.

Жүру кезінде бағдарларды бетке ұстап және жұп адым санын есептеп отырып, бір пункттен екіншісіне өтіп отырады. Белгіленген азимут бойынша бастапқы және бұрылыс пункттерде компас арқылы жүру бағытын табады. Осы бағытта неғұрлым шалғай бағдарды (қосалқы) не жүру маршрутының бұрылыс пунктіне жақынырақ орналасқан аралық бағдарды таңдап алып, есте сақтайды. Егер аралық бағдардан бұрылыс пункті көрінбейтін болса, келесі бағдарды

анықтайды.

Кедергіні орағытып өту (көрінетіндей жағдайда) үшін былай амалдайды: кедергінің қарама-қарсы жағында жүру бағыты бойындағы бағдарды таңдап алады, оған дейінгі қашықтықты анықтайды да, осы шаманы өткен жолдың ұзындығына қосады; кедергіні орағытып өтеді де, компас бойынша үзілген жолдың бағытын алдын-ала анықтап алып, таңдап алынған бағдарлардан әрі қарай жүреді.

Жергілікті жерде бағдарларсыз жүру бағыты көзбен тураланып ұсталады. Бастапқы нүктеде компас бойынша келесі нүктеге жету анықталады. Осы бағытпен жүріп отырып, бір-бірінен белгілі бір қашықтықта қайсыбір белгілер қояды. Анда-санда соларға қарап, одан әрі жүру бағыты артта қалдырылған белгілер арқылы (өзі жүрген із) ойша жүргізілген тура сызықпен үйлесуін қадағалап отырады. Бақылау үшін, жүру бағытын кері азимут бойынша және аспан денелері бойынша берілген бағдарларды жеткен бағдарлармен үнемі салыстырып отырады, ал карта (сызба) болғанда, онымен жергілікті жерді және жүріс маршрутын дәлдеп отырады. Егер сол жолмен кері қайту қажет болса, маршруттың бұрынғы сызбасын пайдаланады, бірақ алдымен тура азимуттарды кері азимуттарға көшіреді.

Мотоатқыш бөлімшесінде қарсыласқа бақылау жүргізу үшін, бақылаушы тағайындалады. Бөлімше командирі бақылаушыға келесі міндеттерді жүктейді: бақылау орнын бүркемелеу және жабдықтау; бақылаудың көрсетілген секторындағы жергілікті жерді және заттарды зерттеу; бағдар мен жергілікті заттарға дейінгі қашықтықты өлшеу және жергілікті жердің сызбасын құрастыру; қарсыласты байқаған сәтте оның жергілікті жердегі орнын анықтап бөлімше командиріне баяндау және оны бақылау журналына жазу.

Бөлімше командирінен тапсырма алған соң, бақылаушы бақылау орнын бүркемелейді және жабдықтайды, бақылаудың көрсетілген секторындағы жергілікті жерді және заттарды зерттейді, бағдар мен жергілікті заттарға дейінгі қашықтықты өлшейді және жергілікті жердің сызбасын құрастырады. Қарсыласты байқаған сәтте, бақылаушы оның жергілікті жердегі орнын анықтайды да, бөлімше командиріне баяндайды. Осыдан кейін, ол нысананы сызбаға шартты түрде түсіреді де, бақылау журналына түсіреді.

Бақылаушы бақылау нәтижелерін дауыстап баяндау үшін, командирге жақын орналасады. Оның қолында бақылау аспаптары (дүрбі, стереотүтік немесе перископ), жергілікті жердің картасы немесе сызбасы, бақылау журналы, құлабыз (компас) және сағат болуы керек. Бақылау үшін, өзі қарсыласқа көрінбейтіндей, бірақ мүмкіндігінше көбірек естіп, көре алатындай болып орналасуы керек.

Бақылау үшін белгіленетін орын – бақылау аймағын жақсы шолу мен сенімді бүркеніш болатындай; авиация, артиллерия атысынан және ядролық қарудың зақымдағыш факторларынан қорғанатындай болуы қажет. Егер жергілікті жердің жекелеген заттары бақылау үшін ыңғайлы болса, онда оның жанына көлеңке тұстан орналасуы керек. Бақылаушының негізгі тасаланатын орны – оқпана. Оқпана жергілікті жер заттарымен бүркемеленеді. Жергілікті

жерді бақылау тиімді болу үшін, бақылаушыға бекітілген сектор қашықтығына қарай 2-3 аймаққа бөлінеді. Аймақ шекаралары бағдар немесе жергілікті жер бойынша белгіленеді. Бақылаушы, ең алдымен өзіне берілген сектордағы жерді асықпай зерттеуі және барлық жергілікті жер заттарының санын, мөлшерін, формасын, өлшемін және өзара орналасуын еске сақтауға міндетті. Бұл дер кезінде қарсыластың пайда болуын байқауға немесе оның қимылы мен орналасуындағы өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді. Осыдан кейін, бақылаушы жақын аймақтан бастап, оңға, солға қарсылас жағына қарап жерді және жергілікті заттарды жүйелі бір ізбен тексере отырып, көзбен тағы бір шолып өзін-өзі тексереді. Осы тәртіппен ол орта және алыс аймақты байқайды.

Егер бақылаушы қарсыластың болу белгілерін байқап қалса, бұл аймақты бақылау аспаптары көмегімен қарап, нысана сипатын анықтайды. Қарсыласты байқаған сәтте, бақылаушы оның жергілікті жер жағдайындағы орналасуын анықтайды. Бұл үшін, ол байқалған нысананың ара-қашықтығын белгілі жақын бағдарға дейінгі (оң, сол, жақын, алыс) қашықтығын өлшейді. Содан кейін, ол бақылауды тоқтатпай, байқалған объект туралы командирге баяндайды.

Елді мекенді қарауды жаяу шолғыншы оған жақындағанда бастайды. Жеке үй-жайларға, өскіндерге және қарсылас бақылау жүргізуі мүмкін және қарсыластың күзеті (торуылы) орналасуы мүмкін жерлерге айрықша назар аударады. Қарсылас болмай шыққан жағдайда, елді-мекенге келіп жергілікті тұрғындардан сұрастырады. Осыдан соң, атуға дайын болып, елді-мекеннен өтеді. Жеке тұрған үй-жайларды қарағанда жаяу шолғыншы оны айналып, терезесі мен есіктерін қарайды, іште не болып жатқанын үнемі тыңдайды. Бұдан соң, оған кіріп қарайды, әсіресе жертөле мен шатырды тексереді. Бұл орайда, қарсыластың миналық тұзақтар қоюы мүмкін екендігін үнемі ескереді. Аға жаяу шолғыншы бұл уақытта шолғыншыға көмектесуге дайын болып, тасада тұрады.

Өзенді қарауды жаяу шолғыншы судың шетінен бастайды. Өзенге жақындағанда бұталарды, су жырған тұстарды мұқият зерттейді. Өткелдің белгілері қарсы жағада жалғасатын жолдар, сүрлеулер, іздер, судың бетіндегі ұсақ толқындар болатынын есте ұстайды.

Жоғарыдан қарауға келмейтін **жыраларды** жаяу шолғыншы түбімен жүріп отырып қарайды. Аға шолғыншы жыраның шетімен атыс пен шолғыншыны қолдауға дайын болып жүріп отырады.

Орманды зерттеу шетінен басталады. Әуелі шетін алыстан қарап, барланатын деректер бойынша орманда қарсыластың бары-жоғын анықтайды. Егер қарсылас болмай шықса, орманның ішімен жүріп ілгерілейді. Бұл орайда жыраларға, ойыстарға кіретін және шығатын тұстарға, төсемелерге, көпірлерге, шытырмандарға, ағаштың ұштарына және жасыруылы мүмкін жерлерге ерекше көңіл бөледі.

Түнде бақылау үшін, қараңғыда көру құралы қолданады. Бұған қоса жаяу шолғыншы тың тыңдау арқылы қарсыластың болуын анықтау үшін, дүркін-дүркін аялдап отырады. Егер қарсылас болмай шықса, жаяу шолғыншы “Жол ашық” деген сигнал береді де, міндетті орындауын жалғастырады.

Қарсыластың барын білсе, ол туралы баяндап, жасырын қадағалауды жалғастырады. Жауға кенеттен кезігіп қалған жағдайда, жаяу шолғыншы оны ата бастайды да, орағытып өтіп жүктелген міндетті орындауын жалғастырады.

III. Бөлімше маршта, шерулік және қарауылдық қорғауда, бөлімше барлауда

3.1. Бөлімше маршта

Жоғары маневрлі ұрыс әрекет жағдайындағы әскердің қозғалысы рөлі көп жоғарылады, әсіресе, марш жасауда.

Марш – бөлімнің ұйымдасқан түрде, колона болып, жолмен және колона жолымен белгіленген аудан немесе көрсетілген рубежге жету мақсатында қозғалуы.

Марш ұрысқа түсуі болжанып немесе қарсыласпен кездесу қаупі жоқ жағдайда өтуі мүмкін. Тәртіп бойынша марш түнде немесе басқа көрінуі шектеулі уақытта өтіледі.

Барлық жағдайда командир бөлімшенің белгіленген аудан немесе көрсетілген рубежге уақытында келіп, ұрыстық тапсырманы орындауға дайын болуын қамтамасыз етуі қажет. Бөлімше қарсыластың әрдайым ЖҚЖҚ, авиация, әуе десантын, радио белсенді, химиялық, бактериологиялық зақымдау, жолды және өткелдерді бұзу секілді қауіп-қатерді қолдануына байланысты маршты дайындауға дайын болуы керек. Бұл қаруланудың, ұрыс техникасының және жеке құрамның маршқа және көшірулерге тиянақты дайындалуын талап етеді.

Бөлімше маршты ЖҰМ, БТР, көлік, ал кейде жаяу бөлім колонасында өтеді. Бөлімдермен ЖҰМ, танкпен жалпы колона құрамында өткенде күндіз де, түнде де сағатына 25-30 шақырым, жаяу жүргенде сағатына 4-5 шақырым болуы керек. Жүргізушілер құрамының жұмыс істеу нормасы тәулігіне 10-12 сағат құрайды.

Маршта көліктер арасындағы қашықтық 25-50 м, колона тоқтаған кезде қашықтық 10 м дейін қысқарады. Маршты ұйымдасқан түрде және уақыты көрсетілген жерге бару мақсатында қозғалыс маршрутының басқа пункт, реттеу пункті, түнгі және күндізгі демалыс уақыты белгіленеді.

Қозғалыс маршруты – бұл бөлімдердің белгілі жергілікті жер пункттерімен алдын-ала белгіленген жолымен жүруі.

Басқа пункт – бұл бөлімшенің қойылған міндетті орындауға кірісетін аға командирдің жергілікті жерде немесе картада анық көрініп тұрған бағдарды белгілеуімен қойылған шартты нүкте.

Реттеу пункттері колонаның қозғалыс жылдамдығын реттеу үшін белгіленеді. Оларды 34 сағат қозғалыстан кейін белгілейді.

Жеке құрамның демалуы, тамақтануы, қаруын тексеруі және ұрыс техникаларына техникалық қызмет көрсетуі үшін, марш кезінде демалыс орындары белгіленеді.

Бөлімше командирі марш кезінде қозғалыстың бекітілген тәртібін қатаң сақтап, демалыс, тунелден өту және елді-мекендерде кідірмей, қарсыластың әуе және құрлықтағы құралдары мен бөлім командирі белгілерін бақылап, жеке құрамды қарсылас туралы уақытылы құлақтандырып отыруы керек.

3.2. Бөлімше шерулік қарауылда

Марштағы бөлімдер шерулік қарауылмен қорғалады. Тікелей қорғау үшін, сондай-ақ басты шерулік заставаның қозғалыс бағытындағы жергілікті жерді қарау үшін, бағдарлау бөлімшесі бөлінеді. Оның міндеті – қорғалатын бөлімдерді қарсыластың кенеттен шабуыл жасауынан қорғау. Бұл алшақтау 400-1200 м болуы мүмкін. БТР-дағы КПВТ пулеметінің ату қашықтығы 2000 м, ПКТ – 1000 м, танкінікі – 2500 м. Осы көруі қалыпты жағдайдағы қашықтықта көзбен көріп, байланысу қамтамасыз етіледі.

Бағдар бөлімшесіне тапсырманы жіберіліп отырған бөлім немесе ротаның командирі береді. Бөлімшеге тапсырма беру кезінде, әдетте қарсылас туралы және олармен кездесуі мүмкін жер, міндеті, маршрут және қозғалыс жылдамдығы туралы мәлімет беріледі.

Шерулік қарауылға тағайындалған бағдар бөлімшесінің командирі карта бойынша қозғалыс маршрутын, қарсыласы мен кездесуі мүмкін жерді зерттеп, олармен кездескен жағдайда істейтін әрекетін, сондай-ақ бөлім командирінің белгісін баяндау тәртібін және ұрыстық бұйрық беруді білуі міндетті.

Бөлімше командирі ұрыстың бұйрығында мына жағдайларды көрсетіп айтады:

- қарсылас туралы мәлімет;
- қозғалатын бөлімнің міндеті;
- бөлімше міндеті, қозғалыс маршруты және жылдамдығы;
- бақылау, байқаған нәрсе туралы баяндау тәртібі;
- қозғалыспен кездескендегі әрекет;
- бақылау және өзара әрекет белгілері;
- маршрутқа орынбасардың дайын болу уақыты.

Қозғалыс барысында жеке құрам қарсыласты уақытында анықтау мақсатымен жергілікті жерге және заттарға аса қатты назар аударады. Қарсылас анықталысымен бөлімше командирі сол туралы шартты белгі беріп, жүргізуші-механикке көлікті қоятын таса жерді көрсетеді. Бөлімшенің асығуына бұйрық беріп, бағыттаушы-оператор, пулеметшіге нысананы көрсетеді. Қарсыластың нақты ату аймағына шығуына қарай бөлімше тұтқиылдан оқ атып, ұрысқа қозғалыстағы бөлімдердің кіруін қамтамасыз етеді. Егер бағдар бөлімшесі жабық жерлермен немесе түнде марш кезінде қарсыластың оғының астында қалса, онда олар бірден жинақталып, ұрысқа кіріседі.

Қарсыластың азғантай топтарын бағдар бөлімшесі жойып, құжаттарын, қару түрлерін алып, міндеттерін орындауды жалғастырады. Өзінен күші көп қарсыласты кездестіргенде, жағдайға қарай ұтымды позициядан оларды атқылап жоюға тырысады. Ал егер өз күшімен мүмкін болмаса, өз позициясын

табандылықпен ұстап, қорғалатын колонаның ұрысқа кірісуін қамтамасыз етеді.

3.3. Бөлімшенің бір орында және қарауылдың қорғауда болуы

Бөлімше, әдетте бір орында бөлім құрамында жергілікті жердің қорғаныс және жасырынуға ыңғайлы тұстарын пайдалана отырып, маршрут бойында орналасады. Бөлімше ЖҰМ мен бөлім командирі көрсеткен орында бір-бірінен 25-50 м қашықтыққа орналасады. Жеке құрам өз көлігіне жақын жерге орналасады. ЖҰМ, танкілер үшін шұңқырлар қазылады. Жеке құрамның және ұрыс техникаларының орналасқан жері тиянақты түрде жасырылынады.

Бөлімше бір орынға орналасу кезінде қарсыластың жерден, әуеден шабуылдауына дайын болуы керек.

Орналасу ауданына келіп, бөлімше командирі жеке құрамның қарсыластық жерден, әуеден шабуылын тойтаруға біліктілігін, хабар беру белгісін тексеріп, өзі жеке құрамның шұңқыр қазуын, техниканы жабдықтауын басқарады. Істелген жұмыс және ұрысқа дайындық туралы бөлім командиріне баяндайды.

Бөлімше бір орынға орналасқан батальонды қорғау үшін, қарауылдық постқа тағайындалуы мүмкін. Қарауылдың посты қорғалатын бөлімнен 1500 м қашықтыққа орналасады. Қарауылдың қорғауға тағайындалған бөлімше қарсылас барлауының қорғалатын бөлімдерге енуіне жол бермей, жердегі қарсыласты уақытында тауып, ол туралы бөлімшеге хабарласып, шабуыл болған жағдайда өз позициясын табандылықпен қорғауы керек.

Бөлімше командирі тапсырма алып, позицияны алған соң:

- бір-екі бақылаушыны қояды;
- ЖҰМ, танкі, пулемет және гранатаметтердің негізгі және қосымша ату позицияларын анықтайды;
- ұрыстық бұйрық береді;
- атыс жүйесін ұйымдастырады; инженерлік жабдықтау және позицияны жасыру; қызмет ету тәртібін, атыс жүргізуді анықтайды.

Әдетте, қарауылдық пост қызметі тәулікке созылады. Қарауылдық постқа жақындаған қарсыластың бір жауынгерін немесе ұсақ топтарын бөлімше тұтқынға алады және жояды.

Постқа күші басым қарсылас жақындаған жағдайда бөлімше атыс жүргізіп, қорғаушы бөлім келгенше өз позициясын ұстайды.

Өз әскерлерін тану үшін, тәуліктік рұқсат қағаз және дыбыс беру белгіленеді.

Рұқсат қағазы болып, қару немесе ұрыс техникасының аты, ал дыбыс беру белгісі болып, рұқсаттағы аттың бас әрпіне ұқсас жер аты болуы мүмкін. Рұқсат қағаз түнде қорғаныс бойымен және қорғалатын бөлімге қарай беттеген адамдардан, ал дыбыс белгісі бұйрық берушілерден сұралады.

Жаяу жүріс кезінде бағдар бөлімшесінің командирі бағдаршыларды жібереді. Өз жолында бағдаршылар жергілікті жерді мұқият қарап, қарсыласты табуға болатын әр затқа қарайды.

3.4. Барлауға қойылатын талаптар, бөлімшенің барлауда шешетін міндеттері, барлаудағы бөлімше бағдаршыларының әрекеттері

Барлау – әскердің ұрыстық әрекетін қамтамасыз етудің маңызды түрі болып табылады. Ол үздіксіз жағдайды кез келген түрінде қарсылас туралы мәлімет жинау мақсатында жүргізіледі.

Жақсы ұйымдасқан, әрдайым белсенді әрекет ететін барлаусыз шешім қабылдап, ұрысты жетістіктермен өткізу мүмкін емес. Ұрыс әрекеттерін дайындау және жүргізу кезіндегі барлаудың мақсаты қарсыластың күшті және әлсіз жақтары, олардың әрекет ету жолын анықтап, өз қару-жарақтарын әсерлі пайдаланып, қарсыласты қысқа мерзімде жою.

Барлауға қойылатын негізгі талаптар: белсенділік, жасырыну, уақытылы қимылдау және шұғылдық, барланатын нысаналар координатының нақтылығы және дәлдігі. Әсіресе, қарсыластың ядролық және химиялық құралы туралы мәлімет өте дәл болуы керек.

Барлау үшін керек күш және құралдар қойылған тапсырма командирмен анықталады. Барлаудың күші деп – барлау үшін бөлінген штатты барлау бөлімдерді, арнайы әскери қызметті айтады.

Тасада отыру міндетін бөлімше командирі жоғарғы бастықтан алады. Оны анықтап, бөлім командирі таса орнына барудың жасырын жолын және тәртібін анықтайды. Тасаға отыру орнына бөлімше қозғалыс жасырындығын, қарсыласпен кездескен жағдайда дайын болуды ескере отырып қозғалады. Таса орнына жетумен, бөлімше командирі бақылау орнын және қарсылас пайда болған жағдайда өту жүйесін ұйымдастырады, жеке құрамның, олардың ату құралы, қарсылас пайда болғандағы әрекет ету тәртібін анықтайды, хабарлау, басқару өзара әрекет белгілерін айтады.

Ұрыс тапсырмаларын қоюда бөлімше командирі мынаны айтады:

- бағдар;
- қарсылас туралы мәлімет;
- бөлімше міндеті;
- әр сарбаздың орналасу орны, олардың міндеті, ату тәртібі және шабуыл кезіндегі тапсырманы орындап болған соңғы әрекет;
- оқ ату, шабуылдау, дем алу және орынбасар белгілері;

Кенеттікке қол жеткізудің шарттарының бірі қатаң тәртіп және тасадағы жеке құрамның тиянақты жасырынуы. Тасадағы бөлімшенің қарсылас көріп қоюы мүмкін барлық іздерін тиянақты түрде өшіру керек. Жақындаған қарсылас туралы белгіні командирге бақылаушы шартты белгімен білдіреді. Бір келкі жауынгер офицерге, ұсақ топтарға шабуыл жасағанда, оларды бөлімшеге жіберіп, сосын тұтқиылдан шабуылдау керек.

Тасада отырған бөлімше одан көп қарсы топқа шабуыл жасағанда, қолдағы бар қаруды қолданып, тұтқиылдан шабуылдап қарсыласты жойып қолға қару түрлерін, құжаттарды түсіру керек.

Іздеу жүргізу кезіндегі шабуыл объектісі қарсыластың алдыңғы шебіндегі жеке жауынгерлер, ұсақ топтар болып табылады. Іздеу жаяу жүргізіледі. Іздеу жүргізуге тағайындалған бөлімше саперлармен күшейтіліп, ал оның әрекеттері артиллерия, миномент атуларымен күшейтілуі мүмкін. Іздеу жүргізуге тағайындалған бөлімше аз құрамынан тұтқын ұстайтын бекіністерде өткел жасайтын, шабуыл жасайтын болып бөлінеді.

Атыспен қамтамасыз ету тобы шабуылдаушыларды жабуды қамтамасыз етіп, таспен көмек береді.

Атыспен қамтамасыз ету тобында қоян-қолтық ұрыс жүргізу, көруі шектеулі жағдайда автоматтан оқ ата алатын және гранатаны алысқа лақтыра алатын сарбаздар болады.

Іздеу жүргізу кезінде, жеке құрам жасырынуға ыңғайлы киімдермен қамтамасыз етіледі. Іздеу күндіз, бұлтты күндері жүргізілуі мүмкін. Іздеу жүргізудің ең қолайлы уақыты – түн.

Тапсырманы анықтап алған соң, бөлімшенің жан-жақты дайындығы басталады. Олар мыналар:

- іздеу объектісін және қарсылас әрекетін үздіксіз бақылау, шабуылдау объектісі ауданын зерттеу және оған барудың ыңғайлы жақтарын іздестіру;

- әрекет ету жоспарын құру;

- қарсыласқа шабуыл жасайтын және оны қамтамасыз ететін сарбазды тағайындау;

- бөлімшенің өзара әрекетін ұйымдастыру;

- бөлімшенің жеке құрамымен сабақ өткізу;

- өз бекіністерінде өткелдер жасау;

- тапсырма қойып, әрекетке дайындығын тексеру.

Жағдайға байланысты бөлімшенің іздеу жүргізу дайындығына бірнеше сағаттан бірнеше тәулік берілуі мүмкін.

Бағдарлаушы бөлімше тапсырманы жүріс барысында, қысқа демалыстармен, жергілікті жерді қарастырумен іске асырады. Бөлімше ЖҰМ-да немесе жаяу әрекет етеді. Олармен байланыс, әдетте, радио немесе белгілермен іске асырылады. Бағдарлық бөлімшенің командирі тапсырма алған соң баруы керек жердің жүру бағытын немесе пунктіні тандайды. Әрекет ету тәртібін белгілеп, бұйрық беріп рұқсат белгісін хабарлайды.

Ұрыс бұйрығында бағдар командирі мынаны айтады:

- қарсылас туралы мәлімет;

- бөлімше міндеті;

- қарамағындағылардың міндеті, қарсылас кездескенде әрекет ету тәртібі;

- хабарлау, басқару, өзара әрекет белгілері;

- орынбасардың барлауды бастау уақыты.

Бағдар бөлімшесі бақылауға ыңғайлы пункттің біреуінен екіншісіне алмаса отырып, жылдам қозғалып отырады. Жүріс барысында жергілікті жер тыңғылықты тексеріліп отырады. Егер көлік үстінен барлау мүмкін болмаса, біреуін бастық етіп, жаяу бағдаршыны жібереді.

Қарсыластың қорғанысы тірек пунктінің барлауда алдымен атыс құралдары орналасуы, сондай-ақ жолда кездесер бекіністер туралы мәлімет алуы керек. Бұл тапсырманы қарсыласты тиянақты бақылау арқылы іске асыруға болады. Кейде бөлімше командирі осы тапсырманы орындау кезінде қарсы жаққа әдейі оқ атуына болады.

Қарсыластың іштен қозғалып шыға бастағанын байқаған бөлімше командирі, ол туралы жіберген командирге баяндайды.

Қозғалыстағы барлауды бөлімше қорғаныстың алдыңғы шебінде жүргізеді. Белгіленген ауданға шыққаны туралы хабарды өзін жіберген командирге баяндау, барлауды бақылау түрінде жүргізеді. Бөлімше командирі бақылауды қозғалыстың алдыңғы шетіне келуі үшін, қарсыластың қолдануы мүмкін аудандары бағытын бақылаумен ұйымдастырады.

Әр тәуліктік жүрістің соңында күндізгі (түнгі) демалыс жарияланады. Марштағы басқару және хабарлауды бөлімше командирі жалауша және шаммен іске асырады.

Радио байланыс ұрыс басталғанға дейін тек қабылдау үшін ғана жұмыс істейді. Маршқа дайындық барысында бөлімше командирі ұрыс көлігінің, қару, түнгі көру құралы, байланыс құралдары, оқ-дәрілер қоры барлығын, дұрыстығын тексеруі керек.

Бақылаушының баяндауы қысқа, әрі нақты болуға тиіс. Бақылаушы қатты айғайламай, командир еститіндей дауыспен бағдар немесе жергілікті жерге қатысты алғанда нысананың жағдайын, оның қимыл-әрекетін баяндайды. Бұл кезде ол бағдардан оңға немесе солға қарай нысананың орналасуын метрдің мыңдық үлесі бойынша, ал сосын нысананың бағдарға жақын немесе алыс орналасуын метрмен көрсетеді. Мысалы: Бағдар – 2, оңға – 10, 100-ден алыс, оқпанада – «танк» немесе «Дөңгелек» биіктегі, солға – 20, 200-ге жақын, бұта арасында – «бақылаушы» немесе «Фигуралы» тоғайынан батысқа бронетранспортер жылжып келеді және т. б.

Бақылау журналындағы жазу формасы.

Егер бақылаушы радиоактивті немесе химиялық зақымдануды байқап қалса, ол дереу қорғаныш құралдарын киеді де, командирге баяндайды және бақылауды жалғастырады.

IV. Шабуылдағы бөлімше

4.1. Шабуыл негіздері

Шабуыл – ұрыстың негізгі түрі болып табылады. Ол қарсыласты талқандау және жергілікті жердің маңызды объектілері мен аудандарын жаулап алу мақсатында жүргізіледі. Шабуыл, қарсыласты қолда бар барлық құралдармен олардың қорғаныс шебіне бойлай еніп, тірі күшті жойып немесе тұтқынға алып, әскери техникасын, қаруын қолға алып, шешімді және ұтқыр шабуылдауымен көрінеді.

Бөлімше шабуылы қорғаныстағы, шабуылдағы және шегіндегі қарсыласқа қарсы жүргізілуі мүмкін. Қорғанудағы қарсыласты бөлімше

шабуылы бірден немесе олармен тікелей жанасып, қақтығысу арқылы іске асады.

Бірден шабуылдау шабуылдың дайындығының жоғары болуын, әрекеттің кенеттен болуы, әскердің жаппай қыру қаруынан қорғануын қамтамасыз етеді. Шабуылға көшкенге дейін бөлім құрамындағы бөлімше ауданның тыс жерінде және құрлықтағы құралдардың радиолокациялық барлауының шамасы жетпейтін, алысқа ататын артиллерияның атысынан алыс жерде болады. Бөлімше бөлім командирі көрсеткен, көрші бөлімшеден 25-30 метр орналасады.

Уақыт болған жағдайда жеке құрам, сосын ЖҰМ (БТР) үшін шұңқырлар қазылады және реті келсе, тиянақты түрде жасырынылады. Бөлімше қарсыластың жерден, әуеден шабуылын қайтаруға және диверсиялық-барлау топтарын жоюға әрдайым дайын тұрады.

Қарсыласпен тікелей жанаса шабуылдау кезінде, шабуылдаудың басталар жері траншея (шұңқыр) болып табылады. Бөлім құрамындағы бөлімше шабуыл басталатын жерге шабуыл басталар қарсаңында келіп, әскердің қорғану позициясын траншеяда қабылдайды. Бөлімше басты қалыпты қабылдасымен бөлімше командирі қарсыласты бақылап, қарсыластың жасауы мүмкін шабуылына тойтарыс беруге бөлімшеге міндеттер жүктейді.

Шабуылдағы бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктері – бұл бөлімшенің белгілі бір ұрыс міндеттерін берілген уақытта нақты жағдайда орындай білу мүмкіндігін сипаттайтын көрсеткіштер. Ұрыс мүмкіндіктері атыс қуаты және маневр жасай білу болып табылады.

Атыс қуаты – бөлімшенің танкіге қарсы құралдары, ЖҰМ (БТР) және атыс қаруымен қарсыласқа көптеген шығын келтіру мүмкіндігі.

Маневрлік – бұл бөлімшенің маневр жасап, уақыт көрсеткіштерімен сипатталатын, радиобелсенді зақымдану аймақтары мен қираған аудандардан өту, марш жасау мүмкіндігі бөлімшенің атыс қуаты қарсыластың танкілерімен және брондалған объектілермен күрес жүргізу мүмкіндіктері, сондай-ақ қарсыласты атыс қаруымен зақымдау мүмкіндіктерінен құралады.

Бөлімшенің танкі, ЖҰМ-мен (БТР) күресу мүмкіндіктерін есептеу әдістемесі танкіге қарсы құралдар, танкілер, ЖҰМ-ның ұрыстағы әсерлілігін пайдалану коэффициентіне негізделеді. Танкіге қарсы құралдың ұрыстық әсерлілігі коэффициенті деп, сол құралдың ұрыс барысында қарсыластың танкілерін жоюының орташа мүмкіндігін көрсететін санын түсінуге болады. Дайындалған қорғанысқа шабуыл жасауда ЖҰМ ол 1 және ТҚГ – 7, 0,2 – тең. Осындай жолмен бөлімше шабуыл кезінде бір танкі жою мүмкіндігі бар ($1=ЖҰМ*1+1=ТҚГ-7*0,2=1,2$).

Бөлімшенің атыс қаруымен қарсыласты жоюының негізгі көрсеткіші тірі күшке тигізетін зиянды математикалық күту болып табылады. Есептеу әдістемесі маңдайшептің бір метрінде бір минутта атылған оғымен көрінетін, екі жақтың қарудан ату тығыздығын салыстырумен негізделген. 100%-ке жабдықталған бөлімше өз маңдайшебінде бір минутта 800 оқ атуға мүмкіндігі бар ($4=АКМ+100+1=ТҚГ*150+1=ПКТ*250=800$). Яғни, бөлімше маңдайшепте 50 метрді қамти отырып, бір метр маңдайшепте минутына 16 оқ шығара алады

(800/50=16). Шабуыл кезінде жеке құрамның 20% жоғалтса, бөлімшенің ату тығыздығы маңдайшептің 1 м 10-12 оқ болады. Онда, қарсы жақтың 3-4 сарбазын жою мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бөлімше жаяу алға қарай 4-5 шақырымды бір сағатта, ал ЖҰМ (БТР) 8-12 шақырымды өтеді.

Ұрыс жүргізу үшін, бөлім ұрыс тәртібі деп аталатын қатармен белгілі қалыпты ұстайды.

Шабуылдағы бөлімшенің ұрыстық міндеті – шабуыл объектілерін көрсету және шабуылдың одан әрі бағыты. Бөлімшенің ұрыстық тәртібі тізбектен тұрады. Сарбаздың арасындағы қашықтық 6-8 м (8-12 қадам), ал бөлімше арасында 50 метрге дейін. Ұрыстық тәртіпке тұру аталған ұрыстық міндет, қарсылас әрекеті қолдағы күш және құралдарға байланысты.

4.2. Шабуылдағы бөлімше

Шабуыл кезінде ұрыс міндетін ала отырып, оны бөлімшеге түсіндіреді. Ол мыналарды білуі қажет:

- бөлімнің, бөлімшенің және көршілердің міндетін түсіну;
- міндетті орындауға дайындалу уақытын, оны орындау мерзімін анықтау;
- жағдайды бағалап, қарсыластың қай жерде не істеп жатқанын, сондай-ақ олардың атыс құралдарының орнын анықтау;

- жергілікті жерді байқау, оның қорғаныс және жасырынуға ыңғайлы қасиеттері, бақылау жағдайы және атыс жүргізуді зерттеу;

- жеке құрамның міндетін анықтап, ұрыс бұйрығын беру;

Ұрыс бұйрығында бөлімше командирі мынаны ескертеді:

- бағдарлар;
- қарсылас құрамы, жағдайы және әрекет ету штаты, қорғаныстық алғы шебін сызу, атыс құралдарының орналасқан жері;
- бөлім міндеті (шабуыл объектісі және шабуылдың одан арғы бағыты);
- бөлімше міндеті (шабуыл объектісі және шабуылдың одан арғы бағыты);
- көршілердің, бөлімшенің алдында жүретін танкінің міндеті, оның нөмірі (тану белгісі);

- жеке құрамға берілетін міндеттер: пулемет сілтемешісіне, пулеметшіге, гранатаметшіге және жеке құрамға – жою нысанасы және атысты жүргізу тәртібі, жүргізуші-механикке – бағыты, шабуылдың қозғалу тәртібі, кедергілерден өту;

- барлық жеке құрамға – бөлімшенің алдында жүретін танкінің тану белгісі, онымен өзара әрекет ету тәртібі, сондай-ақ артиллерия және басқа да атыс құралдарының атысты жүргізу тәртібі;

- жаяу шабуылдауда бүкіл жеке құрамға, сондай-ақ әр сарбаздың тізбектегі орны, кедергілерден өту тәртібі;

- хабарлау, басқару, өзара әрекет ету белгілері;

- орынбасардың шабуылға дайын болу уақыты.

Бастағы орыннан бөлімшенің орналасуына дейін бөлімше бөлім коллонасымен қозғалады.

Бөлімнің орналасуы басталған сәтте бөлімше командирі ЖҰМ (БТР) өз бағытына шығарады, оператор-сілтемешіге және жүргізуші-механикке шабуыл объектісін анықтап, одан әрі шабуылдың бағытын, бекіністерден өтетін жерлерді анықтайды. Шабуыл жаяу іске асырылған жағдайда бөлім командирінің белгісімен жылдам жүріп, шабуылын жалғастырады. Шабуыл кезінде жылдам жүру рубежі белгіленеді. Ол қарсыластың пулемет оғынан қорғап, танкіге қарсы құралдарынан қорғауы керек.

Түнгі шабуыл кезінде командирдің жанында шабуылдың бағытын анықтап отыратын компасы бар сарбаз еріп отырады және ол бағыттаушы болып табылады.



5-сурет. Мотоатқыш ротасының шабуылға бет алуы.

Мотоатқыштар бөлімшесі үшін ұрысқа кіру реті болып, оның жорық реті – лек саналады.

Ұрыс реті дегеніміз – ұрыс үшін күшейту құралдарымен бірге бөлімшенің сапқа тұруы. Ол орындалатын міндетке, қарсылас қимылына, бөлімшедегі күш пен құралдардың болуына және жергілікті жер сипатына байланысты құрылады.

Жаяу рет қимылындағы шабуылда мотоатқыштар бөлімі, взводы және ротаның ұрыс реті – тізбек болып табылады. ЖҰМ (БТР) бұл кезде тасадан тасаға 400 м қашықтықта өз бөлімшесінің соңынан жылжып отырады және оны өз атысымен қолдайды. Мотоатқыштар бөлімі ЖҰМ-нан (БТР) жаяуланудан кейін лектен тізбекке жазылады. Тізбектегі жауынгерлер арасындағы аралық 6-8 м, яғни 50 м-ге дейін болады.

ЖҰМ (БТР) қимылдайтын мотоатқыштар взводының ұрыс реті – машиналар арасындағы аралық 100 м-ге дейін болатын ұрыс желісі. Атқыш-

зенитшілер тізбек артынан ЖҰМ (БТР) немесе жаяу ретпен жүріп отырады және әуе нысаналарына атыс жүргізеді. Мотоатқыштар взводының майдан бойынша 400 м-ге дейін және тереңдік бойынша 300 м-ге дейін тірек пункттері орналасады. Ол бөлімше бекінісінен ЖҰМ (БТР), атыс бекінісінен және күшейту құралдарынан тұрады. Взводтың тірек пункттерінде және оның қапталдарында взвод командиріне бағынбайтын танкілер мен танкіге қарсы құралдар бекініске ие болуы мүмкін.

Мотоатқыштар ротасы тірек пунктін қорғайды. Ол мотоатқыштар взводтарының тірек пункттерінен және танкілер мен танкіге қарсы құралдардың атыс бекінісінен тұрады.

Ұрыстағы өзара қимыл және оның мәні. Қазіргі заманғы ұрыста бір мезгілде және бірлесе отырып, мотоатқыш, танк, ракета, артиллерия, минаатқыш, зенит бөлімшелері мен арнайы әскер бөлімшелері жалпы міндетті шешеді. Өзінің құрамы мен қарулануына байланысты бұл бөлімшелер белгілі бір жауынгерлік мүмкіндікке ие және белгілі бір нақты міндеттерді шешуге қабілетті.

Әскердің әр түрі мен арнайы әскер бөлімшелерінің қимылын, олардың ұрыстағы жауынгерлік мүмкіндіктерін барынша пайдалану мақсатында, сондай-ақ көршілес қимылдайтын бөлімшелер қимылын келістіру үшін өзара әрекет ұйымдастырылады. Оның мәні – міндеттер, шептер және уақыт бойынша келісілген ұрыс қимылдарымен, жауынгерлердің, әскерлердің барлық түрлері, арнайы әскер бөлімдерінің өзара көмегімен, сонымен бірге ұрыстың жалпы мақсатына жету мүддесіндегі көршілердің өзара көмегімен сипатталады. Жауынгерлер мен бөлімшелердің үздіксіз және нақты өзара қимылы ұрыста жеңіске жетудің қажетті шарты болып табылады. Өзара қимыл бөлімшелер арасында және олардың әрбірінің өз ішінде жүзеге асырылады.

Бөлімшелер мен атыс құралдарының арасындағы өзара қимылды шешуші мәні – жауынгерлік міндеттерді өзара түсіну, қажетті көмек көрсету, әсіресе атыспен үзіліссіз байланысты қолдау. Бөлімшелер арасындағы өзара қимыл ЖҰМ (БТР), пулеметшілер, гранатаатқыштар және атқыштар арасында ұйымдастырылады.

Бөлімшелерді және атысты басқару. Бөлімшелердің жауынгерлік міндетті табысты орындауына командир жауап береді. Ұрыстағы командирдің маңызды міндеті – атысты басқару. Атысты басқаруға мыналар жатады: нысана барлау; оның маңыздылығын бақылап, зақымдау кезектілігін анықтау; нысананы мүмкіндігінше тиімді қирата алатын қаруды таңдау; атыспен маневрлеу; оқ-дәрінің жұмсалыуына бақылау.

Бөлімшені басқару – бөлімше қимылын ұйымдастыру және ұрыс барысында оған тұрақты жетекшілік жасау. Бөлімше командирі ұрысты жергілікті жерде ұйымдастырады. Ол жауынгерлік міндет алғаннан кейін, қалыптасқан жағдайда оны бағалайды және түсіндіреді, шешім қабылдайды, ауызша әскери бұйрық береді және өзара қимылды ұйымдастырады. Содан кейін, ұрысқа жеке құрамды, қару-жарақты, ұрыс машинасын дайындауға жетекшілік етеді.

Бөлімшенің тұрақты жауынгерлік дайындығының мәнісі – оның кез келген уақытта ұйымдасқан түрде, белгіленген мерзімде ұрысқа кірісіп, жүктелген міндетті ойдағыдай орындауға қабілеттілігі. Тұрақты жауынгерлік дайындыққа жету жолдары: бөлімшенің жеке құрамының өз міндетін дұрыс түсінуі, жауынгерлік машығының шыңдалуы, қарсыластың қарудың барлық түрлерін қолдануы жағдайында іс-қимылға дайын тұруы; жеке құрамның жоғары саяси-моральдық жағдайы, тәртібі мен қырағылығы; бөлімшенің толық жасақталған және ұрыс жүргізуге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етілуі; қару мен техниканың дереу қолдануға, ал жеке құрамның өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға үнемі дайын болуы. Ұрыста бөлімше командирі өз бөлімшесімен көршілер қимылы, қарсылас, жергілікті жер жақсы байқалатын жерде тұрады.

Атысты басқарудың тәсілдері. Командир жауынгерлер мен бөлімшелер қимылын белгілер мен пәрмендер бере отырып басқарады. Пәрмендер дауыстап, радио немесе телефон арқылы беріледі. Сигнал беру үшін, шартты белгілер қолданылады. Мысалы: «Шабуыл белгісі – 333», «Әуе қарсыласы белгісі – 555». Сондай-ақ, ракеталар, әр түрлі дыбыс құралдары, жалаушалар және қол шаммен беріледі.

Түндегі ұрыс. Түндегі ұрыс бөлімше үшін, негізінен, күндізгідей жүргізіледі. Түнде ұрысты табысты жүргізу, жауынгерден, жоғары машықты, біліктілікті, батылдықты және моральдық-психологиялық дайындықты талап етеді. Жауынгер түнде жауынгерлік міндетті шешуге тыңғылықты дайындалуы керек, ол жергілікті жерде тез бағдарлай білуге машықтанып, түнгі көру аспаптары мен компастарын қолдана алуы тиіс, жеке қарудан дәлдеп ауды жүргізіп, жергілікті жер кенеттен ракета, жарықтандырғыш авиабомба және прожектор сәулелері арқылы жарықтанған кезде, дұрыс қимылдауы керек.

Шабуылдағы бөлімше командирінің жұмысы

Шабуылда ұрыс тапсырмасын алған соң бөлімше командирі түсіну керек:

- взводтың, бөлімшенің, көршілердің міндеттерін;
- міндетті орындауға берілген уақытты және орындау ретін;
- жағдайға баға беріп, қарсыластың іс-қимылын, атыс құралдарының орналасқан жерін;
- жергілікті жердің сипатын, олардың бүркемелеу қасиеттерін, ыңғайлы жағдайлары, бөгеттер мен кедергілерді зерттеу, бақылау және ату жағдайларын;
- жеке құрамға міндеттерін анықтап, ұрысқа бұйрық беру ретін.

Ұрыс бұйрығын бөлімше командирі көрсетеді:

- Бағдарларды;
- Қарсыластың құрамын, орналасуын және іс-қимылдарын, қорғанысының майдан шебінің сипаттамасын, атыс құралдарының орналасуын;

- Взводтың міндетін (шабуыл объектісін, одан кейінгі шабуылдың бағытын);
- Бөлімшенің міндетін (шабуыл объектісін, одан кейінгі шабуылдың бағытын);
- Көршілердің және бекітілген, артында жүріп шабуылға шығатын танкінің нөмірін (белгісін);
- Жеке құрамның міндеттерін: көздеуші-операторға, оқшашарға, гранатаатқышқа және басқаларына;
- Жойылатын нысандарды, ату ретін, механик-жүргізушіге шабуылда жүру, бөгеттерді өту ретін;
- Жеке құрамның барлығына танктің нөмірін немесе белгісін, онымен бірлестік іс-қимылдарды, артиллериямен басқа атыс құралдарды тиімді қолдану ретін;
- Жеке құрам жаяу ретте шабуылға шықса, қосымша көрсету керек; әр сарбаздың бөлімшенің ұрыс желісіндегі орнын, жерге түсу, бөгеттер мен өтпелерді өту ретін;
- Жариялау, басқару, бірлесіп іс-қимыл жасау белгілерін;
- Шабуылға шығу уақытын және орынбасарын.

V. Қорғаныстағы бөлімше

5.1. Қорғаныс негіздері

Қорғаныс – қарсыластың шабуылына тойтарыс беру, көптеген шығын келтіру, позицияны ұстау және шабуылға шығуға жағдай жасау мақсатында қолданылатын ұрыс түрі.

Қорғанысқа қойылатын талаптар деп, қойылған мақсатты орындауды қамтамасыз ететін негізгі қасиеттерді түсінуге болады.

Қазіргі қорғаныс қарсыластың жаппай қыру қаруын, қарудың дәлдігі өте жоғары жүйесі, авиация, тікұшақ және танкілерді кеңінен қолдану жағдайында жүргізіледі. Сондықтан да, қорғаныс тұрақты, белсенді, қарудың барлық түрін қолдану арқылы қарсыластың соққысына тойтарыс бере білуі керек. Қорғаныстың тұрақтылығы деп – бөлімшенің қарсыластың қуатты соққысына тойтарыс беріп, позицияны қиын жағдайда ұстай білуін айтамыз.

Белсенділік – қорғаныстың тұрақтылығына қол жеткізудің маңызды жағдайы болып табылады. Ол дегеніміз – қолда бар қарулармен алыстан қарсыласты жою, ұрысты оларға қолайсыз жағдайда жүргізу, қақтығысқа түскен қарсыласты атыс маневрін пайдалана отырып жою. Қорғаныстың тұрақтылығы мен белсенділігі өзара байланысты.

Қорғаныстың тұрақтылығы мен белсенділігіне былай қол жеткізіледі:

- ұстамдылық, қарсылас шабуылын тойтару кезіндегі табандылық, олардың моральдық жан дүниесі;
- өте шебер ұйымдастырылған қорғаныс және атыс жүйесі;
- жергілікті жердің пайдалы жақтарын дұрыс пайдалану;

- қақтығысқа түскен қарсыласты жылдам жою;
- от шашатын қарудан қорғану іс-шараларын орындау;
- ұзақ уақыт бойы зақымдалған жерде ұрыс жүргізуге жеке құрамды дайындау;
- өзара дәл қимылдау, ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету және бөлімді басқару.

Бөлімше қорғанысқа көшуді әр түрлі жағдайда іске асыруы мүмкін. Көп жағдайда бөлімше қорғанысқа қарсыластың оғының астында көшеді. Басқаша жағдайда, қарсылас бөлімшеге тиіспесе, қорғанысқа алдын-ала көшеді. Осыған байланысты, бірінші жағдайдағы көшуді қарсыласпен тікелей қақтығысу жағдайында шешу, ал екіншісін – олармен қақтығыспай көшу деп айтады. Осы жерде бөлімше қорғанысқа ыңғайлы рубежді алып, қорғанысты ұйымдастыруға қатысты барлық жұмысты қарсыластың оғының астында орындауға мәжбүр болады. Қорғаныстың мұндай қиын, әрі күрделі түріне көшу, ұрысты жалғастырып, позиция таңдау, атыс жүйесін ұйымдастыру керектігінде.

Қарсыласпен қақтығысқа түспей қорғаныс ұйымдастыру кезінде қорғаныс жеріне жету, атыс жүйесін ұйымдастыру, позицияны жабдықтау мүмкіндіктері бар.

Қорғаныстағы бөлімше басқа бөлімшелермен бірлесе отырып, атыспен қарсыласты жоюға мүмкіндік беретін бекіністерге орналасады және оны жабдықтайды.

Бөлімшенің тұрақты жауынгерлік дайындығының мәнісі оның кез келген уақытта ұйымдасқан түрде, белгіленген мерзімде ұрысқа кірісіп, жүктелген міндетті ойдағыдай орындауға қабілеттілігі. Тұрақты жауынгерлік дайындыққа жету жолдары: бөлімшенің жеке құрамының өз міндетін дұрыс түсінуі, жауынгерлік машығының шыңдалуы, оның қарсыластың қарудың барлық түрлерін қолдануы жағдайында іс-қимылға дайын тұруы; жеке құрамның жоғары саяси-моральдық жағдайы, тәртібі мен қырағылығы; бөлімшенің толық жасақталған және ұрыс жүргізуге қажеттінің бәрімен қамтамасыз етілуі; қару мен техниканың дереу қолдануға, ал жеке құрамның өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға үнемі дайын болуы.

Бөлімше командирі взвод командирінен тапсырма алған соң, оны нақтылап алып, өз бөлімшесін берілген бекініске шығарады да, бақылауды ұйымдастырады. Осыдан кейін, ол ЖҰМ (БТР), пулемет, гранатаатқыш орнын анықтап, әскери бұйрық береді.

Әскери бұйрықта бөлімше командирі бағдарлар, қарсылас туралы мәліметтер (шабуылының бағыты мен мүмкін уақыты, жағдайы); взвод пен бөлімшенің міндеттері (атқылаудың қосымша секторы мен атыс жолағы, бекініс); көршілердің міндеттері; жеке құрамның міндеттерін дайындайды. Оператор-көздеуші, механик-жүргізуші, пулеметші және атқыш-гранатаатқысқа (негізгі және қосалқы атыс бекіністерін, атқыштарға – атыс орнын, ұрыс барысына ауысу мен жабдықтау жүйесін), жер үсті және әуе нысаналарына атыс жүргізу мен бақылау тәртібін; оператор-көздеуші мен пулеметшіге әрбір атыс бекінісінен атқылаудың негізгі және қосымша

секторларын хабарлау, басқару және өзара қимылдау белгілерін, қорғанысқа дайын болу уақытын көрсетеді және өзіне орынбасар тағайындайды. Осыдан кейін, бөлімше жауынгерлері оқпана қазуға және оны бүркемелеуге кіріседі. Бұл кезде бөлімше командирі бағдарларға дейінгі қашықтықты анықтайды, күндіз және түнде атыс жүргізу үшін мәліметтер дайындайды, атыс карточкасын жасайды.

Қарсыласпен тікелей түйісу жағдайында қорғанысқа көшу кезінде бөлімше бекіністі ЖҰМ-ның (БТР-дің) атысы қолдауымен қол күші арқылы жабдықтайды. Бұл кездегі жұмыстың көп бөлігі түнгі уақытта жүргізіледі. Ал қарсылас көрінбейтін аудандарда бүркеніш қатаң сақтала отырып күндіз жүргізіледі.

Бекіністе, ең әуелі гранатаатқыш, атқыш-пулеметші үшін бір кісілік оқпана қазылады, негізгі атыс бекінісінде ЖҰМ (БТР) үшін оқпана қазылады. Осыдан кейін, жауынгерлер бір кісілік оқпаналарды бөлімше оқпанасына біріктіреді, қосалқы атыс бекінісінде ЖҰМ (БТР) үшін оқпаналар және ЖҰМ-ның (БТР) атыс бекіністеріне байланыс жолдары қазылады.

Бекіністе бөлімше жауынгерлері жабық атыс саңылауын жасайды, оқ-дәрілер үшін сөрелер қазылып, атыс ұяларын жасайды. Бөлімше бекінісі өртегіш қарудан сақтану үшін жабдықталып, бүркемеленеді. Қарсылас шабуылдағанға дейін бекіністе жабдықтау жұмыстары жетілдіріле береді.

Қарсылас авиациясының шабуылдауы кезінде «**Әуе!**» сигналы бойынша бөлімше оқпана түбіне тығылуға, ал кезекші пулеметші әуе нысаналарына атыс жүргізуге дайындалады. Қорғаныс ұрысы барысында қарсыласты жоюға қатысы жоқ барлық жауынгерлер әуе нысаналарына атыс жүргізуге дайындалады және әуе нысаналарына қарсы күрес жүргізеді. Әуе нысаналарын ату командир пәрменімен жүргізіледі.

«**Радиациялық қауіп!**» сигналы кезінде бөлімшедегі жеке құрам міндетін орындауды тоқтатпастан, тұмылдырық (газтұмылдырық), қорғаныш плащ, шұлық пен қолғап киеді де, өз орындарында қалады, ал: «**Химиялық дабыл**» сигналы кезінде – газтұмылдырық, қорғаныш плащ, шұлық пен қолғап киеді. Бойтасалар мен жабық машиналарда отырған жеке құрам: «**Радиациялық қауіп!**» сигналы кезінде – тұмылдырық, ал: «**Химиялық дабыл**» сигналы кезінде – газтұмылдырық киеді де, есіктерді, атыс саңылауын, люктерді, жалюзді жауып, ұжымдық қорғаныш құралдары жүйесін іске қосады.

Қарсыластың атыс дайындығы кезінде бөлімшенің жеке құрамы командир пәрмені бойынша оқпана түбіне, саңылауға, жертөлеге, паналарға немесе ЖҰМ-ға (БТР) тығылып, өз орнына ие болуға дайын болады. Бекіністе қарсыластың шабуылға өтуін дер кезінде анықтау мақсатында бақылау жүргізетін бақылаушы қалады.

Қарсылас шабуылға өткен кезде командирдің: «**Бөлімше, ұрысқа!**» пәрмені бойынша бөлімше бекіністегі өз орындарына тез орналасады. Ұрысқа дайындалып алған бөлімше, командир пәрменімен шоғырланған атыс жүргізеді, ал қарсылас жақындаған кезде өз қаруының нақты атыс қашықтығында өз бетінше атыс жүргізеді. Оператор-көздеуші мен атқыш-гранатаатқыш

қарсыластың танкілері мен сауытталған нысыналарын жояды, ал пулеметші мен мотоатқыш жаяу әскерлерін танкілерден бөліп алып, жояды. Қарсылас бөгеттерден өтпе арқылы кесіп өткен кезде, бөлімше барынша күшті атыс жүргізеді. Бөлімшенің бекінісіне шыққан танкілерін танкіге қарсы қол гранаттарымен, ал бекіністен өтіп кеткен танкілерді қорғаныс тереңдігіне орналасқан танкіге қарсы құралдармен жояды. Бекініске 40-30 м жақындап келген қарсыластың жаяу әскеріне жарықшақты қол гранаттарын лақтырады да, оны бетпе-бет табанды атыспен жояды.

5. 2. Қорғаныстағы бөлімше

Позиция фронты бойынша 100 м дейін жетуі мүмкін және қисық сызық немесе үзік кескінде болуы керек. Мұндай жағдайда бөлімшенің шұңқырының жалпы ұзындығы 120-180 метрді құрайды.

Бөлімше позицияда ЖҰМ (БТР) пулемет, гранатамет және басқа да берілген қарулардың негізгі және қосымша атыс позицияларын жабдықтайды.

Мақсаты бойынша позициялар былай бөлінеді:

- негізгі – негізгі атыс міндетін орындау үшін;
- уақытша – жеке бір міндеттерді орындау үшін;
- қосымша – маневр жасау қажеттілігі туғанда немесе негізгі позицияны еріксіз қалдыру жағдайы болғанда;
- жалған – қарсыласты шатастыру үшін.

ЖҰМ(БТР)-ден оқ ату позициясы бөлімше позициясының ортасында, флангта немесе оның артында 50 метр жерде орналасуы мүмкін. Мұндай есеп ЖҰМ (БТР)-дің атуымен бөлімшенің позициясының қорғалуы қамтамасыз етілуімен ескерілген. ЖҰМ (БТР) қосымша бір (екі) позиция дайындалып қойылады.

Бөлімнің тірек бөлігіндегі бөлімше ортада, оң немесе сол флангте бола отырып, позицияны қорғауы мүмкін.

Бөлімшелер арасындағы қашықтық 50 метрге дейін болады. Позицияда бөлімше сарбаздар арасы 10-12 м болатындай етіп орналасады. Бөлімше командирі, әдетте, бөлімшені басқаруға, жергілікті жерді бақылауға, бөлім командирі белгілерін байқауға ыңғайлы жерге орналасады. Әдетте, бөлімше командирі позицияның ортасында орналасады және жанына пулеметші және гранатаметші орналасады.

Атыс қуаты – бұл қарсыластың жойылған нысаналар салдарының математикалық есебі және тірі күштерін, бронды техникасын жоюдағы гранатамет, ЖҰМ атысынан құралады.

Маневрлік – бұл бөлімшенің қозғалғыштық, ұрыс барысында маневр жасау деңгейін сипаттайтын көрсеткіші. Маневрліктің көрсеткіші ретінде, әдетте, бір әрекетті орындаудағы кететін уақытты алады.

Ұрыс мүмкіндіктері тұрақты көлем емес, ол мыналарға байланысты:

- жеке құрамның толық жабдықталуы, қарулануы;
- бөлімшенің жеке құрамының дайындығы деңгейінен;

- жеңіске деген моральдық рухы және қайтпас қайсарлығы жағдайына;
- командирдің бөлімшені басқару біліктілігі.

Сонымен бірге, ұрыс мүмкіндігіне қарсыластың әрекет ету сипаты, жергілікті жер, ауа райы, жыл мезгілі және тәулік көп әсер етеді.

Автоматтан, қол пулеметінен 300 метр нысанаға тигізу үшін, атысты жатып жасағанда 4-5 оқ, ал жүріп келе жатып атқанда 25 оқ қажет. Бөлімшенің қорғаныстағы атыс әсерлілігі, шабуылға қарағанда 4-6 есе жоғары. Танкімен күрес кезіндегі ЖҰМ ұрыстық әсерлерін коэффициенті 2-0 тең, ал ТҚГ – 7-0,3 тең. Яғни, бөлімше қорғаныс кезінде қарсыластың екі танкісін жоюға мүмкіндігі бар.

Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндігін ескерсек, жергілікті жердің және инженерлік-құрылыстық көрші бөлімшелермен өзара әрекетті ұғымды пайдаланған жағдайда, қарсыластың екі мото-жаяу бөлімшесінің шабуылын тойтарып, 1-2 танкісін жойып, 100 метр жердегі маңдайшеп бойын тұрақты қорғауға болады.

Қарсыласты ұйымдастыру бойынша бөлімше командирінің жұмысы мыналар:

- алынған ұрыс міндеттерін анықтап, түсіндіру;
- бақылауды ұйымдастыру;
- бөлімшені көрсетілген позицияға шығару;
- ЖҰМ (БТР) пулеметшіге және автоматшыға атыс позициясының негізгі және қосымша атыс позицияларын анықтау;
- ұрыс бұйрығын беру;
- инженерлік құрылғы және жасырын позициясын ұйымдастыру;
- бағдарға дейінгі қашықтықты, атысты күндіз және түнде жүргізу мәліметтері дайындығын анықтау;
- атыс карточкаларын құру.

Ұрыс бұйрығында командир мынаны көрсетеді:

- бағдарлар;
- қарсыластың құрамы, жағдайы және әрекет ету сипаты;
- бөлім міндеті;
- бөлімше, позиция міндеттері, ату жазықтығы және қосымша ату секторы, жердегі және әуедегі нысаналарды атуды жүргізу;
- көршілердің міндеті;
- жеке құрамның міндеттері: бағыттаушы-оператор (пулеметті бағыттаушыға), жүргізуші-механикке, пулеметші және гранатаметшіге – атыс орны, құрал-жабдық реттілігі және ұрыс барысында ауысулары;
- хабарлау, басқару, өзара әрекет белгілері;
- орынбасардың қорғанысқа дайын болу уақыты.

Қорғанысқа көшуге ұрыстық міндет алғаннан кейін, бөлімше командирі оны ұғынып анықтайды, қорғаныс ұйымдастырылатын жағдайды бағамдайды. Қарсыласпен *тікелей түйісу* жағдайында қорғанысқа көшу кезінде бөлімше командирі алған міндетті ұғынып, жеке құрамға позиция жеңіп алу (алу) және

бекіну міндетін қоюға шешім қабылдайды, бақылауды, атыс және бірлесіп қимылдау жүйесін, ұрыстық жабдықтауды, позицияларды басқару мен инженерлік жабдықтауды ұйымдастырады. Бұл уақытқа ЖҰМ-ның (БТР-дің) атыс позициясы оның жасырын орналасуын ғана емес, инженерлік жабдықтау жұмыстарын атқарып жатқан жеке құрамды қалқалауды да қамтамасыз ететіндей болып табылады. Бұдан әріде, бөлімше командирі жергілікті жерді бақылайды, қарауындағылардың міндеттері мен бірлесіп қимылдау ретін нақтылайды, қажет болғанда басқа мәселелерді де шешеді. Қорғанысқа қарсыласпен тікелей *түйіспей тұрып*, көшу кезінде бөлімше командирі бөлімшені позицияға не взвод командирі көрсеткен жерге әкеліп, жасырын орналастырады, бақылау мен тікелей күзетті ұйымдастырады. Взвод командирі жүргізетін алдын-ала барлау барысында бөлімше командирі шешім қабылдайды да, одан соң жеке құрамға бөлімшенің позициясына арналған орынды, ЖҰМ (БТР) үшін, гранатаатқышшы, пулеметші үшін негізгі және қосалқы атыс позициялары болатын жерді және автоматшылардың орындарын көрсетеді. Бұдан кейін, ол әскери бұйрық береді, позицияның инженерлік жабдықталуы мен бүркемеленуін ұйымдастырады, бағдарларға дейінгі қашықтықтарды анықтайды, күндіз және түнде атыс жүргізуге қажетті мәліметтерді дайындайды және атыс карточкасын түзеді. Әскери бұйрықта бөлімше командирі мыналарды көрсетуге тиіс: бағдарлар, қарсыластың құрамы, жағдайы және қимыл сипаты, взводтың және бөлімшенің міндеті, позиция, атыс жолағы және қосымша атқылау секторы, жер үстіндегі және әуедегі нысаналарды бақылаудың, атудың реті; взводтың шоғырланған атысы учаскесіндегі бөлімшелер атыс жүргізетін орындар; көршілердің міндеттері; жеке құрамға қойылатын міндет.

Қарсыластың қорғанысқа тығыз енуі кезінде бөлімше берік түрде өз бекінісін ұстайды. Күштің бір бөлігімен ол байланыс жолына, қосалқы атыс бекіністеріне ие болады және қапталдай ату арқылы қарсыластың жаяу әскерін жояды. Егер қарсылас тылға шықса, онда бөлімше айнала қорғанысқа көшеді де, көрші бөлімшелермен өзара байланыста қимылдаса отырып, қарудың барлық түрінен атыс жүргізіп, қарсыласты жояды. Қарсылас шабуылына тойтарыс берілгеннен кейін, ең әуелі атыс жүргізу үшін, бекініс қалпына келтіріледі және оқ-дәрілер толықтырылады.

5.3. Қорғанысты ұйымдастыру

Позицияның инженерлік құрылғыларына шұңқырлар қазу, хабарлау жолдары, жеке құрам үшін жабдықталған сызаттар және ЖҰМ (БТР) үшін тасалар жатады.

Инженерлік құрылғылар бөлім командирінің қойған міндеті және нұсқаулары негізінде ұйымдастырылады. Ең бірінші, бөлімше позицияларында автоматшы, пулеметшілер, гранатаметшілер үшін жеке шұңқырлар, ЖҰМ (БТР)-ге тасалар дайындалады. Екінші, жеке шұңқырлар бөлімшенің шұңқырлары болып бір-бірімен жалғасады. Қосымша позицияларға шұңқырлар қазылады және бөлімшенің позицияларынан негізгіге дейін хабарлауға

ыңғайлы байланыстар орнатылады. Хабарласудың барлық жолдары атыс жүргізуге ыңғайлы ұяшықтармен маневр жасауға ыңғайланады.

Фортификациялық құрылымдар құруға кететін уақыт:

- автоматтан атуға арналған шұңқыр – 2.5 адам/ сағ жаяу әскер күрегімен;
- пулеметтен атуға арналған шұңқыр – 4.0 адам/1 сағ;
- гранатаметтен атуға арналған шұңқыр – 2.5 адам/1 сағ;
- бөлімшенің төбесі жабылған шұңқыры – 50 адам/1сағ.

Барлығы, бөлімшенің шұңқырын жаяу әскер күрегімен ретке келтіруге 200-300 адам/ 1 сағ. керек.

Қорғаныс кезіндегі бөлімшенің инженерлік құрылғысы және атыс жүйесі қарсы жаққа жасырынған жерді көрсетіп қоятын белгілерімен анықталып қалуы мүмкін. Сондықтан да, қарсыластарды шатастыру мақсатында жасырыну ұйымдастырылады. Жасырынуға әскери сырды сақтау, жасырын орналасу және көшу, жергілікті жер қасиеттерін дұрыс пайдаланумен қол жеткізуге болады.

Бөлімшеде атыс құралдарын қорғау – кезекшілерді бөлумен іске асырылады.

Қорғанысты ұйымдастырғаннан соң, бөлімше командирі бөлімшенің атыс карточкаларын құрайды:

- бағдарлар, олардың нөмірі, аттары және қашықтығы;
- қарсыластың жағдайы;
- бөлімше позициясы;
- атыс жазықтығы және атыстың қосымша секторы;
- ЖҰМ (БТР), пулемет, гранатамет және ТҚБР негізгі және қосымша атыс позициялары;
- көрші позициясы және бөлімшенің флангіндегі атыс жазықтығы, шекарасы;
- бөлімшенің атыс жүргізетін бөлімнің тұрақталған бөліктері;
- бөлімше позициясына жақын орналасқан және атыстан қорғайтын бекіністер.

Бөлімше командирі қорғанысты ұйымдастырып болып, атыс карточкасын жасайды. Оның ішінде болуы керек:

- бағдарлар, олардың нөмірлері және оған дейінгі қашықтық;
- қарсыластың орналасқан жері;
- бөлімшенің бекінісі;
- атыс жолағы, қосымша атыс секторы;
- ЖҰМ-ның (БТР) негізгі, қосалқы атыс бекінісі, оқшашардың, гранатаатқыштың және ТҚБЗ (ТҚБР) кешендерінің әр бекіністен ататын негізгі және қосымша атыс секторлары;
- көршілердің бекінісі және олардың атыс жолағы мен қапталдағы шекарасы;
- бөлімшенің бекінісінің қасындағы қорғайтын, тасалайтын бөгеттер;

Танктің атыс карточкасында көрсетіледі:

- бағдарлар, олардың нөмірлері, аттары және оларға дейінгі қашықтықтар, негізгі атыс бекінісінен, күндіз және түнде атуға, көрініс шектелген жағдайда ату үшін көздеуге керекті мәліметтер;
- қарсыластың жайғасуы;
- негізгі және қосалқы атыс бекіністері. Әр бекіністен негізгі және қосымша атыс секторлары;
- взводтың, ротаның шоғырланып ататын учаскесі;
- танктің атыс бекінісінің жанына орналасқан бөгеттер мен бөлімшелердің бекіністері.

5.4. Қорғаныс ұрысын жүргізу

Қарсылас шабуылға көшкенше, позициядағы бөлімше әрдайым бақылаушы, пулеметші және автоматшыны қояды. Олар қарсыластың тұтқиылдан жасаған шабуылына тойтарыс беру үшін, сондай-ақ олардың азғантай топтарын жою үшін дайын болулары керек. Қалған жеке құрам жағдайға байланысты инженерлік позицияларды ретке келтіріп, ЖҰМ жабдықтауға жүргізуші-механикке көмектеседі немесе демалады.

Атысқа дайындық кезінде, бақылаушы қарсыласты бақылауды жалғастырып, қалған жеке құрам блиндажда немесе ЖҰМ-да жасырынып, командир бұйрығымен бөлімше позициясындағы өз орнына баруға дайын тұрады. Егер қарсылас уландыру заттарын қолданса, жылдам жеке қорғану құралдарын киеді.

Қарсыластар шабуылға көшкен кезде, бөлімше командирінің бұйрығымен жеке құрам жылдам өзінің позициядағы орнын, оқ атуға дайын тұрады. Қарсыласқа оқ ату атыс қаруының қашықтығының нақты жеріне келгенде ашылады: атыс қаруы 400-600 м, ЖҰМ – 1000-1300 м, танкіден – 1800-2500 м.

Қарсыластың танкілері және басқа да бронды нысаналары ЖҰМ және танкіге қарсы гранатамен, ал жаяу әскер автомат және пулеметпен жояды.

Түнгі қорғаныстың ерекшеліктері

Түнгі ұрыстың нәтижелі болуы, көбінесе қорғаныс ұйымдастырылудың күндіз қаншалықты дайын болғанына байланысты. Қарсылықтың бетін қайтару үшін, қарсыластың барлау әрекетін уақытында анықтау түнде маңызды. Ол үшін түн болысымен түнгі көру құралдары көмегімен бөлімше позициясына келетін жолды тиянақты бақылау және тыңдау керек. Танкінің ату жүйесін ұйымдастыруда қорғанысқа негізгі және қосымша ату позициялары, әр позициядағы негізгі және қосымша ату секторлары көрсетіледі. Ату секторы 2500 метр шамасындағы қашықтыққа тағайындалады.

Бөлімнің тұрақталған бөлігінде фронт бойынша 40 метр болуы мүмкін, рубеж танкке көрсетіледі. Бұл бөлікте қарсыластың снаряд жарылуынан жаппай зақымдалуына қол жеткізіледі.

Қарсыласты ұйымдасып жою мақсатында, танк пушкаларынан және пулеметтерден оқ ату рубеждері белгіленеді. Бұл қашықтық пушка үшін 1800-2500 метр және пулемет үшін 1000 метрді құрайды.

Танкінің атыс карточкасында мыналар көрсетіледі:

- бағдарлар, олардың нөмірі, негізгі атыс позициясынан соған дейінгі қашықтық, түнгі атыс үшін басты қондырғылар;
- қарсылас жағдайы;
- негізгі және қосымша атыс позициясы, әр позицияның негізгі және қосымша атыс секторы;
- рота және бөлімнің тұйықталған бөлігі;
- танкінің атыс позициясына жақын орналасқан бекіністер.

Қорғанысты ұйымдастырғандағы бөлімше командирінің жұмыстары:

- ұрыс тапсырмасын ұғып алу;
- бөлімшені көрсетілген бекініске апару;
- бақылауды ұйымдастыру;
- атқыштардың орнын, гранатаатқыштың, оқшашаршының атыс бекіністерін анықтау;
- ұрыс бұйрығын беру;
- бекіністі бүркемелеу, инженерлік құрылыстарды ұйымдастыру;
- күндіз-түні атыс жүргізу үшін мәліметтерді дайындап, бағдарларға дейінгі қашықтықтарды анықтау;
- атыс карточкасын құрастыру.

Ұрыс бұйрығында бөлімше командирі көрсетеді:

- бағдарларды;
- қарсыластың жайғасқанын, іс-қимылдарын, құрамын;
- взводтың тапсырмасын;
- бөлімшенің міндетін, бекіністің атыс жолағын, қосымша атыс секторын;
- Әуе мен жердегі нысаналарды бақылау және ату ретін; взводтың шоғырланып ататын учаскесінің жерлерін, ондағы бөлімшенің ату орындарын;
- көршілердің тапсырмасын;
- жеке құрамның міндеттерін: көрсеткіш-көздеушіге (оқшашардың көрсеткішіне), механик-жүргізушіге, оқшашаршыға және гранатаатқышқа – негізгі, қосалқы атыс бекіністерін; атқыштарға атыс орындарын, ол жерлерді қалыптастыру, ұрыс барысында алмастыру ретін; көрсеткіш-көздеуішпен, оқшашаршыға әр бекіністегі негізгі және қосымша атыс секторын;
- басқару, жариялау, өзара бірлескен іс-қимылдар белгілерін және іс-қимылдардың ретін;
- қорғанысқа дайындық уақытын және өзінің орынбасарын.

VI. Бөлімшелерді басқару

6.1. Басқарудың мазмұны және оған қойылатын талаптар

Бөлімшелерді басқаруда взвод командирінің міндеттері.

Тапсырманы орындау кезінде, бөлімшелердің ұрысқа дайындығын басқару және командирлердің ұрысқа бөлімшені дайындау кезіндегі нысаналы іс-қимылдар басқарудың мазмұны болып табылады.

Басқару ол қарсыластың әр түрлі құралдарының әсеріне төзімді болу керек, әсіресе радиоэлектрондық күрес құралдарына.

Бөлімшелерде оған қол жеткізуге болады, егер командирлер ұрыс кезінде өз орнын біліп, радиостанцияның жұмыс толқындарының жиіліктігін уақытылы ауыстырып отырса.

Қазіргі кездегі ұрыста үзілмес басқарудың маңызы өте зор. Ол дегеніміз командирлердің өз бөлімшелерінің майдан шебінің алдында және қапталдарында жағдайларды жақсы біліп, оған ұрыс үстінде қолдағы бар құралдар мен күштерді қолдана білу мүмкіншілігі болған жағдай.

Бөлімшелерде басқару белсенді, тұрақты және бағыныштылармен, аға командирмен және көршілермен байланыс арқылы қамтамасыз етіледі.

Командирдің оперативтік жылдам жұмысы, бөлімшелердің тиімді және жоғары сапалы басқарылуынан шешімді деңгейде тәуелді болады.

Оперативтік деп – командирдің жағдайларға тез баға беруін, нысаналы керекті шешім қабылдауын және тапсырманы нақты, білімді қоюын түсіну керек.

Қазіргі заманғы жалпы әскерлік ұрыста басқарудың жасырынды болу талабына үлкен маңыз бөлінеді. Басқару жасырынды болу үшін, жеке құрамның қырағылығын, қатал тәртіптілігін, радиомен нақты реттілікпен сөйлесуін және бүркемелеу шараларын қолданумен қамтамасыз ету керек.

Взвод (танк, бөлімше) командиріне бірден-бір бастық ретінде, жеке құрамның саяси моральдік жағдайы, психологиялық дайындығы, әскери тәртіптілігі, тәрбие жұмысы, әскери техника мен қару-жарақтың уақытылы ұрысқа дайын болуы және жалпы взводтың ұрысқа дайындығы үлкен жауапкершілікпен жүктеледі.

Взвод (бөлімше, танк) командирінің ұрысқа дайындық кезінде және ұрыс үстіндегі міндеттері:

- бөлімшенің ұрыс дайындығын тұрақты қылып, ұрыс үстінде оның бірлескен іс-қимылдарын жоғары деңгейде болдыруы;
- ұрыс даласындағы жағдайларды біліп, уақытылы шешім қабылдау, бағыныштыларға тапсырманы қойып, оны орындаудан бұрылмауды талап ету;
- үнемі ұрыс барысын бақылап отыру;
- взводтың (бөлімше, танк) майдан шебінде және қапталдарында қарсыласқа барлау жасау;

- атыс құралдарының бәрін, сонымен бірге ядролық және атыс құралдарының мүмкіншілігін қарсыласты жою үшін тиімді, білікті қолдану;
- ұрыстың қиын сәттерінде қарамағындағыларға белсенді, батырлық, төзімділік, басқарушылық қасиеттерімен үлгілі болу керек;
- әскери техника мен қаруларды уақытылы техникалық қараумен қамтамасыз ету, ал олардың бұзылғаны байқалса, рота командиріне баяндап, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқ-дәрілердің, жанармайдың шығынын бақылап отыру, оларды толтырып тұру, рота командирінің рұқсатымен тиілмейтін материалдық құралдардың запасын пайдалану; 0,5% және 0,75% алып жүретін оқ-дәрінің және жанармайдың запасын шығынға қолданылған соң рота командиріне баяндау.

Взвод командирі бұйрықта көрсетеді:

- қарсыластың құрамын, іс-қимылдарының сипатын және атыс құралдарының орналасқан жерлерін;
- ротаның және взводтың міндеттерін;
- аға командирінің атыс құралдары мен взводтың алдындағы қарсыластың объектілері және нысаналарды жою ретін, көршілердің міндеттерін;
- бөлімшелердің (танктің), қосымша берілген бөлімшелердің, атыс құралдардың тапсырмаларын және атқыш-санитар мен мергеннің міндеттерін;
- міндетті орындауға, дайындыққа берілген уақытты;
- өзінің орнын және орынбасарын;

Осыдан кейін, взвод командирі өзара бірлесіп істеуге нұсқау береді. Ол қабылдаған шешімді нақтылауға және өзара бірлесіп іс-қимыл жасаудың ретін анықтайды. Осы кезде өзінің штаттық және қос берілген атыс құралдардың, міндетті жақсы орындау үшін, бірлескен күштердің сәйкестігін анықтап, бөлімше командирлерінің бір түсінікке келуін талап етеді. Ол кезде ұрыс тапсырмасын орындау әдістерін, жариялау белгілерін, басқару және ол белгілермен бірлесіп, іс-қимыл жасау ретін көрсетеді.

Бұл жұмыстармен қатар, взвод командирі ұрысты қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді. Олар: барлауды, ЖҚЖҚ, жандырғыш және жоғары дәл тигізетін қарулардан қорғану, бекіністі инженерлік жағынан жабдықтау, бүркемелеу және қорғану.

Ұрысты қамтамасыз ету жұмыстарын командир керек болған жағдайда ғана нұсқау береді.

Басқару жұмысын ұйымдастырғанда, взвод командирі бөлімше командирлеріне радио көрсеткіштерді және радио құралдармен жұмыс істеу ретін жеткізеді.

Взвод жаяу ретте іс-қимыл жасағанда немесе радиостанциялармен жұмыс істеуге тыйым салынғанда, взвод командирі басқару үшін, байланыс сарбаздарын және белгілерді алдын-ала дайындап қою керек.

6.2. Ұрысты ұйымдастыру кезіндегі взвод (бөлімше, танк) командирінің жұмысының мазмұны және реті

Взвод (бөлімше, танк) командирі ұрысты ұйымдастыру жұмысын жергілікті жерде жүргізеді. Аға командир барлау, зерттеу жүргізген кезде жүріп келе жатып шабуылға шығуға шешім қабылдайды. Жүріп келе жатып, шабуылға және шеруге шығуға, қарсылас, взводтан алыс қашықтықта болған жағдайда взвод командирі шешім қабылдайды. Жердің нобайымен немесе картамен ұрысқа бұйрық береді және іс-қимылды бірлесіп істеу жұмыстарын ұйымдастырады.

Қарсыласпен түйісіп тұрған жағдайда шабуылға шығу жұмысының барлығы жергілікті жерде ұйымдастырылады.

Взвод командирінің жұмысының реті нақты жағдайға, жүктелген міндетке және уақыттың тығыздылығына сәйкес болады.

Ұрысты ұйымдастыруды, взвод командирі ұрыс тапсырмасын алғаннан кейін бастайды. Олардың жүргізу реті:

- алған тапсырманы ұғу;
- жағдайды бағалау;
- шешім қабылдау;
- барлау, зерттеу жүргізу;
- ұрыс бұйрығын беру;
- басқару, ұрысты қамтамасыз ету және іс-қимылдарды бірлестіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- жеке құрамды, қаруларды және ұрыс техникасының ұрысқа дайындығын бақылау;
- ұрыс тапсырмасын орындауға взводтың дайындығы туралы рота командиріне баяндау;

Алған тапсырманы ұғу кезінде взвод командирі түсіну керек:

- ротаның және взводтың тапсырмасын;
- взводтың іс-қимыл бағытында қандай объектілер (нысаналар) аға командирдің құралдарымен жойылады;
- көрші бөлімшелердің тапсырмасын және олармен бірлесіп іс-қимыл жасау ретін;
- тапсырманы орындауға дайындық уақыты;

Тапсырманы ұғудың негізінде взвод командирі анықтайды:

- ротаның орындайтын тапсырмасындағы взводтың орны мен міндетін;
- взводтың қаруларымен қандай объектілерді (нысаналарды) жою керек екенін;
- ұрыстың қандай кезінде, қайсы көршілермен тығыз іс-қимыл жасау керек, ұрыс ретін анықтау;

- ұрысты ұйымдастыруға неше уақыт бар екенін және оны қалай бөлу керек;

Жағдайды бағалау кезінде взвод командирі зерттейді:

- қарсыластың құрамын, ықтимал іс-қимылдарын, атыс құралдарының жайғасқан жерлерін;

- взводтың жағдайын, қамтамасыз етілуін және қосымша берілген бөлімшелердің мүмкіншілігін;

- көршілердің құрамын, жайғасуын, іс-қимылдарының сипатын және бірлесіп істейтін іс-қимылдарды;

- жергілікті жерді, оның пана болуын және бүркемелеу қасиеттерін, тиімді жолдарын, бөгеттердің, кедергілердің бар-жоқтығын, бақылау және атыс жүргізу жағдайларын;

- қарсыластың ұшақтары мен тікұшақтарының ықтимал келетін бағыттарын, төмен және өте төмен ұшатын әуе нысаналарын;

- Жылдың, тәуліктің мерзімін және ауа райының жағдайын.

Взводтың командирі жағдайды бағалаудың нәтижесінде анықтайды:

- взводтың майдан шебінің алдында қарсыластың қандай күштері келетінін, олардың мықты және осал жерлерін, күштердің, құралдардың сәйкестігін салыстыруды;

- взводтың ұрыс реті мен бөлімшелердің ұрыс тапсырмасын, күштер мен құралдардың бөлуін, таратып беруін;

- ұрыстың қандай кезде көршілермен тығыз бірлесіп іс-қимыл жасау ретін;

- жергілікті жердің қорғаныс қасиеттері мен бүркемелеу сипатын.

Қойылған тапсырманы ұғып, жағдайды бағалау взвод командирінің ойлау процесін шешім қабылдауға апарып соғады. Соның нәтижесінде, ең нысаналы, ұрысты тиімді жүргізудің шешімі қабылданады.

Әдетте, взвод командирінің шешімінде анықталады:

- тапсырманы орындау реті;

- бөлімшенің (танктің), қос берілген атыс құралдардың тапсырмалары;

- бірлесіп іс-қимыл жүргізу реті;

- тапсырманы орындау ретін анықтау барысында, қарсыласты қалай жою керектігі, штаттық және қос берілген құралдармен қарсыласты жою реті;

- бөлімшелердің ұрыс тапсырмалары, взводтың тапсырмасын орындау реті.

Шабуылда бөлімшенің ұрыс тапсырмасы қарсыластың атыс құралдары мен адам күшін, өзінің шабуыл бағытында жою болып табылады.

Қорғаныста бөлімшенің ұрыс тапсырмасы көрсетілген бекіністе қарсыластың танкілері мен жаяу әскерін тереңдікке өткізбеу болып табылады.

Взвод командирі бірлесіп іс-қимыл жасау ретін анықтағанда, бөлімшелердің өзара іс-қимылдарын бірлестіруге, көрші бөлімшелермен,

күшейту құралдарымен және аға командирдің ұрыстың әр түрлі кезеңінде жүргізетін атыс соққыларымен сәйкестіруге негізгі іс-шараларды көрсетеді.

Қабылдаған шешімді жергілікті жерде нақтылау үшін, зерттеу жүргізу командирлердің маңызды жұмысы болып табылады.

Барлау, зерттеу жүргізу кезінде взвод командирі көрсетеді:

- бағдарларды;
- қарсыластың орналасу жағдайын (іс-қимыл бағыты);
- қарсыластың атыс құралдарының жайғасуын;
- бөлімшелердің тапсырмаларын нақтылауды;
- бөлімшелердің жерге түсу орындарын (бөлімшелердің, БТР-лердің, танкінің және басқа атыс құралдарының атыс бекіністерін);

Әдетте, взвод командирі ұрысты ұйымдастырғанда, ұрыс тапсырмасын бағыныштыларына ұрыс бұйрығы түрінде береді.

Бөлімше командирінің жұмысы

Ұрыс тапсырмасын алған соң, бөлімше командирі оны ұйымдастыруға кіріседі. Ол жұмыстар:

- міндетті ұғып алу;
- жағдайды бағалау;
- шешім қабылдау;
- ұрыс бұйрығын беру;
- ЖҰМ-ның (БТР) және атыс қарулардың дайындығын тексеру;
- Взводтың дайындығы туралы взвод командиріне баяндау.

Берілген тапсырманы ұғу кезінде бөлімше командирі түсіну керек:

- взводпен бөлімшенің міндеттерін;
- көршілердің міндеттерін;
- тапсырманы орындауға дайындық уақытын және орындауға берілген мезгілімен ретін.

Жағдайды бағалау кезінде бөлімше командирі міндетті түрде түсіну керек:

- қарсылас қайда және не істеп жатыр, оның атыс құралдары қалай жайғасқан;
- жергілікті жерді зерттеп, оның тасалану және бүркемелену қасиеттерін, тиімді жолдарын, бөгеттер мен кедергілерін бақылау және атыс жүргізу жағдайларын;
- тапсырманы ұғудың және жағдайды бағалаудың негізінде бөлімше командирі жеке құрамға өзінің шешімінің бас мазмұнын жеткізеді;
- жеке құрамға ұрыс тапсырмасын бөлімше командирі ұрысты ұйымдастырғанда ұрыс бұйрығы түрінде жеткізеді.

Бұйрықта көрсетеді:

- бағдарларды;

- қарсыластың құрамын, орналасуын және іс-қимылдарын;
- взводтың міндетін;
- бөлімшелердің (танктің) міндеттерін;
- көршілердің тапсырмаларын;
- жеке құрамның дербес міндеттерін;
- хабарландыру, басқару, бірлесіп іс-қимыл жасау ретін;
- міндетті орындауға бөлінген уақытты және өзінің орынбасарын.

6.3. Ұрысты жүргізу кезінде взводты (бөлімшені, танкті) басқару

Ұрыс машиналарында ұрыс жүргізгенде, взвод командирі ұрысты радиомен, пәрмендермен және белгілер арқылы байланыс тәртібін бұзбай взводты басқарады.

Ұрыс үстінде взводта (бөлімшеде, танкіде) барлық пәрмендер радио арқылы ашық түрде айтылады. Жаяу ретте ұрысты жүргізгенде взвод командирі бағыныштыларын дауыспен пәрмен берумен, белгілермен және байланысшы сарбаз арқылы басқарады. Өзінің радиостанциясын ол ЖҰМ-дың (БТР) іс-қимылдарын басқаруға қолданады. Дара сарбазға, жаяу ретте болса, пәрменде: шенін, тегін, қандай іс-қимыл жасау керек және пәрменнің орындау жағын айтып, басқаруды жүргізу керек.

Ұрыс алдындағы реттен, ұрыс ретіне көшкенде, бөлімше командирінің пәрменімен бөлімше ұрыс желігіне жазылады, бағыттаушымен қатар бір сызықта болып, көрсеткен бағытта өте шапшаң жылдамдықпен (тез жүріп немесе жүгіріп) өз қаруынан тиімді атыс жүргізуді қамтамасыз етеді.

Қойылған міндетке сәйкес бөлімше командирінің сол немесе оң жағына жазылады да, көрсеткен бағытта қозғалысын жалғастыра береді. Ұрыстағы взвод (бөлімше, танк) командирінің маңызды міндеті атысты басқару болып табылады. Ол дегеніміз:

- әуедегі және жердегі нысаналарды барлау;
- жоюдың реті мен нысаналардың маңыздысын анықтау;
- қару мен оқ-дәріні, атыстың түрі мен жүргізу әдістерін таңдау;
- нысананы көрсету, атыс тапсырмасын тоқтату және атысты бастауға пәрмен беру;
- атыстың нәтижелерін бақылау, оның бағытын түзеу;
- атыс маневрін жүргізу;
- оқ-дәрінің шығынын бақылау.

Взвод (бөлімше, танк) командирінің ұрысқа дайындық кезінде жүргізген бақылауымен барлауы, ұрыс жүріп жатқан кезде үзілмей жүргізіле береді.

Нысаналардың маңыздысын және жою кезектілігін анықтағанда взвод (бөлімше, танк) командирі ұрыста взводқа қандай зиян тигізуі мүмкін екеніне қарайды.

Нысаналардың маңыздысын тапсаң, егер оны нақты уақытта жойсаң, қойылған тапсырманы орындау жеңіл және тез болатын болса, әдетте,

қарсыластың БТР-лері, ЖҰМ-дары, танкке қарсы кешендері, оқшашарлары, танкіге қарсы гранаталары, бақылау нүктелері, және басқалары маңызды нысаналар болып келеді. Егер осы нысаналардың, атыс құралдары, взводтың бөлімшелерін ататын қашықтықта болса, онда олар қауіпті болады. Өте қауіпті болып, қарсыластың ядролық қондырғылары мен зеңбіректері болып табылады. Қарсыластың қаруларының ату мүмкіншілігі взводтың бөлімшелеріне жетпейтін қашықтықта болса, дәл ұрыстың осы кезеңінде қауіпсіз болып табылады.

Нысаналарды маңыздысына және маңызды еместігіне, қауіпті және қауіпсіздігіне бөлу, взвод командирінің нысаналарды жою ретін анықтауға мүмкіндік береді. Нысананың маңыздысы: оның сипаты, оған деген қашықтық және осалдығы, ату тапсырмасын орындауға (аз оқ-дәріні аз уақытта тиімді атыс жүргізу үшін атыс қаруын таңдауға) мүмкіншілік береді.

Қарсыластың адам күшін, қорғаныс жабдықтарын бұзуға, танкілерін, ұрыс машиналарын және басқа қалқалы нысаналарын жою үшін, танкінің зеңбірегіннің атысы қолданады.

Взводтың (бөлімшенің) автоматтары мен оқшашарлары қарсыластың адам күшін шоғырланып атуға арналған. Автоматтармен 400 метрге, колокшашармен 800 метрге дейін, ПК және ПКТ оқшашарлары қарсыластың адам күшін 1000 метр қашықтықта жоюға мүмкіндік береді. Үлкен калибрлі оқшашарлар БТР-де қондырылған болса, (КПВТ) қарсыласты 2000 м қашықтықта жоюға мүмкіншілік береді. Қарсыластың әуе нысаналары, өте төмен ұшатын ұшақтары мен тікұшақтары 500 метрге дейінгі қашықтықта болса, взводтың жеке құрамы атыс жүргізуіне болады.

Танкілі взводтың командирі қарсыластың қалқалы машиналарын жою кезінде, снарядтың түрлерін таңдайды, тиімді жағын ойлайды. Бұл жағдайда ол кумулятивтік снарядтарды тек жақын және орта қашықтықтағы қалқалы машиналарды жоюға болатынын еске ала отыру керек.

Калибрден төмен снарядтардан, жылдам жүретін қалқалы нысаналарды шалғай қашықтықтан бастап ата беруге болады.

Жарықшақты фугастың снарядымен БТР-ді, адам күшін, ал жарғышын екінші жағдайда қойып, ДЗОС, ДОС, тағы басқа ұзақ уақытты атыс құрылыстарын бұзуға болады. Ұрыс үстінде білікті нысананы көрсету, бөлімшелердің атысын басқару жұмысының негізі болып табылады.

Взводта атысты басқару (жергілікті жермен) бағдарлар жаққа, бөлімшенің жүру бағыты, із қалдыратын оқтармен, снарядтармен, жарық беретін құралдармен және бақылау-көздеуіш құралдарын нысанаға бағыттау арқылы жүргізіледі. ЖҰМ-мен, танкімен және взводтардың арасында нысананы көрсету бағдарлардан (жергілікті жерден) бастап снарядтармен немесе із қалдырғыш оқтармен көрсетіледі.

Атысты басқарудың маңызды бір бөлігі – атыс маневрі болып табылады. Оның көмегімен ұрыстың дәл сол кезінде атыстың басымдылығын қарсыластан асып түсетін жағдайға әкелуге болады.

Атыс маневрінің үш түрі бар: *шоғырланып, басқа жаққа көшіріп, таратып ату.*

Келе жатқан қарсыластың бағытында, аз уақыт ішінде өте тығыз атыспен, маңызды нысаналарды (нысаналар тобын) жою үшін, қолданылатын атыс маневрін шоғырланып ату деп түсіну керек.

Егер бір нысананы жойып, енді басқа маңызды нысананы жою керек болса, атысты көшіру маневрі қолданылады.

Таратып (жайылып) ату маневрі бір мезгілде бірнеше дара нысаналарды жою керек болғанда қолданылатын атыс.

Оқ-дәрінің шығынын бақылау, взвод (бөлімше, танк) командирінің, ұрысты атыспен қамтамасыз ету кезінде маңызды міндеті болып табылады. Оны үнемі бақылап, керек кезінде оларды толтыруға шаралар қолдануы тиіс.

VII. Шетел әскерлерінің құрамы, қару-жарағы және әскери техникасы

7.1. АҚШ әскерінің мотожаяу ротасының жеке құрамының, әскери техникасы мен қаруларының саны

Жеке құрамы, негізгі қарулары	Ротаның басқармасында	ЗМЖВ, оның әр қайсысында	Қару-жарақ взводында	Жөндеу секциясында	Ротадағы барлығы
Жеке құрам	11	38	35	11	171
5,56-мм М16А1 мылтығы	9	38	21	11	155
7,62-мм негізгі оқшашар М60	1	5	1		17
БТР М113А1	2	4		1	15
ТҚБР “Дракон”		4			12
ТҚБР “ТОУ”			2		2
40-мм М-203 гранатаатқышы	2	6		1	21
81-мм минаатқыш			3		3
Автомобиль	2		2	2	6
Радиостанция	2	5	10	9	30

АҚШ әскерінің танкілік ротасындағы жеке құрамының, ұрыс техникасымен қару-жарағының саны

Жеке құрамы, негізгі қарулары	Ротаның басқармасында		3 танкілік взвод, оның әрқайсысында	Жалпы ротада
	Басқарма секциясында	Жөндеу секциясында		
Жеке құрам	17	13	20	90
М60А1 (Абрамс)	2		5	17
БТР М-113А1		1		1
5,56-мм автоматикалық мылтық М16А1	7	11		18
11,43-мм пистолеті “Кольт”	8	4	20	72
11,43 пистолет-оқшашар	4	2	10	36
Автомобильдер	3	2		5
Радиостанция	4	3	5	22

7.2. ГФР әскерінің мотожаяу ротасындағы жеке құрамының, әскери техниканың және қару-жарақтың саны

Жеке құрамы, негізгі қарулары	Ротаның басқармасында	3МЖВ, оның әр қайсысында	Қару-жарак взводында
Жеке құрам	27	30	117
9 мм пистолет “Вальтер”	11	6	29
9мм пистолет-оқшашар МР2А1	10	15	55
7,62мм G3 автоматикалық мылтық	4	6	22
7,62мм негізгі MG3 оқшашары		3	9
ТҚБР “Милан”		3	9
БМП “Мардер”	2	3	11
Автомобильдер	3		3
Радиостанция	3		3
44мм РПГ “Панцерфауст”	3	3	12

ГФР әскерінің танкілік ротасындағы жеке құрамының, әскери техниканың және қару-жарақтың саны

Жеке құрамы, негізгі қарулары	Ротаның басқармасында	3ТВ, оның әр қайсысында	Жалпы ротада
Жеке құрам	15	16	63
“Леопард” танкісі	1	4	13
7,62мм G3 негізгі оқшашар	2	8	26
9 мм “Вальтер” пистолеті	15	12	51
44мм “Панцерфауст”	3		3
Автомобильдер	10		10

7.3. Танкілердің ұрыстық және техникалық сипаттамалары

Аты, елі	Танкінің салмағы	Экипаж, адам	Қару, оның калибірі, мм.	Оқшашарлар калибірі, мм.	Снарядтардың саны	Максималдық жылдамдығы, км/сағ.	Атыс қашықтығы,	Жүріс қоры, км.	Моторының күші, ат/күші
М60 (АҚШ)	48	4	105	1-7,62 1-12,7	63	48	2200	500	552/750
М60А3 (АҚШ)	49,7	4	105	1-7,62 1-12,7	63	48	2400	500	550/750
М-1 “Абрамс” (АҚШ)	53,4	4	105	2-7,62 1-12,7	55	70	2700	500	1100/1500
Леопард -1 (ГФР)	40	4	105	2-7,62	60	65	2300	600	610/830
Леопард -А1 (ГФР)	41,5	4	105	2-7,62	60	65	2300	600	610/830
Леопард -2 (ГФР)	54,5	4	120	2-7,62	41	72	2500	500	1100/1500

7.4. Атыс қаруларының негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы

Қарудың аты, елі	Салмағы, кг.	Көздеуіш қашықтығы, м.	Ұрыс шапшаңдығы, атыс/мин	Оқтың салмағы, г.	Оқжатардың сыйымдылығы, дана
9 мм пистолет “Вальтер” (ГФР)	0,78	50	16	8	8
11,43 пистолет “Кольт” (АҚШ)	1,2	70	14	15,2	7
11,43 пистолет-оқшашар (АҚШ)	3,7	90	60-120	15,2	30
9 мм пистолет-оқшашар (ГФР)	3,75	200	120	8	25
5,56 мм автоматикалық мылтық М16А1 (АҚШ)	3,22	500	150-200	2,5	20 (30)
7,62 мм негізгі оқшашар М60 (АҚШ)	1,04	1100	200	9,3	250
7,62 мм автоматикалық-мылтық G3 (ГФР)	4,1	400	100	9,1	20
7,62 мм негізгі оқшашар MG3 (ГФР)	11,6	1200	250	9,3	250
12,7 мм үлкен калибрлі оқшашар М-85 (АҚШ)	27	1800			110

7.5. Танкіге қарсы құралдардың негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы

Қарудың аты, елі	Қашықтығы, м.	Старттық салмағы, кг.	Ұрыс бас жағының салмағы, кг.	Қалқанды тесіп кету мүмкіншілігі, мм.	Басқару жүйесі.
44 мм РПГ “Пацерфауст” (ГФР)	300	6,3	2,1	375	
84 мм РПГ “Кольт” (ГФР)	550	13,2	2,6	320	
ТҚБР “Дракон” (АҚШ)	30-1000	6,3	2,4	430	Жартылай автоматикалық
ТҚБР “Милан” (ГФР)	25-2000	11,8	2,9	400	
ТҚБР “ТОУ” (АҚШ)	16,5	3,6	500		

ЖҰМ-дардың атыс қаруларының негізгі ұрыс-техникалық сипаттамасы

Қарудың аты, елі	Салмағы, т.	Ұрысесебі	Зеңбірек калибірі, мм.	Оқшашарының калибірі, мм.	Снарядтар саны, дана	Патрондарының саны, дана	Максималды жылдамдығы км/сағ	Жүру қоры, км.	Мотор күші, ат/күші
ЖҰМ “Мардер” (ГФР)	28,2	10	20	2-7,62	1250	5000	75	500	600
ХМ 732 (АҚШ)	18	12	30	1-7,62	600	4400	65	480	450
БТР М113А1 (АҚШ)	11	13		1-12,7		2000	65	480	215
“Трауджен” (АҒЫЛШЫН)	15,3	12		1-7,62			52	580	240

АҚШ, ГФР елдерінің жаяу әскеріне қарсы миалары

Миалар	Жалпы салмағы, кг.	Оқ-дәрінің салмағы	Тұлғасының материалы	Ені (диаметрде) мм	Биіктігі, мм.	Жарылуға керек саямақ, кг.	Жою радиусы
М14 (АҚШ)	0,13	0,03	пластмас са	56	40	0,9дейін	фугастық
М16А1 (АҚШ)	3,5	0,45	металл	100	140	3,5	Жарықшақтық 20 м дейін
М18А1 (АҚШ)	1,6	0,68	пластмас са	35	90		Жарықшақтық 30-40 м дейін
М25 “Элен”	0,09	0,009	пластмас са	29	90	7-10	Фугастық
ДМ11 (ГФР)	0,2	0,1	пластмас са	81	35	10	Фугастық
ДМ31	0,55	0,4	металл	100	124	5	Жарықшақтық 60 м дейін

АҚШ, ГФР елдерінің әскеріндегі танкіге қарсы миалары

Миалар	Жалпы салмағы, кг.	Оқ-дәрінің салмағы	Тұлғасының материалы	Көлемінің мөлшері, мм.			Минаның жарылуға керек күш, кг/с.	Жою сипаттамасы
				ұзындық, мм.	ені (диаметр), мм.	Биіктігі, мм.		
М15 (АҚШ)	13,6	10	металл		320	124	136-180	шынжыртабанды бұзады
М19 (АҚШ)	12,7	9,5	пластмас са	300	300	93	165-225	шынжыртабанды бұзады
М21 (АҚШ)	8,5	4,8	металл		230	115	1,7	Астын теседі
М24 (АҚШ)	10,8	0,87	металл	400	88,9			180 мм. қалқаны теседі
ДМ-11 (ГФР)	7,4	7	Тұлғасыз		300	90	450	шынжыртабанды бұзады

7.6. АҚШ, Франция және Ұлыбритания елдерінің ұрыс ұшақтары мен тікұшақтардың ұрыс қасиеттері

Ұшақтардың, тікұшақтардың аты, шығарылған елі	Экипаж, адам	ұшу жылдамдығы		ұшу қашықтығы	Жаңыраққа көтеруі м.	Бомба көтеруі	Қарулануы дана			Оқша шарлар
		максималды	жердің үстінде				Зеңбірек саны калибр	Басқару зым ыран	1-7,62 мм.	
F-4E фантом-2 ұшақ (АҚШ)	2	2300	1400	4000	18000	7250	1x20	18	285	
F-111E (АҚШ)		2650	1450	6100	18000	13600	1x20	20	-	
“Харриер” GR-3 (Ұлыбритания)		1180	3300	15200	2300	1	2x30	2	76	
“Ягуар” (Франция-Ұлыбритания)		1600	1350	3650	14000	4500	2x30	4	4	
“Мираж” 111E (Франция)		2350	1300	2800	17000	1800	2x30	6	36	
АН-16 “Хью-Кобра” тікұшақ (АҚШ)		70	-	270	3475	-	1x20	-	76	1-7,62 мм.
WG-13 “Линкс”(Ұлыбритания)		390	-	660	5000	-	1x20	6-8	18	1-7,62 мм.
ВО-105 (ГФР)	-2	270	-	660	5200	-	-	4-6 ТҚБ Р	-	-

VIII. Взвод шабуылда

8.1. Шабуылдың негіздері

Шабуыл қарсыласты ойсырытып, оның маңызды шебтерін (аудандарын) алу үшін жүргізіледі.

Жағдайға байланысты шабуыл қорғаныстағы және шегініп бара жатқан қарсыласқа қарсы жүргізілуі мүмкін. Әскери-ғылыми салалық терминологиялық сөздікте шабуыл тек қорғаныстағы қарсыласқа жасалуы қарастырылған. Шабуыл қарсыласты жеңу барысында шешуші маңызы бар ұрыс әрекетінің түрі. Шабуылдың негізгі мақсаты – қорғаныстағы қарсыластың әскерін тез арада (қысқа мерзімде) жойып, маңызды аудандарды (объектілерді) алу. Бұл жеңу үшін қажетті барлық құралдарды пайдалану, ядролық соққы нәтижелерін тиімді қолдану, әскердің шешуші әрекеттері, шабуылды шапшаң қарқында және неғұрлым тереңдете жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Шабуыл кезінде барлық күшті толық шоғырландырып, күндіз де, түнде де, ауа райының кез келген жағдайларында жүргізіледі. Құрлықтағы әскер бөлімшелері мен бөлімдері қарсыластың қапталы мен тылына тез шығып, оған шешуші соққылар беру үшін, олардың ұрыс тәртібін бұзып, бөлімдерін жою үшін, жергілікті жердің бедерін тиімді пайдалану керек. Қарсыластың қорғаныс шебінде ашық қапталдар болмаған жағдайда, шабуыл оның қорғанысын бұзып өтуден бастайды. Құрлықтағы әскер бөлімдері мен бөлімшелері шабуылға көшер алдында ядролық соққы берілуі мүмкін. Сонымен бірге, шабуылға шығар алдында зеңбіректердің күшімен атыс дайындығы, ал шабуыл кезінде атыс қолдауы жүргізіледі.

Ғылыми терминологиялық сөздіктегі шабуылдың анықтамасын келесі жүйеде кеңейтейік. Бұл жағдайда, біздің ұрыстың негізгі түрі шабуыл туралы толық түсінігіміз болады.

Шабуылды шабуылдап келе жатқан қарсыласқа жасауға болады. Шабуылды ізбасарлықпен соққы беріп, шегініп бара жатқан қарсыласқа да жүргізуге болады. Жағдайға байланысты шабуылды, жүріп келе жатып немесе қарсыласпен түйісіп тұрған жерден жүргізуге болады.

Жүріп келе шабуылға шығу үшін, қарсыластың жердегі барлауынан жасырынды түрде дайындық жүргізу керек. Қарсыластың шалғай соққы беретін артиллериясының атыс қашықтығы жетпейтін жерде шабуылға дайындық жүргізіледі.

Бөлімшелер ұйымдасып, бір уақытта шабуылға шығу үшін, бастапқы шеп, реттеу шебі (нүктесі) батальондық, роталық және взводтық лектерге жазылу және шабуылға шығу шебтері тағайындалады.

Взводта, жаяу ретте шабуылға шығу үшін, жерге түсу шебі тағайындалады. Взводтық лекте жазылу шебін, қарсыластың алдыңғы майдан шебінен 2-3 км қашықтықта тағайындау керек. Бұл қашықтықта қарсыластың танкіге қарсы құралдары бөлімшеге қаупін туғызбайды.

Қарсыластың алдыңғы шебінен 600 метрге дейінгі қашықтықта шабуылға шығу шебі тағайындалады.

Бұл қашықтық қарсыластың алдыңғы майдан шебіне тез арада максималдық жылдамдықпен көрсетілген “Ү” уақытында жетуге және нақты атысты жүргізуге мүмкіндік береді. Осы қашықтық бөлімшелердің өзіміздің артиллерияның соққысынан зардап шекпеуді қамтамасыз етеді.

Бөлімшелердің жаяу ретке өту шебі, қарсыластың алдыңғы майдан шебіне мүмкіншілігінше жақын болғаны дұрыс. Әдетте, қарсыластың оқшашарының және ТҚБР-ларының атысынан таса жер таңдалады.

Қарсыласпен түйісіп тұрған жағдайда шабуылды, взвод ережеге сәйкес түнде немесе көрініс шектелген жағдайда жүргізеді. Бұл жағдайда жеке құрам байланыс орларына жайғасады, ал ЖҰМ-дар (БТР) жергілікті жердің бедерінің қорғау сипатын пайдаланып, шабуылға шыққандарды атыспен қолдап отырады.

Бастапқы жерде, взвод қарсыластың ықтимал шабуылына тойтарыс беруге дайын болуы керек, сол себептен бақылауды және атыс жүйесін дайындайды.

Взвод командирі шабуылды тікелей сол жергілікті жерде ұйымдастырады, себебі бөлімшелердің ұрыс тапсырмасын нақтылауға, жергілікті жерді, қарсыласты зерттеуге болады. Қарсыласпен түйісіп тұрған жағдайда шабуылды танкілік взвод, күту шебінен бастайды, ал мотоатқыш взвод ілесіп шабуылға шығады.

Взводтың ұрыс мүмкіншілігі тұрақты емес. Қару-жарақпен, ұрыс техникасымен және жеке құраммен взвод толық қамтамасыз етілгенмен, ұрыстың нәтижесіне, жеке құрамның ұрыс дайындығы, моральды-психологиялық жағдайы басқа да ұрыс мүмкіншілігі, қарсыластың қарсы тұру шаралары да, жергілікті жерде ауа райы мен тәулік мезгілі де көптеп әсер етеді.

Взводтың барлық жағдайда ұрыс тапсырмасын орындағаны және ұрысқа дайындығын сақтап қалуы – оның ұрыс мүмкіншілігінің анықтамасы болып табылады. Оның атыс мүмкіншілігінің көрсеткіші – взводтың барлық атыс тапсырмаларының көлемі.

Взводтың ұрыс мүмкіншілігінің құрамына атыс күші, соққыш күші, маневрлігі кіреді. Взвод оларды өзінің және қос берілген атыс құралдарымен іске асырады.

Қарсыласты анықталған деңгейде жою, басып тастау және шығынға ұшырату атыс мүмкіншілігінің орындалу нәтижесі болып табылады.

Атыс мүмкіншілігінің көрсеткіші ретінде қарсыластың жойылған танкілерінің, басқа да қалқалы объектілерінің және атыс қаруымен адам күшінің жойылғаны саналады.

Атыс қаруларымен қарсыластың адам күштерін жойғанда, взводтың атыс мүмкіншілігін есептеу реті төмендегідей:

- шабуылға шығудың алдында, ұрысқа қатысатын атыс қаруларының бір түрінің саны анықталады;
- қарудың атыс қарқынына қарай бір минутта атылатын оқтың саны анықталады;
- взводтың шабуыл кезінде атылатын оқтың санын шабуылданатын майданның еніне бөліп, атыстың тығыздығы анықталады.

8.2. Взвод шабуылда

Әдетте, взвод шабуылды ротаның құрамында, батальонның қорында, штурмдық топтарда, ұрыс барлау шолғынында және өзінше жеке түрде жүргізеді.

Шабуылда взводтың ұрыс тапсырмасы ретінде, шабуыл объектісі және шабуылдың шалғай бағыты көрсетіледі. Оған оқшашар бөлімшесі, автоматикалық гранатаатқыштар және оқшашарлар қос берілуі мүмкін.

Ұрыс тапсырмасын орындау барысында, взвод жағдайға байланысты ұрыс алдындағы, ұрыс және жорық ретінде іс-қимыл жасайды.

Взводтың ұрысы ЖҰМ-дардың (БТР), танктердің және күшейту құралдарының ұрыс желігінен тұрады, олардың арақашықтығы 100 метрге дейін болады.

Взводтың жаяу реттегі ұрысы ЖҰМ-дардың, күшейту құралдардың сызығынан құралады. Шабуылды жеке құрам танктердің желігінің артында, өз снарядтарының жарықшақтарының қатерінен қауіпсіздік қашықтықта және танкілердің ілгерілеуін атыс қаруларымен қолдау арқылы жүргізеді.

Шабуылды ұйымдастыру

Ұрыс дайындығын, әдетте, взвод командирі жергілікті жерде ұйымдастырады. Егер ондай мүмкіншілік болмаса, бастапқы ауданда картамен (схемамен) немесе жергілікті жердің нобайы арқылы іске асырады. Бұл жағдайда бөлімшелердің және қос берілген құралдардың ұрыс тапсырмаларын взвод командирі, шабуылға шығу шебіне ілгерілеу кезінде жергілікті жерде нақтылайды.

Қарсыласпен түйісіп тұрған жағдайдан, шабуыл ұрысын ұйымдастыру жұмысының барлығы жергілікті жерде жүргізіледі. Бұл жұмыстың реті нақты жағдайға, қойылған тапсырмаға және уақыттың көлеміне байланысты болады.

Ұрыс міндетін алған соң, взвод командирінің іс-қимылдары:

- Міндетті ұғады;
- Жағдайды бағалайды;
- Шешім қабылдайды (әдетте, аға командирдің жүргізген барлау, зерттеу кезінде);
- Барлау, зерттеу жүргізеді;
- Бірлескен іс-қимылдарды, басқару және ұрысты қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- Жеке құрамның қару-жаракпен, оқ-дәрімен қамтамасыз етілгенін және ұрыс техникасының шабуылға дайындығын тексереді;
- Көрсетілген уақытта рота командиріне ұрыс тапсырмасын орындауға взводтың дайындығын баяндайды.

Алған міндетті ұғу кезінде взвод командирі түсіну керек:

- ротаның және взводтың тапсырмасын;
- шабуыл бағытындағы аға командирлерінің құралдарымен жойылатын объектілерді (нысаналар);
- көршілердің тапсырмаларын және олармен бірлесіп істейтін іс-қимылдарды;
- шабуылға дайындық уақытты.

Жағдайды бағалау

Қарсыластың құрамын, орналасқанын, ықтимал іс-қимылдарын және атыс құралдарының жайғасқан орындарын бағалағанда взвод командирі зерттейді:

- қарсыластың қорғанысының алдыңғы майдан шебінің және оның алдындағы бөгеттерінің сипатын;
- взводтың шабуыл майданындағы күштердің саны мен құралдарын;

- қарсыластың күштері мен құралдарының жақын тереңдікте орналасуын.

Қарсыласты зерттеудің негізінде взвод командирі анықтайды:

- қарсылас қорғанысының күшті және осал жерлерін;
- бөлімшелердің шабуыл объектілерін, оның күшейту құралдарын және шабуылды жалғастыру бағытын.

Взводтың жағдайын, қамтамасыз етілуін және қос берілген бөлімшелердің мүмкіншіліктерін зерттей отырып, взвод командирі бағалайды:

- взводтың және қос берілген бөлімшелердің жеке құраммен толықтырылуын;
- жеке құрамның моральдық және дене күшінің жағдайын;
- ЖҰМ-дардың (БТР) техникалық жағдайын, қару-жарақтар мен қорғаныс құралдарын және оқ-дәрімен қамтамасыз етілуін.

Өзінің және қос берілген бөлімшелердің жағдайлары мен мүмкіншілігін бағалай отырып, взвод командирі жобалайды:

- ұрыс ретіндегі бөлімшелердің және күшейтетін құралдардың орнын;
- күштер мен құралдарды бөліп беруді;
- взводты материалдық құралдарымен толықтыруды және техника мен қару-жарақтың техникалық жағдайын қарауды, қорғаныш құралдармен толықтырудың негізгі шараларын.

Көршілердің құрамын, орналасуын, іс-шараларының сипатын және олармен бірлесіп іс-қимыл жасау жағдайын бағалай отырып, взвод командирі анықтайды:

- қайсы көршімен тығыз іс-қимыл жасау керек екенін;
- көршілермен байланыста болу ретін;
- қапталдарды қамтамасыз ету ретін.

Жергілікті жердің сипатын бағалай отырып, взвод командирі зерттейді:

- жергілікті жердің жалпы сипаттамасын (ашық, жартылай жабық, жабық);
- қарсылас қорғанысының майдан шебіне жақындау жолдарын;
- шабуыл кезінде, атыс және бақылау жүргізу жағдайларын;
- жасақты және табиғи бөгеттерді.

Жергілікті жерді бағалау негізінде взвод командирі анықтайды:

- бөлімшелердің жерге түсу жерлерін;

- қарсыластың бөлімшелерінің басқару және атыс жүргізу жүйелерін бұзу үшін, басып алатын шепті;
- жақын тереңдікте ықтимал іс-шаралардың ретін.

Жағдайды бағалаудың негізінде взвод командирі шешім қабылдайды. Оның ішінде: алған тапсырманы орындау реті, бөлімшелердің міндеттері, қос берілген бөлімшелердің міндеттері, атыс құралдарының міндеттері және бірлесіп іс-қимыл жасау реті көрсетіледі.

8.3. Тапсырманы орындау реті

Взвод командирі барлау, зерттеуді бөлімше командирлерімен, қос берілген бөлімшелердің командирлерімен, кейбір жағдайда механик-жүргізушілермен жүргізеді.

Егер де жергілікті жерде бақылау-барлау орнына баруға мүмкіншілік болмаған жағдай болса, взвод командирі барлау, зерттеуді бастапқы ауданда картамен немесе жергілікті жердің нобайында жүргізеді.

Барлау, зерттеудің кезінде взвод командирі жергілікті жерді зерттеп, бағдарларды көрсетеді және нақтылайды:

- қарсылас қорғанысының майдан шебінің сипатын, оның атыс құралдарын, әсіресе танкіге қарсы құралдарының орналасуын және бөгеттерінің сипаттамасын, сонымен бірге аға командирінің құралдарымен жойылатын нысаналарды;
- бөлімшелердің және қос берілген атыс құралдардың ұрыс міндеттерін;
- бөгеттердегі өтпелерді, кедергілерден өтетін жолдарды, олардың белгілерін және миналық тралдармен танктерді жабдықтау орындарын;
- ілгерілеудің жолдарын, жазылу, шабуылға шығу, жерге түсу шебтерін және қауіпсіздік қашықтықты.

Барлау, зерттеуді жүргізіп болған соң, взвод командирі ұрыс бұйрығын береді. Ұрыс бұйрығынан кейін, взвод командирі қос берілген бөлімшелермен бірлесіп, іс-қимыл жасау жұмыстарын ұйымдастырады. Осы кезде ол міндетті түрде көрсету керек:

- шабуылға шығу, жазылу шебтеріне ілгерілеу мен ұрыс реттерді атқыш қаруларынан, ЖҰМ-дардан (БТР) ату тәртібін және шабуылға шығуды, бөгеттерден өтпелерді жасауды, кедергілерден өту жолдарды, қарсыласқа ядролық қару қолданған жағдайда қауіпсіздік шараларды;
- әуе нысаналарын ату ретін;
- бөлімшелердің, қос берілген атыс құралдардың және көршілердің өзара іс-қимылдарын сәйкестендіруді;
- хабарландыру, басқару, бірлесіп іс-қимыл жасау ретін;
- жеке құрамның жерге түсу жерін, ЖҰМ-дардың (БТР) іс-қимылдарын.

Ұрысты қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырғанда взвод командирі көрсетеді:

- бақылау ретін, қарсылас ядролық, химиялық, жандырғыш қаруларын қолданған жағдайда, шабуылға шығу шебіне ілгерілеу және жеке құрамның іс-қимылдарын;
- шабуылға шығу, ауданының инженерлік жағдайымен жабдықталуын, оны бүркемелеуді, ілгерілеу кезіндегі бүркемелеу шараларын;
- қарсыластың миналық алаңындағы өтпелердің орнын, олардың белгіленуін және өту ретін;
- жаяу ретте шабуыл жүргізгенде миналық алаңды танкілердің ізімен өту ретін.

Взвод командирі басқаруды ұйымдастырғанда, бастапқы ауданда ілгерілегенде және шабуылдың барысында радиокұралдардың қолдану ережелерін, радио арқылы берілетін мәліметтердің көрсеткішін жеткізеді.

Қарсыластың ЖДҚ (жоғары дәлдікті қаруларынан) қорғану үшін, оның тиімді әсерін максималды төмендету барысында кешенді шараларды жүргізу керек. Ол шаралар:

- жергілікті жердің бедерін тиімді қолдану;
- орналасқан ауданды инженерлік жабдықтау;
- жалған аудандарды жасау;
- ұрыс техникасын, қару-жарақты, бекіністі бүркемелеу;
- қарсыластың ЖДҚ (жоғары дәлдікті қаруларынан) қолдану қаупі туралы уақытылы хабарлау;
- жалған нысаналарды кең қолдану;
- ілгерілеу жолдарын түтінмен жабу болып табылады.

Шабуылды түнгі мезгілде ұйымдастырудың ерекшеліктері

Взвод командирі түнгі шабуылды ұйымдастырғанда, күндізгі шабуылдағыдай жалпы сұрақтарды қарастырады және сонымен бірге:

- түнгі мезгілде көрінетін бағдарларды;
- бағыттаушы бөлімше мен взводтың шабуыл бағытының азимутын;
- жергілікті жерді жарықтандыру үшін бөлімшелерді (танкті, ЖҰМ, БТР) жарық беру құралдарымен қамтамасыз етуді;
- қаруларды түнде атуға дайындау және түнде көретін құралдарды қолдануды;
- бір-бірін тану белгілері және жеке құрамды атомның жарық сәулесінен қорғау шараларын қолдануды;
- бөлімшелерді жарықтандыру және белгі беретін құралдармен жарық беріп ұшатын снарядтар және із қалдырғыш оқтармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

Қарсыластың жарықтандыру құралдарымен күресу үшін, взводтан оқшашаршыны немесе мергенді тағайындаған дұрыс болады.

Мотоатқыш бөлімшелердің алдында келе жатқан танкілердің қашықтығы шабуылдың әдісіне байланысты, ол мотоатқыш бөлімшелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. 100-200 метр қашықтық, өз артиллериясының снарядтарынан зардап шекпейтін жағдай болады және бір-бірін қолдауға мүмкіншілік береді.

Соққы күші деп – бөлімшелердің атыспен қозғалысты бірлестіріп, қарсыласқа беретін мықты соққыны айтады.

Взводтың соққы күшінің негізінде танкілердің, ЖҰМ-дардың (БТР), танкіге қарсы құралдардың және атыс қаруларының атыстары және шапшаң қозғалыстармен шабуылдап, қарсыластың қорғанысында, оның тереңдігінде атыс құралдарын, адам күштерін жойып, шабуыл объектісін басып алу жатады. Сол себептен, взводтың соққы беру күші өзінің атыс және маневрлік мүмкіншіліктерінен басқа, қарсыластың әр түрлі қаруынан сақтану қабілетінен, ротадағы орнынан, шабуыл майданына тәуелді болады.

Шабуыл екі жақты процесс, мұнда шабуылшылар қорғаныстағыларды, ал қорғаныстағылар шабуылшыларды жоюға ұмтылады. Сонымен, шабуылдағы взводтың соққы күші, күштердің тығыздығына және қорғаныстағылардың күші мен құралдарына қатысты. Түбінде, ұрыс нәтижесі екі жақтың күштері мен құралдарының бір-біріне қатынасының сипатымен анықталады.

Взводтың соққы күшінің негізінде, қалқалы техникалар (танктер, ЖҰМ-дар, БТР-лер), оның қару-жарақтары және жеке құрамы жатады.

Маневрлік мүмкіншілік деп – взводтың қозғалыста, шабуылға дайындық кезінде және шабуылда тез ілгерілеуін, шапшаң жылжуын және қозғалыс бағытын өзгертуін, ұрыс үстінде анықталған уақытта маневр жасауын, радиоактивтік, химиялық залалданған, қиратылған аудандарды, үйінділерді және өртті аймақты өту қасиеттерін түсіну керек.

Маневрді қарсылас күтпеген жерде тез, жасырынды жүргізу керек.

IX. Взвод қорғаныста

9.1. Қорғаныстың негіздері

Тактиканың осы тарауын қарастырғанда, «қорғаныс» деген түсініктің өзін анықтап алу керек. Қазақ тілі терминдерінің салалы ғылыми түсіндірме сөздігінде қорғаныс ұрысының анықтамасы келесі түрде берілген:

Қорғаныс ұрыс қарсыласқа айтарлықтай шығын келтіре отырып, оның шабуылын тойтару, маңызды аудандарды (шепті, объектілерді) бермей ұстап тұру, сол арқылы әскердің қарсы шабуылға шығуына жағдай жасау мақсатында жүргізілетін әскердің тактикалық қимылының бір түрі.

Қандай жағдайда қорғанысқа көшеді? Шабуылға шығуға мүмкіншілік болмағанда, мәжбүрліктен қорғаныс ұрысы жүргізіледі. Ол мынадай жағдайларға тәуелді:

- қарсыластың жағдайына, оның іс-қимылының сипатына;
- өз бөлімшелерінің іс-қимылдарының сипатына;
- көрші бөлімшелердің іс-қимылдарына;
- жергілікті жердің табиғи бедеріне;
- қолданылатын қарулардың мүмкіндіктеріне.

Қорғаныс алдын-ала дайындалуы немесе ұрыс үстінде ұйымдастырылуы мүмкін, қарсыласпен түйісіп тұрған және түйіспей тұрған жағдайларда:

Взвод қарсыласпен түйісіп тұрған жағдайда қорғанысқа көшуі мүмкін:

- шабуыл кезінде қарсыластың басым күшіне тойтарыс беру үшін;
- алған шебтерді ұстап, бекініп қалу үшін;
- қауіпті қапталды жабу үшін;
- бетпе-бет ұрыста ыңғайсыз жағдайдың нәтижесінде қарсыластың

басым күштеріне тойтарыс беру үшін.

Қарсыласпен түйіспей тұрған жағдайда взвод қорғанысқа өтуі мүмкін:

- Батальонның 2-ші қатарында тірек нүктесін қорғағанда;
- Қамтамасыз ететін жолақта қорғаныстағы бөлімшелердің қолдауымен қорғанысқа көшетін жағдайларда;
- Теңіз жағасын қорғағанда, егер қарсылас теңіз десантын түсіруі ықтимал болса;
- Мемлекеттік шекараны қорғағанда.

Қорғаныста тиімді табиғи шебтердің пайдасы мол, өйткені жергілікті жердің қорғаныс қасиеттерін қолдануға болады. Оларды инженерлік жағынан жабдықтаса, қорғанушыларға біршама атыс және тактикалық басымдылық пайда болады.

Қорғаныстағы взводтың орны, рөлі және тапсырмасы

Әдетте, взвод ротаның құрамында қорғаныс ұрысын жүргізеді немесе бірінші, екінші қатарда және батальонның қорында болуы мүмкін тосқауылға немесе ұрыс күзетіне тағайындалады.

1-ші реттегі қорғаныстағы взводтың міндеті атыстың барлық түрімен, көршілермен бірлесіп іс-қимыл жасап, шешімді түрде майдан шебтің алдындағы қарсыласты жою, тірек нүктесін ұстап қалу болып табылады.

Батальонның екінші ретіндегі, ротаның құрамында қорғаныстағы взводтың міндеті, қорғанысқа кіріп қалған қарсыласты жоюға дайын болып, тұрған тірек нүктесін мықты ұстап, бермеу және көп шығынға ұшыраған, немесе ұрыс қабілетін жоғалтқан 1-ші реттегі бөлімшелердің орнына ұрыс жүргізуге дайын болуы болып табылады.

Қордағы взводқа аудан немесе тірек нүктесі тағайындалып, кенеттен шыққан міндеттерді орындауға дайын болу керек. 1-ші реттегі бөлімшелер шығынға ұшыраса немесе ұрыс қабілетін жоғалтқан жағдай болса, олардың орнына барып ұрысты жүргізеді және оларды күшейтеді.

Десантқа қарсы қордағы взвод, көрсетілген бекініске барып, оны инженерлік жағынан жабдықтап, қарсыластың барлауын жоюға дайын болу керек және өзіміздің негізгі күштерге қарсыластың кенеттен шабуыл жасауын жібермеу болады.

ЖҰМ-дағы взвод тосқауылға тағайындалуы мүмкін. Взвод көрсетілген жерге жайғасып, мұқият бүркемеленеді. Қарсылас анықталған шебке жақындағанда, взвод жақын қашықтықтан оларды кенеттен атыс құралдарының барлығымен жояды.

Қарсыласты бағалау кезінде, взвод командирі шешімінде анықтайды:

- шабуылдағы қарсыластың күшті және осал жерлерін;
- қарсыластың күштері мен құралдарының санын;
- негізгі шоғырланған күштің бағытын, қорғаныстың тұрақтылығын, нығайту жерлерін;
- ұрыс ретін құруды;
- шоғырланып атуды қандай шебтерге дайындау керек екенін;
- автоматтардан, оқшашардан, ЖҰМ-дардың қаруынан, ТҚБР-ның атыс шебтерінің орнын.

Жағдайға баға берудің келесі элементі өзінің, қос берілген және қолдайтын бөлімшелердің жағдайларын бағалау болып табылады.

Взводтың, қос берілген бөлімшелердің жағдайын қамтамасыз етілуін және мүмкіншілігін зерттей отырып, взвод командирі бағалайды:

- взводтың, қос берілген бөлімшелердің толықтырылуын;
- жеке құрамның моральдық және дене күшінің жағдайын;
- ұрыс техникасының, қару-жарақтардың техникалық жағдайын, олардың оқ-дәрімен қамтамасыз етілуін.

Взвод командирі өзінің жағдайын бағалаудың нәтижесінде анықтайды:

- взводтың ұрыс ретіндегі әрбір бөлімшенің (күшейту құралдарының) орнын;
- күштер мен күшейту құралдарын бөлімшелерге таратып беруді;
- материалдық құралдармен взводты толықтыру және техникамен қару-жарақтарды техникалық күтім жасау үшін негізгі шараларды.

9.2. Қорғаныстағы взводтың ұрыс мүмкіншілігі

Қорғаныстағы взводтың ұрыс мүмкіншілігі атыс және маневрлік мүмкіншілігімен сипатталады.

Атыс мүмкіншілігі деп – взводтың танкіге қарсы құралдарымен қарсыластың танкілерін жою және атқыш қаруларымен адам күші мен атыс құралдарын жою мүмкіншілігі айтылады.

Маневрлік мүмкіншілігі деп – взводтың ілгерілеуі атыс шебтеріне жету үшін жайылу қаблеттерін және басқа іс-қимылдарын анықталған уақытта жүргізуін айтады.

Взводтың қорғаныстағы тірек нүктесінің майдан шебі 400 метрге дейін, ал атыспен қамтамасыз ететінін есепке алсақ, көршілермен арақашықтық 700 метрге дейін болады.

Танкілермен күресуге жеке құрамның танкіге қарсы қол гранаттары РКГ-3 және РПГ-18 “Муха” гранатаатқыштары бар.

Взводтың тірек нүктесі дегеніміз – жергілікті жердегі взводты күшейтуге қос берілген құралдармен ұрыс ретінде жайғасылған инженерлік жағынан жабдықталған, атыс жүйесі дайындалған, қарсыластың шабуылына тойтарыс беруге дайын болған аудан. Взводтың тірек нүктесі айнала қорғанысқа дайындалады, ең алдымен қарсыластың танкілерімен күрес жүргізуге дайын болып, оны ұқыпты түрде бүркемелеу керек.

Взводтың тірек нүктесінің ені 400 метрге дейін, ал тереңдігі 300 метрге дейін, ал көршілермен арақашықтығы 300 метрге дейін болады. Взводтың тірек нүктесі бөлімшелердің бекінісінен, ЖҰМ-дардың (БТР) атыс бекіністерінен және күшейтуге қос берілген құралдардың атыс бекіністерінен құралады.

Айнала қорғану үшін, тірек нүктесінде ЖҰМ-дарға (БТР), танкілерге, ТҚБЗ, гранатаатқыштарға, қапталдарға және тылға қосалқы атыс бекіністері дайындалады.

Взводқа қос берілуі мүмкін: оқшашар, гранатаатқыш, отшашар бөлімшелері, қарсыластың нысаналарын взводтың бөлімшелерінің атысымен жою арқылы іске асырылады.

Шоғырланып ату (ША) деп – автоматтардан, оқшашардан, гранатаатқыштардан және ЖҰМ-дардың (БТР) қару-жарағынан бір нысанаға немесе қарсыластың ұрыс ретінің бір бөлігіне жүргізілетін атысты айтады.

Взводтың ЖҰМ-дарының шоғырланып ату жері, майдан шебтен 2-3 км қашықтықта тағайындалады (жарықшақты гранатамен атқылайды).

Взводтың шоғырланып ату учаскесінің ені 75 м дейін (25 м әр зеңбірекке), тереңдігі 50 м (гранаттардың жарылу есебімен).

Атқыш қаруларынан жердегі нысаналарды шоғырланып атыспен жою үшін, автоматтармен, қол оқшашарларымен 600 м дейін, ал ПК және ПКТ оқшашарларымен 1000 м дейін, үлкен калибрлі КПВТ оқшашарларымен (БТР) 2000 м дейінгі қашықтықта атыс жүргізіледі.

Қарсыласты жоюдың тиімдісін көбейту үшін, майданшебтік, қапталдық екі жақтан қосылған және қанжарлық атыстар дайындалады.

Бөлімшеге, взводқа атыс жолағы тағайындалады. Атыс жолағы жергілікті жерде төрт бағдарлармен (нүктемен) тірек нүктесінің оң жақтағы қапталынан бастап көрсетіледі, ал атыс секторы екі нүктемен көрсетіледі.

Бөлімшелердің арасын атыспен қамтамасыз ету үшін, атыс жолағының ені взводтың қорғаныстағы майдан шебінен үлкен болады.

Атыс жүйесі дайын деп есептеуге болады, егерде атыс құралдары атыс бекінісінде орналасса, жеке құрам оқ-дәрімен қамтамасыз етіліп, атысқа дайын болса, атыстағы міндеттерін ұғып алған жағдай болса.

Қорғанысты ұйымдастыру

Қорғанысты ұйымдастыру деп – взвод командирінің жұмысын айтады. Ол жұмыстар: шешім қабылдау, қарамағандағыларға ұрыс тапсырмасын беру, бірлесіп өзара іс-қимылдарды жасауды ұйымдастыру, атыс жүйесін құрау, ұрысты барлық жағынан қамтамасыз ету және басқару болып табылады.

Взвод командирінің жұмысы: нақты жағдайға, алынған міндетке және оны орындау үшін бөлінген уақытқа байланысты болады. Барлық жағдайда взвод командирі тез қорғанысқа жайғасуды қамтамасыз етіп, бөлінген уақытқа дейін атыс жүйесін құруға ұмтылады.

Қорғанысқа өту міндетін алғаннан кейін, взвод командирі оны ұғады, тез арада ұрыс шебіне жайғасуға бөлімшелерге тапсырма қояды, тірек нүктесінің майдан шебінің алдында, қапталдарында бақылауды және өзара бірлесіп істейтін іс-қимылдарды ұйымдастырады, атыс жүйесін құрайды, ұрысты қамтамасыз ету және басқару жұмыстарын ұйымдастырады, қарсыластың қаруларынан сақтану шараларын жеткізіп, тірек нүктесінде инженерлік жабдықтау жұмыстарын ұйымдастырады. Одан кейін, ол жергілікті жерді зерттеп, бөлімшелердің тапсырмаларын нақтылайды және өзара бірлесіп істейтін іс-қимылдарының ретін жеткізеді.

Тапсырманы ұғу, взвод командирінің қорғанысты ұйымдастыру жұмысының бастамасы болып келеді. Ол, әдетте, рота командирінен тапсырманы алып, картаға түсіргеннен басталады. Тапсырманы ұққанда взвод командирі, рота мен взводтың міндеттерін, негізгі күштерді қай бағытта жергілікті жерде шоғырландыру керек екенін, аға командирлердің құралдарымен взводтың іс-қимылын жасайтын бағытында жойылатын объектілерді (нысаналар), көршілердің тапсырмаларын және олармен бірлесіп іс-қимыл жасау ретін, тапсырманы орындауға бөлінген уақытын түсіну керек.

Тапсырманы ұққаннан кейін, взвод командирі көрсетілген шебте жайғасуға пәрмен береді. Содан соң, взвод командирі тірек нүктесінде инженерлік жабдықтау жұмысын ұйымдастырып, жағдайды бағалауға кіріседі.

Жағдайды бағалау деп – командирдің логикалық ойлау процесін түсіну керек. Ол деген, ұрыс тапсырмасын орындауға әсер ететін жағдайдың әр элементін талқылау және зерттеу процесі болып табылады.

Зерттеу және бағалау кезінде взвод командирі қарсыластың құрамын, ықтимал бағытын, және күштері мен құралдарының шабуылға жазылу шебтерін анықтау керек.

9.3. Командирдің жағдайға баға беруі

Взвод командирінің келесі жұмысы – көршілердің жағдайын бағалау болып табылады. Взводтың қапталдағыларындағы, алдында және артында іс-қимыл жасайтын бөлімшелерді – көршілер деп түсінеміз.

Көршілердің жағдайына баға бергенде ұғып алу керек: міндеттерін, жергілікті жердің қандай жерінде негізгі күштерін шоғырландыратынын,

бекіністерінің арасын жабу үшін қандай күштерді, құралдарды тағайындағанын және бірлесіп іс-қимыл жасау ретін.

Көршілердің жағдайына баға бергеннің нәтижесінде взвод командирі шешім қабылдайды. Сол кезде анықтайды:

- қандай көршімен тығыз іс-қимыл жасау керек екенін;
- көршілермен байланыста болу ретін;
- қапталдармен өзара арақашықтықты атыспен қамтамасыз ету ретін.

Жергілікті жерді бағалағанда взвод командирі майдан шебтің алдында қорғаныш болатынын тактикалық бүркемелеу қасиеттерін, оның сипаттамасын анықтап, қарсыластың танкілері мен бронетранспортерлері өтіп кететін жағдайларына назар аударады. Бақылауды ұйымдастыруға болатынын қарастырып, атыс жүйесін қалай құру керек екенін анықтайды. Жергілікті жердің үстіндегі бедерін қарап, оны бөлімшелердің атыс құралдарының жасырын іс-қимыл жасауына, қарсыластың тылына шығу мүмкіншілігін және айнала қорғанысқа шығу жағын қарастырады.

Жергілікті жерді бағалау нәтижесінде взвод командирі анықтайды:

- қарсылас күштерінің негізгі соққысының бағытын;
- қорғаныстың төзімділігін анықтайтын жергілікті жердің бедерін;
- қарсыластың ұрыс ретіне жазылуға ықтимал шебтерін;
- Танкілердің, ЖҰМ-дардың және ТҚБР кешендерінің атыс жүргізетін шебтерін;
- Блиндажды, паналар жасауға болатын жерлерді;
- Бүркемелеуді, бекіністерді инженерлік жабдықтау, қарсыластың құралдарынан қорғану іс-шараларды.

Қарсыластың ұшақтарының, тікұшақтарының ықтимал іс-қимылдарына баға беріп, взвод командирі әуе күштерінің іс-қимылдарының сипатын нақтылайды. Ықтимал ұшатын бағыттарын, атыспен қолдайтын тікұшақтардың соққы беруге жазылатын шебтерін анықтайды.

Шешімде взвод командирі анықтайды:

- қарсыластың әуе күштерін бақылау және ол туралы жеке құрамды ескерту ретін;
- қарсыластың әуе нысаналарымен күресуге тағайындалатын күштер мен құралдарды;
- төмендегі және өте төмен ұшатын ұшақтар мен тікұшақтарды жою ретін.

Бөлімшелердің ұрыстағы іс-қимылдарына ауа райының, жыл мезгілінің әсері көп болады. Ауаның температурасын, желдің жылдамдығы мен бағытын, атмосфераның көрінілетінін, жауын-шашынды, ауаның бұлттығын және жыл мезгілі мен тәулік мерзімін есепке алып шешім қабылдауға болады.

Қорғаныста взвод командирі, ұрыс бұйрығында төмендегілерді көрсетеді:

- қарсыластың іс-қимылдарының сипаттамасын бағалаудың нәтижесін;

- взводтың ұрыс тапсырмасын;
- взводтың қорғаныстағы майдан шебінің алдындағы аға командирлердің құралдарымен жойылатын қарсыластың объектілері мен нысаналарды;

- ұрыстың мәнісін (қорғаныстың төзімділігін нығайтатын жерлерді, учаскелерді, шоғырланған түрде негізгі күштермен қорғау), ұрыс ретін және тірек нүктесін құрастыру; қарсыластың майдан шебке ілгерілеуі, шабуылға шығуға жазылуы, қорғаныс нүктесіне кірген кезде, оларды взводтың штаттық және қос берілген атыс құралдарымен жою; тірек нүктесін инженерлік жабдықтау реттерін;

- күшейту құралдарын, тірек нүктесінің бекіністерін және негізгі күшті шоғырландыру бағытын, шабуылға тойтарыс беру және кіріп келген қарсыласты жою тапсырмаларын, байланыс жолдары мен майдан шебтің сипаттамасын, атыс жолақтарды, шоғырланып ату учаскелері мен қосымша атыс секторларын, қапталдарды қандай күштермен, құралдармен қамтамасыз етуді, кім оларға жауапты екенін;

- ұрыс тапсырмасын орындауға кететін оқ-дәрілер мен жанармайлардың мөлшерін.

Бірлесіп істейтін іс-қимылдарды, взвод командирі қарсыластың шабуылдағы бағытына қарай, өз тапсырмасына сәйкес және қарсыласқа қарсы шабуыл жасау бағытына қарай ұйымдастырады.

Бірлескен іс-қимылдарды, ұйымдастырғанда взвод командирі бөлімшелердің өзара іс-қимылдарын, артиллерияның, басқа құралдардың, көршілердің іс-қимылдарымен сәйкестендіріп, қарсыластың взводтың қорғаныс майдан шебінің алдына жақындағанда, жазылып шабуылға шыққан кезінде, танкілері мен жаяу әскеріне тойтарыс бергенде, олардың күштері майдан шебті бұзып кіріп келген жағдайдағы іс-шараларды қарастырады. Әдетте, бірлесіп істейтін іс-қимылдарды ұйымдастырудың соңы хабарлау, басқару және бірлескен іс-қимылдардың белгілерін жеткізумен аяқталады.

Қорғаныстағы взводтың ұрысқа қамтамасыз етілуіне: барлау, ЖҚЖҚ-нан қорғану, бүркемелену, инженерлік, химиялық және қорғану жұмыстары жатады.

Ұрысты ұйымдастыру жұмысының негізінде, взвод командирі взводтың тірек нүктесінің схемасын құрастырады, оның ішінде көрсету керек:

- бағдарларды, олардың нөмірлерін, аттарын және оған дейінгі қашықтықты;

- қарсыластың жағдайын;

- взводтың атыс жолағын, негізгі және қосымша атыс секторларын;

- бөлімшелердің бекіністерін, олардың атыс жолағын және негізгі қосымша атыс секторларын;

- танкілердің, ЖҰМ-дардың және көршілермен аралықты қамтамасыз ететін атыс құралдарының негізгі және қосымша атыс бекіністерін;

- шоғырланып ату учаскелерін және оның ішінде бөлімшелердің ататын жерлерін;

- ротаның шоғырланып ату учаскелері және оның ішінде взводтың ататын жерлерін;
- Танкілердің, ЖҰМ-дардың, танкіге қарсы құралдардың және басқа атыс құралдардың атыс шебтерін;
- Рота командирінің взводтың тірек нүктесінде және оның қапталдарында орналасқан атыс құралдарының бекіністерін және олардың атыс секторларын;
- Бөгеттерді және фортификациялық құрылыстарды;
- Көрші бөлімшелердің бекіністерін және олардың атыс жолақтарын;
- Взвод командирінің басқару-бақылау нүктесінің жайғасатын орнын.

Қорғаныстағы ұрысты жүргізу

Қарсыластың шабуылының алдында, взводта мықты ұрыс іс-қимылдарының тәртібі қалыптастырылады:

- қарсыласты үзілмес бақылау жүргізіледі;
- қарсыласты жоюға дайын болып, қосымша және уақытша атыс бекіністерінде кезекші атыс құралдары орналасады.

Қарсылас шабуылдың алдында шағын топтарымен майдан шебте барлау жүргізіп, қорғаныстың тереңдігіне кірмек болады, әсіресе, түнде немесе көрініс шектелген жағдайларда. Бұл жағдайда, взвод командирі қырағылықты күшейтіп, жергілікті жерді жарықтандыру шараларын ұйымдастырып және атыс құралдарының көпшілігін бекіністе ұрысқа дайын ұстап тұру керек. Қарсыластың барлауға шыққан және бөгеттерде өтпе жасауға және қорғаныстың тереңдігіне кірмек болған шағын топтарын, взвод командирінің пәрмені (белгісі) бойынша кезекші атыс құралдардың күшімен уақытша атыс бекіністерінен жойылады.

Шабуылдың алдында, әдетте, қарсылас атыс дайындығын жүргізеді. Қарсыластың шабуылға шығуын дер кезінде байқау үшін, взвод командирімен бақылаушылар қарсылас атыс дайындығын жүргізіп жатқанына қарамастан бақылауды жалғастыра береді. Бұл уақытта, кезекші атыс құралдары негізгі атыс бекіністерінде жайғасады. Қарсылас шабуылға шыққанда, взвод командирі радиомен ЖҰМ-дардағы көздеуіш-операторларға қарсыластың танкілерімен бронетранспортерлерін жоюға тапсырма береді.

Қарсылас шабуылға шыққанда взвод командирі “Взвод, ұрысқа!” деген бұйрық береді. Қарсыластың күштерін өз атыс қаруларының және қос берілген құралдардың ату қашықтықтарына жақындаған сайын жоя бастайды. Взводтың майдан шебіне қарсылас жақындаған сайын, атыстың күші өте тығыз болады. Бірінші ретпен, қарсыластың танкілері мен қалқалы машиналарын жою керек. Одан кейін, оқшашардың, автоматтардың және басқа атыс құралдардың атысымен қарсыластың адам күші мен атыс құралдары жойылады.

Қарсыластың шабуылына тойтарыс бергеннен кейін, взвод командирі тез арада атыс жүйесін қалыптастырып, оқ-дәрілерді толтыруға шаралар қолданады, фортификациялық құрылыстарды қайта құрастыру үшін, пәрмен береді. Ал керек жағдайда, рота командирінің рұқсатымен ЖҰМ-дардың атыс

бекіністерін ауыстырады, жараланғандарды шығарып, медициналық көмек көрсету шараларын ұйымдастырады, ұрыстың нәтижесі туралы, рота командиріне баяндама жасайды.

9.4. Взвод ұрыс күзетінде

Әдетте, қарсыластың ықтимал шабуыл бағытына қарай, бірінші реттегі батальондардан, қарсыласпен түйіспей тұрған жағдайда, ұрыс күзеті жіберіледі. Одан басқа, шабуыл кезінде немесе бетпе-бет ұрыста нәтижеге жетпеген жағдайда немесе бөлімшелер қорғанысқа көшкен кезде ұрыс күзетін қолдануға болады. Егер батальонның қорғанысының майдан шебінің алдында алдыңғы бекініс қойылса, ұрыс күзеті тағайындалмайды.

Ұрыс күзетіне қарсыластың тосыннан шабуыл жасауының алдын алу, қарсыластың жердің үстінде барлау жүргізуін болдырмау және оларды қорғаныстағылардың майдан шебі туралы жалған жолға жіберіп алдау тапсырмалары қойылады.

Взводтың күзеттегі бекінісінің майдан шебі 500 метрге дейін айналма қорғануға арналған болады. Ол қорғаныстағы бөлімшелердің алдыңғы майдан шебінен 2 км қашықтықта жайғасады. Керек кезінде күзеттегілерді осы қашықтықтан тиімді атыспен қолдауға, көмек беруге мүмкіншілік болады. ЖҰМ-дардың, танкілердің, артиллерияның, ТҚБР-дың атыстарымен қолдауға мүмкіншілік береді. Ұрыс күзетіне тағайындалған взвод, тек батальонның командиріне бағынышты.

Өзінің және қолдайтын құралдардың қарсыласты жою мүмкіншілігіне сәйкес қашықтықты есепке алып, взвод командирі атыс жүйесін құрайды. Взвод бекінісінің алдында және қапталдарында бөгеттер жасалынады.

Ұрыс күзетіне тапсырманы алғаннан кейін, взвод командирі оны ұғады, жағдайға баға береді, шешім қабылдайды, көрсетілген бекініске взводты апарды, бақылауды ұйымдастырады, ЖҰМ-дарға, танкіге, бөлімшелерге бекіністерін көрсетеді, ұрыс бұйрығын береді. Өзара бірлесіп істеу іс-қимылдарын, атыс жүйесін басқаруды, жандырғыш қарулардан қорғануды және бекіністердің инженерлік жабдықтауын ұйымдастырады.

Бекіністе жасырын келетін жолдарға бақылау жүргізу үшін, взвод командирі қапталдарға құпия барлаушыларды қояды. Қорғанысты ұйымдастырып болған соң, взвод командирі бөлімше (танктің) командирлерімен және қос берілген құралдардың командирлерімен бірге артқа шегіну жолдарын барлайды және шегінуге бұйрық алған кездегі іс-қимылдардың ретін анықтайды.

Ұрыс күзетіндегі взвод қарсыластың шағын топтарын тұтқынға алады немесе жояды. Қарсыластың басымды күштері жақындағанда, ұрыс күзеті атыс қаруларының шалғай ату мүмкіншілігіне сәйкес атыс жүргізеді. Бұл жағдайда, взвод командирі жеке өзі, бақылау, атысты басқару, қарсыластың күштері мен бағытын анықтау жұмыстарын жүргізеді де, батальон командиріне жағдайды баяндайды.

Бекіністі мықты ұстап тұрып, қарсыласты тиімсіз жағдайға бағыттауға талпынады. Батальон командирінің бұйрығы бойынша, взвод бекіністі тастап, шегінуі мүмкін. Артқа қайту іс-қимылдары, толқын түрде жүзеге асырылады. Ол кезде, бірінші бөлімше (танк) тұрған бекінісінен, атыс жүргізіп тұрғанда, қалған екі бөлімше жергілікті жердің бедерін, түтіндерді пайдаланып, көрсетілген бекініске артқа көшеді. Жолшыбай, тағы бір бөлімше бекіністегі қалып кеткен бөлімшенің артқа шегінуін атыспен қолдап қамтамасыз етеді. Шегінгенде жарақаттанғандарды және мерт болғандарды қаруларымен бірге алып шығуы керек. Кейін, взвод көрсетілген батальонның қорғаныс аудандарының тереңдігіне орналасады.

Шешім қабылдау

Тапсырманы ұғып, жағдайды бағалаудың негізінде взвод командирі шешім қабылдайды. Ол шешімде анықталады:

- қарсыластың, қорғаныс майдан шебіне ілгерілеуі және шабуылға шығуға жазылу кезінде, майдан шебтің алдында немесе қарсылас қорғанысты бұзып кірген кезде және олар тірек нүктесін айналып өткен жағдайда тапсырманы орындау реті (қарсыласты жою);

- Бөлімшелердің, қос берілген бөлімшелердің және атыс құралдардың (бөлімшелердің бекіністері, атыс жолақтары, қосымша атыс секторлары, ЖҰМ-дардың (БТР), танкілердің негізгі және қосалқы атыс секторлары, негізгі және қосалқы атыс бекіністері) міндеттері.

Взводтың шоғырланып ату учаскесі және бөлімшелердің атыс жүргізетін бекіністері:

- бірлесіп іс-қимыл жасаудың негізгі сұрақтары және ұрысты барлық жағынан қамтамасыз ету;
- басқаруды ұйымдастыру.

Х. Взвод шеруде, жорық күзетінде. Взвод барлауда.

10.1. Взвод жерде орналасқанда және қарауыл күзетінде

Взводтың шеру және жорық күзетінің негіздері.

Қазіргі жағдайда, әскердің ұрыстағы іс-қимылдарының жоғары маневрлігінің құрамды бір бөлігі және қозғалудың негізі шеру болып табылады. Осыған байланысты шерудің жеңіске жету жолында маңызы күшейіп кетеді. Бөлімшелер, үнемі өз жүрісімен әртүрлі тасымалдарымен шеруге шығуға дайын болу керек.

Жүру қоры төмен және шынжыр табанды техникалармен шеруге шыққанда, оларды ауыр автопоездармен немесе шерулік лектермен жүзеге асырылады.

Қарсыласты шабуылдау үшін, ұрыс тапсырмасын орындауға әскерлердің көрсетілген уақытта шебтерге және аудандарға шығуы, шерудің мақсаты болып табылады. Сонымен бірге, шерудің мақсатына, қарсыластың соққыларына тойтарыс беру және өз әскерлерін күшейту үшін немесе ұрыс

мүмкіншілігін жоғалтқан әскердің орнына бару үшін жасалатын қозғалыстар жатады. Шеру әскерлердің құрамын толықтыру, құрастыру, басқа да жұмыстар және демалдыру үшін де қолданылады.

Қазіргі заманғы ұрыста, қарсылас авиацияны әуе десанттарын және диверсиялық топтарын кең қолданылатынын, сонымен бірге ұрыс ошақты, кез келген жерде болатынын есепке алатын болсақ, шерудегі әскерлер үнемі ұрысқа дайын болып, күтпеген жерден ұрыс жүргізуге дайын болуы керек. Барлық жағдайда шеруді жасырын, көрінбейтін қылып іске асыру керек және әскерлер көрсетілген шебтер мен аудандарға уақытылы, ұрысқа дайын болып жетуі керек.

Шеру жасаған әскерлер барлық жұмысын, іс-қимылдарын, ұрыстың тапсырмасын орындауға бағындырады. Ұрыстың тапсырмасын орындауға қажетті факторлар; жорық ретінің құрылысы, қарсыластың іс-қимылдарының алдын алып, атыс соққысын беруге дайын болу, тез ұрыс ретін қалыптастырып, жүріп келе жатып шабуылға шығу болып табылады.

Қарсыластың авиациясы, артиллериясы және басқа да құралдары, жоғары қарқынмен жылжуға шерудегі әскерлерге әсерін тигізіп, кедергі жасайды. Бұл жағдайда взвод шерудегі әскердің алдында (жанында, тылында) жорық күзетіне тағайындалады.

Шерудегі әскерлер тоқтап демалған кезде, взводты қозғалмайтын күзетке тағайындайды. Ол әскердің легінің басында, жанында, артында болуы мүмкін. Оның тапсырмасы шерушілердің легіне қарсыластың тосыннан шабуыл жасауға мүмкіншілік бермеу, барлаушыларын өткізбеу және негізгі күштердің ұрысқа кірісуін қамтамасыз ету болады.

Қарсыласпен кездеспейтін жағдайда, шерудің жорық реті қозғалыстың ыңғайлы болуын, шерулік жылдамдықтың жоғары болуын, ұрыс техникасының сақталуын және жеке құрамның күшінің сақталуын қамтамасыз етілуі болып табылады.

Взвод шеруді ротаның легінде, немесе өзінше жорықтағы күзет ретінде жүргізеді. Машиналардың лектегі арақашықтығы 25-50 метрдей болу керек.

Взводтың шерулік мүмкіншілігі деп – оның өз күшімен бірнеше тәуліктің ішінде ұрыс қаблетін жоғалтпай, ұрыс тапсырмасын орындауға дайын болып, максималды шалғай қашықтыққа жүруін айтады.

Шерулік мүмкіншіліктің көрсеткіштері жүрудің жылдамдығы және тәуліктік жүрудің көлемі болып табылады. Шерулік мүмкіншіліктің негізгі көрсеткіші әскери лектің демалысқа кеткен уақытты ескермегендегі, нақты жүрістің орта жылдамдығы болып келеді. Ол техниканың мүмкіншіліктеріне, олардың жылдам жүруіне, шынжыр табанды немесе дөңгелекті техникаға байланысты.

Шағын лекпен шеру жүргізудің жағдайы, механик-жүргізушілердің бір қалыпты жоғары жылдамдықпен, әр түрлі жолдармен жүруіне байланысты.

Лектің реті үзілмеу үшін, лектің басындағы машина басқаларының жоғары жылдамдықпен жүру мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

ЖҰМ-дағы (БТР, танк) взводтың жүруінің орта жылдамдығы, демалыс уақытын есепке алмағанда 25-30 км/сағ болу керек. Жүру кезінде механик-жүргізушілердің жоғары жұмыс істеу қабілеті 10-12 сағат болатыны анықталған.

10.2. Взвод шеруде

Шерудің жорық реті – лек. Ол жоғары жылдамдықпен жүру және ұрыс алдындағы ретке тез өтуге мүмкіншілік береді. Взводтың жорықтағы нақты реті: міндетке, басқа взводтармен байланыстығына, жағдайға, күшейту құралдарына, жүретін жолдардың жағдайына және механик-жүргізушілердің дайындықтарына байланысты.

Жоғары деңгейдегі басқаруды, тәртіптілікті және ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету үшін, бастапқы реттеу, демалу нүктелері тағайындалады. Бастапқы нүктелер мен реттеу нүктелері шеруге уақытылы шығып, жүру жылдамдығын реттеу үшін тағайындалады.

Бөлімшелердің легінің созылуына мүмкіншілік беретін және күндіз-түні көрінетін бағдарлары бар жерлерде бастапқы нүкте таңдалынады. Әдетте, реттеу нүктелері әр 3-4 сағат жол жүретін қашықтықта тағайындалады.

Демалуға, жүрудің 3-4 сағатынан кейін 1 сағатқа, ал тәуліктің екінші бөлімінде 2 сағатқа дейін уақыт беріледі. Шалғай қашықтыққа шеру жасағанда, күндізгі (түнгі) тәуліктік жүрістің соңында демалыс беріледі. Демалыс орындарын (привал) бүркемеленуге ыңғайлы, қарсыластың ядролық қаруынан және әуе күшінен пана болатын және керекті суы бар жерлер таңдалынады.

Күндізгі (түнгі) демалыс кезінде қару-жарақтың, ұрыс техникалардың жағдайы анықталып, техникалық қарау жұмыстары жүргізіледі. Машиналар жанармаймен толықтырылады және жеке құрамның тамақтануы ұйымдастырылады.

Шеруге дайындық және шеру кезінде взвод командирі өзінің шешіміне сәйкес және аға командирдің бұйрығы бойынша шеруді қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді. Олар ұрыс, техникалық және тылдық қамтамасыз ету жұмыстары.

Шерудің ұрыс қамтамасыз етуіне: барлау, күзету, ЖҚЖҚ қорғану, бүркемелену, инженерлік және химиялық қамтамасыз ету жұмыстары жатады.

Жергілікті жер және қарсылас туралы керекті барлау мәліметтерін білу үшін, шеруде барлау жүргізіледі.

Шеруде барлау жүргізудің негізгі тәсілі – *бақылау*.

Қарсыластың барлауын кіргізбеу, қорғаныстағы бөлімшелерге қарсыластың тосыннан шабуыл жасауын алдын алу үшін, взводта қорғаныс күзеті ұйымдастырылады.

Жорық күзетін (басты шолғынды) күзетуге қарсыластың келе жатқан бағытында және қапталдардан қауіп төнгізбеу үшін, шолғын бөлімшесі жіберіледі. Оның іс-қимылын атыспен қолдауға және бақылауға болатын қашықтыққа жіберіледі.

ЖҚЖҚ-нан қорғану және взводтың химиялық қамтамасыз етілуі, тапсырманы жақсы орындауға көмектеседі. Осы мақсатпен взвод командирі радиоциалық, химиялық және бактериялық барлау жұмысының ретін анықтайды. Ол жұмыс аға командирдің ұйымдастыратын жұмыстарымен сәйкестендірілуі керек.

Әдетте, бұл барлауды арнайы дайындалған, құрал-жабдықтары бар бөлімше жүргізеді. Қарсыластың әуедегі және жердегі күштерінен шығынға ұшырауды төмендету үшін, шеруді жасырынды жүргізіп, бүркемелену шараларын қолдану керек.

Взводтың шеруін инженерлік жағынан қамтамасыз ету үшін, пайдалану жабдықтары, миналық тралдар, табельдік бүркемелеу құралдары, жергілікті материалдар және қолда бар құралдар қолданылады.

Шерудің техникалық және тылдық қамтамасыз етуін взвод командирі рота командирінің және аға командирлердің шешімдерінің негізінде ұйымдастырады. Бұл жағдайда, взвод командирі техникалық жабдықтаудың көлемін, орнын және бөлінген уақытты анықтайды; жанармаймен, суылдыратын сұйықпен, азық-түлікпен және басқа мүлікпен қамтамасыз етілуінің уақытын, ретін және шығынға шығару мөлшерін анықтайды; шеру кезіндегі тылдың және техникалық қамтамасыз ету бөлімшелердің орнын анықтайды; жөнделмеген ұрыс техникаларын сүйрелеу ретін және жеке құрамның тамақтануын ұйымдастыру жұмыстарының ретін анықтайды. Шеруді ұйымдастыру жұмыстары взвод командирінің ұрыс міндеттерді алғаннан басталады.

Взвод командирінің шеруді ұйымдастыру жұмыстары алған тапсырмаға, бөлінген уақытқа және нақты жағдайларға байланысты. Тапсырманы алып, взвод командирі оны ұғады, шеруге дайындықтың ретін анықтайды, жағдайға баға береді, кезекші атыс құралдарымен бақылауды белгілейді, ұрыс тапсырмасын беріп, өзара бірлесіп істейтін іс-қимылдарды ұйымдастырады.

Одан кейін, жеке құрамның, қару-жарақтардың және взводтың ұрыс техникаларының шеруге дайындау жұмыстарын басқарып, техникалық және тылдық қамтамасыз ету сұрақтарын шешеді.

Шеруді басқару жұмыстарын взвод командирі ұрыс машинасының ішінде отырып немесе белгілермен жүргізеді.

10.3. Взвод жорықтық күзетте

Ұрыс бұйрығын алған соң, взводтың жорықтық күзетті ұйымдастыру жұмысы басталады. Шеруде взвод бастағы (жанбастағы, тылдағы) жорықтық күзетке немесе қозғалмайтын жанбастық күзетке тағайындалуы мүмкін.

Бастапқы жорықтық күзеттегі рота, әдетте, бастапқы шолғынға взводты 3-5 км қашықтыққа жібереді. Взвод бастағы шолғын ретінде, негізгі күштерді күзету міндетін атқарады. Егер негізгі күштердің тылына қауіптік туғандай болса, взвод тылдық шолғында болуы мүмкін. Бұл жағдайда оның шалғайлығы бақылау жүргізумен және атыспен қолдау мүмкіншілігімен шектеледі.

Жорықтық күзетке тағайындалған взвод, ілгерілеу бағытына, қауіп төнгізетін қапталдарға және жергілікті жерлерді шолу үшін, шолғын бөлімшесін бақылау және атыспен қолдауға мүмкіншілік болатын шалғай қашықтыққа жіберіледі.

Ұрыс техникаларымен жеке құрамды шерудегі жорықтық күзетке дайындау жұмыстарын аяқтағаннан кейін, взвод командирі, көрсетілген уақытта, рота командиріне қойылған тапсырманы орындауға дайын екенін баяндайды.

Шеру жүргізудің алдында шолғындағы бөлімше жорықтық күзет легінің басында орналасады. Бас жақтағы жорықтық күзетке тағайындалған взвод, көрсетілген уақытта лектің басында бастапқы нүктені өтіп, маршрутпен жылжып, командирдің анықтаған қозғалыс жылдамдығымен, күзететін лектен 5-10 км қашықтықта жүреді (басты шолғында 3-5 км). Қойылған тапсырмаға байланысты және басты жорықтық күзеттің құрамына сәйкес, ол жағдай негізгі күштер келгенге дейін өзінің күшімен ұрысты жүргізе беруге мүмкіншілік береді.

Взвод командирі бастағы жорықтық күзеттің легінде орналасып, картамен жылжу маршрутына қарап, шолғындағы бөлімшенің іс-қимылдарын бақылап отырады және өзі қарсыласты, жергілікті жерді барлап, нәтижесін күзетті жіберген командирге; жолдардың жағдайы, бақылаған бөгеттерді және уланған учаскелерді, қарсыласпен соқтығысып қалған жағдайды, оның құрамы, жағдайы, іс-қимылдарының сипаты туралы баяндайды.

Жанбастық жорықтық күзетіне тағайындалған взводтың тапсырмасы – күзетілетін лектің қатарында жылжып отырып, қарсыластың тосыннан қаптал жаққа шабуыл жасауын жібермеу болып табылады. Жылжымайтын жанбастық күзетіне тағайындалған взвод қапталды қамтамасыз ету үшін, көрсетілген уақытта оған анықталған шебке шығып, ұрыс ретіне жазылады және қарсыластың ықтимал шабуылына тойтарыс беру үшін, қорғанысты ұйымдастырады.

Тылдық жорықтық күзеттегі взвод, күзетілетін лектің соңында жүріп қарсыластың тылдан ықтимал шабуылына тойтарыс беруге дайын болады.

Жанбастық және тылдық жорықтық күзеттер күзететін лектен, әдетте, 5 км дейінгі қашықтықта болады. Басымды қарсыласпен соқтығысып қалған жағдайда, шешімді шабуылмен жоюға мүмкіншілік болмаса, бастағы жорық күзеті (бастағы шолғын) тұрған шебті табандылықпен ұстап, күзетілетін лектің негізгі күштерінің ұрысқа кірісуін қамтамасыз етеді.

Ереже бойынша күзететін лектегі күштер демалуға тоқтаған кезде, шерудегі бастағы (жанбастағы, тылдағы) жорықтық күзеттегі взвод, тиімді бекініске жайғасып, тапсырманы орындауды қарауыл күзеті ретінде жалғастыра береді, қарсыласты тойтаруға үнемі дайын болып тұрады.

Қазіргі кездегі ұрыста барлаудың орны

«Барлау» деген түсінікті анықтап алайық.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде барлаудың анықтамасы төмендегі маңызда берілген. Барлау – “әскери құрамалардың, бөлімдердің, штабтары мен командирлерінің бұйрығымен алдын-ала және ұрыс кезінде қарсыластың қару-жарағы, әскери күші, оның орналасуы мен шоғырлануы, мақсаты, жер мен жол жағдайы, ауа райы, т.б. туралы мәліметтерді жинау мен ұрыс қимылдарының нәтижелі болуын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады” деген.

Қарсыласты талқандау үшін, әр командир үнемі, оның күшін және осал жақтарын, алдын-ала ниетін, күштері мен құрамын ашып, әскерлер қай жерде тұрғанына және қандай ұрыс тапсырмасын орындап жатқанына қарамастан, максималды толық және ақиқат ақпаратты, қарсы тұрған қарсылас туралы және іс-қимыл жасайтын жергілікті жер туралы біліп отыру керек.

Барлауға тағайындалған жеке құрамның барлығына қызмет және басқа құжаттарды; жеке мүліктері, ордендер және медальдар, хаттар, фото суреттер, ұрыс техникасының формулярлары, топографиялық карталарды өзімен алып жүруге тыйым салынады. Взводтың барлауға дайындығы кезінде, жеке құрам қару-жаракты мұқият тазалап, майлап, керекті мөлшерде оқ-дәрінің барлық түрімен, азық-түліктермен және медициналық мүліктермен толықтырылады.

Ұрыс машиналары тексеріліп, техникалық жөнделген, жанармаймен толық толтырылған, байланыс құралдарын көрсетілген толқынға қойылған болу керек.

Түнде көру құралдары, новигациялық жабдықтар және гирополукомпастар жұмысқа дайындалады.

Барлау органдардың тапсырмасы:

- Қарсыласты ЖҚЖҚ-ы қолданатын құралдарының координатын анықтау;
- Қарсыласты және жергілікті жерді бақылау, өз бөлімшелерінің, көршілердің бақылау жолағында және секторында барлау іс-қимылдарын жүргізу;
- Қарсыластың ұрыс ретіндегі осал жерлерін табу (Олар қапталдарда және аралықтарда болуы мүмкін);
- Қарсыласты байқап, оның жайғасқан аудандарын, күшін, құрамын, топшылдығын, ниеті мен іс-қимылдарының сипатын, ұрыс қаблетін, бөлімдері мен бөлімшелерінің нөмірлерін анықтау;
- Басқару нүктелерінің байланыс радио құралдарының, атыс құралдарының, танкілердің (ЖҰМ, БТР), артиллерияның, минаатқыштардың, танкілерге қарсы құралдарды және басқа қарулардың түрлерінің нақты орналасқан жерлерін білу;
- Инженерлік-химиялық бөгеттерді және қорғаныс құрылыстарды барлау;
- Жергілікті жерді, бедерлерін, табиғи бөгеттерді, жолдардың жағдайлары, көпірлерді, су бөгеттерін, ұрыс қимылдарын жүргізетін ауданның сипаттамасын және қорғаныс қасиеттерін зерттеу;

- Өз қаруымызді тиімді ұрыста қолдануын зерттеу үшін, қарсыластың қару-жарағының жаңа үлгілерін қолға түсіру болып табылады.

10.4. Взводтың барлау жүргізу тәсілдері

Взводтың барлау жүргізу тәсілдері төмендегідей:

- қарсыласты бақылау арқылы барлау жұмысын взвод командирі және жеке құрамның барлығы жүргізеді;

- Бақылау посты (нүктесі) қарсыласты бақылауды күндіз-түні жүргізеді. Көрініс мүмкіншілік шектелген жағдайда, жеке құрам бақылауды, электронды-оптикалық құралдармен, радиолокациялық станциялардың және жарықшақтық ракеталардың көмегімен жүргізеді. Бақылау постындағы бақылаушылар 6 және 8 есе жақындататын бинокльдерді және 10, 20, 40 есе жақындататын перспекоптарды қолданады. Түнгі мезгілде бақылаумен бірге көрсетілген секторда тың тыңдау жүргізіледі;

- Барлауды жүргізудің бір түрі – тосқауыл. Ол ұрыстың барлық түрінде: барлау шолғынында, жеке барлау шолғындарынан жіберілетін шолғындағы бөлімшелермен және осыған арнайы тағайындалған взводпен жүргізіледі.

Жақсы дайындалып ұйымдастырылған тосқауыл қарсыласқа тұзақтай болып келеді. Тосқауылға тағайындалған взводқа оқшашарлар, зеңбіректер, отшашарлар, танкілер, саперлер тағы басқа күштер мен құралдар қос берілуі мүмкін.

Тосқауылдың мақсаты – тосыннан, шағын күштің атысымен, қарсыластың басымды күштерін жойып, тұтқынға алып, маңызды құжаттарды, қару-жарақтың үлгілерін, жабдықтарды, ұрыс техникасын, қолға түсіру және ядролық құралдарын жойып, қарсыласты үркілету болып табылады.

Тосқауылдағы іс-қимылдардан кейін, взвод бекіністен тез, бөлімшелер ретінде жан-жаққа тарқап, алдын-ала келіскен жерде жиналу үшін, жасырын кетіп қалады. Тосқауылдың негізі атыс бекіністеріне жасырынды орналасу, ұқыпты бүркемелену, тосыннан қарсыласты тиімді жойып жіберу, оларды тұтқындау, іс-қимылдарды шапшаң жүргізу болып табылады.

Іздеу (поиск) барлаудың бір тәсілі ретінде, мотоатқыш немесе штаттық барлау взводтарымен жүргізіледі. Іздеуге тағайындалған взвод, әдетте, саперлік (тобымен) бөлімшемен күшейтіледі және артиллериямен минаатқыштардың атысымен қолданады.

Іздеу қарсыластың жайғасқан жерінің тереңдігінде және өз әскеріміздің майдан шебінің алдында түнгі мезгілде немесе көрініс мүмкіншілігі шектелген жағдайда жүргізіледі.

Күшейтілген взвод іздеуді жүргізгенде бөлімшедегі сияқты үш топ құрастырады:

- іздеу жүргізетін жеке құрамның, бөгеттер мен кедергілерден өтуін қамтамасыз ету үшін, саперлерден тұратын өтпелерді жасайтын топ;

- іздеу объектісінде, қарсыласты шабуылдап тұтқынға алатын батылды, дене күші мықты және белсенді сарбаздар тобы;
- шабуылдағылардың іс-қимылдарын атыспен қамтамасыз етіп, қолдайтын топ.

Іздеу барлауына тағайындалған взвод дайындық кезінде іс-қимылдарын, қарсыластан және өз әскерлерінен де жасырын жүргізу керек. Дайындыққа берілетін уақыт осы уақытқа дейін қалыптасқан жағдайға байланысты болып, 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін созылуы мүмкін.

Қырғилық барлау – барлаудың бір тәсілі. Барлаудың іздеу тәсіліне іс-қимылдары ұқсас келеді. Айырмашылығы, сол командирдің рұқсатымен керекті жағдайда объектінің қорғанысын жойып жібереді.

Барлауда қойылған тапсырманы орындауға взвод командирінің жұмыс реті нақты қалыптасқан жағдайға, қойылған тапсырмаға және берілген жарық уақытқа байланысты болады.

Ұрыс тапсырмасын алғаннан кейін, взвод командирі төменгі шараларды жүргізеді:

- рота командирінің сағатындағы уақытты өзінікімен сәйкестендіреді;
- ұрыс тапсырмасын ұғады; ол дегеніміз – қарсылас туралы толық, уақытылы, нақты мәліметтерді алу және негізінде, барлауды жіберген командирдің ұрыс тапсырмасын жақсы орындалуына тиімділігін анықтайды;
- ұрыс тапсырмасын алған кезден, взводтың барлауға дайын болу кезіне дейінгі уақытты есептеп, взводтың дайындығына неше уақыт (түнгі жарық) мөлшері бөлінген, неше уақыт өзіне, неше уақыт бағынышты командирлердің жұмысына қалдыру керек екенін анықтайды;
- кешіртпей жүргізілетін керекті шараларды анықтайды; оқ-дәрімен, жанармаймен толықтыру, радиоқондырғының материалдық бөлшектерін тексеру және жөндеу, оларды жаңа толқындарға қайта құру, қаруларды тазалау, майлау, атып тексеру, азық-түлік алу, медициналық мүліктерді алу;
- Жағдайға баға береді (қарсыласты, көрші барлау бөлімшелерді, қос берілген құралдармен взводтың мүмкіншілігін, жергілікті жерді, жыл мерзімін, тәуліктің мезгілін);
- Шешім қабылдап, ұрыс бұйрығын береді;
- Взводтың дайындығын тексеріп, бекітілген уақытта аға командирге взводтың дайындығы туралы баяндайды.

10.5. Взвод, шерудегі барлау шолғынында

Күшейтілген взвод барлау шолғыны ретінде батальоннан (ротадан) тағайындалады. Ол батальонның барлау жасағының құрамында іс-қимыл жасайды.

Барлау шолғынындағы (жеке барлау шолғыны) взвод, шеруде, барлаудың бағытын (жолдарын) тапсырма ретінде алады.

Шерудегі шолғынға тағайындалған взвод іс-қимылдарды, әдетте, ұрыс машиналарында, тек кейбір жағдайда жаяу ретпен жүргізеді.

Шолғынның негізгі міндеті, қарсыластың күзетімен және барлауымен соқтығысып қалмау, олардың негізгі күштеріне жақындап, мәліметтер жинау болып табылады.

Ұрыс тапсырмасын ұғып, жағдайға баға берген кезде шолғындағы взводтың командирі назарын негізгі сұрақтарды анықтауға шоғырландыру керек:

- барлау басталмай тұрып, взводтың барлайтын бағытындағы қарсыластың негізгі күштері не істеп жатыр, қалай жайғасқанын анықтау;
- шолғын қандай барлау мәліметтерін қандай уақытқа дейін табу керек;
- қандай жерге және қандай уақытқа дейін барлауды тоқтату, қандай уақытта және кімге тапқан мәліметтерді баяндау және тапсырманы орындап болғаннан кейін не істеу керек екенін анықтау;
- Іс-қимыл жасайтын бағыттағы жергілікті жерді картада зерттеп, шолғынның негізгі күшінің жүру жолдарын картада анықтау;
- Шолғынның жорық ретін, әр түрлі шебтерде, жер учаскелерінде жүру ретін анықтау;
- Тапсырманы, жүретін жолдарды, жерлердегі шолатын объектілерді және шолғын машиналарының барлау кезіндегі іс-қимылдарының ретін анықтау;
- Қарсыласпен кездесіп қалу ықтимал шебтерін және шолғынның әр шебтегі іс-қимылдарының ретін анықтау болып табылады.

Ұрыс бұйрығында взвод командирі көрсетеді:

- аға командирдің бұйрығындағы қарсылас туралы негізгі мәліметтерді және ол туралы өзінің қорытынды жасағанын;
- шолғынды жіберіп отырған аға командирдің негізгі тапсырманы орындау барысындағы жобасын;
- барлаудың бағытын (объектісін), шолғынның міндетін, оның жорық ретін, бастапқы нүктені өту уақытын;
- бөлімшелердің және күшейтетін қос берілген құралдардың міндеттерін;
- взводтың тапсырманы орындауға дайындығын, барлаудың басталу және аяқталу уақыты мен жерін;
- өзінің орнын және орынбасарын.

Ұрыс бұйрығын бергеннен кейін, взвод командирі көрсетеді:

- қарсыласпен кездеспей және кездескен кезде шолғынның, шолғындағы бөлімшенің іс-қимылдарының ретін;
- шолғынды жіберген аға бастықпен және шолғынның ішіндегі байланысты ұйымдастыру, жүргізу ретін;
- хабарлау, басқару, өзара бірлесіп істейтін іс-қимылдардың белгілерін;

- барлау жасап жатқан бөлімшелер және көршілер туралы мәліметтерді;

- өз әскерінің майдан желігінен өту ретін, өткізу және жауап беру құпия сөздерін;

- шолғынды жіберген аға командирдің шешімімен, шолғынның мүддесіне қызмет ететін қолдау құралдарының тапсырмаларын.

Шолғындағы бөлімше, жүру бағытында ұрыс шолғынынан 400-1000 метр көзбен көру және атыспен қолдау қашықтықта іс-қимылдарын жүргізіп, екі тәсілмен тапсырманы орындайды:

- қарсыласпен кездеспейтін алыс қашықтықта болған кезде, максималды жылдамдықпен жолдың бойында жүрген бойда жергілікті жердің бедерін шолады;

- қарсыластың алдыңғы жасақтарымен кездесіп қалу ықтимал ауданына взвод өзін 2-4 км тереңдікке қарқындықпен қозғалысты жүргізеді;

- жергілікті жерді шолу аяқталғаннан кейін, шолғынның командирі келесі бақылау бекінісін анықтап, оған барлау бағытында бақылауды жалғастыру үшін, максималды жылдамдықпен жеткізеді;

- шолғынның командирі жорық күзетінің бөлімшелерімен тұрақты байланыста болуына және бірлесіп іс-қимыл жасауына ерекше назар аударуы керек, себебі олар қарсыластың барлауын өз әскеріміздің негізгі күштеріне жібермеу тапсырмасын орындайды, ал біздің барлаушылар жорық күзетіне қарағанда қарсыласпен ерте кездесуі мүмкін және қарсыластың шабуылы туралы уақытылы ескертетін мүмкіншілігі бар;

- шолғын, қарсыластың әуе нысаналарымен ешқашан соқтығыспау керек, себебі өзін байқатып, қарсыластың жердегі күштерінің көзіне түсіп қалуы мүмкін. Тек қарсыластың әуе десанттары шолғынның іс-қимыл жасап жатқан ауданына түсірілген кезде ғана олармен ұрыс жүргізеді.

Шерудегілер қарсыласпен ұрысқа кірісетін жағдай болғанда, шолғынның командирі үнемі өзінің міндетін, қарсыластың негізгі күштерінің құрамын, бағытын және іс-қимылдарының сипатын анықтау екенін естен шығармауы керек.

Взводтың жерде жайғасуы

Бөлімшелердің бастапқы ауданда шоғырлану, күту және демалу аудандарында орналасуы *жайғасу* деп аталады. Бұл аудандар жеке құраммен ұрыс техниканы жасырып қояды, шашырап жайғасуды, бөлімшелерді тез жинауды, керекті бағытта тез шығуды қамтамасыз етіп, жеке жайғасуына, демалуына, санитарлық-эпидемиялық жағдайынан қолайлы болу керек.

Бөлімшелердің жайғасу аудандары бөлімшелер мен кейбір жағдайда батальондардан бөлінген рекогносцировкалық топтармен алдын-ала зерттеліп қойылады.

Барлау, зерттеулік топтар бөлімшелердің жайғасатын орындарын, жүретін жолдарын барлайды, келген бөлімшелерді күтіп алып, анықталған жерлерге жайғастырады.

Взвод жайғасатын жерге келгеннен кейін, шығатын жолдардың бойында, жергілікті жердің бүркемелеу, қорғаныш болу қасиеттерін пайдаланып, келесі тапсырмаларды орындауға ыңғайлы болып жайғасады.

ЖҰМ-дар (БТР), танкілер бір-бірінен 25-30 м қашықтықта орналасады. Бұл қарсыластың бір снарядпен екі, одан көп машиналарды істен шығармау үшін істеледі. Машиналарды жайғастырып, экипаждар келген жолдардағы іздерін жойып және жалпы бүркемелеу шараларын жүргізеді.

Ұрыс бұйрығын бергеннен кейін, взвод командирі, ауданды инженерлік қамтамасыз етуге, жайғасуға және бүркемеленуге, ЖҚЖҚ-нан қорғануға, қарсыластың жандырғыш қаруларынан сақтануға, қару-жаракты, ұрыс техникаларын техникалық қамтамасыз етуге нұсқау беріп, взводтың жоғары деңгейдегі ұрысқа дайындығын бақылайды.

Взвод жайғасқан жерде, қарсыластың жердегі және әуе күштерінің шабуылына тойтарыс беруге және диверсиялық барлау топтарын жоюға үнемі дайын болу керек. Сол себептен, взвод командирі, бақылаудан басқа түйісіп тұрған күзетті тағайындайды.

Патрульді жібергенде жүру маршрутын, міндетін қызмет атқару ретін, қарсыласты байқап қалған жағдайдағы іс-қимылдарын көрсетеді, құпия сөзді жеткізеді.

Бөлімшелердің шын жайғасқан жері мен іс-қимылдарының ниетін жасыруға, қарсыласты алдау үшін, бүркемелеу ұйымдастырылады.

Оны жүргізу жолдары:

- әскери құпияны сақтау;
- бөлімшелерді, қару-жаракты, ұрыс және басқару техниканы жасырын жайғастырылуы мен қозғалысы. Оған табельдік және жергілікті бүркемелеу құралдарын, түтіндер мен аэрозольді, қару-жарактың, ұрыс техниканың, жергілікті жердің түріне сәйкес бояу шараларын қолдану;
- жергілікті жердің бедерінің бүркемелеу және көру мүмкіншілігінің шектелуін қолдану;
- дыбысты бүркемелеу шараларын, әсіресе түнгі мезгілде радиотәртіп, радиобайланыс ережелерін сақтау;
- бүркемелеу тәртібінің талабын қатаң орындау.

Взвод күзет бекетінде

Бөлімдер мен бөлімшелер жайғасқан жерде күзет бекетімен, қарауыл күзетімен қорғанады. Ол қауіп төнетін жақта жайғасады. Күзет бекетіне тағайындалған бөлімшелердің құрамы мен саны қарсыластың алыстығына, күзетілетін бағыттың маңыздығына, жазылып қорғанылатын бөлімдердің ұрысқа кірісуіне керекті уақытқа, жергілікті жердің сипатына және бақылаудың жағдайына байланысты болады.

Күзет бекетінің анықтамасы:

Бөлімдер мен бөлімшелердің орналасқан орындарындағы күзеттік қорғау органы. Күзет бекеті күзет жасақтарынан бөлініп, оның күзет жолындағы қарсыластарды дер кезінде байқап, ол жөнінде күзетілген әскерді ескеріп,

қарсыластың шабуылынан өз иемденген бекінісін табандылықпен қорғау міндеттерін атқарады. Күзет бекетіне күшейтілген взвод тағайындалып, қорғауға ыңғайлы, әрі қарсылас жақтың жер бедерін жақсы байқауға мүмкіндік беретін шепке орналастырылады.

Жергілікті жерді бақылау үшін, мезгілмен шолғыншылар мен шолғыншы машиналар жіберіліп тұрады. Қарсыластар жөнінде мәлімет алынса, бақылау күшейтіліп, бекет ұрысқа дайындалады. Күзет бекеті қарсыластардың шағын топтарын тұтқынға алады немесе жояды, ал ірі күштер шабуыл жасаса, дайындалған бекіністі табандылықпен ұстап тұрып, бұйрықсыз шегінбейді.

Күзетілетін бөлімдерден күзет бекеті 5 км-ге дейін ілгері қашықтықта іс-қимыл жасайды. Күзетілетін жолағының майдан шебі 2 км болады. Осы жолақта взвод негізгі және мүмкіншілік болса, қосалқы бекіністерді жабдықтайды. Күзет бекетімен танкілердің қауіп төнетін кеңістікті үнемі бақылап, керек жағдайда артиллерияның атысымен қамтамасыз ету керек. Сол үшін, әр бөлімшеде бақылаушы тағайындалады және күзет бекетінің ұрысын қолдау үшін минаатқыш батарея, кейбір жағдайда, одан да үлкен күштер бөлінуі мүмкін. Түнде немесе көру мүмкіншілігі шектелген жағдайда, жергілікті жерді шолу үшін, бөлімшелердің бекіністерінің араларына, қапталдардың ашық жеріне қос патрульдер жіберіледі. Қарсыласты уақытылы байқап қалу үшін және олар туралы күзет бекетінің командиріне хабарлау үшін, құпия жасырыншылар (секрет) қойылады. Жасырыншылар көрсетілген жерге жасырын орналасып, оны жабдықтайды. Одан кейін, қарсыласты, жердегі бедерлерді үнемі бақылайды.

Аға жасырыншы қарсыласты бақылау ретін жеткізеді, ұрыс тапсырмасын орындауға үнемі дайын және командирмен үнемі байланыста болады.

Жасырындылар өзін көрсетпейді, ешкімді тұтқынға алмайды, ешкімнен еш нәрсе сұрамайды. Жасырындыларға қарсылас шабуыл жасаған жағдайда, бақылауды үзбей ұрысқа кірісіп, шегіне береді.

Күзет қорғанысты қорғауға және қарсыласты жақсы бақылау үшін ыңғайлы шебіне жайғасады.

Патрульдерді жібергенде, взвод командирі баратын жолды, міндетін, қарсыласты байқап қалған жағдайдағы іс-қимылдарының ретін көрсетіп, құпия сөзді жеткізеді.

XI. Қазақстандық әскери техникалардың ұрыстық мүмкіндіктері

11.1. Десант ұрыс машинасы, ЖҰМ, БТР.

	“БМД-2”
Қаруға алынған жылы	1985 жыл
Салмағы	8,225 т
Экипаж	7 адам
Қаруы	30 мм автоматикалық зеңбірек 7,62 мм оқшашар

Оқ-дәрілері	Танкіге қарсы реактивтік кешен 300 снаряд 2940 оқ 3 танкіге қарсы реактивтік зымыран
Жылдамдығы	
Жолмен	61 км/сағ
Жүзуі	9-10 км/сағ
Жолмен жүріс қоры	500 км
Мотордың қуаты	240 ат күші



6-сурет. Десанттық ұрыс машинасы-2

Жаяу әскер ұрыс машинасы “ЖҰМ-3”

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1990 жыл
Салмағы	18700 кг
Экипаж және десант	3+7 адам
Қаруы	100 мм зеңбірек 2А70 30 мм зеңбірек 2А70 7,62 оқшашар ПТРК9К “Бастион” 100 мм снаряд-40 30 мм снаряд-500 6000 оқ
Жоғары жылдамдық (судағы)	72 км/сағ
	10 км/сағ
Жоғары жүріс қоры	650 км.




7-сурет. Жаяу әскер ұрыс машинасы-3

Жаяу ұрыс машинасы ЖҰМ.

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1981 жыл
Салмағы	14 т.
Экипаж және десант	3+7 адам
Қаруы	30 мм. зеңбірек бір 7,62 мм оқшашар ТҚБР “Фагот”
Дизельді мотор	300 ат күші
Жоғары жылдамдық (судағы)	65 км/сағ
	7 км/сағ



8-сурет. Жаяу ұрыс машинасы ЖҰМ.

**Жаяу әскердің ұрыс машинасы
М-2 “БРЕДЛИ” (АҚШ)**

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1981 жыл
Салмағы	21,3 т.
Экипаж және десант	3+6 адам
Қаруы	25мм зеңбірек 7,62 мм оқшашар
Мотордың қуаты	500 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	66 км/сағ.
Жүзудегі (судағы)	7 км/сағ.



9-сурет. М-2 “БРЕДЛИ” (АҚШ)

**Бронетранспортер
“М-113” (АҚШ)**

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1968 жыл
Салмағы	10,3 т.
Экипаж және десант	13 адам
Қаруы	Оқшашардың калибрі 12,7 мм
Мотордың қуаты	215 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	64 км/сағ.
Жүзудегі (судағы)	5,8 км/сағ.



10-сурет. “М-113” (АҚШ)

**Жаяу әскердің ұрыс машинасы
“Мардер” (ФРГ)**

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1971 жыл
Салмағы	28,2 т.
Экипаж және десант	3+7 адам
Қаруы	20 мм зеңбірек 2 оқшашардың калибрі-7,62 мм
Мотордың қуаттылығы	600 ат күші
Жоғары жылдамдық	75 км/сағ




11-сурет. “Мардер” (ФРГ)

11.2. Танктер

Танк “Т-62”

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға алынған жылы	1962 жыл
Салмағы	37,5 т
Экипаж	4 адам
Қарулы	115 мм тегісұңғылық зеңбірек 12,7 мм зениттік оқшашар 7,62 мм оқшашары
Оқ-дәрілері	40 снаряд 300 оқ 12,7 калибрге 2500 оқ 7.62 мм калибрге
Мотордың қуаты	580 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	50 км/сағ
Жолмен жүріс қоры	450 км



12-сурет. Танк “Т-62”

Танк “Абрамс” (АҚШ)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1980 жыл
Ұзындығы	9,8 м.
Биіктігі	2,4 м.
Ені	3,6 м.
Салмағы	57,3т.
Мотордың қуаты	1500 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	72 км/сағ.
Жолмен жүріс қоры	750 км.
Қаруы	105мм. зеңбірек

Оқ-дәрілері	12,7 мм. Оқшашар 7,62 мм оқшашар 40 снаряд 1000 оқ 12,7 мм калибрде 1000 оқ 7,62 мм калибрде
Экипаж	4 адам



13-сурет. Танк “Абрамс” (АҚШ)

Танк “Меркава” (Израиль)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1979 жыл
Ұзындығы	8,8 м.
Биіктігі	2,7 м.
Ені	3,7 м.
Салмағы	56 т.
Мотордың қуаты	1200 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	55 км/сағ.
Жолмен жүріс қоры	450 км.
Қаруы	120 мм зеңбірек., 12,7 мм. Оқшашар 7,62 мм 2 оқшашар
Оқ-дәрілері	63 снаряд 900 оқ 12,7 мм калибрде 5950 оқ 7,62 мм калибрде
Экипаж	4 адам



14-сурет. Танк “Меркава” (Израиль)

Танк “STRV” -113 В (Швеция)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1966 жыл
Ұзындығы	8,9 м.
Биіктігі	2,2 м.
Ені	3,5 м.
Салмағы	39,7 т.
Мотордың қуаты	490 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	60 км/сағ.
Жолмен жүріс қоры	390 км.
Қаруы	105мм. зеңбірек 12,7 мм. Оқшашар
Оқ-дәрілері	50 снаряд 2750 оқ 5950 оқ 7,62 мм калибрде
Экипаж	3 адам



15-сурет. Танк “STRV” -113 В (Швеция)

Танк “Т-72” (Ұлыбритания)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1973 жыл
Салмағы	44,5 м.
Экипаж	3 адам.
Қаруы	125 мм тегісұңғылық зеңбірек
Оқ-дәрілері	39 снаряд 300 оқ 12,7 мм. калибрде 2500 оқ 7,62 мм калибрде
Мотордың қуаты	840 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	60 км/сағ.
Жолмен жүріс қоры	500 км.



16-сурет. Танк “Т-72” (Ұлыбритания)

Танк “Челенджер-2” (Ұлыбритания)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1981 жыл
Ұзындығы	11,6 м.
Биіктігі	2,5 м.
Ені	3,5 м.
Салмағы	62 т.
Мотордың қуаты	1200 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	56 км/сағ.
Жолмен жүріс қоры	400 км.
Қаруы	120 мм зеңбірек 2 (екі) 7,62 мм оқшашар
Оқ-дәрілері	62 снаряд 4000 оқ
Экипаж	4 адам



17-сурет. Танк “Челенджер-2” (Ұлыбритания)

Танк “Скорпион” (Ұлыбритания)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы	1972 жыл
Ұзындығы	4,4 м.
Биіктігі	2,1 м.
Ені	2,1 м.
Салмағы	7,9т.
Мотордың қуаты	195 ат күші
Жоғарғы жылдамдығы	87 км/сағ.
Жүздегі (судағы)	6,5 км/сағ
Жолмен жүріс қоры	644 км.
Қаруы	76,2 мм зеңбірек 76,2 мм оқшашар
Оқ-дәрілері	40 снаряд
Экипаж	2000 оқ 3 адам



18-сурет. Танк “Скорпион” (Ұлыбритания)

11.3. Танкіге қарсы реактивтік зымыран “ТОУ” (АҚШ)

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы 1968 жыл

Зымыранның қондырғымен бірге 36 кг.

салмағы

Ұрыстың салмағы 24 кг.

Лақтыру қашықтығы:

Жоғарғысы 3750 м.

Төменгісі 70 м.

Сауыттан өту төзімділігі 600 м.



19-сурет. Танкіге қарсы реактивтік зымыран “ТОУ” (АҚШ)

Түйдектеліп атылудың реактивтік жүйесі БМ-21 “ГРАД”

Негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.

Қаруға қолданылған жылы 1963 жыл

Экипаж 6 адам

Салмағы 11,5 т.

Басқарылмайтын зымыран 77 кг

салмағы

Калибрь 122 мм.

Лақтыру 21 км.

Ұңғы саны 40

Атыс уақыты 20 сек.

Бір атқандағы зақымдану аумағы 6 га.



20-сурет. Түйдектеліп атылудың реактивтік жүйесі БМ-21 “ГРАД”

ХІІ. Бөлім шабуылда

12.1. Шабуылдау негіздері

Шабуылдау қарсыласты талқандау және маңызды рубеждерді алу мақсатында жүргізіледі. Ол жағдайға байланысты қорғанушы, шабуылдаушы және шегінуші қарсыласқа жүргізілуі мүмкін.

Қарсыласқа шабуылдау, әдетте, ядролық және авиациялық соққымен, артиллерия оғымен қорғаныс шебін бұзумен басталады.

Шабуылдаушы қарсыласқа шабуылдау екі жақты ұрыс жолымен жүргізіледі.

Шегінуші қарсыласқа шабуылдау оны қуу жолымен іске асырылады.

Жағдайға байланысты шабуыл бірден немесе қарсыласпен тікелей жанасып қақтығысу жағдайында іске асырылуы мүмкін.

Бөлімдердің ұйымдасқан түрде шығуы және сол уақытта шабуылдауы үшін, басқы рубеж, басқару рубежі, рота мен бөлім колоналары және шабуылға шығу рубеждері тағайындалады. Бөліммен жаяу шабуылдау кезінде айығу рубежі белгіленеді. Бөлім колоналарымен орналасу рубежі қарсыластың алдыңғы шебінен екі-үш шақырым алыстықта белгіленеді. Бұл қашықтықты бөлімдер танкіге қарсы құралдардың оғы жетпейтін жерде орналасады.

Шабуылға көшу рубежі қарсыластың алдыңғы шебінен 600 м, ал кейде одан да көп жерге белгіленеді. Бұл қашықтық шынайы алыс жүргізуге мүмкіндік береді және аз уақытта ең жоғары жалдамдықпен қарсыластың алдыңғы шебіне жетуге жақсы. Алға жылжушы бөлімдердің ядролық соққыдан қорғануы үшін, қауіпсіз жерге бару рубежі белгіленеді.

Бөлімнің жедел жүру рубежі бойынша қарсыластың алдыңғы шебіне жақын, әдетте, пулемет оғынан жасырынуға ыңғайлы жерлерде болады.

Қарсыласпен тікелей жанасып, шабуылдау бөлімінің орналасқан басқы жағдайынан түнде іске асырылады. Бұл жерде жеке құрам траншеяда, таса жерлерде, бөлімнің шабуылына дайын күйінде тұрады. Басқы қалыпта бөлім қарсыластың шабуылын қайтаруға дайын тұрады.

Бөлім командирі шабуылды қарсыласты нақты зерттеуге ыңғайлы жергілікті жерде тікелей ұйымдастырады және бөлімнің ұрыстық тапсырмасын анықтайды.

Қарсыласпен тікелей жанасу арқылы шабуылдауда танк бөлімі тосу позициясында болады.

Бөлімнің ұрыстық мүмкіндігі тұрақты көлемде емес. Тіпті бөлімнің ұрыс техникасымен және қарумен толықтай қамтамасыз етілгенімен, олар қару және техникалық деңгейі, ұрыс дайындығына және тағы басқаға байланысты. Одан басқа, ұрыстық мүмкіндікке қарсыластың әрекет ету сипаты, жергілікті жер, ауа райы да әсер етеді. Барлық жағдайда да ұрыс мүмкіндігінің анықтау шарты, олардың ұрыстық тапсырманы орындауға деген мүмкіндігін сақтаумен көрінеді. Ұрыстық мүмкіндіктің шарттары: атыс қуаты, соққы күші, маневрлік.

Ұрыстық мүмкіндіктің көрсеткіші, әдетте, танкі және басқа да брондалған объектілердің жойылуы, сондай-ақ тірі күштің атыс құралынан жойылу деңгейі болып табылады.

Бөлімнің атыс құралынан қарсыласты жоюы атыс мүмкіндігі есебі реттілігі мынадай болуы мүмкін:

- ұрысқа қатысуы мүмкін, бөлімде бар атыс құрал түрлері, саны анықталады;

- ұрыстағы қолданылған қарудың ату жылдамдығына байланысты бір минутта жіберуі мүмкін оқ саны анықталады;

- бөлімнің шабуылдау фронтына орай фронттың ұзындығына оқ санын бөлумен ату тығыздығы анықталады.

Соққы күші – бұл бөлімнің қарсыласқа қарсы қуатты соққыны қозғалыста беруі. Соққы күші бөлімінің танкі, ЖҰМ, танкіге қарсы құралдар қолданумен негізделеді. Сондықтан да, бөлімнің соққы күші, оның атыс және маневр мүмкіндіктеріне, сондай-ақ, қарсыластың түрлі соққыларына тұрақтылыққа байланысты.

Шабуылдау – бұл шабуылдаушы қорғанушыны, қорғанушы шабуылдаушыны жоюға тапсыратын екі жақты процесс.

Бөлімнің соққы күші негізінде танк техникасы (БИП, БТР) және жеке құрам құрайды. Ол қарсыластың атыс құрамын атумен ғана емес, шынжыр табанмен де құртады.

Маневрлік мүмкіндігі – бұл бөлімнің қозғалғыштық және орын ауыстыруды жоғары жылдамдықта істеумен, радио белсенді және химиялық зақымдалған аудандарды өтуімен сипатталады.

Маневр қарапайым болып, жылдам жасалып, қарсыласқа кенеттен болуы керек. Кез келе жатқан беттен шабуылға көшкенге дейін белгілене взводтың құрамында бастапқы ауданда орналасады. Жеке құрам ЖҰМ (БТР) маңында жайғасады. Уақыт болғандай жағдайда қорғаныш ор, ал ЖҰМ (БТР) үшін

оқпана қазылады. Бұдан соң, әр мүмкіндігінше жабылып, бүркемеленеді. Бөлімше жер үстіндегі және әуедегі қарсыластың шабуылын тойтаруға және оның диверсиялық барлау топтарын жоюға тұрақты дайындықта болуға тиіс.

Қарсыласпен тікелей түйісу жағдайынан шабуылға шығу үшін, бастапқы жағдай, әдетте, қорғанушы бөлімшелердің бекінісіндегі немесе бұл үшін шабуыл қарсаңында арнайы қазылған ор (оқпана) болады.

Шабуылға арналған бастапқы жағдайда бөлімше қарсыластың ықтимал шабуылын тойтаруға үнемі дайын болуға тиіс. Бөлімше бастапқы жағдайға келген бойда бөлімше командирі қарсыласты бақылауды ұйымдастырады да, қарсыластың ықтимал шабуылын тойтару міндетін қояды. Қажет болған ретте, бөлімше командирі орды жете жабдықтау және оны қорғанысқа әзірлеу жұмысын ұйымдастырады; әр осымен қатар шабуылға шығу шебі де болып табылады.

Шабуыл басталғанға дейін бөлімше командирі жеке құрамды, қару-жарақ пен техниканы алдағы ұрысқа әзірлейді, ал ұрыстық міндетті алғаннан кейін ұрысты ұйымдастырады.

Бөлімшені шабуылға әзірлеу кезінде жеке құрам мынадай шараларды орындайды: хабарлау сигналдарын, тасаланатын орындарды және оларды алу ретін хабарлайды; жеке құрамға қару-жарақты, техниканы алдағы ұрысқа дайындау жөнінде, бастапқы жағдайды шабуыл үшін, одан әрі жабдықтау жөнінде міндет қояды; байланыс құралдарын, оқ-дәрінің, қорғану құралдарын, жанармай, жағармай материалдарын, азық-түлік, дәрі-дәрмек болуын, олардың қорын толықтыру шараларын жасайды, ұрыс қимылдарына дайындық шараларының орындалуын бақылайды; ЖҰМ-ды (БТР-ды) күтіп-баптауға механик-жүргізушіге (жүргізушіге) көмектеседі.

Шабуыл алдында, әдетте, атыс дайындығын жүргізеді. Ол қарсыластың маңызды объектілерін талқандау мақсатында оның қорғанысына артиллерия мен авиацияның алдын-ала жоспарланған және дайындаған соққысын жіберуден тұрады. Осы уақытта ядролық соққылар да жіберілуі мүмкін.

Қорғаныс – қарсыластың басым күшінің шабуылын тойтару, оны едәуір шығынға ұшырату, орналасқан бекіністі ұстап тұру және кейін шешуші шайқасқа шығу үшін, тиімді жағдай жасау мақсатында жүргізілетін ұрыс түрі. Қорғаныс қарсыласқа бекінген орыннан барлық қару атысымен зақым келтіру, бекіністер мен тірек пункттерін ұстап тұру үшін табанды күрес жүргізу.

Бетпе-бет ұрыс – шабуылдық ұрыстың бір түрі. Ол екі жақ қойылған мақсатты шабуылмен орындауға ұмтылған кезде жүргізіледі. Ол ұрыс барысында: **шабуылда** – қарсыластың қарсы шабуылын тойтару кезінде, **қорғаныста** – шабуылдаушы қарсыласқа қарсы шабуыл жасау кезінде тууы мүмкін. Бетпе-бет ұрыс кезіндегі әскерлердің қимылы негізіне – қолда бар барлық атыс құралдарымен қарсыласқа зақым келтіру, тиімді шептерді басып алу мен ұрыстық ретке жазылуда қарсыластың алдын алу; тыл мен қапталдардан соққы беру, қарсыласты бөлшектеп талқандау жатады.

ЖҰМ-дағы шабуылдаушы бөлімнің ұрыстық тәртібі ЖҰМ, танкілердің ұрыстық сызығынан, олардың қашықтығы 100 м тұрады. Жаяу шабуылдаушы

бөлімнің ұрыстық тәртібі тізбектелген, ЖҰМ және күшейту құралдарынан тұрады. Жаяу шабуылдау негізінде жеке құрам тізбекте танкіледің артынан қозғалады.

12.2. Бөлім шабуылда

Бөлім шабуылдағы ұрыстың міндетті тәртіп бойынша рота құрамында, ал батальон резервінде, ұрыстың болжау бағдарында өздігімен әрекет ете алады.

Шабуылдау кезінде бөлімге ұрыстық тапсырма ретінде шабуыл объектісі және одан әрі шабуыл бағыты көрсетіледі. Бөлім ұрыстық тапсырманы орындау кезінде жағдайға байланысты ұрыс алды, ұрыстық, шерулік тәртіпте әрекет етеді.

Шабуылға көшу басталғанға дейін, сарбаз атыс дайындығы мен шабуыл кезінде қарсыластың табылған және жаңа анықталған атыс құралдары мен адам күшіне қарсы атыс жүргізеді. Танктер шабуылдайтын бастапқы жағдайға келісімен «Бөлімше, шабуылға дайындал» деген пәрмен бойынша ол қаруын қоса оқтап, гранаттарын дайындайды (тұтандырғыштарын бұрап қосады). Бұдан әрі автоматына сүңгі-пышақты жалғап, көздеуішті «П» не «З» етіп алады да, жабдық тұрманын жүргенде кедергі келтірмейтіндей етіп нықтайды. Өзіміздің минажарылғаш бөгеттердегі өтпелер бағытында танктерді ұрыстық реттен өткізіп жіберу үшін, сарбаз белгіленген сигналмен өту бағытын көрсетеді. Танктер өткеннен кейін, сарбаз аяғын басқышқа (ойықшаға) қойып, қолдарымен оқпаналтың топырақ қалқасына таянып, тез секіріп шығуға дайын тұрады. Бұл орайда қарсыласты бақылауын тоқтатпайды.



21-сурет. Бөлім шабуылы.

«Бөлімше, шабуылға – алға» деген пәрмен бойынша сарбаз басқалармен бір мезгілде оқпаналан (ордан) ырғып шығып, бөлімше тізбегінде жүгіріп не жедел адымдап алға басады, танк минажарылғыш бөгеттен өткеннен кейін, сарбаз танкке ілесе бөлімше құрамында өтпеден өтеді. Минажарылғаш және жарылмайтын бөгеттерден өткеннен кейін, ол басқалармен бірге ұрыстық ретке жайылып, қарсыласты шабуылдайды. Бөлімше тізбегінде алға басқанда сарбаз алғы шабуылдаушымен қатарласады, белгіленген аралықты сақтап, атыс жүргізу арқылы қарсыластың атыс құралдарын, бірінші кезекте танкке қарсы құралдарын жояды. Қажет болғанда немесе бөлімше командирінің пәрмені бойынша оқ жолдарымен танкке және ЖҰМ-ға (БТР-ге) бөлімшенің ілгерілеуіне кедергі келтіріп тұрған неғұрлым қауіпті нысаналарды нұсқайды. Қарсыластың минажарылғыш бөгетіне жақындағанда сарбаз бір-бірден шапшаң лек түзеп, одан танкке ілесе өтеді, ал қарсылас орналасқан орға 30-35 метр жақын келген бойда ілгерілеуін баяулатпастан орға қол гранатын лақтырады да, шапшаң ұмтылып «Ура» деп айғайлап қалған аралықтан тез өтеді.

Ұрысты бөлім командирі тәртіп бойынша жергілікті жерде ұйымдастырады. Ал ол мүмкін болмаса, карта бойынша басқа ауданда немесе жергілікті жер макетінде ұйымдастырады. Бұл жағдайда бөлімшелердің ұрыстық міндеттерін шабуылға көшу кезінде дәлелдейді.

Қарсыласпен тікелей жанасып, шабуылдау кезінде ұрысты ұйымдастырудың барлық жұмысы жергілікті жерде өткізіледі. Бұл жұмыстың тәртібі нақты жағдайға, алынған тапсырмаға және уақытқа байланысты.



22-сурет. Сарбаздар ұрыстық тапсырма орындау үстінде.

- Ұрыстық тапсырма алған соң бөлім командирі:
- тапсырманы анықтайды;
 - жағдайды бағалайды;

- шешім қабылдайды;
- рекогностировка жүргізеді;
- ұрыстық бұйрық береді;
- өзара әрекет, ұрыстық қамтамасыз ету және басқаруды ұйымдастырады;
- жеке құрамның, ұрыстың техникалық шабуылға дайындығын тексереді.

Алынған тапсырманы анықтауда бөлім командирі мынаны түсіну керек:

- ротаның және бөлімнің тапсырмасы;
- бөлімнің шабуылдау бағытындағы қандай объектілер жоғары командирлердің құралдарымен жойылады;
- көршілердің міндеті және олармен өзара әрекет ету тәртібі;
- жазуға дайын болу уақыты.

Орындалатын жауынгерлік міндетке, қарсыластың қимылы мен жергілікті жерге байланысты бөлімшелер: жорық, ұрысқа кіру және ұрыс реттерінде әрекет етуі мүмкін.

Жорық реті – бөлімшелерді қозғалыс үшін лек сабына тұрғызу. Бұл кезде машиналар командир тағайындаған арақашықтықты сақтай отырып, бірінің артынан бірі жүреді. Жаяу ретте жылжыған кезде, мотоатқыштар бөлімшесінің реті – 1 немесе 2 лек, ал взводтың жорық реті – 3 немесе 2 лек бойынша жасалады.

Ұрысқа кіру реті – маңдайшеп пен тереңдікке бөлінген бөлімшенің белгіленген аралық және арақашықтық бойынша сапқа тұруы. Ол бөлімшені ұрыс алаңына шығару, сонымен бірге ұрыс барысында немесе қарсылас тереңдігінде жылжу кезінде қолданылады. Ұрысқа кіру реті бөлімшенің артиллерия атысы мен авиация соққысына мейлінше аз тәуелді болуын, оларды ұрыс ретінде тез жазылуын, ұрыс барысында қозғалыстың жоғарғы екпініне қол жеткізуді және бөгеттер мен қиратулардан тез кетуді қамтамасыз етуге тиіс.

12.3. Жағдайды бақылау

Қарсыластың құрамын, болуы мүмкін әрекетінің сипатын, оның ату құралдарының орналасқан жерін бағалай отырып, бөлім командирі мыналарды зерттейді:

- қарсыластың қорғанысының алғы шебінің кескіні және оның алдағы бекіністің болуы;

- бөлімнің шабуылдау алдындағы күші және құралдар саны;
- қарсыластың жақын жердегі күші және құралдарының орналасуы.

Бөлім командирі қарсыласты зерттеу негізінде мынаны анықтайды:

- қарсыластың қорғанысындағы күшті және әлсіз жақтары;
- бөлімшенің шабуылдау объектілері, күшейту құралдары және одан арғы шабуылдың бағыты.

Бөлімнің және берілген бөлімдердің жағдайын, жабдықтауын және мүмкіндіктерін зерттей отырып, бөлім командирі мынаны бағалайды:

- бөлімнің және көмекке берілген бөлімдердің жабдықталуын;
- жеке құрамның моральдық және денелік жағдайын;

- ЖҮМ (БТР), қарулану, қорғаныс құралдарының техникалық жағдайын.

Өзінің және берілген бөлімдердің жағдайын бағалау негізінде бөлім командирі мынаны белгілейді:

- бөлімшелердің орны және ұрыстық тәртіптегі күшейту құралдары;
- күш және құралдарды бөлу;
- бөлімді материалдық құралдармен толықтару бойынша негізгі іс-шаралар

және техниканы техникалық тексеру.

Көрші әрекетінің сипатын және олармен өзара әрекет шартын бағалай отырып, бөлім командирі мынаны анықтайды:

- көршілердің қайсысымен тығыз ара-қатынас ұстау;
- көршілермен байланыс ұстау тәртібі;
- флангтарды қамтамасыз ету тәртібі.

Жергілікті жерді бағалай отырып, бөлім командирі мынаны зерттейді:

- жергілікті жердің жалпы сипаты (ашық, жартылай ашық, жабық);
- қарсылас қорғанысының алдыңғы шебіне баруға ыңғайлы тұстар;
- бақылау шарты және шабуылда қозғалыста оқ ату;
- жасанды және табиғи кедергілер.

Жергілікті жерді бағалау негізінде бөлім командирі мынаны анықтайды:

- бөлімшенің асығыс қимыл орындары;
- қарсыластың жаулап алған соң ату жүйесі бұзылатын рубежі;
- жақын жердегі болуы мүмкін әрекет тәртібі.

Жағдайды бағалау негізінде бөлім командирі шешім қабылдайды. Одан бөлімшенің, берілген бөлімдердің, атыс құралдарының және алынған тапсырманы орындау тәртібі анықталады.

Тапсырманы орындау тәртібі

Рекогностировканы бөлім командирі бөлімше командирлері, берілген бөлімшелермен өткізеді. Кейде, жүргізуші-механиктер көмекке келеді. Егер жергілікті жерге баруы мүмкін болмаса, рекогностировканы сол ауданның картасы немесе макетінде жүргізеді.

Рекогностировка барысында бөлім командирі жергілікті жерде зерттейді. Бағдарларды көрсетеді және мынаны дәлелдейді:

- қарсылас қорғанысының алғы шебі кескіні және оның атыс құралдарының, әсіресе танкіге қарсы қарулардың орналасқан жері, бекіністердің орны және сипаты, сондай-ақ аға командирдің құралдарымен жойылатын нысаналар;

- бөлімшенің және берілген ату құралдарының ұрыстық міндеті;

- бекіністерден өтетін және кедергілерден өтетін жерлер, олардың белгілері, танкілердің катокты миналы тралдармен жабдықталатын жерлері;

- қозғалысты бастайтын маршрут, жинақталатын рубеждер, шабуылға көшу асығатын және қауіпсіз жерлер.

Рекогностировкадан соң, бөлім командирі ұрыстық бұйрық береді. Ұрыстық бұйрық берілгеннен кейін, берілген бөлімдермен өзара әрекетті ұйымдастырады. Өзара әрекетті ұйымдастыра отырып, бөлім командирі мынаны көрсетуі керек:

- шабуылға көшу тәртібіне, ұрыстың тәртіпке жинақталу, ЖҰМ, атыс қаруынан оқ ату, шабуылда қозғалу, бекіністерде өткелдер жасау, сондай-ақ қарсыластың ядролық қару қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын көрсету;

- әуелік нысаналарға оқ ату тәртібін көрсету;

- бөлімшенің өзара және берілген ату құралдарымен, көршілермен әрекетін реттеу;

- белгі беру, басқару және өзара әрекет белгілерін айту;

- жеке құрамның асығатын жерін көрсету және одан кейінгі ЖҰМ-ның әрекеті.

Ұрыстық қамтамасыз етуді ұйымдастыра отырып, бөлім командирі мынаны айтады:

- қарсыластың ядролық, химиялық қаруларды басқа ауданда қолданған кездегі жеке құрамның бақылау және әрекет ету тәртібі;

- шабуыл үшін басқа ауданды инженерлік жабдықтау.

Оның жасырынылу тәртібі, қозғалыс кезіндегі жасырынылу тәртібі:

- қарсыластың миналанған алаңынан өтетін жер, оның белгіленуі және өту тәртібі;

- жаяу жүру кезінде миналанған алаңды танк ізімен өту тәртібі.

Басқаруды ұйымдастыру кезінде бөлім командирі қозғалу және шабуыл басталған кездегі радиомәліметтерді және радиокұралдарын пайдалану тәртібін нақтылайды.

Қарсыластың ЖДҚ (жоғары дәл қару) қорғану үшін, ЖДҚ-ның әсерлі әрекетін барынша төмендету мақсатында іске асырылатын кешенді іс-шараларды қолданған жөн. Ол үшін мыналар қажет:

- жергілікті жердің қорғаныстық қасиеттерін пайдалану;

- орналасу аудандарын инженерлік жабдықтауды іске асыру;

- жалған аудандар жасау;

- позицияны, қару және ұрыстық техниканы жасыру;

- қарсыластың ЖДҚ қолдану қаупі туралы уақытында хабарлап, ескерту;

- жылулық имитаторларды кеңінен қолдану;

- қозғалыс маршрутын тұмандату.

Шабуылды түнде ұйымдастыру және жүргізу ерекшеліктері. Түнгі шабуылға дайындық күндіз жүргізіледі. Бөлім командирі шабуылды ұйымдастыра отырып, кәдімгі жағдайды шабуылды дайындау кезіндегі қарастырылатын жалпы сұрақтардан басқа мынаны көрсетеді:

- түнгі уақытта көрінетін бағдарлар;

- бөлімнің шабуыл бағытының азимуты және бағыттаушы бөлімше;

- жергілікті жерді жарықтандыру құралдарымен бөлімшені (танк, ЖҰМ, БТР) қамтамасыз ету тәртібі;

- түнгі көру құралдарын қолдану және бөлімнің түнгі атысқа қаруларын дайындауы;

- бөлімшені жарықтандыру және белгі беру құралдарымен, снарядтарымен және оқтарымен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Бөлімде пулеметшіні және снайперді қарсыластық жарықтандыру құралдарымен күресуі үшін қолдануы пайдалы болады.

Алда шабуылдаушы мотоатқыштар бөлімдеріне танкілердің алыстауы сол бөлімдердің шабуылдау тәсіліне байланысты. Тиімді алыстау 100-200 м болуы мүмкін. Алыстау өз снарядтарының жарылуы қаупінен қорғайды.

Ұрыс – әскердің, авиация мен флоттың тактикалық қимылдарының негізгі нысаны, соғысушы тараптардың құрамаларының, бөлімдері мен бөлімшелерінің ұйымдасқан қарулы соқтығысулары; олар шектеулі ауданда қысқа мерзім ішінде қарсыласты жою (талқандау) және басқа да тактикалық міндеттерді орындау мақсатында, мақсаты, орны мен уақыты бойынша келісілген соққылар – атыс және маневр болып табылады. Ұрыс жеңіске жетудің бірден-бір амалы болып табылады. Ұрыста қарсыласты талқандау мен жеңуге қарудың барлық шабуылдаушы қарсыласқа шабуыл бетпе-бет ұрыс жолымен жүргізіледі.

Шегініп бара жатқан қарсыласқа шабуыл, оның ізіне түсіп өкшелеу жолымен жүзеге асырылады. Жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі ұстанымдары және қарсыласты жою құралдары. Жалпы әскерлік ұрысты жүргізудің негізгі ұстанымдары мыналар: тұрақты жауынгерлік дайындық; қарсыласты дер кезінде байқау және атып жою; ұрыс жүргізудің батылдығы, белсенділігі, үздіксіздігі және іс-қимылдың тұтқиылдығы; қарсыласты алдау шараларының қолданылуы; атысты қозғалыспен және маневр қолданумен білікті ұштастыру; тұрақты және дәлме-дәл өзара әрекеттестіру; түнде және көріну шектеулі басқа да жағдайларда білікті қимылдау; бөлімшені әскери жабдықтау және нық басқару.

ХІІІ. Қорғаныстағы бөлім

13.1. Қорғаныс негіздері

Қорғанысқа көшу шарттары.

Бөлімнің қорғанысқа көшу шарты деп – қорғанысқа дайындалуды іске асыру жағдайын түсінуге болады.

Қорғаныс алдын-ала немесе шегініс барысында қарсыласпен қақтығыспай және олармен қақтығыса отырып дайындалуы мүмкін.

Қарсыласпен тікелей қақтығыса отырып, қорғанысқа көшу былай болуы мүмкін:

- күші көп қарсыластың шабуылын қайтару мақсатында;
- қолдағы рубежді нықтау және ұстап қалу үшін;
- қауіпті бағыттағы флангті жабу үшін;
- күші көп қарсыласпен табыссыз қарсы ұрыс нәтижесінде.

Қарсыласпен қақтығыспай қорғанысқа көшу былай болуы мүмкін:

- тірек бөлігін батальонның екінші эшалонында қорғауда;
- қамтамасыз ету жазықтығында қорғанатын бөлімдердің қол-астындағы қорғанысқа көшкенде;

- теңіз десанты түсуі күтіліп отырған теңіз жағалауын қорғау кезінде;
- мемлекет шекарасын қорғау кезінде.

Қорғаныс үшін пайдалы табиғи рубежді алу, жергілікті жердің қорғаныс қасиетін пайдалану, қорғанатын жаққа бірқатар атыс және тактикалық пайда береді.

Қорғаныстағы бөлімнің орны, рөлі және міндеттері.

Бөлім, тәртіп бойынша, бірінші және екінші эшалонда рота құрамында қорғанады, сондай-ақ батальон резервінде, әскери қарауылда болуы мүмкін.

Бірінші эшалонда қорғанатын бөлімшенің ұрыстық міндеті қарсыластың алдыңғы шебіне қолда бар қаруларды қолданып, көршілермен өзара әрекет етіп тойтарыс беру, олардың шабуылын қайтару және басып алған тірек бөлігін ұстап тұру.

Екінші эшалон құрамында қорғаныстағы бөлім қорғанысқа киліккен қарсыласты жою және тірек пунктін ұстау, сондай-ақ бірінші бөлім ұрысқа жарамай қалған жағдайда ауыстыруға дайын болу.

Резерв құрамындағы бөлімге тұтқиылдан пайда болған міндеттерді шешуге немесе бірінші эшалон ұрыс жүргізуге жарамсыз болған жағдайда ауыстыруға дайын тұратын ауданы белгіленеді.

Десантқа қарсы резерв болып тағайындалған бөлімге әуе қарсыласын барлау жүргізетін, әуе десанттары түсуі мүмкін аудандарын торуылдау аудандары белгіленеді. Ұрыстық қарауылға тағайындалған бөлім көрсетілген позицияға жылжиды, оны инженерлік жағынан жабдықтайды және қарсылас барлауын жоюға дайындалады. ЖҰМ-дағы бөлім торуылға тағайындалуы мүмкін. Бөлім көрсетілген позицияны алып, тиянақты жасырынуға көшеді.

13.2. Қорғаныстағы бөлімнің ұрыстық мүмкіндіктері

Қорғаныстағы бөлімнің ұрыстық мүмкіндіктері ату және маневрлік мүмкіндіктерімен сипатталады.

Атыс мүмкіндігі деп – қарсыластың шабуылдаушы танкілерін танкіге қарсы құралдармен бөлімнің жоюы және атыс қаруымен олардың тірі күшін жоюды айтамыз.

Бөлім фронт бойынша тірек бөлігінің 400 м жерін қорғайды, ал қарсыласпен аралықтағы атыспен қамтамасыз етуін есептесек 700 м.

Бөлімнің жеке құрамы танкімен жақын қашықтықтан күресу үшін қуатты құралдары бар: танкіге қарсы қол гранатасы (ТҚГ-3), РПГ-18 «Муха» гранатаметі.

Бөлімнің тірек бөлігі – бұл бөлімнің күшейту құралдарымен, ұрыс тәртібімен орналасатын жергілікті жер ауданы. Атыс жүйесін құрып, оны инженерлік жағынан жабдықтайды және қарсылас шабуылын қайтаруға дайын тұратын жер. Бөлімнің тірек бөлігі шеңберлік қорғанысқа дайындалады. Ең алдымен қарсыластарды танкісімен күресуге дайындалып, тиянақты жасырынады.

Бөлімнің тірек бөлігінің жалпақтығы 300-400 м, ал көрші бөлімнің тірек бөлігімен аралығы 300 м құрайды.

Қорғаныстағы бөлімнің тірек бөлігі бөлімше позициясы, ЖҰМ позициясы және күшейту құралдарынан тұрады. Тірек бөлігінің шеңберлік қорғанысы үшін ЖҰМ, танкілер, ТҚБР-ға қосымша ату позициялары дайындалады.

Бөлімге пулеметтік, гранатаметтік, откелеттік бөлімше берілуі мүмкін.

Қарсыластың нысанасын жою бөлімше, бөлім атысымен іске асырылуы мүмкін. Белгіленген рубежіне қарсылас жақындағанда, жақын жерден тұтқиылдан оларды жояды.

Дәлдеп ату (ДА) – бұл қарсыластың бір нысанасы бойынша немесе ұрыстың тәртібі бөлімі бойынша жүргізілетін автоматпен, пулеметпен, гранатаметпен ату. Бөлімнің ЖҰМ дәлдеген атысы алдыңғы шептің 2-3 шақырым алыстауына жіберілуі мүмкін (атыс жарықшақ гранатамен жүргізіледі).

Бөлім үшін ДА бөлігі жалпақтығы 75 м, алға қарай 50 м белгіленеді.

Атыс қаруынан жердегі нысандарды дәлдеп ату, автомат, қол пулеметінен 600 м қашықтыққа, ПК және ПКТ пулеметтерінен 1000 м, үлкен калибрлі КПВТ пулеметтерінен 2000 м жүргізіледі.

Қарсыласты жою әсерлілігін ұлғайту мақсатында фронттық, флангтік қарама-қарсы атыс дайындалады.

Бөлімше және бөлім үшін, атыс жазықтығы белгіленеді. Атыс жазықтығы жергілікті жерде төрт бағдармен көрсетіледі. Тірек бөлігінің оң флангісінен басталады, ал ату секторы екі нүктемен көрсетіледі. Қосылыстарды және бөлімдер аралығын қорғау үшін, бөлімнің қорғаныс фронты жазықтығы артық беріледі.

Ату жүйесі атыс құралдары атыс позицияларында болғанда, жеке құрам өзінің ату міндеттерін білгенде, ату үшін керекті мәліметтер дайын болғанда және керекті оқ-дәрі дайын болғанда, дайын болып саналады.

Мотоатқыш бөлімше жауынгерлік міндетті орындауға орай, қарсыластың әрекетімен төңіректің жағдайына байланысты жорықтық және ұрыстық ретте болуы мүмкін.

Бөлімшенің жорықтық реті – лек. Ол маршта ізіне түсу, маневр жасау кезінде қолданылады және шапшаң жылдамдықпен ілгерлеуді және ұрыстық ретте шапшаң жайылуды қамтамасыз етуге тиіс. Жорықтық ретте бөлімше бір-бірден не екіден лек түзеп сапталуы мүмкін. ЖҰМ-да болғанда бөлімше взводтың құрамында ілгерлейді, онда машиналар белгіленген арақашықты сақтап, бірінің соңынан жүреді.

Ұрыстық рет – бөлімшенің ұрыс жүргізу үшін тізілуі. Шабулда жаяу ретпен шабуылдауда бөлімшенің ұрыстық реті тізбектен және ЖҰМ-нан тұрады. Тізбектегі сарбаздардың арасындағы аралық 6-8 м. Егер бөлімшенің тізбегінде, жеті адам шабуылдайтын болса, онда әлгіндей аралықтар кезінде бөлімшенің шабуылының маңдайшебі 50 м дейін болу керек. Мұндай аралықтар бөлімшеге жүктелген міндеттің ойдағыдай орындалуын, қарсыластың атысынан шығындалуды азайту мақсатында қажетті түрде

бытырай ілгерлеуді қамтамасыз етеді. Бөлімшені дауыстап басқару үшін, тізбектегі сарбаздардың арасында қимыл бірлігін сақтау үшін жағдай жасайды.

Сарбаздардың ұрыстағы міндеттері ұрыс жарғысында анықталған.

Сарбаздардың міндеті: өз бөлімшесінің міндеті мен өз міндетін білу; ықтимал қарсыластың бөлімшелерінің қаруын, техникасы мен тактикасының ұйымдастырылуының, оның танктерінің басқа да сауытты машиналары мен танкке қарсы құралдарының ұрыстық мүмкіндіктерін, олардың осал жерлерін білу; өз бөлімшесінің қаруы мен техникасын білу; құрылыстардың өлшемін, көлемін, жабдықтардың кезектілігін; қару-жарақ пен оқ-дәріні ұрыстық қолдануға дайындауды, оқ тізелерді, оқ жатар мен таспаларды тез және ептілікпен жарактауды білу керек.

Қарсылас шабуылға көшкенше позициядағы бөлімше әрдайым бақылаушы, пулеметші және автоматшыны қояды. Олар қарсыластың тұтқиылдан жасаған шабуылына тойтарыс беру үшін, сондай-ақ олардың азғантай топтарын жою үшін дайын болулары керек. Қалған жеке құрам жағдайға байланысты инженерлік позицияларды ретке келтіріп, ЖҰМ жабдықтауға жүргізуші-механикке көмектеседі немесе демалады.

Атысқа дайындық кезінде бақылаушы қарсыласты бақылауды жалғастырып, қалған жеке құрам блиндаж немесе ЖҰМ жасырынып, командир бұйрығымен бөлімше позициясындағы өз орнына баруға дайын тұрады. Егер қарсылас уландыру заттарын қолданса, жылдам жеке қорғану құралдарын киеді.

13.3. Қорғанысты ұйымдастыру

Қорғанысты ұйымдастыру деп – бөлім командирінің қарамағындағыларға ұрыстық міндеттер қоюы, шешім қабылдауы, сондай-ақ ату жүйесін ұйымдастыруы және ұрысты басқаруды жан-жақты қамтамасыз етуін айтамыз.

Оның жұмыс істеу тәртібі нақты жағдайға, алынған міндеттер мен уақытқа байланысты. Барлық жағдайларды бөлім командирі қорғанысты жылдам алуды қамтамасыз етіп, белгіленген уақытта ату жүйесін құруы керек. Бөлім командирі қорғанысқа көшу туралы тапсырма алған соң, бөлімшелерге рубежді жылдам алуды міндеттеп, түсіндіруі және фронтты, флангтерді бақылауды ұйымдастырып, ұрыстық қамтамасыз ету, тірек бөлімінің инженерлік құрылуын басқаруы қажет. Одан әрі, ол жергілікті жерді зерттеп, бөлімшелердің міндеттерін және өзара әрекеттерін нақтылайды.

Қорғанысты ұйымдастыру бойынша бөлім командирінің басты міндеттері түсіндіру болып табылады. Ол тәртіп бойынша рота командирінен тапсырма алып, оның картаға түсірілуімен іске асырылады. Бөлім командирі тапсырманы түсіндіруде ротаның және бөлімнің міндеттерін түсініп, қандай бағытта және негізгі күш жергілікті жердің қай бөлігін ұстауы керек, көршілердің міндеттері, тапсырманы орындау уақытын түсінуі керек. Бөлім командирі тапсырманы анықтап, түсіндіріп болған соң, көрсетілген рубежді алу туралы бұйрақ береді. Сосын, ол тірек бөлігін инженерлік жабдықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады немесе жағдайды бағалауға кіріседі.

Жағдайды бағалау – бұл ұрыстық тапсырманы орындауға жағдайдың әр элементінің әсерін зерттеу және сараптаумен түсіндірілетін командирдің логикалық ойлану процесі.

Қарсыласты оқи және бағалай отырып, бөлім командирі қарсыластың болуы мүмкін құрамы, бағыты, олардың шабуылға шығуы мүмкін уақыты, сондай-ақ, күші, олардың жинақталу рубежін анықтауы қажет.

Бөлім командирі қарсыластық барлаудан мыналарды анықтайды:

- шабуылдаушы қарсыластық күшті және әлсіз жақтарын;
- қарсыластың тұрақтылығы, соған байланысты негізгі күшті және жергілікті жерді ұстауға бағыттау;
- ұрыстық тәртіпті құру;
- дәлденген атысты қандай рубежден ататынын дайындау;
- ТҚБР, ЖҰМ, пулеметтер, гранатаметтер, автоматтардан оқ ату рубеждері.

Жағдайда бағалаудың келесі элементі өзінің, берілген және жәрдем беруші бөлімдердің күшін бағалау болып табылады. Бөлімді және берілген бөлімдердің жағдайын қамтамасыз етілуін және мүмкіндіктерін байқай отырып, бөлім командирі мыналарды бағалайды:

- бөлімнің және берілген бөлімдердің жабдықталуы;
- жеке құрамның моральдық және дене жағдайы;
- ұрыс техникасының, қаруланудың техникалық жағдайы және оқ-дәрілер қоры.

13.4. Жағдайды командирдің бағалауы

Одан әрі, бөлім командирі көршілерді бағалауға кіріседі. Көрші деп – бөлімшенің ұрыстық тапсырманы орындау кезіндегі флангісінде әрекет ететін бөлімді, сондай-ақ алдында және артында әрекет ететін бөлімдерді айтамыз.

Көршілерді бағалай отырып, олардың міндеттерін, жергілікті жерді ұстауда қай бөлігіне күштерін тұйықтайды, аралықты жабу үшін қандай күш және құралдар бөледі және олармен өзара әрекет ету шартын анықтау қажет.

Бөлім командирі өз көршілерін бағалауда мыналарды анықтайды:

- көршілердің қайсысымен басқалардан гөрі тығыз қарым-қатынас ұстау керек;
- көршілермен байланыс ұстау тәртібі;
- флангтерді және аралықтарды қамтамасыз ету тәртібі.

Жергілікті жерде бағалай отырып, оның қорғаныс, жасырыну және тактикалық қасиеттерін, оның қарсыластың танкілері, ЖҰМ-ы өтетін жерлерін ату жүйесін бақылауды ұйымдастыру шарты, жергілікті жердегі тірек бөлігіндегі рельефті, заттарды тірі күшті жасыруға пайдалануға болатын жағдайды анықтайды.

Бөлім командирі жергілікті жерді бағалауда мыналарды анықтайды:

- қарсыластың басты соққысының бағыты;
- қорғаныстың тұрақтылығы, соған байланысты жергілікті жер бөлігі;
- қарсыластық ұрыс тәртібіне жинақталуы мүмкін рубежі;
- ТҚБР, танк және ЖҰМ оқ ату рубеждері;

- жабылған сызаттар және блиндаж құру орны;
- позицияны жасыру, инженерлік жабдықтау, бөлімді жану заттарынан қорғау бойынша іс-шаралар.

Қарсыластардың ұшақ және тікұшақтарының әрекеттерін бағалай отырып, бөлім командирі авиацияның әрекет ету сипаты, ұшуы мүмкін бағыттары және атыста көмектесетін тікұшақтардың рубежі сипатын анықтайды.

Тұжырымдарында бөлім командирі мыналарды анықтайды:

- әуе қарсыласы туралы хабарлау, бақылау тәртібі;
- қарсыластың әуе нысаналарымен күресуге қатысатын күш және құралдар;
- төмен және барынша төмен биіктікте әрекет ететін ұшақ және тікұшақтардың жол тәртібі.

Бөлімнің ұрыстық әрекет етуіне ауа райы, жыл мезгілі және тәулік жағдайы көп әсер етеді. Ауа температурасын, желдің жылдамдығы мен бағытын, атмосфераның көруі және тазалығын, бұлттылығы, сондай-ақ жыл мезгілін, тәулікті ескермей ақырғы шешім қабылдау мүмкін емес.

13.5. Шешім қабылдау

Міндетті анықтау және жағдайды бағалаудан тұжырым жасау негізінде бөлім командирі шешім қабылдап, мына жағдайларды анықтайды:

- қорғаныстың алғы шебіне жылжу және шабуыл тұйықталу, қарсыластың қорғанысқа килігуі және тірек бөлігін айналып өту кезінде алынған тапсырманы орындау тәртібі;

- әр позициядан бөлімшелерге, берілген бөлімдерге және атыс құралдарына (бөлімше позициялары, олардың ату жазықтығы) міндеттер. Бөлімнің дәлдеп оқ ату бөлімдері және бөлімшенің сондағы ату орындары;

- өзара әрекет етудің негізгі мәселелері және ұрысты жан-жақты қамтамасыз ету тәртібі;

- басқаруды ұйымдастыру.

Бөлім командирі қорғанысқа ұрыс бұйрығын беруде мыналарды көрсетеді:

- қарсыласты және оның әрекет ету штатын бағалаудан қысқаша тұжырымдар;

- бөлімнің қорғаныс фронты алдындағы аға командирлердің құралдарымен жойылатын және басқарылатын объекті мен нысаналар, көрші міндеттері;

- ұрыстың ойы, мәні (қорғаныстың тұрақтылығы, соған байланысты негізгі күштер және жергілікті жер бағыты), тірек бөлігінің, ұрыстың тәртібінің құрылуы, қорғаныстың алғы шебіне келген қарсыласты берілген штаттың және берілген қарулармен жою тәртібі, қорғанысқа киліккен қарсыласты жою және қарсы шабуыл бағыты тәртібі, тірек бөлігінің инженерлік қамтамасыз етілу тәртібі;

- тірек бөлігі позициясын күшейту құралдары және негізгі күшті жинақтау бағыты;

- ұрыстық міндеттерді орындауға керек оқ-дәрі және жанармай жұмсалуды.

Өзара әрекетті бөлім командирі міндеттер бойынша қарсыластың шабуыл жасауы мүмкін бағыттары және өз бөлімдерінің қарсы шабуыл жасау бағыттары бойынша ұйымдастырады.

Өзара әрекетті ұйымдастыра отырып, бөлім командирі бөлімшелердің өзара әрекетін, артиллериясы әрекетін, шабуылға жинақталу және көшумен келістіреді.

Өзара әрекетті ұйымдастыру, әдетте, хабар беру, басқару және өзара әрекет белгілерімен аяқталады. Бөлімнің қорғаныстағы ұрыстың қамтамасыз етілуіне барлау, ЖҚҚ бөлімшені қорғау, жасырыну, инженерлік және химиялық қамтамасыз ету кіреді. Бөлім командирі ұрысты ұйымдастыру бойынша істелген жұмысы негізінде бөлімнің тірек бөлігінің кестесін құрып, мыналарды көрсетеді:

- бағдарлар, олардың нөмірі, оларға дейінгі қашықтық;
- қарсыластың жағдайы;
- бөлімнің ату жазықтығы және қосымша ату секторы;
- бөлімше позициясы, олардың ату жазықтығы және қосымша ату секторы;
- көршілермен аралықты қамтамасыз етіп тұратын ЖҰМ, танкі және ату құралдарының негізгі және қосымша ату позициялары;
- бөлімшенің оқ атуы, дәлдеп оқ ату бөліктері;
- ротаның дәлдеп оқ ату бөліктері және ондағы бөлімнің оқ ататын орны;
- танкіден, ЖҰМ, танкіге қарсы және басқа да атыс құралдарынан оқ ату рубеждері;
- бөлімнің тірек бөлігінде және флангтерінде орналасқан бөлім командирінің ату құралдарының позициялары және олардың ату секторлары;
- бекіністер және фортификациялық құрылғылар;
- көрші бөлімдер позициялары және бөлім флангісіндегі олардың ату жазықтығының шекаралары;
- бөлім командирінің ББ орны.

Бөлім командирі өз бөлімдерін бағалауда мыналарды анықтайды:

- бөлімнің ұрыс тәртібіндегі әр бөлімшенің орны (күшейту құралдары);
- күшейту күштері мен құралдарын бөлу;
- бөлімнің техникасы мен қарулануын материалдық құралдармен және техникалық қызмет көрсетумен толықтыру бойынша негізгі іс-шаралар.

Маневрлік дегеніміз - ұрыста анықталған уақыт ішіндегі бөлімшенің қозғалыс жасау мүмкіншілігі. Оның көрсеткіші іс-қимылдардың анықталған, есептелген уақытта жүргізілуі болып табылады.

Ұрыс мүмкіншілік тұрақты болу үшін:

- ұрыс техникасымен, қарулармен және жеке құраммен толықтырылған болу керек;
- бөлімшенің жеке құрамының дайындық деңгейі жоғары болу керек;
- командир бөлімшені басқара алу керек;

Ұрыс мүмкіншілігіне тағы басқа факторлар әсер етеді: жергілікті жердің сипаты, ауа райы, жылдың, тәуліктің мерзімі, қарсыластың іс-қимылдарының

сипаттамасы. Автоматтан, оқшашардан жатып атқан жағдайда бір нысананы жою үшін 300 метр қашықтықта 4-5 оқ атылады, ал жүріп келе жатып атқанда 25 оқ ату керек болады. Қорғаныста бөлімше 4-6 есе қаруды тиімді қолданады. ЖҰМ-ның танкімен күрескендегі тиімдік коэффиценті 2,2, ал РПГ-7 гранатаатқыштікі 0,3. Сонымен, бөлімше қорғаныста қарсыластың 2 танкісін жоюға мүмкіншілігі бар. Жергілікті жердің сипаттамасын, инженерлік құрылыстарды пайдаланып және көршілермен өзара араласып, бөлімше қарсыластың 1-2 танкімен күшейтілген 2 мотожаяу бөлімшесіне тойтарыс беріп, майдан шебі 100 метрге дейін бекіністі қорғайды.

Моневрлік құрылғы және жасырын позициясын ұйымдастыру;

- бағдарға дейінгі қашықтықты, атысты күндіз және түнде жүргізу мәліметтері дайындығын анықтау;

- атыс карточкаларын құру.

Ұрыс бұйрығында командир мынаны көрсетеді:

- бағдарлар;

- қарсыластың құрамы, жағдайы және әрекет ету сипаты;

- бөлім міндеті;

- бөлімше, позиция міндеттері, ату жазықтығы және қосымша ату секторы, жердегі және әуедегі нысаналарды атуды жүргізу;

- көршілердің міндеті.

13.6. Қорғану ұрысын жүргізу

Қарсыластың шабуылына дейін бөлімде ұрыс іс-әрекетінің мықты тәртібі орнатылады:

- қарсыласты үзбей бақылау жүргізіледі;

- кезекші ату құралдары қосымша және уақытша ату позицияларында қарсыласты жоюға дайын тұрады.

Шабуыл алдында қарсылас жеке топтармен алдыңғы шетте барлау жүргізіп, қорғанысқа кіріп кетуге әрекет жасауы мүмкін. Әсересе, қарсылас көру мүмкіншілігі нашар уақытта осылай әрекет етуі мүмкін. Мұндай жағдайда бөлім командирі сақтықты күшейту шараларын қолға алып, жергілікті жерге жорық жүргізіп, ұрыс жүргізуге керекті құралдарды дайындап қоюы керек.

Қарсыластардың барлау жүргізуге әрекет еткен азғантай топтары бекіністерге жол салып немесе қорғанысқа кіргісі келгендері бөлім командирі бұйрығы бойынша жойылады.

Қарсылас шабуыл алдында, әдетте, атыстық дайындық жүргізіледі. Атыстық дайындық кезінде бақылауды бөлім командирі және қарсыластық шабуылға шыққанын уақытында анықтайтын бақылаушылар жүргізеді. Кезекші ату құралдары осы уақытта негізгі ату позицияларын қабылдайды.

Қарсыластың шабуылы басталуымен бөлім командирі радио бойынша ЖҰМ бағыттаушы операторларына қарсыластық танк және БТР-лерін қоюға міндеттер қояды. Қарсыластың шабуылға көшуімен бөлім командирінің бұйрығымен (белгісімен), бөлім бірден ұрысқа дайындалады.

Бөлім командирі «бөлім – ұрысқа» деген бұйрық береді. Қарсыласқа оқ ату бөлімнің қару және оған берілген ату құралдарының шынайы ату қашықтығына қарсыластың жақындауымен ашылады. Қарсыластың қорғаныстық алдыңғы шебіне жақындауымен ату өзінің ең жоғарғы шетіне жетеді. Ең алдымен, қарсыластың танкілерімен бронды машиналары жойылады. Сосын, пулемет, автоматтардан оқ атылып, қарсыластың тірі күші және басқа да ату құралдары жойылады.

Бөлімнің тірек бөлігіне бұзып кірген қарсылас гранаталармен және қоян-қолтық қақтығыста жойылады. Тірек бөлігін айналып өткен жағдайда шеңбер бойы қорғанысқа көшіп, позициясын ұстап, қарудың барлық түрінен негізгі және қосымша позициядан жауды жояды.

Бөлім командирі қарсыластың шабуыл қайтарған соң, ең алдымен ату жүйесін қайта қалпына келтіріп, оқ-дәрілерді толықтыру іс-шараларын жүзеге асырады. Ал керек болған жағдайда, рота командирінің рұқсатымен ЖҰМ-ның ату позицияларын өзгертіп, жараланғандарға дәрігерлік көмек көрсету шараларын қолға алады. Нәтижелер бойынша рота командиріне баяндайды.

13.7. Бөлім ұрыстық қарауылда

Ұрыстық қарауыл, тәртіп бойынша қарсыластың шабуылдауы мүмкін бағыттарына бірінші эшелонның батальондарынан, қарсыласпен тікелей қақтығысу жоқ кезде жіберіледі. Сонымен қатар, ұрыстық қарауыл шабуыл кезіндегі табыссыз екі жақ ұрысынан кейін, қорғанысқа көшу кезінде қолданылады. Егер батальонның қорғаныс фронты алдында алғы позиция құрылған болса, бұл жағдайда ұрыстық қарауыл жіберілмейді. Ұрыстық қарауылға мынадай міндет қойылады: батальон бөлімі қарсыластың тұтқиылдан шабуыл жасауынан қорғау және жерде барлау жасауына кедергі жасау, сондай-ақ қорғанушылардың алдыңғы шебінің шынайы кескіні туралы жалған ойға жетелеу.

Бөлімге шеңберлік қорғанысқа фронт бойымен 500 м позиция дайындалады. Бөлімге артиллерия, танктермен әсерлі көмек көрсетуді қамтамасыз ететін алдыңғы шептен алыстау екі шақырымға дейін жетуі мүмкін. Ұрыстық қарауылға тағайындалған бөлім батальон командиріне бағынады.

Бөлім командирі өту жүйесін өзінің және көмек беруші ату құралдарының атудың шектеулі қашықтығынан қарсыласты жоюды есептеп ұйымдастырады. Бөлімнің позициясы алдында және флангтерінде бекіністер орнатылады.

Ұрыстық қарауылда әрекет ету туралы тапсырма алған соң, бөлім командирі оны анықтап, жағдайды екшелеп, шешім қабылдайды да, бөлімде айтылған позицияға шығарады. Бақылауды ұйымдастырып, өзара әрекетті ұйымдастырады, ату жүйесін басқару және позицияны инженерлік құруды ұйымдастырады. Позицияға келетін жасырын жолдарға, оның флангтеріне барлаушыларды жібереді.

ЖҰМ бөлімнің орташа қозғалу жылдамдығы демалысты есептемегенде бір сағатта 25-30 шақырым болуы тиіс. Жүргізуші-механиктерді жоғары

деңгейде жұмыс істеу қабілеті тәулік ішінде 10-12 сағат қозғалуы кезінде сақтайтыны анықталған.

Бөлім командирі қорғанысты ұйымдастырып болған соң, бөлімше командирлері және берілген күштермен болуы мүмкін шегініс жолдарына барлау жүргізіп, шегіну туралы бұйрық алғанда әрекет ету тәртібін түсіндіреді. Қарсыластың азғантай топтарын ұрыстық қарауыл тұтқынға алып немесе ату арқылы жоюына болады.

Күші көп қарсылас келген жағдайда ұрыстық қарауыл оларды алыстан атып, жоюға кіріседі. Осы уақытта бөлім командирі жеке өз басы бақылау жүргізіп, атуды басқарады. Қарсыластың күші және бағытын анықтап, сол туралы батальон командиріне баяндайды.

Өз позициясын ұстай отырып, бөлім қарсыласты оларға қолайсыз бағытқа бұрып, оларды жоюға ұмтылады. Бөлім аз позициясын тек батальон командирінің бұйрығымен ғана тастап, шегінуге болады.

Бөлімшелердің бірі (танк) өз позициясынан ату арқылы қарсыласты ұстап тұрады. Басқа екеуі жергілікті жер ретіне қарай түтіндердің астымен, көрсетілген позицияға орналасқан соң, бірінші қорғаушы бөлімнің шегінуін қамтамасыз етеді. Шегіну кезінде жараланған мен өлгендерді қаруларымен бірге алып шығады.



23-сурет. Бөлімді және жақын аймақты төмен және биік ұшатын ұшақтар мен тікұшақтардан қорғауды ұйымдастыруда.

XIV. Бөлімнің марштық және шерулік қарауылдау негіздері

14.1. Бөлімнің марштық және шерулік қарауылдау негіздері

Қазіргі жағдайларда марш қозғалудың негізгі тәсілі және әскердің жоғары маневрлі ұрыстық әрекетінің құрама бөлігі болып табылады.

Сап - әскери қызметшілердің, бөлімшелердің және бөлімдердің, олардың өзара іс-қимыл жасаулары үшін, жаяу тәртіптегі және машинадағы жарғымен белгіленген орналасуы.

Қатар - қатарда белгіленген бір сызық бойында әскери қызметшілердің біреуі екіншісінің қасында орналасқан сап.

Машиналар бойы - машиналардың біреуі екіншісінің қасында бір сызық бойында орналасуы.

Сап қапталдары - саптың оң (сол) жақ шеті. Бұрылыс жасаған кезде, сап қапталдарының аттары өзгермейді.

Мандайшеп - саптың әскери қызметшілері тіке қарап тұрған жағы (машиналардың қарсы тұруы).

Саптың тыл жағы - мандайшеп жағына қарама-қарсы жақ.

Аралық - мандайшеп бойынша әскери қызметшілердің (машиналардың), бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралығы.

Арақашықтық - түкпір жақа қарай әскери қызметшілердің (машиналардың), бөлімшелердің және бөлімдердің арасындағы аралық.

Сап ені - қапталдар арасындағы қашықтық.

Саптың тереңдігі - саптың бірінші қатарынан (алдыңғы тұрған әскери қызметшіден) саптың соңғы қатарына (соңғы тұрған әскери қызметшіге) дейінгі аралық, машиналар қозғалысында машиналардың бірінші сызығынан (алдыңғы тұрған машинадан) машиналардың соңғы сызығына (соңғы тұрған машинаға) дейінгі аралық.

Екі қатарлы сап – бір қатардағы әскери қызметшілер басқа қатардағы әскери қызметшілердің ту сыртына қарай бір қадам арақашықтықта орналасқан сап (қолын созып, алдында тұрған әскери қызметшінің иығына салу). Қатарлар бірінші және екінші деп аталады. Сап бұрылыс жасағанда, қатарлар өзгермейді.

Қатар - екі қатарлы сапта біреуі екіншісінің ту сыртында тұрған екі әскери қызметші. Егер бірінші қатардағы әскери қызметшінің ту сыртында екінші қатардың әскери қызметшісі тұрмаса, онда мұндай қатар толық емес деп аталады.

Екі қатарлы сап кері бұрылған кезде, толық емес қатардағы әскери қызметші алдыңғы қатарға ауысады. Осыған байланысты жеңіске жетудің шешуші факторларының бірі ретінде марштың маңызы жоғарлайды. Бөлімдер әрдайым маршқа және түрлі көліктен көшіруге дайын болулары керек. Марш жасау кезінде шынжыр табанды техника және қозғалуы жай техникалар марштың колона құрамындағы ауыр автопоездармен көшірілуіне болады.

Марштың негізгі мақсаты әскерді көрсетілген рубежге, ұрыстық тапсырманы орындау үшін көрсетілген ауданға бару, ұрыстық мүмкінділігінен айырылған әскерді ауыстыру үшін уақытылы жинақтаумен түсіндіріледі.

Сондай-ақ, марш қайта жабдықтау, құру, түрлі жұмыстарды орындау және демалу үшін жаңа аудандарға шығу мақсатымен де іске асырылады. Қазіргі ұрыс жағдайында авиация және әскердің көптігін ескере отырып, сондай-ақ ұрыс әрекетінің ошақты сипатта өтуі мүмкіндігін ескере отырып, марштағы әскер ұрыстық дайындықты әрдайым жоғары деңгейде ұстап, кез келген ұрыс әрекетін жүргізуге дайын болуы керек. Барлық жағдайда да, марш жасырын, көрінуі шектеулі жағдайларда жүргізіледі. Кез келген жағдайда марш жасаушы әскер көрсетілген рубежге және ауданға ұрыстық тапсырманы орындау үшін уақытылы келуі тиіс. Марш кезінде ұрысқа кірісу мүмкін болған жағдайда оның ұйымдастырылуы сол ұрысқа бағынады. Бұл жағдайда шерулік тәртіптің құрылуы толығымен алдағы ұрыстың ойына сәйкес келіп, қарсыласқа атыстық жоюды қамтамасыз ететін мүмкіндікті қамтамасыз етіледі. Мұндай марш қарсыластық авиациясының, артиллериясының және басқа да күшті әсер ету жағдайында қозғалуды жоғары темпімен сипатталады. Бұл жағдайда, бөлім басты шерулік заставаға тағайындалуы мүмкін. Ал кейде, қозғалмайтын қапталдың немесе басты бағдарға қозғалатын колонаға қарсыластың тұтқиылдан шабуылдауына жол бермеу, оларды құрлықтық барлауын жібермеу мақсатымен тағайындалуы мүмкін.

Қарсыласпен тікелей қақтығысу мүмкіндігі жоқ жағдайда марш жасау кезінде шерулік тәртіп қозғалудың қолайлылығы ескеріліп, марш жылдамдығы жоғары темпте, жеке құрамның аз шаршауымен құрылады.

Бөлім маршты рота колонасында, болмаса қарауылдық шеруде өздігімен жылжиды. Көлік және бөлімдер арасындағы қашықтық 25-50 м болуы мүмкін.

Бөлімнің марштық мүмкіндіктері деп – олардың өзінің жүрісімен бір және одан да көп тәулік ішінде барынша мүмкін қашықтықты ұрыстық мүмкіндігін жоғары деңгейде сақтап және қойылған ұрыстық тапсырманы орындауға дайындығын түсінуге болады.

Бөлімнің марштық мүмкіндігінің негізгі көрсеткіші қозғалыстың орташа жылдамдығы, тәуліктік қозғалыстың көлемі болып табылады. Марштық мүмкіндіктің анықтаушы көрсеткіші бөлімнің марштағы демалуға келетін уақытын есептемегендегі шынайы жылдамдығы колонаның орташа қозғалу жылдамдығы болып табылады. Бөлімдерінің қозғалуының орташа жылдамдығы алдымен шынжырлы және дөңгелекті көліктерінің орташа техникалық жылдамдығына байланысты. Шағын колонаның марш жасауының басты шарттарының бірі жүргізуші-механиктердің бір жылдамдықпен, біркелкі жолмен жүруі болып табылады. Сондықтан да, колонаның ажырауына жол бермеу үшін, басты көліктің қозғалу жылдамдығы басқа экипажға қолайлы, жеткілікті болуы керек.

14.2. Марштағы бөлім

Марштағы шерулік тәртіп – колона. Ол қозғалудың жоғары жылдамдығын және ұрыс алдындағы тәртіпте жылдам жинақталуды қамтамасыз етуі керек.

Марштағы бөлімнің шерулік тәртіпке нақты, дәл құрылуы тапсырмаға, басқа бөлімдерге карағандағы орны, сондай-ақ жолдың жағдайы және жүргізуші-механиктердің дайындығына байланысты.

Басқару, тәртіп және ұйымшылдықты марш кезінде жоғары деңгейде ұстау мақсатында бастапқы бөліктер, басқару, тәртіп және демалыс аудандары белгіленеді.

Бастапқы пункт және басқару пунктері маршты уақытында бастау және қозғалыс жылдамдығын реттеу үшін тағайындалады. Бастапқы пункт бөлім колонасының созылуын қамтамасыз ететін, алыстан бағдарының күндіз және түнде жақсы көрінетін жері таңдалады. Реттеу пункттері, әдетте, үш-төрт секунд қозғалыстан кейін белгіленеді. Демалыс үш-төрт сағат қозғалыстан кейін және тәуліктік қозғалудың екінші жартысында екі сағатқа белгіленеді.

Алыс қашықтыққа марш жасау кезінде, сонымен бірге әр тәуліктік қозғалыстан кейін күндізгі (түнгі) демалыс белгіленеді.

Күндізгі демалыс (түнгі) кезінде қарулардың және ұрыстық техникалардың техникалық жағдайы тексеріліп, көліктерге жанармай құйылып, құрамының тамақтануы, демалуы ұйымдастырылады.

Демалыс орындары жасырынуға қолайлы, ядролық қарудан және қарсыластық авиациясынын қорғануға ыңғайлы, су көзінің жетерліктей мөлшері бар аудандарынан таңдалынады.

Қабылданған шешім негізінде маршқа дайындалу немесе қозғалу кезінде бөлім командирі маршты ұрыстық, техникалық және тылдық қамтамасыз етуді ұйымдастырылады.

Марштық ұрыстық қамтамасыз етілуіне барлау, қарауыл, ЖҚҚ-қорғаныс, жасырыну, инженерлік және химиялық қамтамасыз ету жатады. Марш кезіндегі барлау қарсылас және жергілікті жер туралы уақытылы мәлімет алу үшін жүргізіледі. Марштағы барлау жүргізудің негізгі тәсілі – бақылау.

Бөлімдегі қарауылдау қарсылас барлауының екеуіне, оның тұтқиылдан шабуылдауына жол бермеу үшін ұйымдастырылады.

ЖҚҚ қорғану және өнімді химиялық қамтамасыз ету қойылған міндетті шешуге жағдай жасайды. Осы мақсатта, бөлім командирі радиациялық, химиялық және бактериологиялық барлауды, оның аға командирдің ұйымдастыруын ескеріп, жүргізу тәсілі және тәртібін анықтайды. Әдетте, бұл барлауды дайындығы және жабдықталуы бар бөлімше жүргізеді.

Марш жасаудың жасырындығын қамтамасыз ету қарсыластың әуе және құрлықтың соққысынан аз шығын мен шығудың жолдарының бірі болып табылады.

Инженерлік қамтамасыз ету бөлімге маршты табысты өту үшін және жеке құрамының қорғануын жоғарлату үшін ұйымдастырылады.

Марштың техникалық және тылдық қамтамасыз етілуін бөлім командирі рота командирі және аға командирдің бұйрығы негізінде ұйымдастырады. Бөлім командирі осы жерде техникалық қызмет көрсету көлемін дәлдеп, оның өткізілу орны және уақытын: мерзімі, жанармаймен толықтыру орны, тәртібі және жұмсау нормасын; бұзылған техникасын көшіру тәртібі және жеке құрамның тамақтануын ұйымдастыруды анықтайды.

Маршты ұйымдастыру бөлім командирінің ұрыстық бұйрықты алуымен басталады.

Бөлім командирінің жұмыс тәртібін және мазмұнын ұйымдастыруы – алынған тапсырма, уақыт тығыздығы және нақты жағдаймен анықталады. Бөлім командирі тапсырма алған соң, оны анықтап, маршқа дайындалу тәртібін анықтайды, жағдайды бағалап, бақылаушы және ату құралдары кезекшілерін белгілейді, ұрыстық бұйрық беріп, өзара әрекетті ұйымдастырады. Сосын, жеке құрамның дайындығын бөлімнің маршқа қаруы мен ұрыс техникасын басқарып, техникалық және танкімен қамтамасыз етілу сұрақтарын шешеді.

Марш кезіндегі бөлімді басқаруды бөлім командирі ұрыс көлігінде отырып, белгілермен іске асырады.

14.3. Бөлім шерулік қарауылда

Бөлімнің шерулік қарауылын ұйымдастыру ұрыстық бұйрық алу сәтімен басталады. Марштағы бөлім басты шерулік заставаға немесе қозғалмайтын қапталдағы заставаға тағайындалуы мүмкін.

Саны ротаға дейін жетуі мүмкін басты шерулік застава, тәртіп бойынша 3-5 шақырым қашықтыққа бөлім құрамында басты бағдарлаушы етіп жіберіледі.

Басты бағдардағы бөлім басты күш колонасын тікелей қарауылдау ретінде де әрекет ете алады. Қарсыластың шабуылдау қаупі туған кезде бөлім тылдың бағдарға белгіленеді. Бұл жағдайда, оны қарсыласты бақылауды қамтамасыз ететін қашықтыққа жібереді.

Марштағы шерулік қарауылдағы әрекеттерге жеке құрамның және ұрыс техникасының ұйымдастырылуы, дайындығы аяқталған соң, бөлім командирі белгілі уақытта рота командиріне берілген тапсырманы орындауға дайындығы туралы баяндайды.

Марш басталар алдында, бағдарлау бөлімшесі шерулік қарауылдың колонасы басында өз орнын алады. ГПЗ-ға тағайындалған бөлім колона басының белгілеген уақытында басқа пунктіне барады. Алынған тапсырмаға орай қорғалатын колонадан 5-10 шақырым алшақтықта басты күш келгенге дейін қарсыласпен өздігімен ұрыс жүргізуге дайындалады. Бөлім командирі ГПЗ колонасының басында болады. Карта бойынша қозғалыс маршрутын бақылап, бағдарлау бөлімшесінің әрекетін әрдайым бақылап, өз басы қарсыласты бақылап, қарауылға жіберген командирге маршрут жағдайы, қарсылас, оның құрамы, әрекет сипаты баяндап отырады.

Қапталдық шерулік заставаға тағайындалған бөлім белгіленген уақытта өзіне белгілі рубежге шығып, ұрыстық тәртіпке жинақталады және қарсыластың жасауы мүмкін шабуылға дайындалады.

Тылдық шеру заставасына тағайындалған бөлім өзі қорғайтын колонаны бақылап, тылдан жасауы мүмкін қарсыластың шабуылына тойтарыс беруге дайындалады. Әдетте, қапталдың және тылдың шерулік застава қорғайтын колонасынан 5 шақырым алшақтықта болады. Күші көп қарсыласпен кездескен жағдайда, егер оларда жою іске аспаса, басты шерулік застава (БШЗ) тұрақты рубежін ұстап және қозғалатын колонаның басты күштерінің ұрысқа кірісуін қамтамасыз етеді.

Пост бақылау аспаптарымен, ірі масштабты карта немесе жергілікті жер сызбасымен, бақылау журналымен, компаспен, сағаттармен, байланыс, хабарлау белгілерін беру және жарықтандыру құралдарымен, ал химиялық бақылау посты жоғарыдағылармен қатар, химиялық және радиациялық барлау аспаптарымен жабдықталады. Түнде және көру шектеулі жағдайларда бақылау жасырын тыңдаумен толықтырылады. Бұл міндет бақылаушыларға немесе құрамында 2-3 барлаушысы бар арнайы қойылған посттарға да жүктелуі мүмкін. Таулы жерлерде әскерлер қозғалысы немесе инженерлік жұмыстар жасау кезінде пайда болатын дыбыстар тегіс жерге қарағанда мейлінше үлкен қашықтықта қабылданады. Таулы жерлерде тосқауылдар мен шабуылдаулар кең қолданылады. Тосқауыл тұтқындарды, құжаттарды, қарсыластың қару-жарағы мен техника үлгілерін алу мақсатында, ал шабуылдау, сонымен қатар қарсыластың маңызды объектілерін жою (істен шығару) мақсатында жүргізіледі. Тосқауылды құру үшін, взвод күшіне дейін барлау бөлімшесі немесе арнайы іріктелген сержанттар мен сарбаздар тобы тағайындалады. Жолдар мен сүрлеу-соқпақтардың аз болуы тосқауылды ұйымдастыруға орын таңдап алуды жеңілдетеді. Шабуылдау барлау жүргізетін бөлімшенің толық күшімен не бір бөлігімен жүргізіледі. Таулы жердегі барлаудың көп тараған тәсілдерінің бірі іздеу болып табылады. Іздеу таулы жағдайларда таңсәріде, күн батарда немесе көру шектелген жағдайларда жүргізіледі. Іздеу объектісін зерттеумен қатар, оның кіре берісі мен кедергілер сипатын анықтау керек. Бұл мақсатта тау жабдықтары көмегімен әр түрлі бөгеттерді өту кезіндегі қимылдарды тез және шусыз орындауға үйретілген барлаушылар жіберіледі. Радиолокациялық барлауды жер үсті жылжымалы нысаналарының радиолокациялық барлау посттары жүргізеді. Инженерлік барлауды әскери-барлау органдары мен инженерлік әскерлерге қоса берілген бөлімшелер жүргізеді. Радиолокациялық және химиялық барлауды арнайы даярланған бөлімшелер (экипаждар, есептоптар) жүргізеді. Артиллериялық барлауды штаттық және қоса берілген артиллериялық бөлімшелер жүргізеді. Таулы жерлерде қимыл жасау кезінде батальон (рота) күзеті өз әскерлерінің орналасу немесе қимыл-әрекет жасау ауданына қарсылас барлаушының еніп кетпеуін, оларға қарсыластың жер үсті күшінің, әуе десантының, диверсиялық барлау тобының кенеттен шабуылдауын болдырмау және күзетілетін бөлімшелерге жазылу немесе ұрысқа әзірлікке келтіру және ұрысқа кіру үшін уақыт беру,

қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылып, жүзеге асырылады.

Оған қарап жол бойымен немесе жолдан тыс қозғалыс қолайлылығы дәрежесін анықтау мүмкін емес. Картаға қосымша әскери-географиялық бейнелеулерді, жергілікті тұрғындардың жауаптарын, сондай-ақ арнайы рекогносцировкаларды пайдалану қажет. Әскери барлауды таулы жерлерде барлау және ұрыстық барлау шолғындары, шолғыншы бөлімшелері (танкілер) және бақылау постылары жүргізеді. Барлау шолғыны барлау взводы құрамында жөнелтіледі. Барлау шолғыны өз бөлімшелерінен 15 км, ал барлау жасағынан жіберілген шолғын басты күштен 10 км-ге дейін қашықтықта әрекет жасайды. Ұрыстық барлау шолғыны мотоатқыштар (танк) взводы құрамында жіберіледі. Ол майдан алдында немесе бөлімшенің қапталдарының бірінде оны бақылаумен қамтамасыз ететін және атыспен қолдай алатын қашықтықта әрекет жасайды.

14.4. Қазіргі ұрыстағы барлаудың рөлі

Барлау – бұл әскердің әрекетін кез келген жағдайда қамтамасыз етуі. Оған қарсылас туралы мәлімет жинау және зерттеу, бөлімнің әрекеттері өтетін жергілікті жерін және ауа райы туралы мәлімет жинау жатады. Ол ұрысты табысты жүргізуге керекті барлау мәліметтерін алу мақсатында барлық дәрежедегі командирлермен және штабтармен ұйымдастырылады.

Қарсыласты талқандауға қол жеткізу үшін, әр командир оның күшті және әлсіз жақтарын білуі, оның ойын, күшін құрамын уақытында тауып, әскердің қайда, қандай ұрыстық міндеттер орындап жатқанына қарамай, командирлер қарсылас туралы мәліметтерді әрқашан білуі қажет.

Барлауға тағайындалған бөлімнің барлық құрамына қызметі және құжаттар, орден және медальдар, хат және суреттер ұстауға рұқсат етіледі. Барлау жүргізуге дайындық кезінде барлық қарулар тиянақты тазаланып, майланып, оқ-дәрілермен, азық және дәрігерлік жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Ұрыс көліктері толығымен тексеріліп, жанармаймен толықтырылып, техникалық ақаулары тексеріледі.

Түнгі көру құралдары, навигациялық құрал және гиропокукомпостар жұмысқа дайындалады.

Жоғарыда айтылған барлау мүшелерінің міндеттері мыналар:

- қарсыластың ЖҚҚ құралдарын қолдану координаттарын анықтау;
- көрсетілген сектор және бақылау жазықтықтарында қарсыласты және жергілікті жерді бақылауды жүргізу;
- қарсыластың ұрыстық тәртібіндегі аралықты, ашық флангілерін және оның қорғанатын бөлігінің әлсіз жақтарын анықтау;
- қарсыласты табу, оның орналасқан ауданын анықтау, оның күшін, құрамын, тобын, әрекет ету сипатын, бөлім нөмірін анықтау;
- басқару пункттері, байланыс желісі, ату құралдары, танкілері, артиллерия, миномент және басқа да қару түрлері жағдайды нақты анықтау;

- қорғаныс құрылғылары және инженерлік химиялық бекіністе барлау;
- жергілікті жердің сипаты және қорғаныстық қасиетін, табиғи кедергілер, жол жағдайы, көпірлер, ұрыс болатын ауданды зерттеу;
- қарсыластың қаруларының жаңа түрін, олардың ұрыстық сапасын және әскерлілігін зерттеу мақсатында қолға түсіру.

Таулы жерлердегі барлау қарсылас және алдағы қимыл-әрекеттер жүргізілетін аудандағы жергілікті жер туралы мәліметтерді жинау мақсатында кез келген жағдайларда ұйымдастырылып жүргізіледі. Барлауға қойылатын негізгі талаптар: барлау объектілері мен нысаналарының координаттарын анықтаудың мақсаттылығы, үздіксіздігі, белсенділігі, шапшаңдығы, жасырындылығы, анықтығы және нақтылығы болып табылады. Табылған мәліметтер барлау жүргізуге тапсырма жүктеген командирге мүмкіндігі болған барлық амалдармен беріледі. Ал ерекше маңызды мәліметтер дереу баяндалады. Бөлімшелерде барлау мәліметтері дайындық кезінде және ұрыс барысында бақылаумен, барлау торуылдарымен, жасырын тыңдаумен, шабуылдаумен, жергілікті тұрғындар мен босқындардан сұрастырумен, қолға түскен қарсылас құжаттарын, қару-жарақ үлгілерін, техникасын зерттеумен және басқа тәсілдер арқылы алынады. Сондай-ақ, қарсылас туралы мәлімет көршілерден, қоса берілген бөлімшелерден және жоғары тұрған бастықтардан алынуы мүмкін. Барлауды ұйымдастыру кезінде батальон (рота) командирі барлаудың негізгі күшін қай объектілерге (бағытқа, ауданға) шоғарландыру керектігін, қандай мәліметтер, оларды қандай жолдармен және тәсілдермен, қай уақытта табу қажеттігін көрсетеді. Рота (взводтар) командирлері алынған нұсқаулар негізінде майдан шеп алдында (қапталда, тылда) өз күші және құралдарымен барлау жүргізуді ұйымдастырады, оларға тапсырма береді, басқарады, табылған мәліметтерді зерттейді және оны батальон штабына баяндайды. Таулы жерлерде әскерлердің қозғалысының және маневр жасауының қиындығына, сондай-ақ карталардың дәл болмауына байланысты жергілікті жерді барлау өте маңызды мәнге ие болады. Бұл тапсырма (міндет) келесі анықтаулардан тұрады: әскерлердің түрлері, салалары үшін жолдың қолайлылығы; жолдан тыс қозғалыс қолайлылығының дәрежесі; маңызды биіктік пен шептер, жолда кездесетін бөгеттер сипаты және оларды айналып өту немесе жою мүмкіндіктері; қарсыластың тылы мен қапталына өтуге қолайлы кіреберістері. Таулы ауданның картасы — ірі масштабты карталары жергілікті жер туралы тек жалпы ұғым ғана бере алады.

Барлаудың ең көп тараған түрі бақылау болып табылады. Қарсыласты бақылау ұрыстың барлық түрінде ұйымдастырылады және оны бөлімше командирінің өзі, бақылау постылары, рота бақылаушылары, ату құралдарының есептоптары үздіксіз жүргізеді.

Таудағы бақылауды ұйымдастыру тау ерекшеліктерін есепке ала отырып, қарсыласты анық көруді қамтамасыз етуі тиіс. Бақылау постылары мен бақылаушылар майдан мен оның тереңдігіне ғана емес, жақын кіреберістерді анық шолу мақсатында биіктікте де орналасады. Жергілікті жерді жота, асу, аңғар, шатқал, ойпаттар бойымен қарастыруға болатын пункттерді табу өте

тиімді болып саналады. Әуе қарсыласын бақылауды зениттік бөлімшелердің әуе бақылау посттары, бөлімшенің бақылау посты, сондай-ақ бақылау посттары және бақылаушылар жүргізеді. Радиолокациялық және химиялық бақылауды батальондар мен роталардың химиялық бақылау посттары жүргізеді. Бақылау посты екі-үш бақылаушыдан тұрады, олардың біреуі аға бақылаушы болып тағайындалады.

14.5. Бөлімнің барлау жүргізу тәсілдері

Барлауға бөлінген офицерлер мен сарбаздардың міндеттері:

- тапсырманы орындауға сәйкес барлау мәліметтерін белсенділікпен, батырлықпен, жасырын іс-қимылмен табу керек;
- қойылған тапсырманы орындау үшін, қарсыласты алдау жолдарын, әскери қулықтың әр түрлі тәсілдерін кең қолданып, тапқырлықты көрсету керек;
- өз іс-қимылдарын батырлықпен, шешімділікпен, шыдамдылықпен қулықты, жасырындықты бірдей қолдана алу керек.

Барлаушылар істерін қатаң, кенеттен, қарсылас күтпеген жерде жүргізе алу керек. Әр бөлімшеде, ұрыстың барлық түрінде, барлау жасау, бақылау арқылы ұйымдастырылады.

Бөлімше командирі өзі немесе арнайы тағайындалған бақылаушылармен бақылау жүргізеді, ол барлаудың негізгі әдісі болып табылады.

Көру шектелген кезде немесе түнгі мезгілде бақылау қосымша тыңдау арқылы жүргізіледі. Тәжірибелі бақылаушы бір дыбысты жібермейді. Дыбыстарды тыңдау арқылы бақылаушы машинаның дыбысынан танкілердің, ЖҰМ-дардың (БТР-лардың) дыбысын айрықтай отырып, қай бағытта жүріп бара жатқанын және қай жерде әскерлер шоғырланып жатқанын жобалап анықтайды.

Тосқауыл – барлаудың бір тәсілі.

Тосқауылды ұрыстың барлық түрлерінде, тәуліктің, жылдың барлық мезгілінде, ауа райына қарамастан майдан шептің алдында, қапталдарында және қарсыластың тылында жүргізуге болады.

Қарсыластың қозғалысының ықтимал бағытында, взводпен немесе бөлімшемен кенеттен шабуылдау үшін тосқауыл қойылады.

Жеке құрамның шешімді, білімді іс-қимылдары, атысты мергендікпен жүргізуі, жасырын орналасуы, тосқауылдың жақсы нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді.

Карта арқылы немесе жергілікті жерде бөлімше командирі тосқауылды ұрысын жүргізуге аға командирден тапсырма алады.

Тапсырманы түсініп, бөлімше командирі тосқауыл қойылатын жерге жасырын жету жолдарын және жүргізу ретін анықтайды.

Қарсыластың кенеттен шабуылына ұшырап қалмау үшін, бөлімше командирі тосқауылды жүргізу орнына жеткен соң, атыс жүйесін және бақылау ұйымдастырады, жеке құрамның жайғасу орнын анықтайды. Олардың атыс құралдары мен міндеттерін, іс-қимылдарының ретін, егер қарсылас келіп

қалған жағдай болғандағы және міндетті орындап болғаннан кейінгі іс-қимылдарын анықтап береді.

Хабарландыру, басқару, бірлесіп істейтін іс-қимылдарының ретін жеткізеді.

Тосқауылға ұрыс тапсырмасын қойғанда, бөлімше командирі көрсетеді:

- бағдарларды;
- қарсылас туралы мәліметтерді;
- бөлімшенің тапсырмасын;
- әр сарбаздың шабуыл тобымен қамтамасыз ететін топтардағы орнын, міндетін, атысты бастау ретін, шабуылда және тапсырманы орындағаннан кейінгі іс-қимылдарын жеткізеді (шығынға ұшырағандарды, жарақаттанғандарды алып кету және демалу ретін);
- атысты бастау, шабуылға шығу, демалуға деген белгілерді жеткізіп, өзінің орынбасарын көрсетеді.

Тосқауыл ұрысына таңдалған жер және тосқауылдағы бөлімшенің ұқыпты бүркемеленуі мен қатал тәртіптілікті сақтауы кенеттен шабуылдаудың бірден-бір тиімді жағдайы болып табылады. Қарсылас тосқауылшыларды біліп қоймасын деп, барлық іздер мен басқа да белгілерді жояды немесе бүркемелейді. Тосқауылда жайғасқан соң, бөлімше шабуылға шықпай тұрғанда өзін еш білдірмейді.

Қарсыластың жақындағанын бақылаушы анықталған белгі арқылы командирге жеткізіп отырады. Бөлімшеге қарсыластың дара сарбаздары, офицерлері және кіші топтары келе жатса, оларды жақындатып, кенеттен бассалып, шабуылдап тұтқынға алу керек.

Тосқауылдағы бөлімше қарсыластың үлкен топтарын шабуылдаған жағдайда, қолда бар қарудың атысымен кенеттен шабуылдап, қарсыласты өзіне келтірмей тұтқынға алып және құжаттарды, қарулардың үлгісін қолға түсіруі керек.

Қарсыласты іздеу (поиск) – барлаудың бір түрі. Оның мақсаты жасырын, қарсыластың анықталған, зерттелген объектісіне кенеттен шабуыл жасап, тұтқындарды, құжаттарды, қару-жарақтың үлгілерін қолға түсіру болып табылады. Оның шабуыл объектісі қарсыластың алдыңғы шебіндегі немесе тереңіндегі дара сарбаздар, кіші топтар, атыс және басқа құралдардың есептері болып табылады.

Іздеу жаяу ретпен іске асырылады. Оны жүргізетін бөлімшенің құрамы бөгеттер қоятын құралдары бар саперлермен күшейтілу мүмкін және іс-қимылдарын артилерияның, мина атқыштардың атысымен қолдап отырылады. Бұл бөлімшеден қарсыластың жеке құрамын тұтқындау үшін, шабуыл тобы, қосымша берілген саперлерден бөгеттерден өтпе жасау үшін және оларды атыспен қамтамасыз ету үшін, сарбаздардан атыс топтары құрылады. Шабуыл топтарына ең жақсы дайындалған, жүректі, денесі мықты, қоян-қолтық күресін

білетіндер тағайындалады. Шабуылдағыларды атыс тобындағылар атыспен қолдап отырады.

Атыспен қамтамасыз етіп отыратын топта, жақсы көрінбейтін жағдайда мергендікпен алыс қашықтыққа ататын сарбаздар тағайындалады.

Іздеуді күндіз де жүргізуге болады, егер қарсылас алдыңғы шептен (100-150 м) қашықтықта жайғасқан жағдайда, бірақ жан-жақты қамтамасыз ету керек. Іздеуді түнгі мезгілде жүргізген тиімді.

Тапсырманы түсініп, жағдайға баға берген соң, бөлімше жан-жақты дайындалады. Олар:

- шабуыл объектісінің аумағындағы жергілікті жердің сипатын, қарсыластың іс-қимылдарын, оларға тиімді жолмен баруды зерттейді және үзбес бақылау жүргізеді;
- Іс-қимылдың жоспарын құрайды;
- Қарсыласқа шабуыл жасайтын және оларды қамтамасыз ететін сарбаздарды тағайындайды;
- Бөлімшенің жеке құрамымен нұсқау жүргізіледі;
- өз бөгеттерінде өтпені жасайды;
- тапсырманы қойып, іс-қимылға дайындықты бақылайды.

Іздеуді жүргізу үшін, жағдайға байланысты бөлімшенің дайындығы бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке созылуы мүмкін.

Бөлім шолғында

Жергілікті жердің бедерін аз уақытта тоқтап шолып, шолғындағы бөлім өз тапсырмасын орындайды. Бөлім ЖҰМ-дармен (БТР) немесе жаяу ретте іс-қимылдарын жасайды. Ол бөлімде байланыс радио немесе белгілер арқылы жүргізіледі.

Шолғындағы бөлімнің командирі тапсырманы алған соң, баратын нүктеге дейінгі жолдарды зерттеп, іс-қимылдардың ретін анықтап, ұрыс бұйрығын береді және құпия сөзді айтады.

Шолғындағы бөлімнің командирі бұйрығында көрсетеді:

- қарсылас туралы мәліметті;
- бөлімнің міндетін;
- бағыныштылардың міндеттерін (бақылау секторы, қозғалыстың бағыты және жылдамдығы), қарсыласпен кездескен жағдайдағы іс-қимылдарды және байқаудың нәтижесін баяндау ретін;
- бірлесіп іс-қимыл жасау, басқару, хабарландыру белгілерін;
- барлауды жүргізу уақыты және орынбасарын.

Шолғындағы бөлім тиімді бақылау үшін және артында келе жатқан негізгі күштерді тоқтатпау үшін, бір нүктеден екінші нүктеге шапшаң жылдамдықпен қозғалады.

Жылжып келе жатып, жергілікті жердің бедерін ерекше, қарсыластың жасырынуы ықтимал жерлерін мұқият байқау арқылы жүргізеді. Егер де бақылау объекті барлауға машинаның ішінен жүргізуге болмаса, бөлім

командирі екі шолғыншы взводтарды жібереді, олардың бір командирі басшы болып тағайындалады.

Қарсыластың тірек нүктесін барлағанда, олардың атыс құралдарының және бөгеттерінің орналасуын анықтау керек. Бұл тапсырманы анықтау үшін, бөлім қарсыластың іс-қимылдарын мұқият бақылау арқылы жүргізеді. Кейбір жағдайда, бөлім командирі әдейі қарсыласты атуға мәжбүр етіп арандатады.

Шабуылдағы негізгі бөлімдердің алдында немесе капталдарында шолғындағы бөлім іс-қимылын жүргізеді.

Қарсыластың атыс құралдарының, артиллериясының бекіністерінің, басқару-бақылау нүктелерінің, бөгеттерінің және басқа объектілерінің орналасуын, шолғындағы бөлім, қарсыластың тірек нүктелерінің арасынан өтіп, оның тереңдігінде барлау жүргізіп, негізгі шабуылдағы бөлімнің командиріне баяндама жасап жеткізіп тұрады. Негізгі бөлімдер шабуыл барысында шолғындағы бөлімшеге жететін болса, шолғыншылар тез алға ілгерілеп өз міндетін орындауды жалғастыра береді.

Қарсыластың қорғанысының тереңдігінен келе жатқан күштерді байқап қалған жағдайда, шолғындағы бөлім командирі олардың құрамын, бағытын аға командирге баяндайды.

Бөлім командирі бағыттарды бақылау арқылы барлау жүргізеді, себебі қарсылас сол бағытта майдан шепке немесе артиллерияның атыс бекінісіне шығуы мүмкін.

Бөлімнің барлау жүргізу тәсілдерінің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- қарсыласты бақылау мен барлау бөлім командирі және барлық бөліммен жүргізіледі;

- бақылау постарынан қарсыласты бақылау күндіз және түнде, көрінуі шектеулі жағдайда электронды-оптикалық құралдармен, РНС түріндегі радиолокациялық станцияларымен, сондай-ақ жарықтандыру зымырандарын қарумен; бақылау постысының жеке құрамы бақылау үшін 6 немесе 8 есе үлкейтіп көрсететін дүрбілер, 15, 20, 40 есе үлкейтетін микроскоп қолдануы мүмкін. Түнгі уақытта бақылау міндетті түрде тыңдаумен іске асырылады:

- тасадан бақылау барлау жүргізудің бір түрі ретінде ұрыстың барлық түрінде барлау-бағдарлау, бағдарлау бөлімінен, сондай-ақ арнайы тағайындалған бөлімімен қолданылады. Жақсы ұйымдастырылған, әрі дайындалған тасадан күту – бұл қарсылыққа қарсы қақпан құру секілді. Тасадан күтуге тағайындалған бөлімге пулемет, танкі, саперлер және басқа да күш, құралдар берілуі мүмкін.

Тапсырманың мақсаты – аздаған күштің кенеттен оқ атуымен күші көп қарсылықты жою, тұтқын алу, маңызды құжаттар, қару түрлерін алу, сондай-ақ қарсыластың ядролық құралдарын жою. Тасадан күту әрекеті аяқтала бөлім жылдам позициядан шығып, жасырын кету, ал кейде бөліммен бөлім командирі көрсетуімен бөлініп, сосын бір жерге жинақталулары керек. Тасада күтудің бастысы – жасырын дайындалу, ату позицияларын алу, тұтқиылдан әсерлі жою атысы және жаулап алу үшін батыл қимыл жасау.

Іздеу барлау жүргізу тәсілі ретінде мотоатқыштар немесе штатты барлау бөлімімен қолданылады. Іздеу жүргізілуге тағайындалған бөлім саперлер бөлімшесімен, артиллерия және миномет оғымен күшейтіледі. Іздеу қарсылас орналасқан ауданда және өзінің алдыңғы шебінде түнде немесе көрінудің шектеулі жағдайында жүргізіледі. Іздеу жүргізу үшін, күшейтілген бөлім құрамында үш топ құрылады:

- іздеу жүргізілетін құрамға бекіністерден және кедергілерден өтуді қамтамасыз ететін саперлардан көпір жасау тобы;
- құрамына батыл, денелік күшті сарбаздар кіретін, іздеу объектісінде тұтқын алуды іске асыратын шабуыл тобы;
- шабуылдаушы әрекетін оғымен жабатын атуды қамтамасыз ету тобы.

Іздеуге бөлімнің дайындалуы қарсылыстардан ғана емес, өз әскерінен де жасырын өтеді. Дайындыққа бөлінген уақыт қалыптасқан жағдайға байланысты 1 тәуліктен 5 тәулікке дейін жетуі мүмкін.

Барлаудағы қойылған тапсырманы орындауға дайындық бойынша бөлім командирінің жұмысы нақты қалыптасқан жағдайға, барлауға қойылған міндет және уақытқа байланысты. Ұрыстық тапсырма алған сәттен бастап, бөлім командирі мына іс-шараларды іске асырады:

- сағатын рота командирі уақытымен туралайды;
- алынған ұрыстық тапсырманы анықтайды, яғни, қарсылас туралы нақты, толық мәлімет алудағы бөлімнің рөлін, сол мәліметтердің барлауға жіберген командирдің ұрыстық міндеттерінің шешілуіне дәл және уақытылы келуін анықтайды;
- тапсырманы алғаннан, дайын болғанға дейінгі уақытта уақыттың есебін қысқаша есептеп шығады. Барлауға шығар алдында қарамағындағыларға демалуға уақыт беріледі;
- тез орындалуды қажет ететін іс-шараларды анықтайды (оқ-дәрілерді толықтыру, жанармай құю, қаруды тазалау, майлау);
- жағдайды екшелеу (қарсыласты, көрші барлау бөлімдерін, бөлім мүмкіндіктері);
- барлауды жүргізу туралы шешім, ұрыстық бұйрықтар қабылдау;
- бөлім дайындығын тексеру және дайындық туралы аға командирге баяндау.

Күзету органдары құрамында қопарғыш құралдар мен шанц аспаптары бар инженерлік бөлімшелер жеткілікті мөлшерде болуы керек. Таулы жағдай жол және қопару ісінің мәнін арттырады. Таулы жерде қозғалысқа бөгеулер тек қарсылас құрған кедергілерден ғана емес, табиғи бөгеттерден де (үйінділер, жол шайылуы, көпір бұзылуы) болуы мүмкін. Жолдардың тез қалпына келтірілуі әскери күзетке қоса берілген инженерлік бөлімшелердің шұғыл, нақты қимылдарына байланысты.

Таудағы, жердегі, техникадағы, көліктегі және басқа заттардағы улы заттарды анықтауға арналған аспап Ә.х.б.а. қақпақты корпустан және оған орнатылған қол сорғыдан, сорғының кигізбелі сабынан, индикатор түтікшелі қағаз кассеттерден, түтінге қарсы сүзгілерден, қорғаныш қақпақшасынан,

электр шамынан және басқа бөлшектерден тұрады. Ә.х.б.а. жәрдемімен улы заттарды анықтауда индикаторлық түтікшелердің рөлі маңызды. Ә.х.б.а. кешенінде үш түрлі индикаторлық түтікше бар: бір қызыл сақиналы және бір қызыл нүктелі түтікше заринді, зоманды, Y-газын, бір сары түтікше ипритті, үш көк сақиналы түтікше фосгенді, көгертікші қышқылын және хлорцианды анықтауға арналған.

Қорғаныш қабықшасы топырақ пен сусымалы материалдарды тексеруге пайдаланылады. Индикаторлық түтікшелермен төменгі температурада жұмыс істеген жағдайда арнаулы жылытқыш пайдаланылады. Ә.х.б.а-мен улы заттарды анықтау әдістері арнаулы әдебиеттерде көрсетілген. Аспап жұмыс істеуге өте қолайлы, әрі қарапайым. Ылғал тигізбей құрғақ жерде сақтау керек. Оны химик-барлаушылар пайдаланады.

14.6. Бөлім маршруты барлау бағдарында

Күшейтілген бөлім құрамындағы барлаулық бағдар батальоннан барлау отрядының (БО) құрамына жіберіледі.

Марштағы барлаулық бағдардағы (ББ) бөлім бағытын (маршрутын) барлаудан алады.

Марштағы бөлім бағдарлауы ұрыс көлігінде және тек кей жағдайларда ғана жаяу әрекет етеді. Бағдардың басты міндеті қарсыластың барлауымен қақтығысқа түспей, олардың басты күшінен шығып, барлауға кірісу.

Ұрыс тапсырмасын түсіне және жағдайды бағалау кезінде бағдарлау командирі мынадай басты сұрақтарды түсініп және негізгі назарды аударуы қажет:

- барлау басталар сәтіне дейін қарсыластың басты күші қай жерде және не істеп жатыр;
- қандай барлаулық мәліметтер және бағдар сол мәліметті қанша уақыт ішінде табуы тиіс;
- қашан және қайда барлау біту керек, алынған мәліметтерді қашан және кімге беруі керек;
- жергілікті жерде және түрлі рубеждегі бағдардың шерулік тәртібін анықтау;
- барлау барысындағы бағдар жүргізу көліктерінің міндеті, қозғалу маршруты және әрекет ету тәртібін анықтау;
- қарсыласпен кездесуі мүмкін рубежді анықтау және бағдардың әр рубежде әрекет ету тәртібі.

Бөлім командирі өзінің ұрыстық бұйрығында мынаны айтып көрсетеді:

- мәліметтер және ол туралы өзінің тұжырымы;
- бағдарға жіберуші аға командирдің негізгі міндеттерін жалпы сипатта;
- барлау бағыты, бағдар міндеті, оның шерулік тәртібі;
- бөлімше және күшейту бағытына тапсырмалар;
- тапсырманы орындауға бөлімнің дайындығы, барлаудың басталу және аяқталу уақыты;

- өзінің және орынбасарының орны.

Ұрыстық бұйрық берілген соң бөлім командирі мынаны айтады:

- бағдардың әрекет ету тәртібі, бағдарлық бөлімшенің қарсыласын кездескенше, кездескеннен кейінгі әрекет етуі;

- бағдарға жіберген аға бастықпен және бағдар ішіндегі байланысты ұйымдастыру және ұстау тәртібі;

- хабар беру, басқару, өзара әрекет ету белгілері солар бойынша әрекет ету тәртібі;

- көрші және әрекет етуші бөлімдермен байланысты;

- өз әскерін тану тәсілдері және белгілері;

- өз әскерінің фронты өту тәртібі, рұқсат қағаз және шақыру;

- бағдарға жіберген жоғарғы бастықтың шешімі бойынша бағдардың мәселелерін көмек беру құралдарымен орындалатын міндеттер.

Көрінетін байланысты және атыс көмегін қамтамасыз ететін, бағдар және одан жіберілген бағдарлық бөлімше тапсырманы екі тәсілмен шешеді:

- қарсыласпен кездесу мүмкін болмағанда, олар ең жоғарғы жылдамдықпен, жол бойымен қозғалады. Жергілікті жер заттарды жүріс барысында қарайды.

- жаудың кездесуі мүмкін ауданында олар жолсызбен, жасырын, бір тасадан екіншісіне бақылау жүргізе отырып қозғалады.

Марштағы барлаудың бір қатар ерекшеліктері бар:

- жолмен жүру дұрыс болмайды. Өйткені, онда мина және жарылатын басқа да кедергілер болуы мүмкін;

- қарсыласпен кездесу ауданында бөлім қозғалысы 2-4 шақырым ішке еніп іске асырылады;

- жергілікті жерді барлап шыққан соң, бағдарлау командирі келесі бақылау позициясын анықтайды және оған ең жоғарғы жылдамдықпен бағдарлауды шығарады;

- бағдар командирі шерулік қарауыл бөлімдерімен байланыс орнатуға ерекше көңіл аударғаны жөн. Өйткені, олар қарсылас барлауының негізгі күшке еніп кетпеуіне жауап береді;

- бағдар өзін ұстап бермеу және құрлықтағы қарсыластың көңілін өзіне аудармау үшін, қарсыластың әуедегі нысандарымен күреске түспейді.

Тек бағдар жасалып жүрген ауданға түскен әуе десантымен қақтығысқа түсіп, көзін жоюға болады.

Марш кезінде барлау жүргізуде бағдар командирі өзінің негізгі мақсаты қарсыластың негізгі күшін тауып, олардың құрамын, бағытын анықтау екенін естен шығармағыны жөн.

14.7. Бір орынға орналасқан бөлім

Бөлімнің басты ауданда, жинақталу ауданда, күту және демалыс аудандарында орналасуы бір орынды орналасу деп аталады. Бұл аудандар ұрыс техникасын және жеке құрамды жинақтап, жасырын орналастыру, бөлімдерді

жылдам жинақтап, оларды керекті бағытқа қозғау, жеке құрамның ыңғайлы орналасуын қамтамасыз ететін жерге белгіленеді. Бөлімдердің орналасуына таңдалған аудан бөлімдерден, кейде батальондардан жіберілетін топтармен тиянақты түрде барланады. Рекогностицияланған топтар бөлімдердің орналасқан жерін барлап және дәлдеп, оларды күтіп алып, орналастырады. Белгілінген жерге келген бөлім қозғалыс маршрутының бойына орналасып, одан әрі өз міндетін орындайтын жерге жергілікті жердің жасырынуға қолайлы жерлерін пайдаланып орналасады.

ЖҰМ (БТР) танктер бір снарядпен екі және одан да көп көліктер жарылмау үшін, бір-бірінен 25-50 метр алшақтықта орналасады. Көліктер өз орындарына орналасқан соң техниканың іздерін жасырып дайындалады.

Ұрыстық бұйрық берген соң, бөлім командирі ауданды инженерлік жабдықтауға, жасыруға және ұрыс техникаларын техникалық тексеруге тапсырма береді.

Бөлім бір орынға орналасқан кезде қарсыластың құрлықтан, әуеден шабуылдауына дайын болуы керек. Сондықтан да, бөлімге бақылаудан басқа орналасқан жерді айнала жүріп, кезекшілік жүргізуге тікелей қарауыл бөлінеді.

Кезекшілік бөлінген жағдайда, олардың қозғалыс бағыты, міндеті, қызмет ету тәртібі, қарсылас кездескен жағдайдағы әрекеті көрсетіледі. Кезекшілер орналасқан ауданды айнала жүріп, жергілікті жерді тыңғылықты қарастырады. Әр тәулікте өз әскерлерін тану үшін, рұқсат қағазы беріледі.

Жасырыну қарсыласты бөлімі орналасқан жерінен алдастыру мақсатында ұйымдастырылады. Оған былай қол жеткізіледі:

- әскери сырды сақтау;
- жасырын орналасып, жеке құрамды, ұрыс және басқа техникаларды жасырын көшіру, қаруларды, ұрыс техникаларын жергілікті жер реңімен бояу;
- жергілікті жердің жасырынуға қолайлы қасиеттерін пайдалану;
- жасырыну тәртібін қатаң сақтау.

Қарауылдық застава – қорғалатын бөлімдерге қарсылас барлауының еніп кетпеуіне жол бермейтін, әдетте, күшейтілген бөлім құрамындағы қарауылдық қорғаудағы орган. Қарауылдық қорғаудың қорғалатын бөлімдерден алшақтау 5 шақырымға дейін, кейде одан да көпке кетеді. Бұл жазықтықта бөлім негізгі, егер уақыт болса, қосымша позицияны құрады. Қарауылдық застава аралықтары әрдайым бақылауда болып, артиллериямен күшейтілуі тиіс. Осы мақсатпен әр бөлімшеде бақылау ұйымдастырылады. Ал қарауылдық заставаны қолдау үшін, минометтық батарея, кейде одан да жоғары бөлінеді. Түнгі уақытта жергілікті жерді бақылау үшін, ашық флангілерге қос кезекшілер бөлінеді. Қарсыласты уақытылы табу үшін және қарауыл заставасына уақытылы хабарлау үшін, барлаушылар жіберіледі.

14.8. Қарауылдық қорғаудағы бөлім

Бөлімдер бір орынға орналасқан жағдайда тек тікелей емес, сонымен бірге қарауылдық қорғауда болады. Қарауылдық қорғауға бөлінетін бөлім саны

және құрамы қорғалатын бөлімдердің қарсыластан қаншалықты алыс орналасқанына байланысты.

Барлаушы көрсетілген орынға орналасып, жергілікті жерді бақылауға алады. Барлаушының үлкені қарсыласты бақылау тәртібін орнатып, оны қойған командирмен әрдайым байланыс ұстап отырады. Барлаушы қызметін жасырын жүргізеді. Өзін көрсетпей, ешкімді ұстамай, тергемейді. Өйтпесе, ол барлаушы болып аталмайды. Сарбазға қарсылас шабуыл жасаған жағдайда, ол оқ атып артқа шегінеді. Қарауылдық қорғау қорғанысқа ыңғайлы, қарсыластың жағын көруді қамтамасыз ететін рубежге орналасады.

Шетелдік армияларда негізгі ұрыстық танктер, орташа танктер болып табылады. Олар мотожаяу әскер бөлімшелерімен және өз алдына ұрыс жүргізе алады.

Шетел мамандарының пікірінше, шетел армияларының танктерінің сауыттық қорғанышы жақсы, маневрлігі жоғары. Олар түнде ұрыс жүргізуді қамтамасыз ететін инфрақызыл көздеуіштермен және бақылау аспаптардың толық жинағымен жарақталған. Танктердегі қару-жарақ екі жазықтықта тұрақтандырады. Танктердің сүзгі-желдеткіш қондырғысы, өртке қарсы жабдығы және су астында жүргізуге арналған жабдығы бар. Кейбір танктердің кумулятивтік снарядтардан қорғануды қамтамасыз ететін кемерлік қалқандары болады. Танк экипажы, әдетте, төрт адамнан тұрады: командир, көздеуші, оқтаушы және механик-жүргізуші.

Танкке қарсы қолданылатын гранаты тік түрегеп тұрып тізерлеген күйде, жатқан қалпында лақтыруға болады. Алайда, міндетті түрде тасадан лақтыру керек, өйткені жарылыс толқыны мен жарылған гранаттың жарықшақтары тиюінен тасаланбаса болмайды. Гранатты құлаштауды баяу бастап, одан соң қолдың қозғалыс жылдамдығын біртіндеп ұлғайтады. Құлаштап бола бергенде, лақтыруға бүкіл күшті салып, гранатты қолдан шығарғанда білекпен шалт жұлыққа қимылдайды. Бұл орайда, лақтырылған гранаттың ұшу уақыты кезінде танктің 5-10 м жүріп өтетінін ескеру керек. Танк жүріп өткен кезде, тез қарғып тұрып, оның осал тұсына гранат лақтырады. Қираған танктің экипажы одан түсуге әрекеттенген кезде, оны автоматпен атып жояды. Білікті де, батыл сарбазға жақындаған танк қауіпті емес. Бұған Ұлы Отан соғысының тәжірибесі айғақ.

XV. Еліміздің Әскери доктринасының әскери-саяси мақсаты мен міндеттері

15.1. Әскери доктрина шешуге тиісті мәселелер

Әскери доктринаның бұл бөлімінде:

- Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындығы саясаты баяндалады;
- Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі үшін негізгі қауіп-қатер айқындалады;

- Мемлекеттік әскери қауіпсіздігін қамтамсыз ету жөніндегі міндеттер тұжырымдалады;
- Әскери қауіпсіздікті қамтамсыз етуге басшылық жасаудың мәні ашып көрсетіледі.

Құжатта атап көрсетілгендей, қазіргі заманғы геосаяси жағдай блоктар тайталасы аяқталып, халықаралық қарым-қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуына орай, әлемдік қоғамдастықта болған *принципті өзгерістермен* сипатталады.

Дүниежүзілік соғыс ашу және жаппай қырып жоятын қарудың ядролық та, басқа да түрлерін қолдану қатері төмендеді. Көп жақта әлемнің қалыптасу үрдісі дәйекті даму үстінде. Қару-жарақты бақылау, әлемдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту саласында айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді.

Сонымен бірге, әлемде болып жатқан орасан зор өзгерістерге кейбір күрделі және қарама-қайшы үрдістер тән: бір жағынан – әлемдік қоғамдастық ынтымақтастықты кеңейту және даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, жанталаса қарулану және ядролық қарудың таралуын шектеу жөнінде нақты шаралар қолдануда; екінші жағынан – қауіпсіздіктің жаңа тәуекелдері мен қатерлері пайда болуда, олардың ішінде әр түрлі әскери қақтығыстардың туындау мүмкіндігінің артуы, экстремизмнің, халықаралық терроризмнің, ұйымдасқан қылмыстың таралуы, қару мен есірткінің заңсыз айналымы мейлінше қауіпті болып табылады.

Осы жағдайда Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы саясат мынадай көзқарастарға негізделеді:

- мемлекетаралық және ішкі қайшылықтарда шешу құралы ретіндегі қандай да болмасын қақтығысқа жол бермеуге болмайды;
- Қазақстан Республикасының өзіне және өзінің одақтастарына қарсы агрессия жасалған жағдайда, қарулы қорғануға, жеке және ұжымдық қорғанысқа құқығы бар.

Әскери доктринада *Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мынадай негізгі принциптерге негізделетіндігі* атап көрсетілген:

- басқа мемлекеттердің егемендігін, мемлекеттік шекарасының мызғымастығын, аумақтық тұтастығын құрметтеу және олардың ішкі істеріне қол сұқпау;
- өзара тиімді ынтымақтастық пен өзара түсіністік негізінде барлық елдермен достық қарым-қатынаста болу;
- басқа елдердің қауіпсіздігі және жалпыға ортақ қауіпсіздікке залал тигізбей, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- аймақта сенім шаралары мен әскери саладағы ашықтықты нығайту;
- халықаралық дау-дамайды бейбіт реттеу;
- Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды халықаралық құқыққа және ұлттық заңдарға сәйкес қолдану;

- Халықаралық міндеттемелерді сақтау және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын шарттардың мақсатқа қол жеткізуіне жәрдемдесу;

- Әскери қақтығыстардың алдын алуға, бейбітшілік қолдау мен қалпына келтіруге бағытталған пәрменді ғаламдық және аумақтық қауіпсіздік жүйесін құруға қатысу;

- Республика Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының құрылысын “Қазақстан-2030 жылға дейін даму стратегиясы” саяси бағытына сәйкестендіру;

- Жаппай қырып-жоятын қаруды таратпаудың халықаралық келісімдерін бекітуге жан-жақты жәрдемдесу;

- Қару-жарақпен, әскери техникамен, әскери және қос қолданысты технологиялармен сауда жасаудың халықаралық нормаларын сақтау.

Еліміз ҚРҚК-нің бас қолбасшысының пәрменімен әскери ұйымдастырылуына сүйене отырып, өз қарамағындағы күштердің, құралдар мен ресурстардың күллі жиынтығымен әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы елдің әскери қауіпсіздігіне қатерлердің алдын алудың саяси-дипломатиялық және басқа да әскери емес құралдарына ден қояды.

Елді қарулы қорғауды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері басқа да әскерлері мен әскери емес құралымдары жүзеге асырады.

Агрессия жасалған жағдайдағы ел қорғанысы Қазақстан Республикасының қарулы қорғауды, мемлекеттің күллі әскери және экономикалық потенциалын жұмылдыруды, азаматтық және аумақтық қорғанысты жүзеге асыруды, одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен іс-қимылдарды көздейді.

Қазақстан Республикасы әскери қақтығыстардың алдын алу, халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісінде:

- *Тәуелсіз Мемлекеттер Достығында* – Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт шеңберінде, сондай-ақ екіжақты және көпжақты негізде;

- *Аймақтық деңгейде* – Орта Азия мемлекеттерімен, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске қатысушы елдермен, сондай-ақ “Шанхай бестігі” шеңберінде;

- *Ғаламдық ауқымда* – Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттер халықаралық құқық нормалары негізінде ынтымақтасады.

Құжатта Қазақстан Республикасы әскери қауіпсіздігінің негізгі қауіп-қатерінің сипаттамасы берілген.

Орта мерзімді кезеңдегі негізгі қауіп-қатерлер ретінде мыналар қарастырылады:

- республика шекарасына тікелей, таяу жерде болып жатқан және ықтимал әскери қақтығыс ошақтары;

- республика аумағында бандалық құрылымдарының, экстремисттердің, халықаралық терроршылардың ену мүмкіндігі;

- жекелеген елдердің әскери қуатын сандық та, сапалық жағынан шектен тыс арттыру нәтижесінде аймақтық тұрақтылықтың әлсіреу мүмкіндігі;

- жаппай қырып-жоятын қарудың, оны жеткізу құралдарының және қазіргі заманғы әскери технологиялардың Азия аймағында таралу қаупі және олардың терроршыл топтардың қолына түсу мүмкіндігі.

Әскери қауіпсіздікті ішкі қауіп-қатерлері мыналар болып табылады:

- елдің әскери өндірістік потенциалының жеткілікті дамымауы, Қарулы Күштерді техникалық жарақтандыру, қару-жарақ пен әскери техниканы жөндеуді ұйымдастыру мәселерінде басқа мемлекеттерге тәуелділік;

- заңсыз қарулы құрылымдардың, терроршыл топтар мен бандалық құрылымдардың мемлекеттік немесе әскери объектілерге шабуылдауды;

- қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттар және басқа да құралдардың заңсыз таралуы;

- Қазақстан Республикасының аумағында террорлық актілер мен диверсияларды жүзеге асыру үшін қарулы құрылымдар құру;

- Мемлекет ішінде экстремизм мен сепартизмнің таралуы.

Әскери доктринада Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекет қызметінің аса маңызды бағыты болып табылатындығы атап көрсетілген.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің *басты мақсаты* – елдің аумағын, егемендігін, экономикасын, мемлекеттік институттары мен азаматтарын соғыс қатерінен қорғау, агрессияның немесе әскери қақтығыстар туғызудың алдын алу, Қазақстан Республикасының орнықты дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекет мынадай міндеттерді шешеді:

Бейбіт кезеңде:

- әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру тетігін жетілдіру;

- қорғаныс әлеуетін неғұрлым ықтимал соғыс қатеріне сайма-сай және елдің экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін деңгейде ұстау;

- Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды олардың сыртқы және ішкі қатерлердің алдын-алу мен жолын кесу жөніндегі үйлесімді іс-қимылдарға әзірлігін арттыру мақсатында жан-жақты қамтамасыз ету және сапалық тұрғыда жетілдіру;

- Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығына және басқа да өмірлік маңызды мүдделеріне қол сұғушылық және арандату әрекеттерін анықтап, жолын кесу;

- Елдің мемлекеттік органдарын, ұйымдары мен халқын әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге, азаматтық және аумақтық қорғанысқа қатысуға жан-жақты дайындау;

- Экономиканың жұмылдыру даярлығын қамтамасыз ету;

- Әскери инфрақұрылымды дамыту және жетілдіру;
- Әскери қызметтің беделін арттыру, әскери қызметшілердің және олардың отбасы мүшелерінің, сондай-ақ әскери қызметтен босатылған адамдарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ел азаматтарының Қазақстан Республикасын қорғау мен әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орындауға моральдық-психологиялық әзірлігін қалыптастыру.
- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға әзірлігіне, сондай-ақ іс-шаралардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

Қатерлі кезеңде және әскери қақтығыс басталғанда:

- әзірленіп жатқан қарулы шабуылды немесе жағдайдың қатерлі дамуын уақытында ашу және оларды тұмшалау жөнінде шаралар қолдану;
- соғыс жағдайын уақытында жариялау, елде немесе оның жекелеген аудандарында төтенше, не соғыс жағдайын енгізу.

Қарулы Күштерді стратегиялық орналастыруды жүргізу:

- мемлекеттік органдардың агрессияға, қарулы қақтығысқа тойтарыс беру мен оның жолын кесуді ұйымдастыру жөніндегі іс-әрекетін үйлестіру;
- соғыс уақытының нормативтік құқықтық актілерін қолданысқа дереу енгізу, соғыс қимылдарын даярлау мен жүргізу жөнінде шешім қабылдау және іске асыру;
- ел экономикасын, көлік пен коммуникацияларды соғыс уақыты жағдайында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралардың барынша қысқа мерзімде орындалуын қамтамасыз ету;
- азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру;
- мемлекет қарамағында бар күштердің, құралдар мен ресурстардың күллі жиынтығымен сыртқы агрессияға тікелей тойтарыс беру немесе қарулы қақтығысты тұмшалау.

Доктрина мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасаудың тәртібі мен мемлекеттік органдардың міндеттерін айқындайды.

Елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының негізінде жүзеге асырады.

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметі Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды жауынгерлік және жұмылдыру даярлығы жағдайында ұстауға, оларды жан-жақты қамтамасыз етуге, экономиканы, аумақты және халықты, елді қорғау мен қорғанысқа әзірлеуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Әскери доктринаға сәйкес *әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуге басшылық жасау:*

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды әзірлеуді, әскерлердің жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығының талап етілетін деңгейін ұстауды;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды қамтамасыз етуді, азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын дайындау мен жүзеге асыруды;
- Әскери-техникалық саясатты, қару-жарақ пен әскери-техниканы, әскери ғылымды дамыту бағдарламаларын іске асыруды;
- Экономиканы, мемлекеттік органдарды, ұйымдарды соғыс уақытында жұмыс істеуге жұмылдыру даярлығының іс-шараларын жүзеге асыруды;
- Елдің халқы мен инфрақұрылымын қорғанысқа әзірлеуді;
- Мемлекеттік және жұмылдыру резервтерінде материалдық құралдар қорын жасауды;
- Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке әзірлеуді, соғыс уақытында жұмылдырылушы адам ресурстарын жинақтауды;
- Мемлекеттік органдардың қызметін, соғыс уақытындағы іс-әрекетті үйлестіруді;
- Бейбіт кезеңдегі әскери қызметке байланысты, айналадағы ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды;
- Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды мемлекеттік инспекциялауды көздейді.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті *Қазақстан Республикасының Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы басқарады.*

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтардың, қоғамның және мемлекеттік қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы шешімдерін әзірлеуді жүзеге асыратын, қорғаныс пен қауіпсіздік мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қорғаныс қабілеті мен әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы саясатының негізгі бағыттарын әзірлеуге, қарамағындағы атқарушы билік органдарының әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыруға; ел экономикасының жұмылдырушылық даярлығына, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен жарақтандыруға, оларды қаржылай және материалдық қамтамасыз етуге, қорғаныс мақсатында ел аумағын жедел жабдықтауға; азаматтық және аумақтық қорғанысты ұйымдастыруға жауапты.

Басқа да мемлекеттік органдар, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған құқықтарының,

міндеттері мен өкілеттерінің шеңберінде әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындауды ұйымдастырады және толық жауапты болады.

Бейбіт кезеңде қарулы күштерге басшылық Қазақстан Республикасының Бас штабы арқылы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ел қорғанысына, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды құру мен дамыту тұжырымдамаларын әзірлеуге байланысты міндеттерді шешеді, мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясат жүргізеді, қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, мемлекеттік қорғаныс тапсырмасы мен қорғаныс мұқтажына қажет қаржы жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Қарулы Күштерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және елдің қорғаныс мәселелері жөнінде мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы мемлекет Қарулы Күштерінің бейбіт және соғыс кезеңіндегі басты басқару органы бола отырып, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларды құру және дамыту, олардың жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлықтары жөніндегі жоспарлардың әзірленуін үйлестіреді, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қолданылуы мен өзара іс-қимылын жедел-стратегиялық жоспарлауды ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ қорғаныс мақсатында ел аумағын жедел жабдықтаудың жоспарын әзірлейді.

Басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға тікелей басшылық жасауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті қолбасшылар (бастықтар) жүзеге асырады.

Қатерлі кезең мен соғыс уақытында мемлекеттік әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге басшылық жасау, соғыс кезеңіндегі мемлекеттік және басқару органдарын құру мен олардың жұмыс жасауы Қазақстан Республикасының тиісті нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасын қарулы қорғаудың және қорғанысының әскери негіздері:

а) Қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипаты, негізгі белгілері.

ә) Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды қолданудың негіздері.

б) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының мақсаты, құрамы мен міндеттері.

в) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары құрылысының негізгі бағыттары.

Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін, әскери-экономикалық қамтамасыз етудің негіздері:

а) Әскери қауіпсіздікті әскери-экономикалық қамтамасыз етудің мақсаты, принциптері мен бағыттары.

ә) Қазақстан Республикасының халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығының бағыттары.

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы әлемдік қоғамдастық күш-жігерінің нәтижесінде ірі ауқымды соғыстар ашу қатерін төмендетуге қол жеткізгенін, алайда саяси және өзге де келіспеушіліктер мен қайшылықтарды шешудің құралы ретінде әскери қақатығыстардың толық бас тарту кепілдіктерінің қалыптаспағанын ескереді.

Қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың сипаты олардың әскери-саяси мақсатымен, қолданылатын қару түрлерімен, ауқымымен айқындалады.

Құжатта *қазіргі заманғы әскери қақтығыстардың негізгі белгілері* атап көрсетілген:

- таралу кеңістігінің үнемі ұлғайып отыруы, ұлтаралық, әскери іс-қимылдың түйісусіз және дәстүрлі емес нысандары мен тәсілдерін пайдалану, алыс қашықтықтан алдын-ала ату арқылы жою және электрондық жаныштау, майдан мен тыл арасындағы айырмашылықтардың азаюы;

- соғысқа жүйесіз, кейде тіпті заңсыз қарулы құрылымдардың қатысуы;

- қару-жарақ пен әскери техниканың қазіргі заманғы жоғары тиімді жүйелерінің қолданылуы;

- жанама стратегиялық іс-қимылдардың кеңінен қолданылуы (саяси және психологиялық қысым көрсету, экономикалық санкциялар, ақпараттық күрес, көлік коммуникацияларын шектеу, күш көрсету және т.б.);

- мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу;

- әскерлер мен қаруды басқару жүйелерін қатардан шығару;

- негізінен энергетика кәсіпорындарын, қауіпті өндірістерді, коммуникацияларды, инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілерін жою.

Бұдан әрі, құжатта *әскери қақтығыстардың* (қақтығыстар) ауқымды, қарқыны, ұзақтығы және басқа да белгілері бойынша ерекшеленуі мүмкін екендігі атап көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы тартылуы мүмкін *әскери қақтығыстардың* үш түрі болжанып отыр:

Интенсивтілігі жоғары қақтығыс – әскери және экономикалық жағынан қуатты мемлекеттердің (мемлекеттер одағының қатысуымен болатын әскери қақтығыс).

Ядролық мемлекеттер араласқан қақтығыста ядролық қару қолдану қатері үнемі сақталады. Оның ядролық соғысқа ұласуы, тіпті шектеулі ядролық соққылар берілсе де, сансыз адам құрбандықтарына, экономикалық және мәдени орталықтардың күйреуіне, орасан зор аумақтық ластануына ұшыратуы мүмкін. Мұның өзі аймақтағы елдердің көпшілігінде экологиялық апатқа ұрындырады.

Интенсивтілігі орташа қақтығыс – қуатты экономикалық және әскери әлеуеті жоқ елдер арасындағы соғыс.

Интенсивтілігі орташа қақтығыстағы соғыс қимылдары тайталасушы тараптардың шектелуі күштер мен құралдарды қолдануымен, дәлдігі жоғары қару, радиоэлектрондық күрес құралдары мен басқа да қазіргі заманғы қару-жарақ түрлері және әскери техника белсенді түрде қолданылатын аумағы шектеулі ұрыс қимылдарымен тартысушы мемлекеттердің аумағында жүргізілуімен және олардың күллі аумағында әскерлерге, тыл, экономика және коммуникация объектілеріне зардабын тигізумен сипатталады.

Интенсивтілігі төмен қақтығыс – әр алуан қайшылықтарды, соғыс жағдайына көшпей-ақ, қарулы күрес құралдары мен шешу әрекеттері нәтижесінде туындаған қарулы қақтығыс. Әдетте, мұндай қақтығыстар шекара іргесіндегі қарулы қақтығыстардың, сырттан қарулы құрылымдар мен топтардың енуінің, ел ішінде заңсыз қарулы құрылымдардың пайда болуының, терроршыл ұйымдар іс-әрекетінің нәтижесінде туындайды.

Интенсивтілігі төмен қақтығыс –тайталасушы тараптардың әр текті күштер мен құралдары (шектеулі әскер контингенттерін, жүйесіз және басқа да құрылымдарды) қолдануымен, диверсиялық және террорлық іс-қимылдар жүргізуімен, қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техника түрлерін кеңінен пайдалануға әзірлігімен сипатталады. Мұндай қақтығыстар, әдетте, шапшаң, шектеулі сипатта болады. Қазіргі жағдайда мұндай сипаттағы қақтығыстардың туындауы неғұрлым ықтимал болып табылады.

Әскери доктринаға сәйкес, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары соғыс қатерін тұмшалау жөніндегі міндеттерді орындауға үнемі дайын тұруға тиіс.

Қазақстан Республикасына қарсы *интенсивтілігі төмен қақтығыстың* ішкі саяси тұрақсыздану, мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, шиеленіс ошақтарын туғызу, ұлтаралық, діни алауыздықтарға арандату, мемлекетті саяси көнбестікке итермелеу, экстремистік идеялар тарату мақсатында тұтандырылуы мүмкін.

Интенсивтілігі төмен қақтығыс туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының мақсаты – шиеленіс ошағының кең ауқымды соғыс қимылдарына ұласып кетуіне жол бермеу, жанжал түйінін мемлекет үшін мейлінше төмен залалмен шешу.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдары интенсивтілігі төмен қақтығыстарда, әдетте, оларды бейбіт құралдармен реттеуге жағдай туғызу мақсатында шиеленіс ошағын тұмшалау және соғыс қимылдарын мүмкіндігінше бастапқы кезінде тоқтату үшін қолданылатын болады. Осы міндетті орындау үшін, Қарулы Күштердің тұрақты жауынгерлік әзірліктегі құрамалары мен бөлімдері тартылады. Қажеттілігіне орай, олар Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және құралымдарымен күшейтілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда әскерлер тобына басшылықты біртұтас (жалпы әскерлік) қолбасшылық жүзеге асырады.

Шекарадағы жанжал, әдетте, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің күштері мен құралдарының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрамаларымен және бөлімдерімен өзара іс-қимылы арқылы шешіледі.

Сыртқы күштер Қазақстан Республикасының ішкі ісіне қол сұғу үшін сылтау ретінде тұтандырар ішкі қаруды қақтығыстың туындау мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мұндай қақтығысты тұмшалап ауыздықтау үшін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қолдану Қазақстан Республикасының Конституциясына қатаң сәйкес жағдайда заңдылық пен құқық тәртібін қалпына келтіру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халыққа қажетті көмек көрсету және жанжалды бейбіт жолмен шешуге жағдай туғызу мақсатында жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасына қарсы интенсивтілігі орташа қақтығыстың экономикалық және қорғаныс әулетіне нұқсан келтіру, белгілі бір аумақты басып алу немесе мемлекетті елеулі саяси, аумақтық, экономикалық және басқа да көнбістікке мәжбүрлеу мақсатында тұтандырылуы мүмкін. Мұндай қақтығыс мемлекет үшін қауіп туғызуы мүмкін, оның экономикалық және әскери әлеуетіне елеулі залал келтіреді.

Қазақстан Республикасы интенсивтілігі орташа қақтығыста ұмтылар мақсаты – агрессияға, бұл ретте одақтас мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлесе отырып, батыл тойтарыс беру, соғыс қимылдарының ауданын тұмшалау және орын алған қайшылықтарды бейбіт жолмен реттеу, жөнінде шаралар қолдану болмақ.

Интенсивтілігі орташа қақтығысқа қатысу Қазақстан Республикасының барша аумағында немесе оның жекелеген облыстарына соғыс жағдайын енгізуді және ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялауды, мемлекеттің күллі қорғаныс және әскери-экономикалық әлеуетін немесе оның елеулі бөлігін пайдалануды қажет етуі мүмкін.

Интенсивтілігі орташа қақтығыстағы соғыс қимылдары, олардың ауқымының кеңеюі мен қатысушы мемлекеттер санының өсуіне, елеулі әскер (күштер) топтарының қосымша тартылуына қарай, өзінің сипаты мен мазмұны жағынан, интенсивтілігі жоғары қақтығысқа тән соғыс қимылдарына жуықтауы мүмкін.

Қазақстан Республикасының интенсивтілігі орташа қақтығыстағы мақсаты мен міндеттеріне Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, жекелеген жағдайларда жүйесіз құралымдардың да, ал қажет болған жағдайда одақтас мемлекеттердің біріккен әскер (күштері) топтарының операциялар мен ұрыс қимылдарын дәйекті түрде жүргізуі арқылы қол жеткізеді.

Қазақстан Республикасы мен Қарулы Күштері интенсивтілігі орташа қақтығыста соғыс қимылдарын жеткізуге дайын болуға, тұтқиылдан шабуыл жасауды болдырмауға тиіс, қатер төндіріліп отырған кезеңді агрессияға тойтарыс беруге әзірлену, Қарулы Күштер мен одақтас мемлекеттердің біріккен әскер топтарын (күштерін) стратегиялық өрістеуді жүзеге асыруға жағдай жасау, елдің экономикалық кешенін бейбіт жағдайдан соғыс жағдайына

уақытылы көшіру, мемлекеттік шекараны жабу, маңызды мемлекеттік және әскери объектілерді қорғауды күшейту, психологиялық күрес күштері мен құралдарын кеңінен қолдану, қарсыластың халыққа және әскердің жеке құрамына ақпараттық-психологиялық әсеріне қарсы іс-қимыл жасау үшін мақсатты пайдалануға тиіс.

Қазақстан Республикасына қарсы интенсивтілігі жоғары қақтығыс елдегі саяси билікті ауыстыру, мемлекеттік және әскери басқару жүйесіне іріткі салу, аумақтың елеулі бөлігін тартып алу, мемлекеттің қорғаныс әлеуетін толық жойып жіберу тәрізді түбегейлі әскери-саяси мақсаттармен тұтандырылуы мүмкін.

Интенсивті жоғары қақтығысқа қатысу Қазақстан Республикасының күллі адам және материалдық ресурстарын жаппай жұмылдыруды талап етеді. Қазақстан Республикасының мақсаты – өзіне қарсы интенсивтілігі жоғары қақтығыс тұтындырудың алдын алудың саяси-құқықтық, ұйымдық-техникалық және өзге де халықаралық кепілдіктердің пәрменді жүйесін белсенді іздестіру және жасау болып табылады. Орта мерзімді болашақта Қазақстан Республикасы тартылатын мұндай қақтығыстың туындауы екіталай, мұның өзі көрші мемлекеттермен берік достық қарым-қатынастар орнықтыра отырып, сындарлы сыртқы саясат жүргізуге және Қазақстан Республикасына қарсы тікелей әскери агрессия қатерінің жоқтығына байланысты.

Құжатқа сәйкес, Қарулы Күштердің, басқа әскерлер мен әскери құралымдардың басты мақсаты – елді сыртқы агрессиядан және басқа да соғыс қатерлерінен қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттерінен туындайтын міндеттерді орындау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері бейбіт кезеңде: әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындарын, әскери ғылыми мекемелерін қамтиды.

Соғыс уақытында Қарулы Күштердің құрамына: Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері, Ұлттық қауыпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен басқа да әскерлері, Республикалық ұлан, азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне бейбіт кезеңде мынадай негізгі міндеттерді орындау жүктеледі:

- жауынгерлік әлеуетті, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын, басқару органдары мен әскерлердің әзірлігін бейбіт кезең штатына сай интенсивтілігі төмен қақтығыстарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында немесе аумағының шегінде кез келген заңсыз қарулы күш көрсетуді тұмшалап, тойтаруды қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;
- маңызды әскери объектілерді күзету;
- елдің кез келген ауданында жағдайды тұрақтандыру жөніндегі батыл іс-қимылға әзірлігін көрсету;
- интенсивтілігі орташа немесе жоғары қақтығыс қатері туындаған жағдайда Қарулы Күштерді стратегиялық өрістеуді қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес бітімгершілік және өзге де операцияға қатысу;

Бұл міндеттерді шешуді Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құралымдарымен тығыз өзара іс-қимылда жүзеге асырады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне құрлықта, теңізде, көлдерде және өзге де су айдындарында мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау, сондай-ақ терроризмге, қару мен есірткі контрабандасына қарсы күреске қатысу, ал Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлеріне маңызды мемлекеттік объектілерді күзету және аса қауіпті құқық бұзушылардың диверсиялар мен террорлық актілердің жолын кесу, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күрес жүктеледі.

Қазақстан Республикасының аумағында ықтимал ішкі қақтығыстар мен қарулы күрес құралдары қолданыла отырып, оның өмірлік маңызды мүдделеріне қатер төндіретін өзге де іс-әрекеттердің алдын алу және тойтарыс беру мақсатында, *Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне мынандай міндеттер жүктеледі:*

- қақтығыс ауданында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету және төтенше жағдай құқықтық режимін ұстап тұру;

- қақтығыс ауданын тұмшалау және шектеу;

- қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату;

- заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру мен ауыздықтау және қақтығыс ауданында халықтың қолындағы қаруды алу жөніндегі іс-шаралар жүргізу;

- қақтығыс ауданына іргелес аудандарды қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік сақтауды күшейту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген басқа да міндеттерді шешу.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскерлеріне қақтығыс ауданын тұмшалау мен шектеуге, қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажыратуға, заңсыз қарулы құралымдарды, бандалық және терроршыл топтар мен ұйымдарды жоюға, сондай-ақ маңызды мемлекеттік объектілерді қорғауға жәрдемдесу үшін, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарды жасалған халықаралық шарттарға және біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдеріне сәйкес бейбітшілікті орнықтыру мен баянды ету жөніндегі операцияларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленген тәртіппен авариялардың, күйреулер мен дүлей апаттардың зардаптарын жою кезінде халыққа көмек көрсетуге қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасына және оның одақтастарына қарсы агрессия жасалған жағдайда, Қарулы Күштерге мынадай міндеттер жүктеледі:

- шекара маңындағы қақтығыстарды тұмшалау және ауыздықтау;
- қарсыластың құрлық және әуе бағыттарынан берген соққыларын тойтару;
- интенсивтілігі төмен қақтығысты дербес тұмшалау және тыю, одақтас қақтығыстарда қарсыластың әскер топтарын талқандау;
- резервтер жасақталған аудандарды қорғау;
- арнаулы операциялар жүргізілетін күштерге және жүйесіз құрылымдарға қарсы күрес;
- халықты, экономика объектілерін, инфрақұрылымды қарсыластың атыс құралдарының әсерінен қорғау;
- соғыс (төтенше) жағдайы режимін қолдау.

Соғыс қимылдарының ауқымына, жағдайдың жай-күйіне және күштердің ара салмағына қарай міндеттер түрінің өзгеруі мүмкін, бірақ кез келген жағдайда түпкі мақсат агрессорды Қазақстан Республикасының аумағынан аластау және агрессияға дейінгі жағдайды қалпына келтіру болып табылады. Одан әрі құжатта, *Қазақстан Республикасындағы әскери құрылыстың басты мақсаты – мемлекеттің өмірлік маңызды ұлттық мүдделерін қазіргі сәттегі және соғыс қатерінен қорғауды қамтамасыз етуге қаблетті, жақсы жарақталған, аса ұтқыр Қарулы Күштер құру болып табылатыны атап көрсетілген.*

Осыған байланысты, құжатқа сәйкес, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрылысының негізгі принциптері:

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының қызметіне пәрменді азаматтық бақылауды дара басшылық жасау принципімен және әскерлерді басқаруды орталықтандырумен үйлесімді жетілдіру;
- әскерлердің (күштердің) ұйымдық құрылымының, жауынгерлік құрамы мен санының ықтимал соғыс қатеріне, Қарулы Күштерге жүктелген міндеттерге, сондай-ақ мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;
- жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ететін деңгейде ұстау;
- соғыс қатері ұлғайған кезде, жауынгерлік қуатты сайма-сай арттыруға қабілеттілік, жұмылдыру резервін күн ілгері даярлау;
- жалпы азаматтық құқықтар мен бостандықтарды сақтау, әскери қызметтің ерекшелігіне сәйкес әскери қызметшілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;
- әскери құрылыстың әлемдік тәжірбиесін ескеру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінің дамуы мен әскери жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

Қарулы Күштер құрылысы мен реформалаудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- Қарулы Күштер құрылымын оңтайландыру, Қарулы Күштердің жауынгерлік қабілетіне ықпал етпейтін құралымдарының санын қысқарту және тарату;

- жауынгерлік әзірлікті айқындайтын ұтқыр әскерлерді, әскер тектерін және арнаулы әскерлерді басым дамыту;

- басқару жүйесін жетілдіру, қосалқы және тиімсіз буындарды жою, әскери-аумақтық құрылымға көшу және әскери-әкімшілік басқару органдарын құру;

- алдыңғы қатарлы елдердің тәжірбиесін ескере отырып, Қарулы Күштердің резервін дайындау жүйесін жасау;

- әскери инфрақұрылымды дамыту, маңызды стратегиялық бағыттарды қару-жарақ пен техниканы сақтау базаларын жасау;

- басқару органдары мен әскерлердің жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығының пәрменділігін арттыру;

- Қарулы Күштерді материалды-техникалық қамтамасыз етудің ұтымды жүйесін жасау;

- Әскери білім беру мен әскери мамандар даярлау жүйесін жетілдіру, ұлттық әскери-ғылыми базаны құру және дамыту;

- Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтаудың келісім-шарттық кәсіби жүйесіне кезең-кезеңмен көшу, балама әскери қызметті енгізу;

- Әскери қызметтің беделін көтеру, әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелеріне, азаматтық қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктерінің ұтымды жүйесін жасау;

- Әскери-қызметтік қатынастарды ізгілендіру.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылысы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес және мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктері есепке алынып, кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады.

Бірінші кезеңде – 2002 жылға дейін күш-жігер мына міндеттерді шешуге шоғырландырылады:

- ұтқыр әскерлерді басым жасақтау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және даярлау;

- әскери басқару органдарының құрылымын қайта ұйымдастыру, қосалқы және тиімсіз буындарды тарату;

- әскерлердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетіне ықпал етпейтін құрылымдар мен құралымдардың санын қысқарту мен тарату және әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін орындау;

- әскери-әкімшілік басқару органдарын құру мен әскери аумақтық құрылымға көшу;

- кейбір әскери лауазымдарды азаматтық қызметкерлердің атқаруы жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- әскери бөлімдерді, қару-жарақ пен әскери техниканы елдің аумағында оңтайлы орналастыру жөнінде шаралар қолдану.

Екінші кезеңде – 2005 жылдың аяғына дейін ең бастысы мыналар болып табылады:

- байланыс, барлау, радиоэлектрондық күрес, әуе шабуылынан қорғану, көлік авиациясы әскерлерін басым дамыту және техникалық қайта жарақтандыру;

- Қарулы Күштерді жасақтау жүйесін жетілдіру, контрактілік қызмет әскери қызметшілерінің санын арттыру;

- резервтердің жұмылдыру даярлығы жүйесін қалпына келтіру;

- әскери инфрақұрылымды дамыту;

- ұзақ мерзімді бағдарлама негізінде Қарулы Күштер үшін мамандар әзірлеу жүйесіне көшу;

- қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу.

Үшінші кезеңде – 2005 жылдан кейін басты міндет:

- Қарулы Күштер түрлерінің, әскер түрлерінің және арнаулы әскерлердің құрамына толық жасақталған құрамалар мен бөлімдердің үлес салмағын ұлғайту жолымен әскерлердің сапалық параметрлерін арттыру;

- контракті арқылы Қарулы Күштерді жасақтауды шақыру бойынша әскери қызмет өтеу мерзімін қысқартумен және баламалы қызметті енгізумен, әрі жұмылдыру ресурстарын даярлау жүйесін жетілдірумен үйлестіре жалғастыру;

- әскерлердің жаңа үлгідегі қару-жарақпен және әскери техникамен кезең-кезеңмен техникалық қайта жарақтандыру;

- әскерлердің жедел, жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын толыққанды ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады.

15.2. Еліміздің әскери қауіпсіздігін әскери-экономикалық қамтамасыз ету саясаты

Бұл бөлімде:

- әскери қауіпсіздікті әскери-экономикалық қамтамасыз етудің мақсаты, принциптері мен бағыттары;

- Қазақстан Республикасының халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығының бағыттары қаралады.

Әскери доктринаға сәйкес, *әскери-экономикалық қамтамасыз етудің басты мақсаты* – Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да ресурстарды бөлу, оларды Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін кепілді қамтамасыз етуге қажетті мөлшерде қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен жарақтандыру болып табылады.

Әскери-экономикалық қамтамасыз етудің негізгі принциптері:

- бюджеттік заңдарда қорғаныс үшін белгіленген, елдің жалпы ішкі өнімінің кемінде 1%-ын құрайтын және қысқартуға жатпайтын шығыстар

деңгейінің негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін кепілдікті бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру;

- әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі міндеттерін шешу кезінде қаржылық, материалдық-техникалық, интеллектуалдық ресурстарды тиімді пайдалану.

Әскери-экономикалық қамтамасыз етудің негізгі міндеттері:

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының қаржы мен материалдық-техникалық ресурстарға сұранысын қанағаттандыру;

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың жауынгерлік және жұмылдыру даярлығының материалдық-техникалық базасын дамыту;

- қару-жарақты, әскери және арнайы техниканы өндіруді, жөндеу мен жаңғыртуды жүзеге асыру үшін, ғылыми-техникалық және өндірістік базаны жетілдіру;

- әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметтен босатылған адамдардың өмір сүруі, әлеуметтік қамтамасыз етілу деңгейін, тіршілік етудің материалдық-тұрмыстық жағдайларын көтеру, заңдармен белгіленген кепілдіктерді іске асыру;

- өзара тиімді халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Әскери-экономикалық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

- Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарының қаржыға және материалдық-техникалық ресурстарға сұранысын кепілді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін бюджет саясатын жүзеге асыру;

- Елдің қорғаныс әлеуметін нығайту үшін, қару-жарақты, әскери, арнайы техника мен мүлікті әзірлеуді, өндіруді, жөндеуді және сатып алуды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;

- Қарулы Күштер, басқа да әскелер мен әскери құрылымдар үшін, өнім өндіретін меншіктің түрлі нысанындағы ұйымдарды мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға осы ұйымдардың экономикалық мүдделігін арттыру, сондай-ақ Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды ұстауға арналған бюджет қаржысын үнемдеу мақсатында мемлекеттік қолдау;

- Қару-жарақ паркін, әскери техниканы және басқа да әскери мүлікті бюджеттен бөлінген, сондай-ақ бос қалған және пайдаланылмайтын әскери мүлікті сатудан түскен қаржы мен Қазақстан Республикасы заңдарымен тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен сәйкестендіру, жаңғырту және жаңарту;

- Әскери мақсатта өнімдер шығарып, қызмет көрсететін ұйымдардың ғылыми-техникалық, эксперименттік және өндірістік базаларын құрылымдық өзгерту және жетілдіру;

- Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын ресурстардың және көрсетілетін қызметтердің барлық түрімен кепілді қамтамасыз етуге бағытталған қаржы-экономикалық реттегіштер мен тетіктер жүйесін енгізу;

- Елдің әскери-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты пайдалану.

Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру тәртібін, оның әскери-техникалық қаржылық қамтамасыз етілуі мен әскери мақсаттағы өнімдерін сатып алу шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Министрліктер, ведомстволар, басқа да мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындауға міндетті.

Әскери доктринаға сәйкес, *Қазақстан Республикасы экономикасының жұмылдыру даярлығының негізгі бағыттары:*

- жұмылдыру даярлығының нарық жағдайларына бейімделген нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу және экономиканы бейбіт жағдайдан әскери жағдайға көшіру;

- соғыс жағдайларында экономиканы басқару жүйесін орнықты жұмыс істеуге дайындау;

- мемлекеттік органдардың және жұмылдыру тапсырмалары бар ұйымдардың жұмылдыру даярлығы жүйесін жасау;

- жұмылдыру қуаттары мен объектілерін қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік шараларды жүзеге асыру;

- жұмылдыру тапсырмаларын орындауға меншіктің түрлі нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың экономикалық мүдделігі жүйесін жасау;

- жұмылдыру және мемлекеттік резервтерді материалдық құралдардың қорларын қалпына келтіру және сақтау;

- соғыс уақыты үшін конструкторлық және технологиялық құжаттаманың сақтандыру қорын жасау болып табылады.

Елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге экономиканы дайындау үшін, жауапкершілік Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүктеледі.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасы мен оның одақтастарының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді теңдестіріле шешу мақсатында жүзеге асырылады.

Құжатта, *Қазақстан Республикасы халықаралық әскери ынтымақтастықта*, атап айтқанда:

- ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі туралы шартты шеңберінде, оны әрі қарай жетілдіру мен қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеуді ескере отырып, әскери және әскери-техникалық саладағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуды;

- “Бейбітшілік жолындағы серіктестік” бағдарламасы шеңберінде НАТО-мен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейтуді;

- Ресей Федерациясымен, АҚШ-пен, КХР-мен, Түрік Республикасымен, ГФР-мен және басқа да мемлекеттермен екі жақты ынтымақтастықты нығайту;

- әскери құрылымдарының БҰҰ аясында баянды бейбітшілік жөніндегі халықаралық операцияларға қатысуын басым бағыттар деп санайтыны атап көрсетілген.

Бітімгершілік операцияларына қатысу үшін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің контингенті Қазақстан бітімгершілік батальоны (“Қазбат”) негізінде жасақталуы мүмкін. Әскери-саяси мүдделердің ортақтығына ден қоя отырып және ұжымдық әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерді шоғырландырудың қажеттілігіне қарай, Қазақстан Республикасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттермен өзінің іс-әрекетін мынадай салаларда үйлестіреді:

- әскери саясатты және әскери доктринаны қалыптастыру бағыттарын үйлестіру;

- аймақтық принцип бойынша ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру;

- ТМД-ның сыртқы шекараларын бірлесіп күзету;

- әуе шабуылына қарсы қорғаныстың біріккен жүйесін жетілдіру;

- экстремизмге және терроризмге қарсы бірлескен күрес;

- әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту;

- әскери инфрақұрылымды дамыту;

- әскери кадрлар даярлау;

- әскери ғылымды дамыту;

- әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау.

Шет мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезіндегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- әскери-техникалық ынтымақтастықтық саласындағы іс-әрекеттің орталықтандырылған сипаты;

- Қазақстан Республикасының қару-жарақтың, әскери мақсаттағы өнімдердің, қос қолданысты тауарлар мен технологиялардың экспортына бақылау жасау саласында халықаралық міндеттемелерді сақтауы;

- Әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру кезіндегі әскери-саяси және экономикалық мақсаттылық;

- Халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты жандандыру арқылы отандық қорғаныс өнеркәсібін нығайту;

- тапсырмаларды қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарына өзара орналастыру.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттің сөзсіз қорғаныстық бағыттылығын айқындайды, Қазақстан Республикасының кез келген мемлекетаралық қайшылықтар мен қақтығыстарды саяси жолмен шешуге принципті түрде бейімділігін дәлелдейді.

Әскери доктрина Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде елдің дамуына, аймақтық ахуалдың өзгеруіне және халықаралық қауіпсіздік жүйесінің дамуына қарай жетілдірілетін болады.

Қазақстан Республикасының Әскери Доктринасында жазылған әскери құрылыс, елді қорғанысқа дайындау, Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарды пайдалану жөніндегі көзқарастар мен тұрғылар – әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң актілері мен өзге нормативтік құқықтық құжаттарда нақтыланатын болады.

Әскери доктринаны іске асыруға күллі мемлекеттік және әскери басқару органдарының, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үйлесімді іс-әрекеті арқылы қол жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы Әскери доктринаның барлық негізгі ережелерін дәйекті орындайтын, БҰҰ-ның Жарғысын, халықаралық құқық нормалары мен принциптерін қатаң және бұлжытпай ұсынатын болады. Сонымен, біз тактикалық дайындықты оқыту деңгейін, ұрыс қимылдарында маңызды екенін біршама түсіндік. Қалай десек те, соғыс табиғаты қатал, жеңіл-желпіге көнбейтін күрделі құбылыс емес пе? Онда жауынгерлердің дайындық, оқу-жаттығулар барысында жиған-терген, тер төгіп сіңірген білім тәжірибесі қаншалықты болғандығы айқындалады. Жоғарыда айтқанымыздай, сол оқу-жаттығулардың ішіндегі бірі тактикалық өнер екенін, тағы да сіздерге, яғни студенттерге айтқым келеді.

Бүгінгі күнгі әскери іс-қимылдар барлық әскери оқытушылардан (бөлімшелерді) әскери дайындықта жүрген, мейлі студент болсын, мейлі жауынгер болсын қалай дегенде де, оларды басқаруда нақтылық пен біліктілікті талап етеді. Ал бұл өз кезегінде, тек ең қиын жағдайларда күрделі тапсырмаларды шеше алатын, әскери қызметшілердің немесе болашақ Отан қорғаушы студенттердің жоғарғы ұйымшылдығы мен үйлесімділігі арқасында мүмкін бола алады. Дұрыс бекітілмеген тактикалық білім-тәжірибесіз жауынгерді ертеңгі ұрыс қимылдарды жақсы орындап шыға алатындай етіп дайындау мүмкін емес. Сондықтан, тұрақты түрде тактикалық біліктілікті жетілдіре түсу, бүгінгі күні барлық әскери оқытушылардың бірінші кезектегі алға қойған мақсаты болуы тиіс. Тәжірибеге сүйенсек, тактикалық тәсілдерді үйрену үшін жүргізілетін жаттығуларға арналған уақыт жеткілікті екен. Ендеше, әр әскери оқу орындарында, одан қалса, офицерлер дайындауға маңызды үлес қосып келе жатқан еліміздегі санаулы жоғарғы оқу орындардың

әскери кафедралары оқу жоспарларына, яғни тактикалық дайындықты қамтамасыз ететін оқу-әдістемесіне баса назар аударса деймін. Дегенмен, барлығы былайша айтқанда, басым көпшілігі әскери оқытушылардың бар мүмкіндікті пайдалана білуіне де байланысты. Барлық әскери қызметтің жағдайы, ондағы бүкіл күн тәртібі сарбаздар мен студенттерге өздеріне қажетті тактикалық тәсілдерді үйренуіне қолайлы негізделген деп ойлаймын. Тек қана, тактикалық тәсілдерді үйренуде әрдайым жоғарғы талап болу керек.

Жауынгерлік дана сөзі былай дейді: «Тактикасы жақсы болған – ұрыста мықты болады», ал бұл дегеніміз, егер әр жауынгердің, студенттің тактикалық деңгейі жақсы болатын болса, кез келген тапсырманы оңай орындап шығуына мүмкіндік береді деген сөз.

Жалпы, әскери дайындыққа тікелей байланысты көптеген пәндер бойынша жүргізілетін сабақтар жеке құрамның ұрыстағы іс-әрекеттерімен үйлесімді болғанын қалаймын. Кез келген сабақтың сапасы көбінесе, әскери оқытушылардың өздерінің ұрыстық-тактикалық талаптарын орындауына байланысты екенін де ескерген жөн.

Қосымшалар

ОҚЫТУШЫ ТАРАПЫНАН БІЛІМГЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

«Тактикалық дайындық» пәні бойынша толық курсы менгеру барысында студенттерден барынша ынталылықты, тәртіптілікті және бар ақыл ойын салып, ерінбей өз бетімен жұмыс істеуді талап етеді. «Тактикалық дайындық» курсы менгеру барысында студенттер сабақтың барлық түрлерінен берілетін тапсырмаларды міндетті түрде уақытында орындаулары керек.

Студенттер практикалық сабақтар барысында үйге берген тапсырмаларды толық орындап қана қоймай, практикалық сабақтар сұрақтарын талдау барысында өз беттерімен ойлау, өз ойын басқаларға дәлелді түрде жеткізе білу, басқаның ойын түсіну және оған сын көзбен қарау арқылы қарсы дәлел келтіру сияқты қабілеттерін, практикалық жаттығуларды орындау және толық менгеру, барынша толық көрсетуге тырысуы керек.

Мамандық пен пәннің ерекшелігіне байланысты студентке келесі талаптар қойылады:

1. «Тактикалық дайындық» пәні бойынша сабаққа міндетті түрде белгіленген әскери киімде келуі керек (Далалық әскери форма, жазда әскери жейде немесе футболка, әскери далалық фуражка, қыста спорттық бас киім, жылы куртка, әскери аяқ киім немесе кроссовка);

2. Жеке бастың тазалығы мен гигиенаға үлкен мән берілгені абзал, белгіленген шаш үлгісімен (прическамен) келуі тиіс (Ұл балалар қысқа шаш үлгісімен, қыздар шашы жинақы, буылған);

3. Сабақ барысында, практикалық жаттығуларды орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс;

4. Сабақ кезінде тапсырмалар мен қажетті мәліметтерді, сабақ материалдарын жазып алу үшін, қаламсап пен дәптер болуы керек.

5. Студенттер сабақ барысында оқытушылармен өзара қарым-қатынаста, ЖОО, ҚР ҚК жалпы әскерлік Жарғыларының ережелері мен талаптарын қатаң басшылыққа алуы тиіс.

Пән бойынша білімді тексеру тесті

1. Тактика дегеніміз не?

А) Ол әскери бөлімдер мен құрамалардың алдына қойылған міндеттерді орындауға әзірлігі;

Б) Ол әскери бөлімшелер мен бөлімдердің ұрысты дайындауы мен жүргізуінің теориясы мен тактикасы;

В) Ол әскери бөлімдер мен бөлімшілердің оперативтік жаттығуларының жиынтығы.

2. Тактикалық дайындық дегеніміз...

А) Ол әскери бөлімдер мен құрамалардың алдына қойылған міндеттерді орындауға әзірлігі;

Б) Әскери құрамалардың төтенше жағдайда әрекет жасауға дайындығы;

В) Әскери бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамын ұрысты дайындау мен жүргізуге үйрету.

3. ЖҰМ-дағы мотоатқыш бөлімшесінің құрамын атаңыз:

А) К, КО, МЖ, П, ГА, ГК, АА, А;

Б) К, П, ГА, ГК, МН, АА, А, А, Ж;

В) К, КО, МН, П, ПК, АА, А, А.

4. ЖҰМ-дағы мотоатқыш бөлімшесі қорғаныста қанша шепті қорғайды?

А) 50 метр;

Б) 100 метр;

В) 150 метр.

5. Шабуыл кезінде тізбектегі сарбаздардың арасындағы аралық неге тең?

А) 6-8 метр /10-12 адым/;

Б) 8-10 метр /12-14 адым/;

В) 10-12 метр /14-16 адым/.

6. Ұрыс түрлерін атаңыз:

А) Шабуыл, Қорғаныс, Маневр;

Б) Соққы, Атыс, Маневр;

В) Шабуыл, Қорғаныс.

7. Ұрыс қимылдарын қамтамасыз ету қалай сараланады?

- А) Ұрыстық, тылдық, техникалық қамтамасыз ету;
- Б) Ұрыстық, маневрлік, техникалық қамтамасыз ету;
- В) Тылдық, маневрлік, шептік қамтамасыз ету.

8. Ұрыстық қамтамасыз ету нелерді қамтиды?

- А) Барлау, торуыл, күзету, бүркемелеу, инженерлік және техникалық қамтамасыз ету;
- Б) Барлау, жаппай қыру құралынан қорғану, күзету, бүркемелеу, инженерлік және техникалық қамтамасыз ету;
- В) Шолу, барлау, күзету, жаппай қыру құралынан қорғану, бүркемелеу.

9. Мына миналар нелерге қарсы қолданылады?

- А) Танкіге қарсы-ТМ-62, ТМ-62М, ТМ-57; Жаяу әскерге қарсы-ПМД-6М, ПМН, ПОМЗ-2М;
- Б) Танкіге қарсы-ТМ-62, ПМН, ТМ-57; Жаяу әскерге қарсы-ТМ-62М, ПМД-6М, ПОМЗ;
- В) Танкіге қарсы-ПМД6М, ПМН, ПОМЗ-2М; Жаяу әскерге қарсы-ТМ-62, ТМ-62М, ТМ-57.

10. Сарбаздардың ұрыс кезіндегі қозғалыс тәсілдерін атаңыз.

- А) Еңбектеп жылжу, төрттағандап жылжу, қырынан жер бауырлап жылжу;
- Б) Жедел жүгіру, бауырлай жылжу, еңбектеп жылжу;
- В) Жедел адымдау не жүгіріп өту, тоқтап жүгіру, жер бауырлай жылжу.

11. Шабуыл барысында қарсыласты жою тәсілдерін атаңыз.

- А) Жүріп келе жатып тіке ату, қол гранатын лақтыру, сүңгімен шаншу, дүмбімен соғу;
- Б) Жүріп келе жатып ату, сүңгімен шаншу, тоқтап ату;
- В) Сүңгімен шаншу, тікелей ату, тоқтап ату, қол гранатын лақтыру.

12. Жатып атуға арналған оқпаналың өлшемі қандай?

- А) ұзындығы-160 см, ені-60 см, тереңдігі-30 см;
- Б) ұзындығы-170 см, ені-50 см, тереңдігі-30 см;
- В) ұзындығы-170 см, ені-60 см, тереңдігі-30 см;

13. Инженерлік бөгеттер қалай сараланады?

- А) Жарылмайтын, жарылатын, аралас бөгеттер;
- Б) Минажарылғыш, жарылмайтын, аралас бөгеттер;
- В) Минажарылғыш, танкіге қарсы, жаяу әскерге қарсы бөгеттер.

14. АҚШ армиясының мотожаяу әскер бөлімшесінің құрамын атаңыз.

- А) Бөлімше командирі, екі пулемет тобы, жүргізуші, барлығы 10 адам;
- Б) Екі топ командирі, екі гранатаатқыш, жүргізуші, барлығы 10 адам.
- В) Бөлімше командирі, екі атыс тобы, бронетранспортер жүргізушісі, барлығы 11 адам;

15 БТР-дегі мотоатқыш бөлімшесінің құрамында кімдер бар?

- А) К, П, ГА, ГК, МН, АА, А, А, Ж;
- Б) К, П, ПК, ГА, ГК, АА, А, А, Ж;
- В) К, П, ГА, ГК, МЖ, АА, А, А, Ж.

16. ГФР армиясының мотожаяу әскер бөлімшесі кімдерден тұрады?

- А) Бөлімше командирі, екі пулеметші, механик-жүргізуші және 8 атқыш;
- Б) Бөлімше командирі, қару көздеуші, жүргізуші, механик-жүргізуші, пулеметші, 4 атқыш.
- В) Бөлімше командирі, қару көздеуші, жүргізуші, 2 пулеметші, 3 атқыш.

17. Мына атыс қарулары қай елдің армиясыныкі?

- А) 5,56 мм автомат-винтовка, 12,7 мм ірі калибрлі пулемет М-85, 11,43 мм "КОЛЬТ" М1911А1 тапаншасы -АҚШ; 7,62 мм G-3 автоматты винтовка, MG-1 пулеметі, 9 мм Р1 тапаншасы - ГФР.
- Б) 7,62 мм G-3 автоматты винтовка, MG-1 пулеметі, 9 мм Р1 тапаншасы – АҚШ; 5,56мм автомат-винтовка, 12,7 мм ірі калибрлі пулемет М-85, 11,43 мм "КОЛЬТ" М1911А1 тапаншасы -ГФР.
- В) 5,56 мм автомат-винтовка, 12,7 мм ірі калибрлі пулемет М-85, 9 мм Р1 тапаншасы - АҚШ; "КОЛЬТ" М1911А1 тапаншасы,12,7 мм ірі калибрлі пулемет М-85 - ГФР.

18. Ұрыс дегеніміз не? /қате жауабын көрсетіңіз/

- А) Ол соғысушы тараптардың шектеулі ауданда қысқа мерзім ішінде қарсыласты жою және басқа да міндеттерді орындау мақсатында жүргізген соққылары мен маневрлері;
- Б) Ол соғысушы тараптардың, құрамалар мен бөлімдердің қарсыласқа соққы беру мақсатында ойластырған тактикалық әзірлігі;
- В) Ол соғысушы тараптардың құрамаларының, бөлімдері мен бөлімшелерінің ұйымдасқан қарулы қақтығыстары.

19. Танктің неғұрлым осал тұстарын атаңыз:

- А) Жүріс бөлігі (шынжыр табаны мен бағыттаушы доңғалақтары), корпусы, мұнарасы, бақылау аспаптары, ату құралдары;
- Б) танк алдындағы өлі кеңістіктің болуы, бақылаудың кедергілер мен бөгеттерден өтудің шектеулілігі.

В) Жүріс бөлігі (шынжыр табаны мен бағыттаушы доңғалақтары), корпус кемері мен артқы бөлігі, мұнарасы, ату және бақылау аспаптары, зеңбірегі мен пулемет ұңғысы;

20. Қазақстанның әскери ғылымының негізін қалаушы кім?

- А) М. Әуезов
- Б) Б. Момышұлы
- В) Ә. Нұршайықов

Білімгерлерге қосымша тапсырма сұрақтары:

1. Тактика туралы түсінік.
2. Тактикалық дайындық міндеттері.
3. Қазіргі ұрыстың күштері.
4. Қазіргі ұрыстың құралдары.
5. Қазіргі жалпыәскери ұрыс.
6. Қазіргі жалпыәскери ұрыстың негізгі қағидалары.
7. Жалпыәскери ұрыстың түрлері.
8. Жалпыәскери ұрыстың қосымша сипаттамасы.
9. ҚР Қарулы Күштерінің мотоатқыштар взводының қаруы.
10. Бөлімдерді басқару.
11. Басқарудың мазмұны және оған қойылатын талаптар.
12. Басқарудың мәні және оған қойылатын талаптар.
13. Бөлімді басқару бойынша командирдің міндеттері.
14. Ұрысты ұйымдастыру.
15. Ұрысты ұйымдастыру бойынша бөлімше командирінің жұмысы.
16. Ұрысты ұйымдастыру бойынша бөлімше командирінің жұмысының реттілігі.
17. Бөлімше командирінің міндеттері.
18. Бөлімше командирінің жұмысы.
19. Ұрысты жүргізу кезіндегі бөлімді басқару.
20. Взвод (бөлімше, танк) командирінің ұрысқа дайындық кезінде және ұрыс үстіндегі міндеттері.
21. Ұрысты ұйымдастыру кезіндегі взвод (бөлімше, танк) командирінің жұмысының мазмұны және реті.
22. Барлау, зерттеу.
23. Взвод командирінің ұрыс бұйрығын анықтау реті.
24. Ұрысты жүргізу кезінде взводты (бөлімшені, танкті) басқару.
25. Атыс маневрі.
26. Бақылаушы сарбаз.
27. Заттардың бұрыштық мөлшері бойынша қашықтықты анықтау.
28. Қашықтықты заттардың көрінетін сызықтық мөлшерімен анықтау.
29. Бақылау посты.

30. Қорғаныстағы сарбаз.
31. Шабуылдағы сарбаз.
32. Барлаудағы сарбаз.
33. Сарбаздың ұрыс даласындағы іс-әректі.
34. Ұрыс даласында қысқа қашықтықта жүгіріп өту.
35. Ұрыс даласында жер бауырлап жылжып өту.
36. Ұрыс даласында еңбектеп жер бауырлап жылжып өту.
37. Ұрыс даласында төрттағандап жер бауырлап жылжып өту.
38. Ұрыс даласында бүйірлеп жер бауырлап жылжып өту.
39. Бөлімше шабуылда.
40. Шабуылды ұйымдастыру.
41. Бөлімшенің шабуылдағы ұрыстық мүмкіндіктері.
42. Шабуылға дайындық.
43. Шабуыл кезіндегі бөлімше командирінің жұмысы.
44. Бөлімше қорғаныста.
45. Қорғанысты ұйымдастыру.
46. Бөлімшенің қорғаныстағы ұрыстық мүмкіндіктері.
47. Қорғанысқа дайындық.
48. Қорғаныс кезіндегі бөлімше командирінің жұмысы.
49. Бөлімше жорықта.
50. Бөлімше барлауда.
51. Барлауға қойылатын талаптар.
52. Қазіргі кездегі ұрыста барлаудың орны.
53. Тосқауыл.
54. Бөлімше жорық күзетінде.
55. Бөлімше қарауыл күзетінде.
56. Бөлімшенің жергілікті жерде жайғасуы.
57. Ұрыс кезіндегі бөлімше командирінің жұмысы.
58. Картада берілген шартты белгілерді оқу.
59. Картада берілген нүктенің тікбұрышты координатасын анықтау.
60. Картада тікбұрышты координатасы белгілі нүктені анықтау.
61. Картада берілген жорық жолының ара қашықтығын анықтау.
62. Жорық уақытын анықтау.
63. Картада берілген нүктелердің арасындағы бұрышты анықтау.
64. Бағдарлар сызбасы.
65. Бағдарлар кестесі.
66. Тактикалық дайындықтан №1 жаттығуын орындау реті.
67. Тактикалық дайындықтан №2 жаттығуын орындау реті.
68. Компаспен азимутты анықтау.
69. Взвод шабуылда.
70. Қорғаныстағы қарсыласқа шабуылдау.
71. Шабуылдаушы қарсыласқа шабуылдау.
72. Бірден шабуылдау.
73. Қарсыласпен тікелей жанасып шабуылдау.





74. Взводтың шабуылда ұрыстық мүмкіншіліктері.
75. Взводтың шабуылдағы атыс күші.
76. Взводтың шабуылдағы соққы күші.
77. Взводтың шабуылдағы маневрлілігі.
78. Взводтың атыс күші.
79. Шабуылды ұйымдастыру.
80. Шабуылда взвод командирінің жұмысы.
81. Шабуылда взвод жеке құрамының жұмысы.
82. Взвод командирінің шабуылда жағдайды бағалауы.
83. Взвод командирінің шабуылда шешім қабылдауы.
84. Шабуылда өзара әрекетті етуді ұйымдастыру.
85. Шабуылда ұрысты қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
86. Шабуылды түнгі мезгілде ұйымдастырудың ерекшеліктері.
87. Взвод қорғаныста.
88. Қорғаныс негіздері.
89. Қорғаныстағы взводтың ұрыстық мүмкіндіктері.
90. Қорғанысты ұйымдастыру.
91. Қорғаныстағы взвод командирінің жұмысы.
92. Қорғаныстағы взвод жеке құрамның жұмысы.
93. Взвод командирінің қорғаныста жағдайды бағалауы .
94. Взвод командирінің қорғаныста шешім қабылдауы.
95. Взводтың қорғаныс ұрысын жүргізуі.
96. Ұрыстық қарауылдағы бөлім.
97. Взводтың қорғаныстағы атыс күші.
98. Взводтың қорғаныстағы соққы күші.
99. Взводтың қорғаныстағы маневрлілігі.
100. Қорғаныста ұрысты қамтамасыз етуді ұйымдастыру.
101. Түнгі кездегі қорғаныстың ерекшеліктері.
102. Жорықты ұйымдастыру негіздері.
103. Жорық күзетін ұйымдастыру.
104. Қарауыл күзетін ұйымдастыру.
105. Взвод жорықта.
106. Жорықтың көрсеткіштері.
107. Взвод барлауда.
108. Взвод жорық күзетінде.
109. Взвод қарауыл күзетінде.
110. Взводтың жергілікті жерде жайғасуы.
111. Күзет бекеті.
112. Взвод командирінің жорық кезіндегі жұмысы.
113. Взвод командирінің барлау кезіндегі жұмысы.
114. Взвод командирінің жорық күзетіндегі жұмысы.
115. Взвод командирінің қарауыл күзетіндегі жұмысы.
116. Взвод командирінің жергілікті жерде жайғасу кезіндегі жұмысы.
117. Взвод командирінің ұрысты ұйымдастыру жұмыстары.









118. Атыс қарқыны.
119. Бөлімше бекінісі.
120. Взвод тірек пункті.
121. Бөлімше бекінісін ұйымдастыру.
122. Взвод тірек пунктін ұйымдастыру.
123. Бөлімше бекінісін бүркемелеу жұмыстары.
124. Взвод тірек пунктін бүркемелеу жұмыстары.
125. Бекіністегі оқпана өлшемдері.
126. Жатып атуға арналған атқыштың оқпана өлшемдері.
127. Тұрып атуға арналған атқыштың оқпана өлшемдері.
128. Гранатаатқыштың оқпанасының өлшемдері.
129. Аға атқыштың оқпанасының өлшемдері.
130. ЖҰМ оқпанасының өлшемдері.
131. Бөгеттер және фортификациялық құрылыстар.
132. Ұрыс кезінде бөлімшеге берілетін қосымша күштер.
133. Ұрыс кезінде взводқа берілетін қосымша күштер.
134. Шетел әскелерінің қару-жарағы.
135. Шетел әскелерінің ұрыс техникасы.
136. Шетел әскерлерінің ЖҰМ-ның негізгі ұрыс-техникалық сипаттамасы.
137. Шетел әскелерінің жаяу әскерге қарсы миналары.
138. Шетел әскелерінің танкіге қарсы миналары.
139. Шетел танкілерінің ұрыс және техникалық сипаттамалары.
140. Қорғаныстағы взводтың атыс жүйесі.
141. Қорғаныстағы взводтың атыс жолағы.
142. Взводтың ұрыстағы соққы күші.
143. Бекіністерді инженерлік жабдықтау.
144. Қарсыластың құралдарынан қорғану іс-шаралары.
145. Құпия барлау тобы (секрет).
146. Табельдік бүркемелеу құралдары.
147. Взводтың жорықтық реттен жаяулау ретке жазылуы.
148. Взводтың шабуылға шығу шебі.







**ҰРЫС АЛАҢЫНДА САПТЫ ЖӘНЕ МАШИНАНЫ БАСҚАРУҒА
АРНАЛҒАН БЕЛГІЛЕРДІҢ КЕСТЕСІ**



1-кесте.

Белгі	Шартты белгілер		
	Қолмен	Жалаушалармен	Шаммен
1	2	3	4
НАЗАР САЛ (НАЗАР САЛ, МЕН СИЯҚТЫ ЖАСА; ЖАУАП БЕРУ)	Оң қолды жоғары көтеріп, жауап бергенше ұстап тұру керек (НАЗАР САЛ белгісін қайталағанға дейін).	Сары жалаушаны оң қолымен жоғары көтеріп, жауап бергенше ұстап тұру керек (НАЗАР САЛ белгісі қайталағанға дейін).	Ақ түсті шаммен – бірнеше нүктелер: 
КОМАНДИРЛЕРДІ (БАСТЫҚТАРДЫ) ЖИНАУ.	Оң қолды жоғары көтеріп, бастан асыра айналдырып, одан кейін тез түсіру.	Сол сияқты, қызыл жалаушамен және оң қолдағы сары жалаушамен:	Ақ түсті шаммен бастан асыра жартылай шеңберді көрсете оңға және солға бұлғау керек:
МАШИНАҒА	Екі қолды жоғары көтеріп, орындалғанша ұстап тұру керек.	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушамен:	Ақ түсті шаммен өзінің алдына оңға және солға иықтың деңгейімен бұлғау керек: 
ОРЫНДАРЫҢА	Екі қолды жоғары көтеріп жанына қарай тез түсіру керек.	Сол сияқты, оң қолға сары, ал сол қолға қызыл жалаушаны ұстап тұру:	Ақ түсті шаммен жоғары, төмен тік бұлғау керек: 
1	2	3	4

ОТАЛДЫР	Оң қолмен өзінің алдында айналдыру.	Сол сияқты, оң қолмен сары жалаушаны ұстап тұрып айналдыру	Ақ түсті шаммен өзінің алдында айналдыру
ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ӨШІР	Өзінің алдына түсірілген екі қолмен бұлғау.	Сол сияқты, оң қолмен сары, сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап тұрып бұлғау 	Қызыл түсті шамды төмен қаратып, өзінің алдында жартылай шеңберді көрсетіп бұлғау
МАРШ (АЛҒА, ҚОЗҒАЛЫСТЫ БҰРЫНҒЫ НЕМЕСЕ ЖАҢА БАҒЫТТА ЖАЛҒАСТЫРУ, ЖОЛ АШЫҚ)	Оң қолды жоғары көтеріп, қозғалыс жаққа бұрылып, қолды иықтың деңгейінде қозғалыс бағытында түсіру керек.	Сол сияқты, оң қолдағы сары жалаушамен: 	Жасыл түсті шаммен жоғары, төмен тік бұлғау керек: 
АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ ҰЛҒАЙТ	Сол қолды жоғары көтеріп, ал оң қолды жанына көлденең созып, онымен жоғары, төмен иықтың деңгейінде бұлғау керек.	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап: 	Жасыл түсті шаммен сегіздікті көрсетіп, тік жазықтықта бұлғау керек:
1	2	3	4

<p>ТОҚТА</p>	<p>Сол қолды жоғары көтеріп, өзінің алдына төмен тез түсіріп, орындалғанша қайталау керек.</p>	<p>Сол сияқты, сол қолдағы қызыл жалаушамен:</p> 	<p>Қызыл түсті шаммен жоғары, төмен тік бұлғау керек:</p> 
<p>АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ ҚЫСҚАРТ</p>	<p>Оң қолды жоғары көтеріп, ал сол қолды жанына қарай көлденең созып, онымен төмен, жоғары иықтың деңгейінде бұлғау керек.</p>	<p>Сол сияқты, оңмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап:</p> 	<p>Қызыл түсті шаммен сегіздікті көрсетіп, тік жазықтықта бұлғау керек:</p> 
<p>МАШИНАЛАР СЫЗЫҒЫНА</p>	<p>Екі қолын жанына қарай созып, жауап бергенше ұстап тұру керек.</p>	<p>Сол сияқты, оң қолына сары, ал сол қолына қызыл жалаушаны ұстап:</p> 	<p>Жасыл түсті шаммен өзінің алдында оңға және солға иықтың деңгейінде бұлғау керек:</p> 
<p>ЛЕКТЕРДІҢ СЫЗЫҒЫНА</p>	<p>Взводтық лектердің сызығына: екі қолды жоғары көтеріп, олармен бастан асыра бір-біріне айкастыру бұлғау керек.</p>	<p>Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстап:</p> 	<p>Жасыл түсті шаммен жартылай шеңберді көрсете отырып, бастан асыра оңға және солға бұлғау керек:</p> 

1	2	3	4
ЛЕКТЕРДІҢ СЫЗЫҒЫНА	Роталық лектердің сызығына: екі қолды жоғары көтеріп, оларды бастан асыра бір-біріне айқастыра қойып қозғалыссыз ұстау керек.	Сол сияқты, оң қолға сары, ал сол қолға қызыл жалаушаны ұстап: 	Жасыл түсті шаммен жартылай шеңберді көрсетіп, бастан асыра оңға қарай бұлғау керек. Шамды бастапқы жағдайына қайтару жартылай өшірілген немесе жарықты қабылдаушыға көрсетпей, жауып жүргізу керек. 
ЛЕККЕ	Оң қолды жоғары көтеріп, оны иық алдына тік ұстап түсіру керек (оны жауап алғанша ұстап тұру керек)	Сол сияқты, оң қолмен сары жалаушаны ұстап: 	Жасыл түсті шамды алдымен қозғалыссыз ұстап, содан кейін Марш белгісін жауап алғанша қайталау керек: 
БАРЛЫҒЫҢ АЙНАЛ	Сол қолды жанына көлденең созып, ал оң қолды бастан асыра көтеру керек.	Сол сияқты, оң қолға сары, ал сол қолға қызыл жалаушаны ұстау керек: 	Жасыл түсті шамды алдында айналдыру керек: 

1	2	3	4
БАРЛЫҒЫҢ ОҢҒА (СОЛҒА)	Сол қолды жанына қарай көлденең, ал оң қолды жоғары көтеру керек, бұрылыс жаққа бұрылып, оң қолмен жоғары және иықтың деңгейінде төмен бұлғау керек (жауап алғанша қайталау керек).	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстау керек.	Жасыл түсті шаммен жоғары, төмен тік және бұрылыс жаққа бұлғау керек: 
АПАТ (ЕРІКСІЗ АЯЛДАУ)	Оң қолды жанына қарай көлденең созып, ал сол қолды жоғары көтеріп, оны бастан асыра оңға, солға бұлғау керек.	Сол сияқты, оң қолмен сары, ал сол қолмен қызыл жалаушаны ұстау керек. Белгі берілгеннен кейін, қызыл машинаға 45 градустық бұрышпен орнатылады.	Қызыл түсті шаммен өзінің алдында оңға және солға иықтың деңгейінде бұлғау керек: 










Ескерту. 1. Белгілердің кестесінде көрсетілгендер

- сары (ақ) түсті жалауша
- ақ түсті шам
- қызыл түсті жалауша
- қызыл түсті шам
- ◐ жасыл түсті шам

2. Белгі беретін жалауша тік бұрышты, 32x22 өлшемдегі, ұзындығы 40 см ағашқа бекітілген матадан тұрады. Сары түсті жалаушаның орнына ақ түсті жалаушаны пайдалануға болады.

2-кесте.

МАШИНА БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН БЕЛГІЛЕРДІҢ КЕСТЕСІ.

		
<p>НАЗАР САЛ</p>	<p>ОТАЛДЫР</p>	<p>ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫ ӨШІР</p>
		
<p>АЛҒА (МАҒАН)</p>	<p>ОҢҒА</p>	<p>СОЛҒА</p>
		
<p>БАЯУ ҚОЗҒАЛ</p>	<p>ТОҚТА</p>	<p>АРТҚА ЖҮР</p>

Ескерту: Машинаны басқару үшін, командир одан кемінде 5 м жерде тұрады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Б.Р.Ахметов., К.И.Садыков., Е.Т.Маханбет. Соғыс қарулары мен техникаларын оқыту әдістемесі Түркістан-2016ж
- 2.«Командир әліппесі». Түркістан-2007, А.Айтуғанов, К.Баєтов, Б.Байжұманов.
- 3.«Алғашқы әскери дайындық». Аманжолов Қ, Алматы 2007 ж.
- 4.Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің тактикалық жарғысы. Алматы, 2007 ж.
- 5.«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы». Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №74 Заңы.
- 6.Қазақстан Республикасының «Әскери доктринасы». 2007 ж.
7. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және қарулы күштері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2005 жылғы 7 қаңтар №29.
- 8.Тактика отделения, танка, мотострелкового и танкового взвода, книга 1, Х.М. Амбарян, 1985 г.
- 9.Боевой устав сухопутных войск, часть II, батальон, рота, 1982 г.
- 10.Тактика отделения, танка, мотострелкового и танкового взвода, книга 1, Х.М. Амбарян, 1985 г.
- 12.Боевой устав сухопутных войск, часть III, взвод, отделение, танк, 1990 г.
- 13.Государственный стандарт по специальности: «050104 - Начальная военная подготовка», 2004 г.

Мазмұны

Кіріспе	4
I. Қазіргі жалпы әскерлердің ұрыс жүргізу мәні	7
1.1. Қазіргі жалпы әскери ұрыс.....	7
1.2. Қазіргі ұрыстың күштері және құралдары.....	9
1.3. Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің өзіндік белгілері.....	12
1.4. Қазіргі жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің негізгі принциптері.....	15
1.5. Жалпы әскерлік ұрыс жүргізудің түрлері және оның қысқаша мінездемесі.....	17
II. Сарбаздардың ұрыс барысындағы әрекеті	21
2.1. Сарбаз бақылаушы.....	21
2.2. Шабуылдағы сарбаз.....	24
2.3. Қорғаныстағы сарбаз.....	30
2.4. Барлаудағы (шолғындағы) сарбаз.....	36
III. Бөлімше маршта, шерулік және қарауылдық қорғауда, бөлімше барлауда	40
3.1. Бөлімше маршта.....	40
3.2. Бөлімше шерулік қарауылда.....	41
3.3. Бөлімшенің бір орында және қарауылдың қорғауда болуы.....	42
3.4. Барлауға қойылатын талаптар, бөлімшенің барлауда шешетін міндеттері, барлаудағы бөлімше бағдаршыларының әрекеттері.....	43
IV. Шабуылдағы бөлімше	45
4.1. Шабуыл негіздері.....	45
4.2. Шабуылдағы бөлімше.....	47
V. Қорғаныстағы бөлімше	51
5.1. Қорғаныс негіздері.....	51
5.2. Қорғаныстағы бөлімше.....	54
5.3. Қорғанысты ұйымдастыру.....	56
5.4. Қорғаныс ұрысын жүргізу.....	58
VI. Бөлімшелерді басқару	60
6.1. Басқарудың мазмұны және оған қойылатын талаптар.....	60
6.2. Ұрысты ұйымдастыру кезіндегі взвод (бөлімше, танк) командирінің жұмысының мазмұны және реті.....	62
6.3. Ұрысты жүргізу кезінде взводты (бөлімшені, танкті) басқару.....	65
VII. Шетел әскерлерінің құрамы, қару-жарағы және әскери техникасы ...67	
7.1. Ақш әскерінің мотожаяу ротасының жеке құрамының, әскери техникасы мен қаруларының саны.....	67
7.2. ГФР әскерінің мотожаяу ротасындағы жеке құрамының, әскери техниканың және қару-жарқтың саны.....	69

7.3. Танкілердің ұрыс және техникалық сипаттамалары.....	70
7.4. Атыс қаруларының негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.....	71
7.5. Танкіге қарсы құралдардың негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы.....	72
7.6. АҚШ, Франция және Ұлыбритания елдерінің ұрыс ұшақтары мен тікұшақтардың ұрыс қасиеттері.....	74
VIII. Взвод шабуылда.....	75
8.1. Шабуылдың негіздері.....	75
8.2. Взвод шабуылда.....	77
8.3. Тапсырманы орындау реті.....	79
IX. Взвод қорғаныста.....	82
9.1. Қорғаныстың негіздері.....	82
9.2. Қорғаныстағы взводтың ұрыс мүмкіншілігі.....	84
9.3. Командирдің жағдайға баға беруі.....	86
9.4. Взвод ұрыс күзетінде.....	89
X. Взвод шеруде, жорық күзетінде. Взвод барлауда.....	90
10.1. Взвод жерде орналасқанда және қарауыл күзетінде.....	90
10.2. Взвод шеруде.....	92
10.3. Взвод жорықтық күзетте.....	94
10.4. Взводтың барлау жүргізу тәсілдері.....	96
10.5. Взвод, шерудегі барлау шолғынында.....	98
XI. Қазақстандық әскери техникалардың ұрыстық мүмкіндіктері.....	102
11.1. Десант ұрыс машинасы, ЖҰМ, БТР, “БМД-2”.....	102
11.2. Танктер.....	106
11.3. Танкіге қарсы реактивтік зымыран “ТОУ” (АҚШ).....	112
XII. Бөлім шабуылда.....	113
12.1. Шабуылдау негіздері.....	113
12.2. Бөлім шабуылда.....	115
12.3. Жағдайды бақалау.....	118
XIII. Қорғаныстағы бөлім.....	121
13.1. Қорғаныс негіздері.....	121
13.2. Қорғаныстағы бөлімнің ұрыстық мүмкіндіктері.....	122
13.3. Қорғанысты ұйымдастыру.....	124
13.4. Жағдайды командирдің бағалауы.....	125
13.5. Шешім қабылдау.....	126
13.6. Қорғану ұрысын жүргізу.....	128
13.7. Бөлім ұрыстық қарауылда.....	129
XIV. Бөлімнің марштық және шерулік қарауылдау негіздері.....	131
14.1. Бөлімнің марштық және шерулік қарауылдау негіздері.....	131
14.2. Марштағы взвод.....	132
14.3. Бөлім шерулік қарауылда.....	134

14.4. Қазіргі ұрыстағы барлаудың рөлі.....	136
14.5 Бөлімнің барлау жүргізу тәсілдері.....	138
14.6 Бөлім марыштағы барлау бағдарында.....	143
14.7. Бір орынға орналасқан бөлім.....	144
14.8. Қарауылдық қорғаудағы бөлім.....	145
XV. Еліміздің Әскери доктринасының әскери-саяси мақсаты мен міндеттері.....	146
15.1. Әскери доктрина шешуге тиісті мәселелер.....	146
15.2. Еліміздің әскери қауіпсіздігін әскери-экономикалық қамтамасыз ету саясаты.....	160
Қорытынды.....	164
Қосымшалар.....	165
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	179

А.Қ.Демеуов., Б.Р.Ахметов., А.Қ.Бекбосунов

ӘСКЕРИ ҰРЫС ТАКТИКАСЫН ОҚЫТЫП-ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**А.Қ.Демеуов
Б.Р.Ахметов
А.Қ.Бекбосунов.**

2020ж басуға қол қойылды. Пішімі: Х*Ү 1/16. Офсеттік баспа.
Көлемі ес. –11.13 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №

© М.Әуезов атындағы ОҚМУ басылымы

М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспаханасы, Шымкент. Тәуке хан даңғылы 5